

Нұр-Мұбәрак Египет ислам мәдениеті университеті

ӘОЖ: 297 (09): 35

Қолжазба құқығында

ИСАХАН МҰХАН

622 жылдың қабылданған «Мәдина конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі

6D020600 – Дінтану

Философия докторы (PhD)
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
Филология ғылымдарының
докторы, профессор Ш.Керім

Шетелдік ғылыми кеңесші:
PhD докторы, профессор Юнус Апайдын
(Ержиең университеті, Кайсери қ., Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2016

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ.....	3
1 VII ҒАСЫРҒА ДЕЙІНГІ АРАБ ТҮБЕГІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ КЕЗІНДЕГІ САЯСИ-ДІНИ ҚОЗҒАЛЫСТАР.....	13
1.1 Исламға дейінгі араб тайпаларының діни, әлеуметтік, саяси құрылымы.....	13
1.2 Ислам діні мен мұсылмандық қозғалыстың туындауы және оған қарсы түрған діни-саяси күштер.....	28
1.3 Исламдық діни сана мен құқықтық тәжірибелінің туындауы, қалыптасуы және кеңеоі.....	35
2 «МӘДИНА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ» ҚАБЫЛДАНУЫ, МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ.....	44
2.1 «Мәдина конституциясының» туындауының тарихи алғышарттары және Ақаба келісімдері.....	44
2.2 «Мәдина конституциясының» дайындалуы, қабылдануы және жалпы сипаты.....	53
2.3 «Мәдина конституциясының» діни, құқықтық мәні мен мазмұны және құрылымдық ерекшеліктері.....	68
3 «МӘДИНА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ» ІСКЕ АСУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛИКТЕР.....	79
3.1 «Мәдина конституциясының» іске асуының негізгі кезеңдері және олардың жалпы сипаттамасы.....	79
3.1.1 Мұсылмандардың яһудилармен қарым-қатынастары.....	79
3.1.2 Ислам мемлекетінің Құрайыш пұтқа табынушыларымен қарым-қатынастары.....	83
3.1.3 Ислам мемлекетінің араб тайпалары және өзге мемлекеттермен қарым-қатынастары.....	90
3.2 Мемлекеттік құрылым, әкімшілік, халықаралық қатынас саласындағы реформалар.....	98
3.3 Әлеуметтік-экономикалық, отбасылық, қылмыс пен жаза және міндеттемелік құқық саласындағы өзгерістер.....	110
ҚОРЫТЫНДЫ.....	131
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР.....	136
ҚОСЫМША.....	142

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысына жалпы сипаттама. Зерттеу барысында 622 жылы Араб тұбегінде құрылған ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі басты діни, саяси, құқықтық құжат «Мәдина конституциясы» кешенді түрде жан-жақты ғылыми зерделеуден өтеді. Тарихи деректерде бұл құжат «Ақд», «Мәдина уасиқасы», «Мәдина сахифасы» деген атаумен берілген. Ал, зерттеушілердің ғылыми еңбектерінде «Мәдина ережесі», «Мәдина декларациясы» деген атпен аталып жүр. XX ғасырдың орта шенінен бастап «Мәдина конституциясы» деп атала бастады.

«Мәдина конституциясы» ислам мемлекеттілігінің құрылуы мен қалыптасуы кезеңіндегі саяси, құқықтық реформалардың бастау көзі негіздемесі саналады. Диссертацияда «Мәдина конституциясындағы» діни дүниетанымдық, рухани ағартушылық, экономикалық-әлеуметтік, саяси факторлар және құқықтық аспекттері ой елегінен өткізіліп, ғылыми түрғыда талқыланады. Сондай-ақ, «Мәдина конституциясының» дайындалуы, қабылдануы, мәні мен мазмұны, іске асу ерекшеліктері егжей-тегжейлі екшеленіп, ислам тарихындағы орны жайлы жаңа байладар жасалынады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Біздің тарихи танымымызда ата бабаларымыз ұстанған ислам дінінің орны ерекше. Кеңестік кезеңдегі атеизм саясаты белгілі бір деңгейде дінге деген теріс көзқарасты туындалтты. Бірақ, атеистік идеология халықты исламнан мұлде алшақтата алмады. Тәуелсіздік алғаннан кейін діни сенім бостандығы жарияланып, Қазақстан қоғамында исламмен қайта қауышу үдерісі басталды. Тәуелсіздік алған жылдары жарияланған ислам тарихы мен мәдениеті туралы ғылыми еңбектердің көпшілігі коммунистік сұзгіден шыққан шығармалар еді. Сондай-ақ, біржакты жазылған діни еңбектер мен әлем елдерінде орын алған әртүрлі шетін оқиғалардың әсерінен исламды деструктивті көзқарастардың қайнар-көзі ретінде бағалау сипат ала бастады. Ислам діні туралы мұндай көзқарастың қалыптасуына әртүрлі саяси ойындардың ықпалы бар екені белгілі. Осындай сын сәтте ислам туралы қоғамда орын алып отырған әртүрлі сынаржақ пікірлерге тойтарыс беру үшін зерттеушілердің еншісінде шын мәніндегі исламды таныту міндеті тұрды. Бұл хақында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Сындарлы он жыл» атты кітабында: «Исламдық қауіп-қатер деген ұғымды еріннің ұшымен айта салу оп-оцай болғанмен, оның үрейлі қанатының кеңге жайылып бара жатқаны соншалық, енді Ислам тарапынан миғтік қауіп-қатер туралы емес, Исламның өзін нақтылы қорғаудың қажеттілігін сөз ететін кез келді» [1, 75 б.] деген еді.

Исламдық құндылықтарды дұрыс тану үшін исламның тұп-қайнары Құран аяттарының тұсу тарихы және ислам дінінің пайғамбары Мұхаммедтің с.ғ.а өмірі мен қызметі, исламды алғашқы қабылдаған адамдардың өзара бірігуі, топтасуы және бірлесіп іс-қимыл жасауы, саяси қозғалысты тудыруы және одан арықарай мемлекетті қалай ұйымдастырғанын бағамдау арқылы көз жеткізуге

болады. Өкінішке қарай, елімізде аталмыш мәселелерге қатысты зерттеу жұмыстары жоқтың қасы.

Алғашқы ислам мемлекеттілігінің қалыптасу дәуірі Құран үкімдерінің тұсу тарихы мен Мұхаммедтің с.ғ.а өмірі мен қызметінен тұратындықтан, бұл кезеңдегі діни, саяси, құқықтық мәселелерді объективті түрде танып білу аса маңызды. Осы себептен де, алғашқы ислам мемлекеттілігінің қалыптасу дәуірінде қабылданған «Мәдина конституциясының» діни, саяси, құқықтық мәні мен мазмұнына, сондай-ақ, бұл құжаттың әзірленуі, қабылдану барысы және іске асыру кезеңдегі діни, саяси, құқықтық реформаларға ғылыми зерттеу жүргізу, сол дәуірдің шынайы діни, мемлекеттік және құқықтық болмысын танып білуімізге негіз болады.

Ислам мемлекеттілігінің пайда болуы мен қалыптасуында 622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясының» орны ерекше. Ислам елдерінің мемлекеттанушылары және құқықтанушылары арасында бұл құжат кеңінен танымал және олардың белді ғалымдарының пайымдауынша «Мәдина конституциясы» ислам мемлекеті тарихында ең тұңғыш конституциялық сипаттағы құқықтық акт. Осыған байланысты Каради 1951 жылы өткен халықаралық конференцияда ғалымдар «Мәдина конституциясының» адамзат тарихындағы орны туралы консенсус қабылдады.

«622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясында» бірнеше дін өкілдерінің бір мемлекетте қатар өмір сүріп, өзара құқықтық мәміле орнатып, Мәдина қаласының ішкі, сыртқы мәселелерін реттеуде бір біріне ортақ міндеттер жүктейтін келісімге қол жеткізілді. Осы құжатта алғаш рет дінаралық диалогтың негізdemесі қалыптасты. Бұгінгі таңда Қазақстан мемлекеті де дінаралық диалогты қалыптастыру саясатын жүзеге асырып отыр. Яғни, «Мәдина конституциясындағы» дінаралық келісім негіздерінің бұгінгі Қазақстанның жағдайымен белгілі бір ұқсастықтарының болуы тақырыптың актуальдығын арттыра түседі.

Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері. Диссертацияның негізгі мақсаты – 622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясының» пайда болуының тарихи алғышарттарын ой-електен өткізіп, оның саяси, әлеуметтік, экономикалық, діни дүниетанымдық, рухани ізденушілік қабаттарын ашып көрсету, бұл құжаттың дайындалу, талқылану, қабылдау, іске асу кезеңдерін объективті түрде жан-жақты сараптау, мәні мен мазмұнын кешенді талдау, ислам мемлекеттілігінің тарихындағы орнын айқындауға ұмтылу.

Көрсетілген мақсаттарға сәйкес осы зерттеу жұмысының алдына мынадай міндеттер қойылды:

- исламға дейінгі кезеңдегі Арабияны мекендерген субъектілердің діни, саяси, әлеуметтік құрылышының ғылыми негізделген жалпы сипаттамасын жасау;
- ислам дінінің пайда болуымен туындаған дүниетанымдық өзгерістерді саралау;
- мұсылмандық діни сана мен құқықтық тәжірибелінің қалыптасуындағы негізгі ерекшеліктерді екшеу;

- пүтқа табынушы араб тайпалары мен мұсылман қауымының арасындағы қарама-қайшылықтың себептерін анықтап, екі тараптың арасындағы құрестерге талдау жасау;
- I, II Ақаба келісімдерінің «Мәдина конституциясының» қабылдануына және ислам мемлекеттілігінің пайда болуындағы орнын анықтау;
- «Мәдина конституциясының» әзірленуі, талқылануы және қабылдануы барысындағы субъектілердің талаптары мен ұсыныстарын талдау;
- «Мәдина конституциясының» қабылдану кезеңіндегі мұхажірлер (Меккелік мұсылмандар) мен ансарлардың (Мәдиналық мұсылмандар) және яңуди тайпаларының мұддесі мен саяси ұстанымын айқындау;
- «Мәдина конституциясындағы» әкімшілік, қылмыстық, азаматтық мәселелер және дінаралық келісімге талдау жасап, оның мәнін ашу;
- «Мәдина конституциясының» діни, саяси, құқықтық мәні мен мазмұны және құрылымдық ерекшеліктерін талдау;
- «Мәдина конституциясының» іске асу кезеңдеріндегі араб қоғамындағы саяси текестер мен халықаралық қатынастарды зерделеу;
- Мәдинадағы ислам мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңіндегі әкімшілік, халықаралық, әлеуметтік, отбасылық, қылмыстық, міндеттемелік құқық саласындағы реформаларды талдау;

Тақырыптың зерттелу деңгейі. Араб түбегіндегі VII ғасырдың алғашқы ширегінде ислам дінінің пайда болуымен туындаған мұсылмандық мемлекеттілік және оның ресми құқықтық негіздерінің бірі болып табылатын 622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясы», сондай-ақ, Мәдинадан бастау алатын алғашқы ислам мемлекетінің ішкі, сыртқы саяси ұстанымы, мемлекеттік және құқықтық жүйесі ғалымдар тараپынан біршама зерттелген.

Ислам мемлекеттілігінің қалыптасу кезеңіндегі саяси қозғалыстарды В.Бартольд, Г.Грюнебаум, Ю.Виллхаузен, П.Климиович, А.Гусейнов, В. Соловьев, О.Большаков, Х. Қараман, М. Риза, Р.Бути, Ф. Гюлен, А. Х. Берки, О.Кескиоғлу, М.А.Захра, А.Х.Джуда ал-Саххар, Х.Алгул, Ю.Апайдын, Р.Хайламаз, Ибнүл Асир, А.Булаш, С.Хизметли, М.Леккер, М.Гил, У.М.Уотт, А.Гото, У.Рубин, Дж.Сименсон, И.Голдциер, Р.В.Серджент, Ф.Буль, Д.Браун және т.б. ғалымдар зерттеді. Алғашқы ислам тарихынан «Сияр-нәби» (Мұхаммед с.ғ.а өмірбаяны) және хадис кітаптарымен бірге ислам тарихшылары Ибн Кәсир, Ибн Хишам, Ибнүл Асир, Табари және т.б. ғұламалардың шығармалары мол хабар береді. Сонымен бірге, алғашқы ислам мемлекетінің қалыптасу кезеңіндегі саяси, әлеуметтік, құқықтық реформаларға В.Соловьев, А.С.Прозоров, Л.Сюкиянин, М.Хамидуллаһ, Имам Жабири, Ш. Севержан, У.М.Уотт, С.Хизметли өз еңбектерінде тоқталып, талдау жүргізді.

Жоғарыдағы зерттеушілер алғашқы ислам мемлекетінің қалыптасу кезеңіндегі діни, саяси, құқықтық реформаларға әр қырынан баға берген. Бұл еңбектердің кейбірінде 622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясы» арнайы зерттеу нысаны ретінде қарастырылғанымен, құжат діни, саяси, құқықтық түрғыдан толыққанды талданбаған. Зерттеу жұмыстарының

көпшілігінде «Мәдина конституциясына» байланысты жалпылама суреттеу мен тарихи оқиғаларды тізбектеу басым.

Елімізде Ә.Дербісәлі, Ә.Муминов, Н.Өсеров, Ш.Керім, З.Жандарбек, Д.Кенжетай, Қ.Қаратышқанова, М.Бұлұттай, М.Исаұлы, А.Әділбаев, Ш.Әділбаева, Д.Әмірзаққызы, Е.Оңғаров, Б.Убаев, Қ.Бағашар, Қ.Құрманбаев, Қ.Жолдыбайұлы және т.б отандық зерттеушілер ислам дініндегі ақида, фиқһ, хадис, тәспір, философия, тарих тақырыптарында зерттеулер жүргізіп келеді. Ал алғашқы ислам мемлекетінің тұрпаты мен діни, саяси, құқықтық жүйесіне талдаулар жүргізген зерттеулер жоқтың қасы. Оның ішінде 622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясы» және алғашқы ислам мемлекетінің діни, саяси, құқықтық аспектісіне дербес зерттеу жасалған емес.

Зерттеудің нысаны мен пәні. «Мәдина конституциясының» әзірленуі, қабылдануы және іске асу кезеңіндегі саяси, құқықтық реформалар туралы шетелдік зерттеушілердің көзқарастары мен тұжырымдарында бірізділік жоқ. Ислам елдерінің ішінде Мысыр, Сирія, Пәкістан, Түркія ғалымдарының және Еуропа зерттеушілерінің алғашқы ислам мемлекетіндегі діни, саяси және құқықтық реформалар туралы көзқарастары әртүрлі. Осы көзқарастардағы ұқастықтар мен ерекшеліктерді екшеп, зерделеп, жүйелеп, терендете зерттеу, сондай-ақ, «622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясындағы» дінаралық диалог мәселесін талдау диссертацияның басты нысаны болып табылады. Зерттеу пәні – 622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу және қалыптасу кезеңіндегі орны мен рөлі.

Зерттеудің дереккөздері – 622 жылы қабылданған Сира еңбектеріндегі «Мәдина келісімі», М.Хамидуллахтың «әл-Уасайкус-Сиясий» атты шығармасындағы 1-нөмірлі құжат (Мәдина конституциясы).

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі. 622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясының» дайындалуы, қабылдануы және іске асу кезеңдеріндегі реформаларды зерделеген ғалымдардың тұжырымдары құрайды.

«Мәдина конституциясын» негізінен дінтанушы, исламтанушы, тарихшылар көп зерттеген. Ал мемлекеттанушы және құқықтанушы ғалымдар бұл тақырып бойынша арнайы зерттеу жүргізбеген. Бірақ, «Мәдина конституциясын» зерттеген дінтанушылар мен тарихшылардың тұжырымдарының орны ерекше екенін айттың өтуге тиістіміз.

«Мәдина конституциясының» дайындалуы, қабылдануы және іске асу кезеңдеріндегі реформалардың құндылықтары әлі күнге дейін дінтану және саяси ілім мен құқық тарихы ғылыми тұрғысынан тиісінше бағаланбай келеді. Біз зерттеу барысында алғашқы ислам мемлекетінің қалыптасу кезеңіндегі реформалардың діни, саяси, құқықтық мәнін ашуда шетелдік ғалымдар В.Бартольд, Г.Грюнебаум, Ю.Виллхаузен, П.Климиович, А.Гусейнов, В.Соловьев, О.Большаков, Х.Қараман, М.Рыза, А.Х.Берки, О.Кескиоғлу, М.А.Захра, А.Х.Джуда ал-Саххар, Х.Алгул, Ю.Апайдын, С.Суруч, Р.Хайламаз, Ибнүл Асир, С.Хизметли, ибн Кәсир, ибн Хишам, Ибнүл Асир, Имам Табаридің еңбектеріне сүйендік.

Сонымен бірге, тарихи мәліметтердің негізінде діни, саяси, құқықтық аспекті негізге алынғандықтан, диссертациялық жұмыс О.Большаков, В.Соловьев, Л.Сюкянин, М.Хамидуллах, Имам Жабири, Х.Алгүл, Ш.Севержан, М.Леккер, М.Гил, У.М.Уотт, У.Рубин, Дж.Сименсон, И.Голциер, Р.В.Серджент, Ф.Буль, Д.Браун және т.б зерттеушілердің еңбектеріндегі ғылыми теориялық-методологиялық тұжырымдардан құралады.

Зерттеудің негізгі әдістері мен тәсілдері. Зерттеу жұмысы барысында көздеген мақсатқа қол жеткізу үшін жалпы логикалық әдістер және танымдық әдістер, контент талдау, жүйелу әдісі, сонымен қатар, жалпы ғылыми зерттеу әдістері, оның ішінде дінтанулық, саяси ілім мен құқық тарихын зерттеу әдістері: тарихи әдіс, салыстырмалы әдіс, каузальды талдау әдісі, статистикалық әдіс, ивент талдау әдісі, кросс-мәдени талдау әдісі т.б. әдістер қолданылды.

Сондай-ақ диссертациялық жұмыста зерттеу тақырыбының ерекшелігіне байланысты діни мәселелерді зерттеуде кеңінен таралған диалектикалық-прагматикалық ғылыми ойлау әдісі қолданылды. Бір діннің мұддесін біржакты көзdemеу басты назарда ұсталды. Басқаша айтқанда, ғылыми ақпаратты талдауда белгілі бір дін мен ұлттың мұддесі тұрғысында емес, объективті ақиқатқа жету, жалпы мемлекеттік даму, адам құқықтарының құрметтелуі көзқарасының басым болуы назарға алынды.

Зерттеу жұмысының теориялық тәжірибелік маңызы. Диссертациялық жұмыс сипаты жөнінен теориялық және тәжірибелік маңызға ие. Ғылыми маңызы жөнінен зерттеу жұмысы 622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясы» араб қоғамында пайда болған жаңа мемлекеттің ішкі, сыртқы функциясындағы реформалардың діни, саяси, құқықтық мәнін ашып, ондағы пайғамбарлық мемлекеттік құрылым мен діни құқықтық тұзімнің негіздерін теориялық тұрғыда тұжырымдауымен ерекшеленеді. Ал зерттеу жұмысының тәжірибелік маңызы мұнда жасалған діни, саяси, құқықтық талдаулар мен сараптамалар дінтану және саяси ілім мен құқық тарихы ғылыминың терендеуіне, сондай-ақ, қазіргі дінаралық қатынастарды оң реттеудің негіздерін көрсетіп, бейбітшілікті сактауда толеранттық пен диалогтың ұтымды шешім бола алатындығы анықталады. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының нәтижесінде дінаралық қатынастарды реттеуге қатысты ұсыныстар Қазақстан Республикасындағы зайырлықты одан арықарай дамытуға пайдалануға болады. Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерін жоғары оку орындарында, исламтану, дінтану, құқықтану салаларында, ізденушілер ғылыми зерттеу жұмыстарына қосымша материал ретінде пайдалана алады.

Ғылыми жұмыстың ғылыми жаңалығы

– Исламға дейінгі Арабия түбегін мекендеген араб тайпалары арасында ең көп тараған сенім – пұтқа табынушылық (көп құдайшылық) еді. Христиан діні Византия мен Эфиопия мемлекеттерінің қол астына кірген аумақтарда, иуда діні – яңуди тайпалары шоғырланған аумақтарда басым болды. Осы үш діннің арасындағы бәсекелестік кейде қанды соғыстарға ұласатын. Яғни, діни шиеленісті ахуал саяси жағдайдың өзгеріп отыруына әсер ететін. Сонымен

бірге, Араб тұбегінде Алланы бір деп білетін Ибрахим пайғамбардың ханиф дінін ұстанушылардың да болғандығы туралы деректер бар. Яғни, Араб тұбегі саяси тұрғыдан ғана емес, діни тұрғыдан алғанда да біртұтас емес еді.

– Диссертациялық жұмыста Абдулла ұлы Мұхаммедке с.ғ.а Құран аяттарының түсі бастауы, соған байланысты оның с.ғ.а өзін пайғамбар деп жариялауы және діни уағыз жүргізе бастауы тарихи факт ретінде қарастырылады. Бұл уағыздардың сол кездегі араб қоғамы мүшелеріне ерекше пәрменді әсер етіп, томага-тұйық, бір қалыпты өмір сүріп жатқан қоғамға қозғау салғандығы тарихи фактімен дәлелденген хроника ретінде баяндалады. Мұхаммедтің с.ғ.а пайғамбарлығы, Құран аяттарының түсінің және насихатталу фактілері логикалық ілім тұрғысынан түсіндіріп дәлелдеу не жоққа шығару мүмкін емес, бірақ тарихи факті ретінде тіркеп, тізбелемеуге де болмайтын құпиясы әлі ашылмаған объективті өмір шындығы ретінде суреттеледі.

– Диссертациялық жұмыста Ақаба келісімдерінің «Мәдина конституциясының» дайындалу, пайда болу тарихындағы орны айқындалады. Ақаба келісімдерін «Мәдина конституциясы» пайда болуына алып келген алғашқы баспалдақтар, құнды тәжірибелер, дайындық-репитициялар немесе ұйымдық-мәтіндік, құқықтық-мәтіндік ұлгілер деуге болады. Ақаба келісімдері формасы жағынан діни-нормативті, діни-құқықтық сипаттағы келісімдер еді. Ақаба келісімдері нәтижесінде тарихта алғаш рет мұсылмандардың құпия діни одағы (ұйымы) пайда болды. Бұл одақтың басты мақсаты – ислам дінінің соңғы пайғамбары Мұхаммедтің с.ғ.а өмірінің қауіпсіздігін және оның пайғамбарлық іс-әрекеттерінің емін-еркін іске асуын қамтамасыз ету еді. Ақаба келісімі Мұхаммедтің с.ғ.а исламның ендігі жерде Мәдинада өркендеуіне сендірді.

– Тарихи деректерде «Мәдина конституциясы» «Ақд», «Мәдина уасиқасы», «Мәдина сақиғасы» деп аталса, кейінгі ғылыми еңбектерде «Мәдина ережесі», «Мәдина декларациясы» деген атпен аталуда. XX ғасырдың орта шенінен бастап бұл құжат «Мәдина конституциясы» деп атала бастады. Дегенмен «Мәдина конституциясы» құжатындағы мәтіннің бірінші бабында келісімге «хитаб» атауының берілуі және бұл уағдаластық Мәдина қаласын мекендейтін субъектілер арасында жасалғандықтан, біз өз тарапымыздан құжатты өзінің төл атауымен «Мәдина хитабы» деп атауды ұсынамыз.

– Диссертацияда «Мәдина конституциясының» ислам мемлекеттілігінің пайда болу тарихындағы орны анықталады. Осы құжаттың қабылдануы және іске асуы аясында пайғамбар басқаруына негізделген алғашқы ислам мемлекеттілігі пайда болып қалыптасты және пайғамбар басқарған мемлекет 11 жылдай уақыт өмір сүрді деген қорытынды жасалынады. Бұл мемлекет – пайғамбарлық басқару нысаны толық орнықкан, құқықтық жүйесі тікелей Құран сүрелері мен пайғамбардың с.ғ.а сұннетіне арқа сүйеген және пайғамбардың с.ғ.а өзі тікелей билік жүргізген ерекше уникальді саяси-құқықтық жүйе және мемлекеттік билік жүргізуінде қайталанбас айырықша құбылысы ретінде қарастырылады.

– «Мәдина конституциясының» іске асуы шартты түрде екі бағытта өрбіді деп қарастырылды. Бірінші бағыт бойынша ислам дінінің бейбіт түрде

уағыздалуы және таралуы. Мұсылмандар әскери қүшті ислам қауымына қарсы соғыс ашқан тайпаларға қорғаныс мақсатында пайдаланды. Екінші бағыт бойынша пайғамбар с.ғ.а басқаруындағы мемлекетке дүшпан екенін ашық билдіріп, әскери қүшпен жоюға әрекет жасаған мемлекеттерге алдын-ала әскери жорық жасап, соғысты болдырмау, сөйтіп мемлекетте бейбітшілікті сақтауға бағытталды.

– Диссертацияда «Мәдина конституциясының» іске асу кезеңінде әкімшілік, халықаралық қатынастар, экономикалық, отбасылық, қылмыстық жаза мен міндеттемелік құқық салаларындағы оң өзгерістер, ислам мемлекетіндегі мұсылман Шурасы (кенес) мен қазы (сот) және әкімдерді (амр), зекет жинаушы қызметкерлерді сайлау жүйесінің қалыптасу үдерістері талданып, құқықтық тұрғыдан тұжырымдалады.

Корғауға ұсынылатын тұжырымдар

Диссертациялық зерттеудің алдына қойылған негізгі мақсаттарына орай зерттеу нәтижесінде алынған корғауға ұсынылатын ережелер мен қорытындылар төмендегідей болып табылады:

– Исламға дейінгі дәуірде негізінен араб тайпалары мекендеген Арабияда квази мемлекеттер өмір сүрді. Олар – Хумейр мемлекеті (қазіргі Иемен аймағы), Гассани мемлекеті (Сириямен шекаралас аймақ), Хира мемлекеті (Ирак өнірі), Кинди мемлекеті (Оман, Хадрамут) деп аталды. Сондай-ақ, бірнеше қала-мемлекеттер немесе белгілі бір қала территориясында орналасқан мемлекеттілік деңгейіне толық көтерілмеген ұжымдық басқару сипатындағы қоғамдық саяси құрылымдар болды. Оларға Мекке, Ясриб, Тайф, Хайбар сияқты қалалар жатты. Сонымен бірге, шөл және шөлейт аймақтарда мекендеген әлеуметтік-саяси құрылымдары көшпелі мәдениетке негізделген бәдәуи араб тайпалары өмір сүрді.

Араб тұбегіндегі Хумейр, Хира, Гассани, Кинди мемлекеттері Эфиопия, Византия, Сасани империясына отар болса, өзге қала-мемлекеттер мен бәдәуи араб тайпалары тәуелсіз саяси құрылымдар еді. Отар мемлекеттер метрополиядан наместниктер, өкіл билеушілер арқылы басқарылды. Ал тәуелсіз мемлекеттік құрылымдар әскери-демократиялық сипаттағы саяси жүйелер еді, сондай-ақ, олар арнайы басқару органдар арқылы Шура (кенес), әскербасылар, рубасылар (шейх, райс) арқылы басқарылды. Яғни, Арабияның құрылышы бірізді емес, полимәдени сипатқа ие және саяси, діни бытыраңқы қоғам болатын.

– Ислам діні жаңа дүниетаным мен адамтаным соған сай жаңа биліктаным мен жаңа құқықтықтаным алып келді. Бүкіл әлемді жаратқан – бір Алла, Ол хақ және барлық билік пен құқықтық негізі әрі иесі. Адам – Алланың жаратқаны, адамның басты мақсаты – жаратқанын танып және мойындал, Оның жіберген үкімдеріне (сөзіне, Кітабына) сай Аллаға қызмет ету (ғибадат ету). Пайғамбар с.ғ.а және оның уағызына ергендер өз діндеріне сай Аллаға құлшылық жасауға құқылы және олар өзге адамдарды дінге шақыруға құқылы. Дінде зорлық жоқ. Өйткені, дінге қабылдайтын – бір Алла. Адам адамды дінге шақыруға құқылы, бірақ ешкім ешкімді дінге зорлап кіргізе алмайды. Адамның ең басты құқығы –

діни-сенім бостандығы құқығы. Адам қоғамындағы биліктің басты мақсаты – дін бостандығын қамтамасыз ету. Ең жақсы қоғам және мемлекет дін бостандығын қамтамасыз еткен қоғам және мемлекет. Ал мұндай қоғамды құрудың басты жолы – діни ақиқатты және құндылықтарды еркін уағыздау құқығының қамтамасыз етілуі және дінге кіргендердің осындағы қоғам құру туралы келісімі. Яғни, дінге шақырудың басты жолы – оны уағыздау, сұхбат құру (диалог) болса, діни құлшылықты еркін іске асырып, діни қудалауға жол бермейтін қоғам құрудың басты жолы – дін бостандығын басты құндылық деп есептейтін және осы қағидат айналасында бірігетін қоғамдық келісім жасау деп есептеледі. Қоғамдағы барлық билік қатынастар осындағы келісімдер арқылы жүзеге асуы тиіс еді. Мұхаммед с.ғ.а келісім туралы қағида-концепцияға ерекше көніл бөлді. Оның с.ғ.а уағыздауыша келісім – адамаралық қатынастарды реттейтін ең басты құрал. Сондықтан қоғамдық қатынастардың барлық салалары, әсіресе кикілжің туған жағдайда ең алдымен тек келісім жасау негізінде ғана шешілуі тиіс. Демек, келісіммен және келісім арқылы өмір сұру Алла жолы деп есептелінді. Сондықтан, Алла атымен жасалған кез-келген келісім – бұзылmas қасиетті зан, оны бұзуға ешкімнің құқығы жоқ деп есептелінді. Ал, мұндай келісімді бұзған тараптар занды бұзушы ретінде бағаланып, егер ол өз райынан қайтпаса, оны құшпен мәжбүрлеу, оған қарсы қарулы құш қолдануға (соғыс жариялауға) рұқсат етілді.

– Диссертациялық жұмыста Ақаба келісімдерінің «Мәдина конституциясының» дайындалу, пайда болу тарихындағы орны айқындалады. Ақаба келісімдерін «Мәдина конституциясы» пайда болуына алып келген алғашқы баспалдақтар, құнды тәжірибелер, дайындық-репитициялар немесе ұйымдық-мәтіндік, құқықтық-мәтіндік ұлгілер деуге болады. Ақаба келісімдері формасы жағынан діни-нормативті, діни-құқықтық сипаттағы келісімдер еді. Ақаба келісімдері нәтижесінде тарихта алғаш рет мұсылмандардың құпия діни одағы (ұйымы) пайда болды. Бұл одақтың басты мақсаты – ислам дінінің соңғы пайғамбары Мұхаммедтің с.ғ.а өмірінің қауіпсіздігін және оның пайғамбарлық іс-әрекеттерінің емін-еркін іске асуын қамтамасыз ету еді. Ақаба келісімі Мұхаммедтің с.ғ.а өз пайғамбарлығын ендігі жерде Мәдинада іске асыруға сендірді.

Ақаба келісімдері – пайғамбар с.ғ.а мен оның дінін қабылдаған Мәдина қаласы мұсылмандары арасындағы ауызша жасалған шарттар еді. Тарихта Ақаба келісімдерінің екі дүркін жасалғаны белгілі.

Ақаба келісімінің алғашқы кіріспесінде 620 жылы пайғамбарға с.ғ.а және 6 мәдиналық тұрғын жаңа дінді қабылдаймыз деп ант берді. Жаңа діннің пайғамбары Мұхаммедтің с.ғ.а мойындеймыз, өзге жүртты осы дінге шақырамыз деп келісті. Яғни, бұл келісім таза діни мазмұндағы келісім болды.

Ал I Ақаба келісімінде (621 жылы) қарастырылған мәселелер одан кеңірек болғанын байқаймыз. I Ақабада алты мәселе бойынша келісімге келді. Олар: 1) шариғат мәселелері бойынша Мұхаммедке с.ғ.а бағыну; 2) өтірік айтпау; 3) зинақорлық жасамау; 4) жаңа туған балаларды өлтірмеу; 5) ұрлық жасамау; 6) Бұл келісімді бұзса, жауапкершілікке тартылу.

Мазмұны жағынан I Ақаба келісімі таза діни келісім емес, діни-рухани, діни-әлеуметтік келісім деуге болады.

II Ақаба келісімі (622 жылы) мазмұны жағынан діни-әскери келісім еді. Себебі, пайғамбар с.ғ.а өміріне қауіп төнген жағдайда және оның пайғамбарлық іс-әрекеттеріне қауіп төнсе, одақ мүшелері (75 адам) оларды қарулы күш қолданып қорғауға міндettі болды. Яғни, II Ақаба келісімі мұсылмандардың діни-әскери одағының құрылғандығын көрсетті.

II Ақаба Мекке және Мәдина мұсылмандарының біріккендігін, бұл одақтың діни-рухани, саяси-әскери көсемі әрі басшысы болып пайғамбар с.ғ.а сайланғандығын және одақ орталығы Мәдина қаласына көшетіндігін, соған сай пайғамбардың с.ғ.а сонда қоныс аударатындығын бекітті.

– «Мәдина конституциясының» пайда болуының алғышарттарына мұсылмандар арасындағы діни-әскери одақтан Мәдина қаласы және өңір тұрғындары арасындағы әлеуметтік-саяси одаққа өту қажеттілігі жатты. Бұл қажеттіліктің туындауының негізінде II Ақаба келісіміндегі шарттар толық орындалып, пайғамбар с.ғ.а Мәдинаға көшіп келіп, қала тұрғындары ислам дініне көптең кіре бастады. Пайғамбардың с.ғ.а беделінің артуына қарай жаңа дін иелері үшін ішкі және сыртқы қауіптің алдын-алу мәселелері туындағы.

– «Мәдина конституциясының» дайындалу барысы, талқылануы және соған байланысты туған пікірталастар, құжаттың қабылдануы жайлы тарихи деректер өте аз. Тіпті жоқтың қасы. Дегенмен, бұл келісімнің дайындалуына Мәдина қаласының барлық беделді ру-тайпалары, олардың көсемдері, жақтастары мен қарсыластары қатысқандығы байқалады. Келісімді дайындалап, қабылдауға Мұхаммед с.ғ.а, мұхажірлер (Меккеден Мәдинаға қоныс аударған мұсылмандар), ансарлар (Мәдинадағы Әус және Хазраж тайпасының мұсылмандары), Мәдина дағы яхуди руларының басшылары қатысты. Келісім 622 жылы қабылданды. Зерттеу нәтижелері бойынша «Мәдина конституциясы» негізінен 47 баптан тұрады деп белгіленген.

– «Мәдина конституциясы» тарихта тұнғыш рет ресми түрде ислам дінін, оның пайғамбary деп Мұхаммед с.ғ.а және оның діни, зайырлық билігін ашиқ мойындаған алғашқы саяси, құқықтық құжат еді. Бұл құжат конституциялық құқықтық сипатқа ие болды. Оның қабылдануы және іске асуы барысында тікелей пайғамбар басқару нысанындағы тұнғыш ислам мемлекеттілігі өмірге келді. Бұл келісім – дін бостандығын жариялады. Яхуди дініндегілер өз дінін сақтауға құқылы болды. Келісімнің іске асу барысында христиан дінін ұстанушылар да осындай құқықты пайдаланды. Яғни, пайғамбар басқаруындағы мемлекеттің өркениет бастауы екені екшеленеді.

– «Мәдина конституциясы» бойынша алғашқы ислам мемлекетінің құрылымдық жүйесі федерацияға негізделді. Себебі, Мәдина дағы ислам мемлекеттілігі пайғамбардың с.ғ.а басқаруындағы мемлекет бола тұра, «Мәдина конституциясын» тұзуге меккелік мұсылмандар және ансарлар, яғни, Мәдина дағы Әус және Хазраж тайпасының рулары және осы рулармен дос болып табылатын Қайнұқа, Нәдір, Құрайза атты яхуди тайпалары қатысты.

Әус пен Хазраж өз ішінен 8 руға, ал, януди тайпалары 20 рудан тұратын. Бұдан басқа Әус тайпасынан Хатм, Уақиф, Уайл, Умай сынды әuletтері мұсылмандықты қабылдамай, пүтқа сенушілікті жалғастырды. Келісімде осы тараптардың мұддесінің түгел ескерілгенін негізге алсақ, «Мәдина конституциясын» жазуға барлығы 30-дан астам субъектінің қатысқандығын көре аламыз. Келісімнің 3-11 және 25-35 - баптарында әрбір субъекті өзінің ішкі мәселелерін өз зандары бойынша шешуіне мүмкіндік алды. Тек шешімін таппаған мәселелерге ғана соңғы үкімді пайғамбар с.ғ.а шығарды. Сондай-ақ, әрбір субъекті өз аумағының қоғамдық қауіпсіздігі мен тәртібін өздері сақтауға міндетті болды. Бұл пайғамбар с.ғ.а басқаруындағы ислам мемлекеттілігінің құрылымы федеративтік жүйеден тұратынын көрсетеді.

Диссертация материалдарының баспада жарық көру толықтығы:

Диссертацияның негізгі нәтижелері мен тұжырымдары халықаралық, республикалық ғылыми теориялық және ғылыми-практикалық конференциялар мен семинарларда сыннан өтті. Зерттеудің негізгі мазмұны мен қорытындылары шетелдік және Қазақстан Республикасының Ғылым және Білім министрлігі бекіткен ғылыми баспаларда жарық көрді. Жалпы ғылыми мақалалар саны – 9. Оның ішінде ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласын бақылау комитеті ұсынған басылымдарда жарияланғаны – 3. Нөлдік емес импакт-факторы бар халықаралық ғылыми журналдар базасына тіркелген шетел журналында жарияланған мақалалар – 1. Халықаралық және шетелдік ғылыми конференция материалдарында баяндалған диссертацияның негізгі тезистері – 4 (оның ішінде шетелдік ғылыми баспада жарық көрген). Авторлық құрамда қатысқан ұжымдық ғылыми монографиялар мен зерттеу жұмыстары – 2.

Зерттеу жұмысының жалпы құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, үш бөлімді қамтитын негізгі мазмұннан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Диссертацияның жалпы көлемі 145 бет.

1 VII ФАСЫРҒА ДЕЙІНГІ АРАБ ТҮБЕГІНДЕГІ ҚОҒАМДЫҚ САЯСИ ЖАҒДАЙ ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ КЕЗІНДЕГІ САЯСИ-ДІНИ ҚОЗҒАЛЫСТАР

1.1 Исламға дейінгі араб тайпаларының діни, әлеуметтік, саяси құрылышы

Тарих сахнасына 610 жылы шыққан Мұхаммед с.а.ғ бастаған ислам дінінің жақтаушылары Арабияда діни және саяси қозғалыс жасады. Исламдық қозғалыс бірте бірте саяси және рухани реформаларға ұласып, Араб түбегіне түбегейлі үлкен өзгерістер әкелді. Исламдық қозғалыстың қалай өріс алғанын талдау үшін бұл кеңістікте өмір сүрген квази мемлекеттер мен өзін-өзі ұжымдық сипатта басқаратын тәуелсіз қалалар, ешкімге бағынышты емес араб тайпалары және ондағы діни ағымдардың жағдайларына тоқталғанымыз жөн.

Ислам діні тарих сахнасына шыққанға дейін Арабияны мекендереген халықтардың діни танымы және саяси құрылымы мен әлеуметтік жүйесінде біртұастық болған жоқ. Араб түбегіндегі бытыраңқы саяси жүйенің және плюрализмнің орнығына тарихи алғышарттар мен сол кезеңдегі геосаяси ахуал әсер етті. Діни танымның әралуандағы мен әкімшілік жүйенің рулық-тайпалық құрылымға негізделуі және Византия, Эфиопия, Сасани секілді империялық мемлекеттердің жүргізген отарлау саясатына байланысты Араб түбегінде бірнеше квази мемлекеттер өмір сүрді. Тарихшы М.Ризаның пікірінше, Иемендегі Хумейр, Сирияда Гассани, Ирактағы Хира, Хадрамуттағы Кинди секілді жартылай (квази) тәуелсіз иеліктер, сондай-ақ, Мекке, Мәдина, Тайф, Хайбар қатарлы өзін-өзі ұжымдық сипатта басқаратын қалалар және өзге де бір бірінен тәуелсіз араб тайпаларының қатар өмір сүруі, Араб түбегінде бытыраңқы геосаяси ахуалды қалыптастыруды [2, 13-15 б].

Арабияның оңтүстігіндегі Иемен өлкесінің табиғаты өзге аймақтарға қарағанда шаруашылыққа қолайлы еді. Мұндағы халықтың басым көпшілігі отырықшы өмір сүретін. Осыған орай Иеменде халық тығыз қоныстанды. Шығыстанушы О.Г.Большаковтың жеткізуіне қарағанда Иемен қалаларында 15-20 мыңға дейін халық тұрып, мұндағы арабтар қолөнер, мақта мата, тері өңдеу, метал өндірумен айналысты [3, 18 б]. Таудан ағатын судың алдын буып, атақты Мағриб су бөгетін егіншілікке пайдаланды [4, 4-5 б].

В.Ирвингтің пікірінше, Иемен бірнеше діндердің тоғысқан жері болатын. Иемендегі халықтың басым көпшілігі пүтқа табынатын. Тек, Нажран аймағында христиан дінінің несториан бағытын ұстанушылар болды. Иеменде VI ғасырдың басындағы Хумейр мемлекетінің билеушісі Зунубас януди миссионерлерінің үгіт-насихатына еріп иуда дінін қабылдады. Иуда дінін қабылдаған соң Зунубас 523 жылы Нажрандағы христиан арабтарды қырып салды. Оның себебі Палестинадан янудилер Византия христиандарынан құғын көріп, Араб түбегіне қашып келген еді. Яғни, януди дін өкілдері Зунубас патшаның билігін пайдалану арқылы христиандардан кек қайтарды. Осы оқиғаға қатысты Византия императоры Юстиниан өзінің христиан одақтасы Эфиопия патшасы Нажашиге хат жазып Иемендегі христиандарды қорғауға

шақырды. Нажаши патша бұл өтінішті қабыл алғып, Иеменге өз әскерін аттандырды. Эриад қолбасшы бастаған Эфиопияның христиан әскері Иеменді басып алды [5, 15-28 б].

Иеменде діни талас-тартыстар ұдайы орын алғып отырды. Мысалы, Иеменді өз боданына айналдырған эфиопиялық христиандар мен пұтқа табынушы арабтар арасында діни қарама-қайшылық орын оқиғалар болды. Әбу Хасан Али ән-Надви өз шығармасында христиан дініндегі эфиопиялықтармен меккелік құрайыштықтардың қақтығысы мынадай діни дурдараздықтан туындағандығын атап көрсетеді:

Эфиопияның Иеменде өміршісі Әбраха 570 жылды Араб түбегінде христиан дінін ұлық дін ету мақсатында Сана қаласына Кулейс атты үлкен христиан шіркеуін тұрғызды. Пұтқа табынушы арабтар негізінен Меккедегі қасиетті Қағбаға тәуап ететін. Кулейс шіркеуінің тұрғызылуына шамданған меккелік бір араб Санаға келіп тұрғызылып жатқан Кулейстің ішіне дәрет сындырып кетеді. Пұтқа табынушылардың қасақана жасаған келемеждеуіне ашууланған Әбраха кек алу мақсатында Кулейске бәсекелес болып тұрған Қағбаны жою үшін Меккеге әскер аттандырады. Араб түбегінде христиан дінін үстем ету мақсатында жасалған бұл жорық сәтсіз аяқталып, Әбраха қолы Мекке түбінде жеңіліске ұшырайды. Тарихта Әбраханың бұл жеңілісі «Піл оқиғасы» деген атпен аталады [6, 30-34 б].

Ибнүл-Әмин Махмуд Әсад Сайдшахидың тарихи еңбегінде «Піл оқиғасының» артынша Иеменде өміршісі эфиопиялықтардың отаршылдық саясатына қарсы Хумейр билеушілерінің Сайф атты ұрпағының Иранның Сасани патшасынан көмек алғып, Иеменде өміршісі эфиопиялықтардың билігін құлатқандығы баяндалады. Ислам діні тарих сахнасында шығар сәтте Иемен өлкесі Иранның Сасани патшалығына бағынышты еді [7, 110-113 б].

Иеменде өміршісі ирандық билеушілерді жергілікті халық «Авна» деп атады. М.Хамидуллахтың жеткізуіне қарағанда сасанидтердің Иеменде қатал түрде отарлағаны соншалықты 630 жылды Иемен арабтарының көпшілігі Иранның басқыншылығынан құтылу үшін өз еріктерімен исламды қабылдаған. Жалпы, сасанидтердің билігі кезінде Иеменде діни қақтығыстар орын алған жоқ. Бірақ, Иеменде бұрын христиан, иуда, пұтқа табынушылар өмір сүрсе, сасанидтердің билігі кезінде зороастризмді ұстанушылар да пайда болды [8.412-415 беттер].

Иеменнің саяси құрылышы жөнінде зерттеушілер толымды мәлімет көрсетпейді. Бірақ, Араб түбегіндегі халықтарда шейх немесе райс (тайпа көсемі) басқаратын рулық-тайпалық әкімшілік жүйесі болды. [9, 93-95 б]. Яғни, Иеменде араб тайпаларының шейхтары мен райстары сасанилер тағайындаған Авнапарға бағынғанына болжау жасауға болады.

Араб түбегінің солтүстігіндегі Сирия аймағында исламға дейін саяси және діни тұрақтылық болған жоқ. Сол кездегі әлемнің алғып екі империясы Византия мен Иран патшалығы Сирияға таласып, бірнеше рет бір бірімен соғысты. Г.Э.Грюнебаумнің жеткізуіне қарағанда V ғасырдың басында Қаңтан арабтары Сирияды Гассани билігін құрды. Гассанидтер V ғасырдың соңында христиан дінін қабылдап, Византия империясына қарамағына өтті [4, 3 б].

М.Хамидуллаңтың айтуына қарағанда гассаниттердің түбі иемендік арабтар еді. Олар V ғасырда Сирияға көшіп келіп, осындағы Византияның вассалы Дужум тайпасының билігін мойындаған. Алғашқыда, әрбір араб жылына бір жарым, екі динардан дужумларға салық төлеп тұрған. Гассаниттер христиан дінін қабылдағаннан соң дужумлардан Сирияның билігін тартып алды. Византия императоры Сириядың вассалдық биліктің гассаниттердің қолына өткеніне ризашылығын беріп, олардың басшысы Салабага былай деп хат жазды:

«Сізді дужумлардың жеріне орналастырамын. Сіздерге өзге араб тайпалары шабуылдаған жағдайда 40.000 әскермен көмек беремін. Егер, бізге араб тайпалары шабуылдаған жағдайда, сіздер бізді қорғау үшін 20.000 әскер шығарасыздар. Ал, біздің Иранмен болатын қарым-қатынасымызда бейтарап боласыздар».

Византия императорының бұл ұсынысын гассаниттер басшысы Салаба қабыл алады [8, 327 б]. Бұл келісімнен гассаниттердің Византияның билігін мойындағанын көре аламыз. Алайда, М.Хамидуллаңтың айтуына қарағанда, гассаниттер Византияның Рим құқығын пайдаланбаған. Осыған қарағанда гассаниттер арабтардың дәстүрлі тайпалық құрылымы мен құқықтық жүйесін ұстанған. Дегенмен, христиан дінін қабылдаған гассаниттер ұлттық болмысын сақтай алмай, бірте бірте өз тілдерін ұмытып, жергілікті арамей тілін қабылдады. Ирандағы Сасаниттердің Хусреу Первиз атты патшасы 613-14 жылдары Шам мен Иерусалимді басып алып, уақытша Сирияны өз қоластына қаратты. Алайда, Византия императоры Ираклий (Хераклус) 627 жылы Сирияны қайта өз боданына айналдырды. Ислам халифі хз. Омар жаулап алғанға дейін Сирия христиан дініндегі Византия империясының отарында болды [8, 327-330 б].

Араб түбегінің солтүстігіндегі Ирак өңірінде III ғасырдың басында Лахм араб тайпасы Хира тәуелсіз саяси билігін құрды [9,73 б]. Хира тәуелсіз билігі күшейген кезінде шығыстағы Бахрейн аймағына дейін өз ұstemдігін жүргізді. Ирандық сасаниттер V ғасырдың басында Бахрейнді жаулап алғанға дейін хирадықтар Бахрейн аймағын өз өкілдері арқылы билеп төстеді [8, 374 б]. Ирандық сасаниттер 614 жылы Сирияны жаулап алардан бұрын Хираны жаулап алған болатын. Х.Алгұлдың баяндауынша хирадықтардың негізгі дені пұтқа табынғанмен сасаниттер жаулап алғанға дейінгі олардың билеушілері христиан дінін ұстанған [9, 73-74 б]. Мехмет Али Капардың жеткізуіне қарағанда Византия мен Сасани патшалықтары арасындағы ұзақ жылғы қақтығыста Ирак буферлік аймақ саналған. Тарихи деректерде «Маусамма» деген лақап атпен аталатын III Мунзир (554 ж.ө) кезінде Хираның тәуелсіздігін Византия императоры I Юстиниан мойындал, екі елдің дипломатиялық қатынасы жақсы дамыған. Алайда, 539-554 жылдардағы Византия мен Сасани мемлекеттері арасындағы соғыста гассаниттер Византия жағында болса, Хира сасаниттер тарапында болды. Одан кейін билік құрған Амр бин Хиндтің билігі кезінде сасаниттер Хираға колонизациялық саясатын жүргізді. Византия мен Сасани патшалықтарының 561 жылғы келісімшарты бойынша Хира сыртқы істер бойынша сасаниттердің рұқсатымен ғана әрекет ете алатын болды. Яғни,

бұл кезде Хира сасанидтерге бағынышты квази мемлекет еді. Нуман б.Мунзирдің (580 жылы таққа отырды) билік құрған тұсында Хира қүшнейіп, көрші араб тайпаларына ұstemдік жүргізді. Оның кезінде Хира қаласы көркейіп Араб түбегіндегі мәдени орталықтардың біріне айналды. Ирак төңірегіндегі құллі араб тайпалары Хираға бағынды. Нуман б. Мунзир 602 жылғы сасанидтердің қолынан қаза тапқаннан кейін Сасани патшалығы Хираның ішкі істеріне билік жүргізе бастады.

Хирадағы халықтар әртүрлі діни сенімді ұстанды. Сасанидтердің ықпалына тұсken кезеңде зоаростаризм мен манехеизм сенімінің әсері құشتі болса, кейін гассаниттермен қоян-қолтық араласқан тұста Лахм тайпасының көпшілігі христиан сенімін ұстана бастады. Хирада пұтқа табынушылық пен иуда сенімін ұстанғандар кездесетін.

Хираның далалық өнірін мекен етуші халықтар ауылшаруашылық және аңшылықты кәсіп етсе, қала тұрғындары сауда-саттық және қөлөнермен шұғылданды. Ирак халқының қоғамдық қарым-қатынас тілі араб тілі еді [10. 55 б]

IV ғасырдың орта шенінде Араб түбегінің шығысындағы Хадрамут пен Оман аймақтарында арабтардың тәуелсіз Кинди тайпасы өмір сүрді. Киндилер қүшнейген кезде Араб түбегінің орта жазығына дейінгі аралықты өздеріне қаратыш, солтүстіктегі Хираға ұдайы қауіп төндіріп тұрды. VI-ғасырдың орта шенінде киндилер ішкі талас-тартыстан әлсіреп, Хадрамут аймағында ғана иелік етті. Киндилер пұтқа табынушы еді. Ибнүл-Әмин Махмуд Әсад Сайдшахридің пікірінше киндилер билігі саяси тұрақсыздықтың әсерінен VII-ғасырда кішілі-ұсақты әмірліктерге бөлініп кеткен [7, 137-138 б].

Мұстафа Сабри Кушукашсының жеткізуіне қарағанда киндилер саяси ахуалдың өзгеруіне қарай бірде Хумейрге, бірде Византияға, кейде Хираға бағынып, кейде тәуелсіз өмір сүрген. Мысалы, 490 жылға дейін Хумейрге бағынышты болса, Кинди билеушісі Харистің кезінде Хумейрден тәуелсіздігін алды. Бірақ, 502 жылы Византияның вассалы болды. Харистің билігі қүшнейген тұста киндилер Хираға қауіп төндіріп, Араб түбегіндегі құشتі саяси құрылымға айналды. Алайда, 528 жылы хирайлармен болған соғыста жеңіліске ұшырап, киндилер өз ішінен төртке бөлініп кетті. Эфиопиялықтар 530 жылдары Иеменмен бірге Кинди арабтарын да жаулап алды. VI ғасырдың соңында Иеменді сасанидтер басып алғанда, Кинди арабтары сасанидтер империясының құрамына кірді.

Киндилердің әкімшілік жүйесі тайпалық құрылымға негізделді. Кинди арабтарының басым бөлігі пұта табынушылық сенімін, азшылық бөлігі иуда және зоростаризм сенімдерін ұстанды. Олар ауылшаруашылығымен, оның ішінде мал шаруашылығы және сауда-саттықпен шұғылданды [11, 37-38 б]

Араб түбегінің солтүстік шығысы саналатын Бахрейн аймағында Тамим және Абул Қайс тайпалары өмір сүрді. Аймақта Мушаккар және Хажар атты екі маңызды қала болды. Халықтың бір бөлігі көшпелі өмір сүрсе, бір бөлігі осы қалаларда тұрды. Тамим және Абул Қайс тайпалары пұтқа табынатын. IV-ғасырдың орта шенінде Бахрейнде киндилер билік құрғанымен,

М.Хамидуллаһтың жеткізуіне қарағанда IV ғасырдың екінші жартысында Бахрейнге хиralықтар, кейін сасанидтер билік жүргізген. Яғни, Бахрейн аймағы Араб тұбегінде Ислам мемлекеті құрылmas бұрын сасанидтердің отарында болды [8, 374 б].

Сасанидтердің билігі кезінде Бахрейнде пүтқа табынушылықпен қатар, зороастризм сенімін ұстанушылар пайда болды [8, 382-383 б]. Бірақ, зерттеушілердің еңбектерінде сасанидтердің Бахрейнге зороастризм діндерін қандай жолдармен дәріптегені жөнінде жан-жақты терең мағұлмат айтылмайды. М.Хамидуллаһтың жеткізуінше Бахрейндегі сасанидтердің билеушілері тек салық жинаумен шұғылданған [8, 382 б]. Бұл мәліметтен Бахрейндегі арабтардың әкімшілік жүйесі тайпалық құрылымға негізделгенін аңғарамыз.

Араб тұбегіндегі Хижаз аймағында Мекке, Мәдина, Тайф, Хайбар сынды өзін-өзі ұжымдық сипатта және тайпалық әкімшілік жүйемен басқаратын қалалар өмір сүрді. Араб тұбегінің өзге өңірлерінде әскери-демократиялық сипаттағы тәуелсіз тайпалық құрылымдар болды. Ибнүл-Әмин Махмуд Әсад Сайдшахридің көзқарасынша, бұл араб тайпалары кішігірім мемлекет іспетті еді [7, 137-138 б].

Хижаз аймағына – оңтүстіктегі Қызыл теңіз жағалауындағы Тихама мен солтүстіктегі Нажитке дейінгі аралық жататын. Хижаз аймағының ең басты орталығы Мекке қаласы болды. Ибрахим пайғамбар тұрғызған қасиетті Қағба осы Меккеде орналасқан болатын. М.Хамидуллаһтың пікірінше арабтар арасында Қағбаға иелік ету бүкіл Хижаз аймағына, қала берді Араб тұбегіне ықпалды саналды [8, 24-27 б]. В.В.Бартольдтің көзқарасынша, Исламға дейінгі арабтардың ең үлкен пұты «Хубал» Меккедегі Қағбада орналасып, арабтар «Хубалды» ең ұлы тәңір деп қабылдаған [12, 87 б]

Мұхаммедтің с.ғ.а төртінші атасы Хусай 440 жылы Хуза әулетінен Қағбаға иелік ету қызметін тартып алды. Хусай Қағбамен байланысты кейбір маңызды қызметтер мен бұрыннан келе жатқан кейбір міндеттерге жаңа реформа жасайды. Маулана Шибли Нуманидің жеткізуіне қарағанда ол қызметтер мыналар еді: Сиданат – Қағбаның кілтін сақтау және пердесіне қарау жұмыстары, Сиқаят – Мекке қаласының су істері, Рифада – Салық істері, Укааф – байрақ немесе ту, Сифарат – саяси уәкілдік, елшілік, Исар мен Альзам – бал ашатын оқтар, Машура – техника істері, Имара – қажылыққа келгендерді қадағалау, Ашнак – келген зиянның өтелуі, Хукума – Тәңірге бағышталған дүние-мұліктің сақталуы, Хияда – әскер істері, Дарун-Надуа – Мекке қалалық мемлекетінің бүкіл мәселелері қаралатын парламент ғимараты.

Хусай тұңғыш рет Меккені аудандарға, көшелерге бөліп, Құрайыш тайпасының әрбір руына өз ауданы мен көшесін белгіледі. Ол Мекке қаласына жаңа реформалар жасап, шаһарды жаңаша тұлетті. Хусай өлгеннен кейін ұлдарының арасында билікке талас-тартыс болды. Соңынан Хусай ұлдары ымыраға келіп, Абдуманап ұлдарына Сиқаят – су істері, Рифала – салық істері қызметтері берілсе, Абдугуттар ұлдарына Сиданат – Қағбаның кілтін ұстау, Луия – ту көтеру, Дарун-Надуа қызметтері берілді [13, 63-65 б].

Али Химмет Берки, Осман Кескиоғлуның пікірінше, Хусай ұрпақтары Меккеге билік еткен дәуірде көрші мемлекеттер мен сыртқы дипломатиялық қарым-қатынас ілгерлеген. Абдуманап ұлы Хашым Византия императорлығымен және Гассани әмірлігімен татулық қарым-қатынас шартын жасаса, Хашым араб тайпаларын аралап өз жерінен өткен Құрайыш керуендеріне шабуыл жасамау жөнінде кепілдеме алған. Абдуманаптың өзге ұлдары Абду Шамс Эфиопия патшасы Нажашимен дипломатиялық келісімге келсе, Науфаль мен Муталиб атты ұлдары Иран мен Иемендегі хумейрліктермен достық келісімін жасады. Хашимнің ұлы Абдумуталип Қағбаға қызмет еткен кезде, бір кездері аузы бітеліп қалған қасиетті зәмзәм құдығының қайта көзі ашылып, Қағбаға тәуап етушілерді және Мекке халқын сүмен қамтамасыз етті [14, 27 б]. Бұл деректерден Хусай ұрпақтарының Араб тұбегінде Меккениң мәртебесін бұрынғыдан жоғарлата түскендігін анғарамыз.

Жоғарыда атап өткеніміздей Меккениң басқару Қағбадағы діни қызметтерді бөлісуден тұрды. Қаланы Хусай өз уақытында билеп-төстегенмен, кейін Құрайыштың әрбір руының қағбадағы культтік қызметіне байланысты олардың мәртебесі анықталды. Құрайыш руладының өкілдері Дарун-Надуаға мүше болуы арқылы қаланы басқаруға араласып отырды. Яғни, Мекке қаласы толық мемлекет деңгейіне көтерілмегенімен, онда ұжымдық сипаттағы басқару құрылымы жұмыс істеді.

Хижаз аймағының екінші ұлken қаласы Ясриб қаласы еді. Мұхаммед с.ғ.а 622 жылы Ясрибке көшіп барғаннан кейін қаланың аты «Мәдина-Наби», яғни, «Пайғамбар қаласы» деп өзгертилді. Али Химмет Берки, Осман Кескиоғлу Мәдина қаласының географиясы мен шаруашылығы жөнінде былай дейді: «Ясриб – географ Птолемейдің шығармасында Жасриффа деп айтылған. Мәдинаның географиялық орналасу және климаттық жағдайы Меккеге қарағанда едәуір жақсы болатын. Иемен мен Сирия арасындағы керуен жолы Мәдинаны басып өтетін. Мәдинадағы тұрмыс-тіршілікте ауыз су өте тапшы еді. Аузы суға жараптық құдығы бар адам беделді саналды. Мәдинадағы Әус пен Хазраж араб тайпасы негізінен егіншілікпен шұғылданатын. Ал Қайнуқа, Надр, Құрайза яһуди тайпалары егіншілікпен бірге қалада дүкен ұстап, саудамен және қолөнершілікпен айналысты» [14, 34 б].

Әус пен Хазраж тайпасының тұбі иемендік арабтар еді. Иемендегі Мағриб су тоспасын сел бұзып, егістік алқаптарын су басып қалғаннан кейін Иеменді тастап Мәдинаға көшіп келді. Ал, мұндағы Қайнуқа, Надр, Құрайза тайпаларының шыққан тұбі вавилондық яһудилер болатын. Хайбар өлкесінде де яһудилер өмір сүрді. Хайбарлық яһудилердің шыққан тұбі Палестина еді. Али Химмет Берки, Осман Кескиоғлуның пікірінше, Вавилон мен Палестинадан яһудилердің Араб тұбегіне қарай ұдере көшуіне христиан дініндегі Византия императорының: «Яһудилер Иса пайғамбарды дарға асты» деп құғындауы себеп болған. Мәдинада алғашқыда яһудилер тайпалары Әус пен Хазраж тайпасынан саяси және экономикалық тұрғыдан басым тұрды. Сирияды Шығыс Рим империясына қарасты христиандар Әус пен Хазраж араб тайпасынан көмек алғып, Мадина дағы яһудилерге бірнеше рет

шапқыншылық жасаған. Али Химмет Берки, Осман Кескиоғлу Әус пен Хазраж араб тайпасының янудилерге қарсы келу себебін байлаша түсіндіреді:

«Мәдинада Фатион атты януди халықтың ар-намысымен ойнап, тұрмысқа шығатын қыздарды алдымен өз сарайында түнететін. Фатион Әус пен Хазреж тайпасының басшысы Малик бин Асланның қарындасын да тұрмысқа шығар алдында өз төсегіне түнетпекші болады. Бұған шыдамаған Малик бин Аслан жасырынып келіп, Фатионды өлтіріп, Сирияға қашып кетеді. Сирияды Гассани әмірі Абу Жәула Мадинаға әскер шығарып мұндағы янудилерді қырып салады. Бұдан кейін Мадинада янудилер азайып, Әус пен Хазраж тайпасы саяси-экономикалық тізгінді өз қолдарына алды» [14, 35 б].

Ибнүл Асирдің пікірінше, янудилер Әус пен Хазраж тайпасының пүтқа табынғандарын айыпта, өздерін арабтардан текті санаған. Әус пен Хазражді бір біріне айдал салып, қанды қырғынға итермелейтін. Әус пен Хазраж тайпасының арасында 621 жылы осындай «Буас» деген соғыс болып, екі тайпадан да орасан көп адам шығын болған. Бұдан кейін Мәдинада янудилер қайтадан саяси тұрғыдан біршама күшейді [15, 44-647 б].

Л.И.Климовичтың пікірінше, исламға дейін Мәдинадағы Әус пен Хазраж араб тайпалары ирандық Сасани патшалығына салық төлеп тұрған. Олар ұдайы Нәдр мен Құрайза януди тайпаларының езгісіне ұшырап отырған [16, 27 б].

Янудилер өздерін арабтардан мәдениетті санағанмен оларда да тұрпайы әдеттер жоқ емес еді. М. Бұлұтайдың көзқарасынша Мәдинадағы янудилерде кең етек алған жайтердің бірі зинақорлық болған. Иуда дінінде зина жасауға тиым салынып, таспен ұрып өлтіру жазасы болғанмен әл-ауқаты жоғары янудилерге бұл жаза қолданылмады. Ал керісінше тұрмысы төмен януди зина істеген болса, таспен ұрып өлтірілді. Янудилердің тағы бір тұрлаусыз әдеті өсімқорлықпен пайда табуға құмбыл еді. Арабтарға қарызға ақша немесе астық, мата беріп, қайтарымын өсіммен алды. Янудилердің бай-манаптары өсім алу жолыменен қарапайым халықты қанайтын [17, 434 б]. Бұл деректерден өздерін арабтардан текті санағанмен януди тайпаларында да сол кездегі араб қоғамына тән әлімжеттік пен теңсіздіктің орын алғандығын көре аламыз.

Хижаз аймағының үшінші үлкен қаласы Меккенің шығысында орналасқан Тайф қаласы болды. Тайф Хижаз аймағындағы жері шұрайлы, берекелі қала еді. Тайф қаласында Хижаз аймағында беделі күшті Умайр, Сақиф сынды тайпалар өмір сүрді. Бұл тайпалар Меккедегі Құрайш тайпасынан өздерін кем санамайтын. Тайфта сиынатын өз пүттары болды. Ибнүл-Әмин Махмуд Әсад Сайдшахри: «Хижаз аймағындағы Мекке шаһарымен тайталаса алатын Тайф қаласы еді» [7, 549 б] – дейді.

Ибнүл Асир: «Тайф қаласының иесі Амр тайпасы еді. Сақиф тайпасы Тайфтың төңірегінде өмір сүретін. Сақиф тайпасы Тайфта егін және жеміс өсіріп, оның белгілі бір пайызын Амр тайпасына беретін болып, қалаға келіп орналасады. Олар алғашқыда Амр тайпасына келісілген өнімнен үлес беріп отырды. Кейін Сақиф тайпасының адам саны өскенде, Амр тайпасына салық төлемейтін болды. Олар Тайфтың ішінен өздеріне қорған тұрғызып, Амр тайпасына мойынсұнудан бас тартты. Екі арадағы соғыста Амр тайпасы

жеңіске жете алмай, Сақиғ тайпасына берген иелігінен айырылуға мәжбүр болды. Сақиғ тайпасы өз ішінен Ахлаф және Малик руына бөлінетін. Амр тайпасы да Хаузин, Кайс, Наср, Иарбу руларынан тұратын. Тайфтағы соғыс Сақиғ пен Амр тайпасының арасында ғана емес, кейде тайпа ішіндегі осы рулар арасында да орын алатын. Мәселен, Ахлаф пен Наср рулары Гилзан деген жерге таласып, бір бірімен соғысқанда, Малик руы өзінің туысы Ахлафқа емес, Наср руына жақтасты. Алайда, осы соғыста Ахлаф руы жеңіске жетіп, Наср руын Тайфтан күшп жіберді. Наср руының жағына шығып кеткен Малик руында қатты жазалады. Малик руы Ахлафқа қарсы құресу үшін Даус, Хасам атты руларлы көмекке шақырды. Оларға қарсы Ахлаф руы Мәдина арабтарымен одақтасты. Мәдиналықтар олардың соғысты тоқтатып, мәмілеге келуге шақырғанымен, ағайынды екі ру уақытша ғана келісімге келіп, артынша болмашы нәрсе үшін қайта соғысатын еді» [15. 647-650 б] дейді.

Сақиғ тайпасы Хижаз аймағындағы күшті тайпалардың бірі саналды. Бұл туралы Әбу Хасан Али ән-Надви: «Хижаз аймағының ең беделді тайпасы Құрайыш тайпасы болса, екіншісі Құрайышпен иық тірестіре алатын Тайф қаласындағы Сақиғ тайпасы еді» [6, 82-83 б] дейді.

Хижаздың солтүстік батысындағы Хайбар өлкесін яңуди тайпалары мекендейді. Мәдина яңудилері секілді Хайбар яңудилері де Палестина мен Вавилоннан христиандардың құғындауымен ауып келген [5, 288 б] Хайбар өлкесінде Найм Комус, Әбил, Хақаик, Чак, Нитал, Салам, Батих, Катиба секілді кішігірім бекіністері болды [2, 15 б]. М.Хамидуллаһ Хайбар яңудилерінің әлеуметтік, экономикалық хал-ахуалы туралы былай дейді: «Хайбар яңудилерінің Мәдина яңудилерінен айырмашылығы, тек, сауда-саттықпен емес, ауылшаруашылығымен де шұғылданатын. Хайбар яңудилері Араб түбегінде бай-дәүлеттілігімен ерекшеленді. Хайбар зергерлерінің бұйымдарын арабтардың сатып алуға шамасы келмей, жалға алып, әйелдеріне тағатын. Хайбар яңудилері меккелік Құрайыш тайпасымен саяси одақтас болатын. Мұхаммедтің с.ғ.а арғы атасы Хашим Хайбар яңудилерінен қыз алып, құрайыштықтар мен хайбарлықтар құдандалы болған. Ол дәуірде, қыз алып, қыз берісу тайпалардың саяси одақтастығын көрсететін. 628 жылы Мұхаммедтің с.ғ.а Хайбарға, меккеліктермен Худайбия келісімшартын жасап болғаннан кейін барып жорыққа шығу себебінің сырты осында еді. Басқа жағынан Хайбар яңудилерінің қоғамдық заңдылықтары Мәдина яңудилерінің заңдылықтарымен бірдей болатын» [8, 590-596 б].

Арабия тұрғындары географиялық жағдайға байланысты отырықшы және көшпелі өмір сүрді. О.Г.Большаковтің пікірінше жаһілиет дәуірде арабтар бәдәуилер (көшпелі), мәденилер (қалалық) болып бөлінді. Бәдеуилер шаһарды тар, қапас деп шөл далада атқа мініп еркін өмір сүргенін мақтаныш етті. Бәдеуилердің негізгі тұрмыстық күн көрісі мал шаруашылығы, оның ішінде түйе малын ерекше бағалайтын. Себебі, Араб түбегінің басым белігі шөлді аймақ саналғандықтан, бұндағы ауа райына және шаруашылыққа ең қолайлы түйе малы еді [3.18]. Бәдеуилер өзге тайпаларға шабуыл жасап, көш керуендерді тонап, олжамен де күнелтетін. Қолөнер мен сауда ісіне бәдауилер

шорқақ келетін. Түйе жұнімен ешкі қылышан жасалған шатырларда өмір сүрді. Х.Алгулдың көзқарасынша арабтардың тайпалық құрылымы мынадай сатылардан тұрған: Әрбір шатыр – бір отбасы, бірнеше туыс отбасы – әuletті, бір біріне жақын бірнеше әulet – руды, руладар – тайпаны қараған [9, 93-95 б].

Жалпы, отырықшы арабтардың бәдеуилерге қарағанда тұрмыстары тұзу болатын. М.Хамидуллаh исламнан бұрынғы отырықшы арабтардың экономикалық жағдайы жөнінде былай дейді: «Қалалық арабтар диқаншылықпен, қолөнер және сауда жасап күн көрді. Диқандар бау бақша өнімдерімен қатар егіп егіп, жүгері бидай өсірді. Араб түбегінің жауышашыны мол, суғармалы өңірлерінде көкөніс өнімдерімен бірге, құрма жемістері өсірілді. Нажд пен Иамама да бидай, Тайфта жүзім экспортталды. Мәдина мен Хайбар аймағында да дәнді-дақыл өсіру қолға алынды. Көшпенді арабтар жәрменкелерге түйе мен қойдың терісі мен жұнін әкең сататын. Сонымен бірге, Араб түбегіне Сирия, Мысыр, Эфиопия, Месопатамия, Синд (Пәкістан) елдерінен астық өнімдерінің әкелінуі, Араб түбегінде әзірленген астық өнімдерінің өз-өзін қамтамасыз ете алмағандығын көрсетеді. Иемен мен Оманда тоқыма өнеркәсібі дамыды. Сондай-ақ, көшпенді арабтар да тоқыма өнімдерін өз қажеттіліктерінен артылғанын экспорттайтын. Көшпенді арабтар ат, түйе, қой өсірумен қатар, орман-тоғайлардан отын, сағыз, бальзам секілді өнімдерді жәрменкелерге апарып сататын. Араб түбегіндегі отырықшы тайпалар құс шаруашылығымен де айналысты. Исламнан бұрын арабтар темір қорытумен де шұғылданды. Мәдинада жасалған қару-жарақтар жоғары сұранысқа ие еді. Мекке мен Мәдинада қолөнерді қесіп еткендер де болды. Мұнымен бірге, киім тігу, тон тігу, шарап өндірісі, темір ұсталығы, құдық қазушылық, зергерлік, ағаш өнеркәсібі, кірпіш өндіру, мақта-мата өнер кәсібі, аз да болса дәрігерлерлік және малдәрігерлерлігі, иіс су өндірісімен, қасапшылық, аңшылықпен шұғылданғандар болды. Қызыл теңізben, Парсы шығанағынан кейбір арабтардың інжу мен маржан теріп, асылтас бұйымдарын жасап сатушылар да болды. Қолөнершілер күндегі тұрмысқа керек-жарақты жасап, оны сатып күн көретін. Қалалықтар Иемен мен Сирияға керуен тартып, сауда-саттықпен шұғылданды. Араб түбегінде алтын, күміс кендері де болды. Меккенің Құрайш тайпасының шетке шығаратын басты сауда заты алтын, күміс еді» [8, 940-944 б].

Х.Алгулдің айтуына қарағанда бәдеуи арабтарда ауыз әдебиеті қалалықтарға қарағанда біршама ілгері болған. Ал қалалық арабтардың бәдеуилерге қарағанда мінез-құлқы жұмсақ мейірімді келетін. Бірақ, қалалық арабтарда да бәдеуи арабтар секілді дәстүрлі тайпалық құрылымда өмір сүрді [9, 93-95 б].

Тайпаны райс немесе шейх дәрежесіндегі адам басқаратын. Райс немесе шейх болатын адам сөзге шешен, әрі батыр, әрі бай ауқатты адам болуы тиіс еді [4, 2 б]. Шейхтың шейх екендігі оның шатырына тігілген арнайы белгімен ерекшеленген. Шейх болу көбіне әкеден балаға мирастық жолмен берілді. Шейх баласы шейх болуға жарамай жатса, жақын туыстарының ішіндегі алғыр біреуі шейх болуға ұмтылатын. Кейбір тайпаларда ру басшыларына да райс,

шейх атаяу берілді. Мұндай жағдайда тайпа басшысы «райа-ур-райса», яғни, райстардың райсы немесе «шейхул-машайх», яғни, шейхтердің шейхі деп аталатын. Шейхтың тайпаны басқаруы белгілі бір тәртіпке негізделмеді. Көбіне-көп шейх болу тұлғалық қасиеттерге негізделді. Тайпа ішінде болған ұрлық, тонау, кісі өлімі секілді қылмыстар белгіленген құқықтық қағидалармен шешілмейтін. Даулы мәселелерде шейхтың бүйрекі кімге бұрса, жеңіс сол жақта болды [9, 92-93 б].

М.Бұлұтай исламнан бұрынғы араб қоғамындағы қылмыстық жағдайды былайша түсіндіреді:

«Кісі өлімі көбіне қанға – қан, жанға – жан қағидасымен шешілді. Өлген адамның ең жақын жанашыры туысының кегін қайтаруы тиіс болды. Егер, кінәлі тарап құн төлегісі келсе, шейх құнның мөлшерін белгілеп, екі жақты ымыраға келтіретін. Мұндай даулы мәселелер басқа тайпамен болған жағдайда мәмілеге келу мүмкін емес еді. Тайпалар арасында қанға – қан алу тым ұзаққа созылатын. Қанды қол кісі өлтіруші өз қатесін мойындалап, жәбірленуші тараптан кешірім сұраса, тайпа үшін бұл ұлken айып саналды. Мұндай жағдайда кешірім сұраушыны тайпаластары өз қолымен өлтіретін. Арабтардың түсінігінде ер адамға үйде жатып өлу масқара, ұят саналды. Ұрыста өз тайпасы үшін жан қио абыроймен өлу деп қабылданды» [17, 430-433 б].

«Арабтардағы қан дауы мынадай еді: бір рудың кісісін басқа рудың адамы өлтірсе, өлген адамның руының адамдары жаппай кек алуға аттанушы еді. Олар не қылмысты істеген адамның өзін, не бір туысын, не болмаса сол рудан кез келген біреуді өлтіре салатын. Екінші тарап та өз жағынан өлтірілген адамның кегін алу үшін қарсы әрекет жасап тағы да кісі өлтіретін. Сөйтіп қан дауы ұрпақтан ұрпаққа жалғасуышы еді». «Бір рудың жерінен екінші рудың жеріне барып қайту екіталай-ды. Сондықтан рулар кейде тіл табысып, уақытша болса да ымыраға келіп, бір бірінің руының адамдарын тонамау туралы тоқтамға келуші еді. Жол амандығы мен мал бастың қауіпсіздігі үшін арабтардың ұлықтары бас қосып 4 айды харам ай деп, яғни соғысуға болмайтын киелі айлар деп белгілеген. Бұлар: Зилқада, Зилхижжа, Мухаррам және Ережеп айлары болатын. Осы айларда ғана жол жүргуге болушы еді. Аналары балаларының керуенге еруіне осы айларда ғана рұқсат ететін. Бірақ шапқыншылыққа соғысуға және тонаушылыққа әбден еті үйреніп қалған арабтар тиым салған айларда тонаушылық жасайтын. Сонда; «харам айдамыз» ғой дегендерге, «харам ай басқа айға көшті» деп немесе «мына айдың харамдығын жойдық» деп жауап беруші еді. Мұхаммед с.ғ.а 17 жасқа толғанда арабтар арасында «Харбул-Фижар» деген соғыс болды. Осы соғыстың негізгі себебі – тиым салынған айлардың орнын ауыстырып, керуеннің тоналуы еді» [17, 430-433 б].

Сонымен бірге, М.Бұлұтай исламға дейінгі араб қоғамындағы тұрпайылық пен теңсіздік турасында: «Надан арабтарда бір рудың адамының жасаған қылмысына сол адамның руы түгел жауап беруші еді. Жеке адамның жауапкершілігінің орнына рулық жауапкершілік болды. Қылмысының кінәсін бүкіл рудың атынан ру басшысы мойындал жауабын беретін. Бұл ру басшысының билігінің қайнар көзі болды. Тайпа мүшелері жасаған

қылмысының жауабы мен айыбы ру басшысының тарапынан берілетіндігінен ру басшысын өлердей сыйлайтын. Сондықтан, тайпа мүшелері ру басшысының сөзінен шықпайтын. Мұндай жеке дара билеушіліктен рулар арасында бейбітшілік орнату мүмкін емес еді. Ру үлкейіп, адамдар жерге суға таласқан сайын ру ішінде бүлік шығып, бөлінушілік анархия пайда болушы еді. Мұның нәтижесінде рулар бірігіп, ұлт болудың орнына керісінше бөлініп ұсақталу тенденциясы күштірек еді» [17, 431-433 б] дейді.

Х.Алгүл араб қоғамындағы адамдардың мәртебесі бірнеше санаттардан тұрғаны жөнінде былай дейді: «Арабтарда тайпа мүшесі болу биік мәртебе саналды. Себебі, араб қоғамында адамның тайпа мүшесі болуы арқылы ғана оның қауіпсіздігі қамтамасыз етілетін. Тайпа мүшесі бола алмау ең үлкен қорлық болып табылды. Арабтар тайпа мүшесі болған тәуелсіз адамды «хур» деп атады. Әдетте хурлар бір бірімен тең саналды. Тайпада хурден шейх және ақын, балгер, батыр ғана жоғары тұрды. Мекке каласында Хусай ұрпақтары Дарун-Надуа мүшесі болғандықтан хурлерден жоғары тұрды. Бұл дәстүр кейін келе біртіндеп маңызын жоғалтты. Хурлердің ішінен шыққан ауқатты адамдар Хусай ұрпақтарымен иық тірестірді» [9, 97-98 б].

«Жаһілиет дәуірде араб тайпаларында құлдар – абд, құндер – рахия немесе жария деп аталды. Құлдар мен құндер хурлардың құқықтары мен міндеттеріне ие емес еді. Арабтар соғыста қолға түскен тұтқындарды құл мен құң етіп ұстайтын. Сонымен бірге, араб тайпаларының ішінде құл саудасымен айналысатын арнайы саудагерлер болды. Олар Эфиопия және өзге де өлкелерден құлдарды әкеліп құл базарларда сататын. Құлдың құл екендігі оның мандайына басылған мөрден белгілі болды. Құлдар зат секілді бір адамнан келесі бір адамға сатылатын немесе сыйға берілді. Құл иесінің ұрпақтарына мұраға қалдырылып отырды. Құл иесі құлға не істесе де ерікті болды. Ұрса да соқса да, мұрның, құлағын кессе де тіпті өлтірсе де құлдың сұрауы болмады. Араб тайпалары арасында басы азат болған құл мен құң бұрынғы иесінің қамқорлығына алынды. Мұндай қамқорлыққа алынған адам «маула» деп атады. Маулалар құлдар секілді алынып сатылмағанмен хурлермен теңесе алмады. Бір маула бір хур қызбен немесе хур жесір әйелмен үйленуіне рұқсат етілмеді. Бірақ қамқоршылар маулалардың тайпа ішінде жүріп тұруы мен қауіпсіздігіне жауапты болды. Бұған қоса «достық серт», яғни, дахил деп аталатын бір тайпа мүшесінің басқа тайпа мүшесімен дос болып, сол тайпаға кіру дәстүрі бар еді» [9, 98 б].

Жаһілиет кезеңінде араб қоғамында әйелдердің құқығы тым төмен еді. Әсіресе жас құндер зорлық-зомбылықтың құрбаны болып жатты. Қыздарды сату, жезөкшелікке итермелеге қалыпты жайтқа айналды. Шөл даланы мекен еткен арабтардың көбісі қыз баласы дүниеге келсе қатты қайғырды. Әйел босанған сэтте нәресте қыз болса, тірідей жерге көміп тастайтын. «Бұлар ертең өсken соң жезөкше болып ар-намысымызға дақ түсіреді. Бойжетіп жүзі қара болғанша, қанша шығын шығарып асырап бағу керек, оған шамамыз жетпейді» деп ақталатын. Дүниеге келген мезетте өлтіре алмаса, 5-6 жасқа келгенде әкелері қыздарын әдемі киіндіріп, қонаққа апаратын кісішіне сәндеп ертіп

шығатын. Сол бетімен айдалаға жетектеп апарып, алдын-ала дайындаған орға жығып салып, шырқырағының қарамастан көміп тастайтын да ештеңе болмағандай оралатын. Ал баласын өлтіруге қимағандар қалың жүн күпі кигізіп, қыз екенін жасырып, ауыл маңынан аулаққа қой, түйе бағуға жіберетін. Сөйтіп елдің көзінен тасалап ұстайтын [17, 426-429 б].

Исламға дейінгі кезеңде Арабияда некелік қатынастар тым тұрпайы еді. М.Бұлұттай өз шығармасында исламнан бұрын некенің мынадай түрлері болғандығын айтады:

1. Екіқабат емес екендігі анық болған әйелді ері өзі ұнататын дәүлетті ақсүйек біреуге апарып, асыл текті балаға ие болу мақсатымен түнеткізуши еді. Әйелі әлгі адамнан екіқабат болғанға дейін үйіне барып тұруға міндettі еді. Ондағы мақсат асылтекті бала тауып, отбасының абыройын көтеру болатын. Әйелін екіқабат қылып, өздеріне асылзат бала берген адамның үй ішіне, руына үлкен құрмет көрсетіп, сый-сияпат жасау, олардың абырой борышы болып табылды.

2. Ең көптегенде он еркек өзара келісіп топ құрап, бір әйелдің келісімімен зинақорлық жасайтын. Нәтижеде әлгі әйел екіқабат болады да босанады. Бала туған соң әлгі топ мүшелері жиналады. Әйел олардың біреуіне «мына баланың әкесі сенсің» дейді, туған бала сол адамның баласы болып аталады. Әлгі топтың мүшелері әйелдің үйіндегі жиынға міндettі тұрде келген және жасаған шешімге келісуге мәжбүр болды.

3. Бір әйел үйінің есігіне жалау іліп қояды. Мұның мағынасы – есігім еркектерге ашық дегені. Содан кейін сол әйелдің үйіне саны белгісіз еркектер кіріп шығады. Аяғында қатын екіқабат болып босанады. Әлгі қатынмен қатынаста болған еркектер түгел сонда жиналады да Кайф деп аталатын із куғыш тәжірибелі бір адамды шақырады. Кайф жаңа туған баламен жиналған еркектерді тексеріп кеп, «мына баланың әкесі сенсің» дейді. Кайфтың қарары ақырғы шешім болып саналады да, бала әлгі адамның баласы болып табылады.

4. Арабтарда «шиғар» деп аталатын тағы бір неке бар еді. «Шиғар» некесі бойынша екі адам бір біріне қыздарын беріп, қалың малсыз үйленеді. Дәлірек айтқанда бойжеткен қызы бар біреу, бойжеткен қызы бар бір танысына келіп, қызыңды маған ұзату шартымен қызыымды саған ұзатамын дейді де бір бірінің қызына үйленетін.

5. Арабтарда «бәдел» деп аталатын тағы бір неке түрі болды. Бұл неке бойынша бір адам екінші бір адамға әйелінді маған бер мен өзімдікін саған берейін, оған қоса мынандай мөлшерде ақша беремін деп, қатындарын алмастырушы еді.

6. Күйеуі қайтыс болған әйелді жаназа үйден шықпай тұрып, қайнағаларының бірі жаулық жауып, өзіне әйелдікке алатын. Ері өлген әйелдің мал-мұлқіне, көркіне ынтық болған қайныларының бірі бір үлкен шүберек не матамен әлгі әйелдің үстін жаба салса, сол әйел әлгі адамның некелісі болып саналды. Қайнағалармен қайындарына үйленгісі келмеген әйел жаулықты жамылмау үшін өте сақ жүруі тиіс болды. Бір айласын тауып жаулықты жапқан кісі қаласа, әйел етіп ұстаяға, қаласа сатып жіберуге құқылы еді. Егер әйел

қайнағысының еркіне көнбесе, қайнағасы басқамен үйленуге жол бермеуіне құқылы болды.

7. Арабтардағы тағы бір сорақы неке түрі әкелері өлгеннен кейін өгей шешелерін өздеріне әйелдікке алатын. Мұндай жағдайда әйелдің келісімі сұралмайтын.

Тағы бір араб қоғамындағы кең етек алған неке түрі – қызды зорлап алып қашып үйленетін [17, 426-429 б].

Х.Алгул жаһилемет дәуірдегі қалалық арабтардың жазуды менгергендігін алға тартады. Сахарадағы көшпенді бәдеуилерде оқып жаза білетіндер жоқтың қасы болатын. Ол дәуірде жазудың «набат» және «куфи» түрі болды. «Набат» жазуын сауда-саттық келісім шарттарда қолданды. Басқа істерде «куфи» жазуы пайдаланылатын. Бұл жазуларды мал терісіне жазатын болған [9, 96 б].

И.Жаррағылу жаһилемет кезеңінде арабтарда шежіре тарқату, ақындық, шешендейтік өнер ілгерілгендігін баяндайды. Тайф пен Нахл арасындағы Указ деген жерде арабтар жылдың бір мезгілінде жәрменеке өткізетін. Бұл жәрменекеде сауда-саттық ісі ғана емес, араб тайпаларының ақындары мен шешендері өлең оқып, сөз жарыстыратын. Мұшайраға қатысушы өнер иелері өз тайпасын мақтап, өзге тайпалардың мінін айтатын. Мұндай сайыстардың соңы кейде дауға ұласуышы еді. Жеңіп шыққан ақынның өлеңін Меккедегі қасиетті Қағбаға іліп қоятын [18, 16 б]

Арабтар әрбір істе ақылмен бажайлап қарамай, көбіне бал ашу арқылы шешім қабылдайтын. Өздері табынатын пұттардың ішіндегі жындар әрбір адамның болашағынан тылсым күш арқылы хабардар болып, балгерлердің құлағына сыйырлайтынына нанатын. Балгерлер халық арасына ерекше құрметке ие еді. Арабтарда ішімдік пен құмар ойнау кең етек алды. Ішімдік пен құмарға тиымның жоқтығынан отбасылық институт құйреп, қоғам тыныштығы бұзылатын [9, 97 б].

Арабтар күнделікті тұрмыста малдың қанын ішіп, өлексе мен бақа-шаян, кесіртке де жей беретін. М.Шибли «Аср Саадат» атты шығармасында: «Исламнан бұрын арабтарда әжетхана болмаушы еді. Адамдар кез келген жерге дәрет сындыратын. Ұн илейтін елгезерлері болмай ұнның кебегін ауызben үпіріп кетіретін. Тұнде үйлерінде шам болмайтын, қырықаяқ, кесіртке жайтін еді» [19, 95 б] – дейді.

Исламға дейінгі дәуірде Араб түбегінде негізінен пұтқа сенушілік басым еді. Иеменде Нажран өлкесінде және Сириядағы арабтар христиан дінін ұстанды. Хайбар мен Мәдинадағы янудилер иуда дінінде еді. Араб түбегінің өзге өңірлері түгелімен пұтқа табынатын. Д.Әмірзаққызы арабтардың пұтқа сенімі жөнінде былай дейді: «Арабтардың пұтқа табынушылығында салихалық болмады. Тастан, тақтайдан кейде кәдімгі халуадан бұт жасайтын. Қараңғылық дәуірдегі мұндай қылықтарын хз. Омар есіне алып былай деуші еді: «Жаһілият кезеңіндегі екі ісіміз есіме түссе, біреуіне қайғырып жылаймын, біреуіне құлемін. Жылайтыным – әйелдеріміз қыз туса, тыжырынып бейкүнә сәбілерді тірідей жерге көметінбіз. Құлетінім – пұтқа табынушы едік, пұттарды кейде ұннан халуадан жасайтынбыз. Сапарға шықсақ, табынатын пұттарымызды

бірге алып жүретінбіз. Жолда қарнымыз ашса, ұннан, халуадан жасалған пұттарымызды кесіп жейтін едік» [20, 19 б] – дейді.

Осыған ұқсас тағы бір оқиғаны түрік ғалымы Ш.Севержан өз шығармасында былайша баяндайды: «Милкан әuletінің Сад атты пұты бар еді. Сол тайпаның бір адамы бордақылау үшін алған еркек түйесін берекелі болсын деп пұттың алдына алып келеді. Бірақ пұттың ол келмей тұрып үстіне бұрын кесілген құрбанның қаны бар еді. Түйе қанды көргеннен кейін үркіп қашып кетеді. Түйенің иесі ашуланып, қолындағы тасты пұтқа лақтырып «түйемді үркіттің, Алла көресінді көрсетсін» – дейді». Шафаиддин Севержан жаһілиет дәуіріндегі арабтар пұтқа сенумен бірге, Аллаға сенгендігін де айтады. Өйткені қағбаға келген арабтар әуелі Алладан тілеп, содан кейін пұттардан жәрдем сұрайтын. Арабтар пұттарды Аллаға жақыннататын дәнекер деп сезінетін [21, 32-33 б].

В.В.Бартольд те: «Арабтар теңізде дауылға ұшыраған кезде Аллаға жалбарынып, Оған адап болуға айт беріп, бірақ, кейін жағаға аман-есен жеткеннен кейін берген антын ұмытып, қайтадан пұтқа табына бастайтын еді» [12, 638 б] – дейді.

Осындай жағдайларға қарамастан Араб түбегінде бір кездері хз. Ибрахим ұндеңен бір Аллаға сенушілер де бар еді. Бір Аллаға сенушілердің дінін ханиф діні деп атады. Ханиф дінін белгілі бір дәріптеушілер болған жоқ. Өйткені ханиф дінін ұстанушылар арабтарда некен-саяқ болатын. Ханифтер ақылға салып ойланып, пұтқа табынудың мағынасы жоқ екенін ұғынып, ғаламның түзілісіндегі үйлесімділікке терең мән беріп, тек бір құдірет иесі бар деп білді [22, 45-47 б].

Қоғамдық бірізділігі жоқ араб қоғамында VI ғасырдың сонында қоғамдық мәселелер оң шешімін таба бастады. Хижаз аймағының Мекке қаласында ислам діні пайда болғанға дейін адам құқығын қорғайтын бастамалар көтерілді. Мекке қаласында 590 жылы Хилфул-фудул (намыс одағы) ұйымы құрылды. А.Л.Казанжының жеткізуіне қарағанда, Мекке қаласының құрметті ақсақалы Зубайдың бастамасымен құрылған бұл қоғамдық ұйымға Меккедегі Хашым, Муталиб, Зухра, Әсет, Харис, Тайм рулатының бас көтерер азаматтары мүше болды. Хилфул-фудул қоғамдық ұйымы алғашқы мәжілісте мынадай қарар қабылдаған:

1. Меккеде жергілікті халықтан немесе сырттан келгендерден болсын, ешкім зұлымдықтың құрбаны болмайды;
2. Мұнан былай қастандық атаулы жойылады. Жәбірлеушілер тиісті жазасын алады;
3. Жапа шеккендерге құн төленеді.

Хилфул-фудул ұйымының алғашқы мәжілісіне Хашим руының атынан жас та болса Мұхаммед с.ғ.а қатысты. Мұхаммед с.ғ.а бұл кезде әлі пайғамбар емес еді [23, 41 б].

Хилфул-фудул қоғамдық ұйымы Мекке қаласы мемлекетінде зұлымдық пен тәртіпсіздіктің алдын алуға айтарлықтай қүш салды. Хилфул-фудул ұйымының қабылдаған ережелерін ұйымға мүше рубасшыларының бұзған

кездері де орын алды. Әлімжеттік пен әділетсіздік көбіне Меккеге сырттан келген қорғансыз жандарға жасалатын. Хилфул-фудул ұйымы қабылдаған қарарларды өз тайпаластары бұзса да жәбірленушіге келген зиянды өтеуге мейлінше маңыз берді. М.Хамидуллаһ өз еңбегінде осындай оқиғалардың бірінен мынандай мысал келтіреді: «Иеменнің Қасам тайпасының бір адамы қызымен бірге Меккеге қажылыққа келеді. Меккенің Нубайх убнұл-Хажжаж атты алпауыты иемендіктің қызын зорлап, тартып алады. Әлгі иемендік бұл зорлық үшін Хилфил-фудулға арызданады. Хилфул-фудулдың арнаіры жасақшылдары Хажжаждың үйін дереу қоршауға алып, қызды әкесіне қайтаруды бұйырады. Хажжаждың ең болмаса қызбен бір тұн түнейін деген етінішіне қарамай, жәбірленушіге қызын қайтарды» [8, 52-54 б].

Зубайр ибн Баккар өз шығармасында Хилфул-фудулдан басқа дәл осындай араб тайпалары арасында Хилфус-силах, яғни, «келісім және сенім одағы» атты ұйымның болғандығын айтып өтеді. Хилфус-силах ұйымында Мекке төңірегіндегі Зухра, Гаятил, Қурайш, Ихабиши тайпалары бір біріне зұлымдық жасамау туралы, егер бір біріне зарар жасаған жағдайда дау-жанжалсыз келісім негізінде зиянды өтеуге мәміле жасаған [8, 55 б].

Тайпалардың қан дауынан туындастын ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын шапқыншылығы белең алып тұрған шакта Меккенің төңірегіндегі төрт тайпаның мұндай дипломатиялық мәмілеге қол жеткізуі үлкен жетістік еді. Алайда Хилфул-фудул мен Хилфус-силах ұйымының құқықтық ережелерінде қылмыстық жауапкершілік салмақты емес еді. Себебі, қылмыс істеушіден тек зиянның орнын өтеу талап етілетін. Қылмыскердің зұлымдығы үшін жаза беру қарастырылмады. Осының негізінде қылмыстық жаза берілмегеннен кейін қылмыскер зұлымдық жасауды жалғастыра беруші еді. Мысалы, Меккелік аристократ Абужахилдің сырттан келушілерге жасаған зұлымдығын Хилфул-фудул ұйымы бірнеше рет шектегенмен, Әбужахил әлсіз адамдарға ұдайы әлімжеттік жасайтын [8, 54 б].

Хилфул-фудул ұйымының құқықтық ережелеріне меккелітер қанша уақыт мойынсұнғандығы туралы зерттеушілердің екі түрлі көзқарасы бар. Али Химмет Берки, Осман Кескиоғлуның көзқарасы бойынша Хилфул-фудул ережелеріне Меккелітер көп ұзамай мойынсұнудан бас тартқан. Әсіресе Мұхаммед с.ғ.а исламды паш еткеннен кейін меккелітер арасында алауыздық өршіп, Хилфул-фудул ережелері бірте бірте күшін жойған [14, 46 б]. Ал, Ибнүл Асирдің көзқарасынша, Хилфул-фудул ережелері Мұхаммед с.ғ.а исламды паш еткеннен кейін де өз күшінде болған. Оған мынадай деректі келтіреді: Мұхаммед с.ғ.а жиені, хз. Алидың ұлы хз. Хусейн мен Уалид бин Утба Әбу Суфиян арасында дүние-мұлікке қатысты келіспеушілік орын алады. Уалид бұл кезде Мәдинаның әкімі болатын. Ол, хз. Хусейнге әділетсіздік жасамақ ниетте еді. Хз. Хусейн Уалидке егер ақымды бермесең Хилфул-фудулға жүгінетіндігін айтады. Бұл сөзді Хз. Хусейннің қасында тұрған Абдуллаһ бин Зубайр, Абдуррахман бин Осман бин ат-Тайми де қайталайды. Уалид дереу сол арада хз.Хусейнге ақысын қайтарады [15, 42-43 б].

Араб қоғамында Хилфул-Фудул секілді әлсіздерге жанашыр, туралықты үндеген қоғамдық ұйымның дүниеге келуі үлкен жетістік еді. Меккелік арабтардың бұл өнегелі ісін араб түбегінің өзге тайпалары жалғастыра алған жоқ. Сол баяғы қалпында әділетсіздік пен әлімжеттік жалғасын тауып жатты.

Жалпы, исламға дейін араб қоғамы саяси түрғыдан бытыраңқы, әлеуметтік хал-ахуалы мен құқықтық жағдайында түрлі әділетсіздіктер орын алуымен, сондай-ақ, пүтқа табынушылық және христиан мен иуда діндерінің таластартыс алаңына айналуымен ерекшеленеді. Хилфул- фудул секілді кейбір он бағыттағы игі бастамалар болғанымен, Араб түбегін түгел қамти алмады. Хилфул-фудулдің құқықтық жауапкершілікке тартуда санкциялық сипаты жоқтын. Араб қоғамында троибализм, шейхтердің шексіз билігі, әйелді қорлау, бал ашу секілді керіартпа дәстүрлердің орын алуы, сол дәуірдің саяси және діни, әлеуметтік ілгерлеу бәсек болғанын көрсетеді.

1.2. Ислам діні мен мұсылмандық қозғалыстың туындауы және оған қарсы түрған діни-саяси құштер

Ислам дінінің тарих сахнасына шығуы бұл діннің елшісі –Мұхаммедтің с.ғ.а өмірімен тікелей байланысты. Мұхаммед с.ғ.а 570 жылы Мекке қаласында Құрайыш тайпасы Ҳашим руының ақсақалы Әбдімұталіптің ұлы Абдолла мен Әминаның шаңырағында дүниеге келді [5, 18 б]. Мұхаммед с.ғ.а алғашқыда атасы Әбдімұталіптің қамқорлығында болып, кейін әкесінің інісі Әбутәліптің тәрбиесін көріп ержетті [24, 120 б]. Деректерде Мұхаммед с.ғ.а пайғамбар болмастан бұрын араб қоғамында дәстүрлі түрде өтетін пүттарға табыну мерекелеріне қатыспағандығы айтылады. Мұхаммед с.ғ.а 12 жасқа толғанда немере ағасы Әбутәліппен еріп сауда керуенімен Сирияға сапар шегіп барғанда кезіккен христиан Бахира атты монах Мұхаммедтен с.ғ.а Лат пен Ұза пүттарына көзқарасы туралы сұрағанда, Мұхаммед с.ғ.а пүтқа табынуды жек көретінін айтқан. Яғни, тарихи деректер оның жастық шағында ислам дініне қарсы ешқандай белгілердің жоқ екенін алға тартады. [20, 82-94 б].

Сияр еңбектерінде Алладан уахи алмай тұрып Мұхаммедтің с.ғ.а араб қоғамына қатысты дербес саяси, әлеуметтік, құқықтық көзқарастары болғаны аңғарылады. Мысалы, Ибн Хишам Мұхаммед с.ғ.а 20 жасқа толғанда Меккеде Хилфул-фудул ұйымы құрылып, Мұхаммед с.ғ.а жастығына қарамай бұл қоғамдық ұйымның құрылуына ат салысқанын, Мекке қоғамында әділетсіздік орын алмауы үшін Хилфул-фудул ұйымының қабылдаған құқықтық ережелерінің жүзеге асуына барынша күш салғандығын жеткізеді [25, 43-46 б].

Хилфул-фудул қоғамдық ұйымы Меккедегі Құрайыш тайпасы өкілдерінің белсенділігінің арқасында пайда болды. Эйтсе де Хилфул-фудул қоғамдық ұйымының құқықтық ережелеріне кейде Құрайыш тайпасының аристократтары мойынсұнғысы келмейтін. Мұхаммед с.ғ.а Хилфул-фудул құқықтық ережелерінің қатаң сақталуы үшін өз тайпаластарының алпауыттарымен ымырасыз күресті. М.Хамидуллах: «Мұхаммед с.ғ.а мен Құрайыш алпауыты Әбужахилдің арасындағы дүшпандық ислам діні пайда болмастан бұрын

Хилфул-фудул құқықтық ережелеріне Әбужаһилдің мойынсұнғысы келмегендігінен туындаған еді» [8, 52-55 б] дейді.

Хилфул-фудул құқықтық ережелері тікелей Мұхаммедтің с.ғ.а көзқарасы болмағанмен, Хилфул-фудул ұйымының құрылуды және ұйымның құқықтық ережелерін түзуге, бұл ережелерді қоғам иғілігіне пайдалануда, Мұхаммед с.ғ.а ерекше белсенді болғандықтан, Хилфул-фудулдың араб қоғамындағы атқарған рөлін Мұхаммедтің с.ғ.а қоғамдық, саяси, құқықтық көзқарастары ретінде қабылдай аламыз.

Мұхаммед с.ғ.а ислам діні пайда болмастан бұрынғы араб қоғамындағы дәстүрлі тайпалық ұрдістерден шет қала алмады. Ислам дінінен бұрын араб тайпалары жылдың төрт айын қасиетті деп танып, бұл айларда тайпалар көшкериенде тонауға, барымта, шапқыншылық жасамауға уағдаласатын. Алайда, кейде бірін бірі тонап кектесіп қалған араб тайпалары тиым салынған төрт айда да бір біріне шабуылдайтын. «Тиым салған айдамыз ғой» дегендерге «тиым салған айдың күшін жойдық немесе тиым салған айды басқа айға ауыстырдық» деп сұлтау айтып тонауын тоқтатпайтын [17, 430-431 б]. Осындай тиым салған айларда Указ жәрмеңкесінде Құрайыш тайпасының одақтасы Қинан тайпасымен Қайс тайпасының арасында керуен тоналып, кісі өлімі болады. Кек алуға аттанған Қайс тайпасының жасақшылары Мекке түбінде Қинан тайпасына шабуыл жасайды. Құрайыш тайпасы өз одақтасы кинандықтарға болысып, Қайс жасақшылары мен соғысуға мәжбүр болған. Тарихта «Әл-Фиджар» деген атпен белгілі төрт рет болған бұл шайқасқа Мұхаммед те с.ғ.а өз тайпасының мұддесі үшін қатысқан. «Әл-Фиджар» соғысында Мұхаммед с.ғ.а қарсы тайпаның бір адамын қаруымен жарагалаған [8, 51-52 б]. Түркиялық зерттеуші Р.Хайламаздың енбегінде Мұхаммедтің с.ғ.а ағаларына оқ жеткізіп оларды қалқан мен қорғағандығы айтылады [26, 126-127 б]. В.С.Соловьевтің айтуына қарағанда «Әл-Фиджар» соғысында Құрайыш тайпасы Қинан тайпасымен емес, Хауазин тайпасымен соғысқан [27, 15 б].

Исламға дейінгі дәуірдегі қалыптасқан дәстүрлі тайпалық таным бойынша ер адам қандай жағдай болмасын өз тайпасы үшін соғысуға міндетті болатын. Ш.Севержанның пікірінше, Мұхаммедтің с.ғ.а «Әл-Фиджар» соғысында өз тайпасының жасағында болуы, оның с.ғ.а араб қоғамының дәстүрлі танымынан шет қалмағандығын көрсетеді. Ол дәуірде арабтардың түсінігінде «тайпа» ұғымы «отан» ұғымына сай еді [21, 40-44 б]. Сондықтан, Мұхаммедтің с.ғ.а «Әл-Фиджар» соғысына қатысуын өз тайпасы, яғни, өз отаны үшін құресті деп қабылдауға болады.

Мұхаммед с.ғ.а 25 жасқа келгенде Меккенің бай саудагер әйелі Хадишаның жалшысы болып Сирияға сауда керуендерін жүргізді. Кейін Хадишамен отбасын құрады [27, 13 б]. Мұхаммед с.ғ.а меккеліктер арасында аса шыншыл, адалдығымен, жомарттығымен, аманатқа қиянат жасамайтын турашылдығымен «Мұхаммед Әмин» (сенімді Мұхаммед) деген атпен танылды [24, 122 б]. М.Шәкирдің айтуынша Мекке қаласының тұрғындары әрдайым Мұхаммедтің с.ғ.а әділдігіне мойынсұнған. Даулы мәселелердің көшшілігі Мұхаммедтің с.ғ.а төрелегімен шешіліп отырған [28, 51-52 б]. Мұхаммед с.ғ.а

Хилфул-фудул құқықтық ережелерін негізге алып Меккеде орын алған әділетсіздікпен ұдайы қүресіп, әлсіздердің жана шыры бола білген. Жалпы, Мұхаммедтің с.ғ.а пайғамбар болғанға дейінгі өмірі мен оның кейінгі өмірлік үстанымынан исламға қайшы келетін өрестекелдікті көре алмаймыз.

610 жылы Мұхаммед с.ғ.а 40 жасқа толғанда өзіне Алладан пайғамбарлықтың берілгендейтін паш етті [27, 20 б]. Мұхаммедтің с.ғ.а өмірі және ислам тарихы туралы шығармаларда бірауыздан 610 жылы Мұхаммедке с.ғ.а Алладан уахи түскеннен кейін Мекке қаласында мұсылмандық қозғалыстың басталғаны баяндады. Алғашқыда оның пайғамбарлығын жұбайы Хадиша, өзінің қамқорлығындағы Зайт пен туыс інісі Али және досы Әбу Бәкір мойындағы. Алладан өзіне келген жаңа діннің басты ерекшелігі сансыз қолдан жасалған ешқандай құдірет күшке ие емес пұттарды тәрк етіп, бір ғана Аллаға мойынсұну керек еді [29, 18 б]. Пұттардың ешқандай құдірет күш иесі емес екендігін сезінген Мұхаммедтің с.ғ.а кейбір жақын туыстары жаңа дін исламды қабыл етті [14, 58-66 б]. В.С.Соловьевтің айтуынша, Мұхаммедтің с.ғ.а соңынан ерген алғашқы мұсылмандардың көвшілігі кедей және құлдар болған [27, 35 б]. В.Ирвингтің айтуына қарағанда алғашқы үш жылда Мұхаммедтің с.ғ.а соңынан 40 адам ғана ерген [5, 45 б]. Үш жылдан кейін исламды жария түрде дәріптеу туралы Алладан Мұхаммедке с.ғ.а үкім түсті (Шұфара, 214-216). Мұхаммед с.ғ.а Әbdімұтәліптен тарайтын өз әuletін және Мекке халқын бірнеше қайтара исламға шақырғанмен, халықтың көвшілігі жаңа дінді теріске шығарды. Р.Хайламаздың пікірінше, туыстарының Мұхаммедтің с.ғ.а соңынан ермеуінің себебі, олар алғашқыда ата баба дінінен ауытқысы келмеген [26, 233-236 б]. Мұхаммед с.ғ.а Мекке халқына исламды ашық түрде жария еткеннен кейін пұтқа табынушы Құрайыш тайпасының аристократтары мұсылмандарды жаңа діннен бет бұруға мәжбүрлеуді қолға алды [2, 134-135 б].

Али Химмет Берки, Осман Кескиоғлуының көзқарасынша Құрайыш тайпасы аристократтарының исламға дүшпан болуына мынадай себептер түрткі болған:

1. Пұтқа табынушылар: «Егер ислам араб әлеміне қанат жайған жағдайда біз атақ абыройымыздан айырыламыз» деп, түсінді. Өйткені ислам тап айырмашылығын жойып, адамзат баласына тенденциялық әперетінін жариялады. Ислам діні бойынша Алла алдында алпауыт пен құл тең болды. Құрайыш арабтары исламды қабылдап кедей-кепшік, құл-құтанмен теңескісі келмеді.

2. Құрайыш арабтары негізінен сауда-саттық пен күн-көретін. Мекке қаласы тек Хижаз аймағының ғана емес Қағбаға 360 пұт орналасқандықтан бүкіл Араб түбегіндегі пұтқа табынушылар келетін орталық болатын. Құрайыштықтар Қағбаға тәуап етушілерді баспанамен, ішіп-жеммен қамтамасыз етумен күн-көретін. Құрайыштықтардың егер ислам пұттарды жойса, Мекке қасиетінен айырылып, мұнда ешкім келмей қояды, бұдан біздің саудамыз тоқырап, күн-көрісіміз төмендейді деген қорқынышы болды.

3. Араб түбегінде пұтқа табынушылық бірнеше ғасырлардан бері тамыр жайған сенім еді. Хз. Ибрахим тұрғызыған деген қасиетті Қағбаны 360 пұтпен

толтырып, арабтар бұл пүттарға табынатын. Көзін ашқаннан пүттарды тәңір деп сезінген арабтарға бір Аллаға сенуді дәріптейтін исламға кіру насихатталғанда алғашқы сенімдерінен айырылу қыынға соқты. Олар: «ата бабаларымыз көнеден табынатын, пүттарды қалай тәрк етеміз» деді. Өйткені пүтқа табынушылық арабтарға ата баба жолы болып қабылданып, қасаң дәстүр ретінде бекіген еді.

4. Исламға дейінгі арабтардағы тайпалық дәстүр бойынша басшы болу үшін екі шарт талап етілетін. Бірінші шарт бойынша басшы болатын адам бай болуы тиіс. Екінші шарт бойынша басшы болатын адамның бала-шағасы көп болуы тиіс еді. Бұл шарттарға сай емес адамның басшы болуы екіталай еді. Арабтар әділ, ұйымдастыру қабілеті жоғары, мінез-құлқы көркем, басқаруға лайықты адам бар болса да байлығы зор, ұрпағы көп адамды басшы етіп сайлайтын. Меккеліктер басшы болуға әрі бай, әрі ұрпағы ұбірлі-шұбірлі Уәлид б. Мұғира, Халаф немесе Әбумасут Сақафиді лайық көретін. Ал, ислам жетекшісі Мұхаммедтің с.ғ.а әл-әуқаты аса зор емес-ті. Хадиша анамыздан туған Қасым, Абдуллаһ атты ұлдары, Зейнеп, Рухия, Үммі Гұлсім, Фатима атты қыздары болды. Алайда Мұхаммедтің с.ғ.а ұлдары сәби кезінде шетінеп кетті. Бұны көрген Ас б. Уәйл мен Әбужаил: «Мұхаммедтен ұрпак қалмады. Оның ізін басар тұяғы жок. Өзі өлсе, онымен бірге аты да затыда өшеді» деп қуанатын.

5. Меккедегі Құрайыш тайпасының ішіндегі Хашым руы мен Әмауи руы арасына бағзыдан келе жатқан бақталастық бар еді. Мұхаммедтің с.ғ.а атасы Әбдімүтәліп хашимилердің басшысы болып тұрғанда өзге рулар қысым көрсете алмайтын. Әбдімүтәліптен кейін Хашимилердің басшысы болған Әбутәліптің кезінде де хашимилер Меккеде беделді саналды. Әбутәліптен кейін Хашим руына Әбулаһаб басшылық жасады. Мұхаммедке с.ғ.а өз туыстарының ішінде айрықша қарсы тұрған осы Әбулаһаб болатын. Әбулаһабтың исламға қарсы әрекеттері сол кездегі араб қоғамында қанат жайған трайбалистік түсінікке жат еді. Мұхаммедтің с.ғ.а өзге туыстары пүтқа табынғанмен, олар Құрайыш мұшіріктерінен Мұхаммедті с.ғ.а қызығыштай қорғайтын. Ал, Мұхаммед с.ғ.а немере інісі болса да Әбулаһаб оның әкелген жаңа дініне қарсы тұрды. Ол пүтқа табынушылықты айнымас ата баба жолы деп танитын. Әбулаһабтың бұл әрекеті Құрайыш ішінде Әмауи руының мәртебесінің өсуіне негіз болды. Сонымен бірге, Құрайыш ішіндегі Мағзұм руы да Хашимилермен бақталас еді. Исламның қас дүшпаны болып саналған Уәлид б. Мұғира мен Әбужаил Мағзұм руының басшылары болатын. Құрайыш мықтыларының исламды қабылдамауының бір себебі, егер Мұхаммеддің дініне кірсек Құрайыш билігі хашимилерге өтеді деп, қауіптенді.

6. Алғаш рет ислам насихатталғанда құрайыштықтар ислам мен христиан дінін бір деп білді. Құрайыштықтар христиандарды ұнатпайтын. Пүтқа табынушылардың христиандарды жеккөруінің себебі, 570 жылы Меккедегі Қағбаны жойып, Араб түбегінде христиан дінін ұлық дін етемін деп, құрайыштықтарға шабуылдаған эфиопиялық Әбрахаттың агрессиясынан туындағы. 614 жылы зорастаризм дініндегі Сасанидтер Сирияны христиан

дініндегі византиялықтардан тартып алғанда, Құрайыштықтар қатты қуанды. Сондай-ақ, мұсылмандар алғашқы кезде христиандарға да қасиетті саналатын Мешіт Ақсаға қарап намаз оқитын. Құрайыштықтар: «Егер ислам қанатын жаятын болса, Меккедегі Қағба емес, Құдыс қасиетті саналып, біздің күніміз қараң болады» деп түсінді [14, 77-79 б]. Құрайыш пұтқа табынушыларының ислам мен христиан дінін бір деп білуінің себебі, әсілі христиан діні де пұтқа табынушылыққа қарсы монетеистік дін болатын [30. 466 б].

7. М.Хамидуллахтың пікірінше, Құрайыш аристократтарының кейбірі мен Мұхаммедтің с.ғ.а арасында ескіден келе жатқан араздық, Құрайыш аристократтарының исламға қарсы шығуына себеп болған. Мұхаммед с.ғ.а Хилфул-фудул қоғамдық ұйымына мүше кезінде Меккеге сырттан келген әлсіз жандарға Әбужанил сынды алпауыттардың жасаған зорлығына қарсы тұратын. Мұхаммедтің с.ғ.а әлсіздердің жағында болуы Құрайыш алпауыттарына ұнай қоймайтын. Мұхаммед с.ғ.а ислам дінін паш еткенде, кейбір Құрайыш алпауыттарының ойланbastan қарсы келуінің бір себебі осында еді [8, 53-54 б].

8. Ислам дінінің құқықтық ұқімдерінің басым көшілігі Мәдина дәуірінде қабылданғанмен, Мекке кезеңінде де кейбір адамгершілікке жат зина, өсімқорлық, бұзақылық, кісіге қиянат жасау, өтірік айту, өлеке малдың етін жеу, қан ішу секілді жаман әдеттерге тиым салынды. Али Химмет Берки, Осман Кескиоғлуның көзқарасынша, мұндай тұрпайы әдеттер Құрайыштықтардың қанына сіңіп кеткендіктен, исламның бұл тиымдары мүшіріктерге ауыр тиген [14, 80-81 б].

Алғашқыда Құрайыш алпауыттары мұсылмандардың бетін күшпен қайтарғысы келді. Жалғыз жарым, жоқ-жітік құл мен күң мұсылмандарды мүшіріктер аяусыз жазалады. Мұқылмандардың бірнешеуі ауыр жазаны көтере алмай қайтыс болды [14, 69-73 б]. Ал, «Мұхаммедтің с.ғ.а көзін жойсақ, хашиимиермен бітпес дауға қаламыз» деп қорықты. Құрайыштықтар Дарун-Надуада (Мекке қаласының парламенті үйі) мұсылмандарды дипломатиялық жолмен тоқтатуды да қарастырды. Бірақ, бұл әрекеттен де ештеңе өнген жоқ [31, 64-65 б].

Құрайыш аристократтарының мұсылмандық қозғалысты күшпен басып тастай алмауының себебі, Мұхаммедтің с.ғ.а қамқоршысы Әбутәліп Меккедегі қасиетті қағбаға қызмет ететін және Мекке парламентінде аса жоғары беделге ие еді. Құрайыштықтар мұсылмандық қозғалысты басып-жаншу үшін әуелі Әбутәліптің келісімін алуы шарт болатын. Ал, Әбутәліп туыс інісін қорғағандықтан, пұтқа табынушылар мұсылмандарды жаңа діннен баз кештіре алмады [20. 197-198 б].

Құрайыш пұтқа табынушыларының ауыр азабынан мұсылмандарды сол кездегі араб қоғамындағы тайпалық дәстүрдің берік орнығуы аман сақтап қалды. Хашиимиердің басым көшілігі әлі исламды қабылдамаса да өз туысқаны Мұхаммедке с.ғ.а қорған бола білді. Арабтар ол дәуірде пұтқа табынудан көрі туысқандықты жоғары қоятын. Мәдинаға көшкенге дейінгі Меккедегі 13 жыл ішінде Мұхаммедтің с.ғ.а жеке басының амандығына кепіл болған негізінен арабтардағы дәстүрлі тайпалық таным еді. Ш.Севержанның

көзқарасынша, Мұхаммед с.ғ.а исламдық миссияны атқаруда арабтардың дәстүрлі тайпалық танымын шебер пайдалана білген [21, 40-44 б]. Пүтқа табыну сеніміндегі Әбутәліп пен хашимирлердің Мұхаммедке с.ғ.а қорған болуы, Әбужаһилдің Мұхаммедке с.ғ.а зорлық көрсеткен кезде хз. Хамзаның: «Менде мұсылманмын» деп оны жазалауы [7, 524-525 б], хз. Омардың Дарун-Надуаның бұйрығымен Мұхаммедті с.ғ.а өлтіремін деп келіп, бірақ онымен бетпе бет келгенде исламды қабыл етуі [7, 526-529 б], әлі мұсылман болмаған хз. Абастың Ақаба келісімінде Мұхаммедтің с.ғ.а жеке басының амандығына Мәдина мұсылмандарынан уәде алуды [32,99-100 б] секілді оқиғалар Ш.Севержанның жоғарыдағы көзқарасының тарихи шындыққа жанасатынын көрсетеді.

Мұхаммед с.ғ.а Құрайыштық пүтқа табынушыларынан зорлық-зомбылық көрген қорғаушысы жоқ мұсылмандарды 615 жылы Эфиопияға көшірді. Р. Бутидің пікірінше 5 әйел, 10 еркектен тұратын тұңғыш Меккеден көшкен мұсылмандардың Эфиопияны таңдауының себебі, бұл елдің билеушісі әділдігімен аты шыққан Нажаши патша болатын. Меккеліктер бұрыннан Эфиопиямен етene жақын араласатын. Эфиопиялық христиандар пүтқа табынушылық сенімді жек көретін. Осындағанда себептерді негізге алған Мұхаммед с.ғ.а Меккеде ұдайы пүтқа табынушылардан жәбір көрген мұсылмандарды Эфиопияға көшіруге шешім қабылдады [33, 130-132 б].

Мұхаммед с.ғ.а екінші рет Эфиопияға 617 жылы құрайыштықтардан жәбір көрген 83 еркек пен 18 әйел мұсылманды көшірді [27, 38 б]. Эфиопиялықтардың Меккеден көшкен мұсылмандарды қанатының астына алуды, Құрайыш оппозициясын бей-жай қалдырмады. Құрайыштықтар Эфиопия патшасы Нажашиге елші жіберіп, мұсылмандарға пана болмаудын өтінгенмен, Нажаши патша Құранда Мәриям ана мен Иса пайғамбарды мақтаған аяттардың бар екенін біліп мұсылмандарға қорған болды [33, 130-134 б].

Мұхаммедтің с.ғ.а мұсылмандарды Эфиопияға көшіріп, ислам дініне сенген қозғалыс өкілдерін аман сақтап қалуды көздеді. Меккедегі өзге бай-қуатты мұсылмандардың Эфиопияға көшпеген себебі, олардың амандығына жоғарыда айтып өткен дәстүрлі туысқаншылдық салттар кепіл болды. Эфиопия христиан мемлекеті бола тұра Нажаши патшаның мұсылмандардың өз сенімнанымдарының негізінде өмір сүруге рұқсат беруі, кейінгі ғұламалардың ислам діні бойынша жоғары саяси ұйымдарды сыныптауда «дарус-сулх» теориясын жасаудың негіз болды. Дарус-сулх деп – жоғары саяси ұйымның өзге діннің негізінде құрылғанымен ислам дініне он қозқарас танытып, мұсылмандардың өз нағымы бойынша өмір сүруіне рұқсат беретін мемлекетті айтамыз. Дарус-сулх ислам дініне қысым көрсететін дарул-харб (кәпірстан) саналмайды [34, 245]. Меккедегі алғашқы мұсылман қозғалысы өкілдерінің осылайша христиан Эфиопия мемлекетімен жақсы мәміле орнатуы, бүгінгі уақыттағы зайырлы мемлекеттерді дарус-сулх саяси жүйесімен теңестіруге үлгі болды.

Мұсылмандар 622 жылы Мәдина қаласында тәуелсіз мемлекет құрғанға дейін Меккедегі саяси ахуал екі тараптың текетіресімен өрбіді. Құрайыштықтар Мұхаммедтің с.ғ.а исламды насиҳаттаудын дипломатиялық жолмен райынан

қайтарғысы келді. Оған с.ғ.а Меккенің билігін ұсынып көрді. Құрайыш аристократтары: «Қаласаң, Меккенің тізгінің қолыңа ал, бірақ исламды насиҳаттауыңды дөғар» деп бірнеше рет ұсыныс жасады. Алайда, Мұхаммедтің с.ғ.а мақсаты Меккеге билік ету болмағандықтан, ол ұсынысты қабылдаудан бас тартты [21, 45 б]. Құрайштықтар Мұхаммедті с.ғ.а алған бетінен қайтара алмады. Мысалы, Меккенің беделді адамы саналатын Утба ибн Рабиа Мұхаммед с.ғ.а келіп пүтқа табынушылықты асыра дәріппеп, райынан қайтарғысы келгенмен, еш нәтиже шығара алмады [35, 80 б]. Керісінше, Иемендегі Нажран христиандары мен эфиопиялық христиандар Меккеге келіп, жаңа дінмен танысып, исламды қабыл етті [27, 156-158 б]. Ислам тек Меккеде емес, бірте бірте Араб тұбегіне қанат жая бастады. Мысалы, Сәлама араб тайпасының адамдары ислам өз еріктерімен қабылдады [14, 102-103 б].

Исламның қанат жауынан қауіптенген Құрайш пүтқа табынушылары 617 жылы Дарун-Надуада (Мекке қаласының парламенті үйі) мұсылмандарға соққы беру мақсатымен байкот қабылдауға мәжбүр болды:

1. Хашим, Мұталіп руынан қыз алуға тиым салынады;
2. Хашим, Мұталіп руына қыз беруге тиым салынады;
3. Хашим, Мұталіп руына ештеңе сатылмайды және олардан ештеңе сатып алынбайды [5, 74 б].

Құрайш оппозициясының мұсылмандарға жасаған саяси, экономикалық байкоты үш жылдай уақытқа созылды [20, 243 б]. Меккенің билігі пүтқа табынушыларда болғандықтан, мұсылмандар байкотқа қарсы ешқандай бір шара жасай алған жоқ. Оның бір себебі, бұл кезеңде Құранда мұсылмандық қозғалысқа саяси ренқ беретін үкімдер әлі түспеген болатын.

Жалпы, сол кездегі Меккедегі Құрайш тайпасы руларын діни-саяси ұстанымына қарай үш топқа бөлуге болатын еді:

1. Мұхаммед с.ғ.а мен мұсылмандар және оларға қорған болғандар;
2. Мұхаммедке с.ғ.а қарсы болып, исламды терістегендер (оппозиция);
3. Мұхаммедтің с.ғ.а діни миссиясын қабылдамағанмен, мұсылмандарға дұшпандық жасамаған бейтарап топ.

Тарихшы Жабири саяси ұстанымы әртүрлі Құрайш руларын былайша жіктейді:

1. Мұсылмандар және оларға қорған болғандар – Хашим ұлдары, Мұталіп ұлдары, Тайм ұлдары, Зухра ұлдары, Адий ұлдары, Харис бин Фиһр ұлдары;
2. Оппозиция тобына – Абдушамс ұлдары, Нәуфал ұлдары, Әсад ұлдары, Амир ұлдары;
3. Бейтарап топқа – Мағзум ұлдары, Шамс ұлдары, Жұмақ ұлдары, Абдулдар ұлдары [36, 164 б].

Иbn Хишамның айтуына қарағанда Құрайштың бейтарап тобының өкілдері мұсылмандар өз туыстары болған соң, оларға жасырын көмектесіп тұрған. Туыстарының қын жағдайына төзбеген олар және оппозицияның кейбір өкілдері 620 жылы байкот шешімінің күшін жою туралы Дарун-Надуада мәселе көтереді. Олар Әбужаһил бастаған оппозицияны жеңіп шығып,

нәтижесінде мұсылмандарға жасалған саяси, экономикалық қысымның күші жойылды [25, 136-137 б].

Меккедегі мұсылмандық қозғалыс үшін дәстүрлі тайпалық танымның тиімді де, тиімсіз де тұстары болды. Азаматтық және қылмыстық жауапкершілікте қасаң түрде тайпалық дәстүрдің сақталуы, зина жасау, қыздарды тірідей жерге көму, кісіге қиянат жасау, керуен-көш тонау, өлексе мал етін жеу секілді жабайы әдеттер исламдық танымға мүлде жат еді. Керісінше Мекке кезеңінде мұсылмандардың жойылып кетпеуіне, дәстүрлі тайпалық танымдағы туысқаншылдық ұғым қорған болды. Сонымен бірге, христиан дінін ұстанатын Хабаштан мемлекетінің үдерे көшіп келген мұсылмандарға өз наным-сенімдерінің негізінде өмір сұруіне рұқсат беруі, кейін жоғары саяси ұйымдардың дінге қатынасына байланысты дарус-сулх, яғни, исламмен бейбіт ұстанымда қатынас жасаушы мемлекет деген жоғары саяси ұйым тұрпатының ортаға шығуына негіз болды.

Жалпы, Мекке кезеңінде мұсылмандар мен пұтқа табынушылардың құресі текетірес жағдайда өрбіді. Қала толық мемлекет деңгейіне көтерілмеген ұжымдық сипаттағы басқаруда болғандықтан Құрайыш пұтқа табынушылары жекелеген жағдайларды айтпағанда мұсылмандарды құқықтық жазалауға ұшырата алған жок. Олар тек мұсылмандарды әлеуметтік топ ретінде қудалады. Яғни, Мекке кезеңіндегі саяси ахуалды өліара кезең деп қорытуға болады.

1.3. Мұсылмандардың діни санаы мен құқықтық тәжірибесінің туындауы, қалыптасуы және кеңейуі

VII ғасырдың басында Араб тұбегінде тарих саҳнасына шыққан Ислам діні қоғам мен индивидке белгілі бір жауапкершілікті жүктейтін ұстанымдар мен құқықтық қағидалар алып келді. Біздің ғылыми зерттеу нысанымызға қатысты дәуірде (610-632) Ислам дінінің негізгі ұстанымдары мен мен қағидалары Құран аяттары мен Мұхаммедтің с.ғ.а сұннетіне және шура (кеңес) шешімдеріне негізделді.

Құран мен сұннет және өзге де құқықтық қағидалар «шариғат» деп аталады. «Шариғат» араб тіліндегі сөздік мағынасы: жол, әдіс, әдет, ұқсас, жалғыз мағыналарын береді [37, 170 б]. Канондық тұрғыдағы мағынасына келетін болсақ, шариғат деп Алланың Мұхаммедтің с.ғ.а себепші ете отырып адамзатқа жіберілген ислам дінінің амалға қатысты үкімдерінің жиынтығын айтамыз [38, 138 б].

Құранда «шариғат» сөзі бірнеше жерде айтылады. Оның бірі есімсөз ретінде қолданылған. Екеуі заң мағынасында айтылған: «Сосын сені шариғат ісіне қойдық. Енді осыған бойұсын және білмегендердің ойларына ілеспе» (Жасия, 21-18). «Сендердің әр біреулерің үшін бір жол жоба қойды. Егер, Алла қаласа, бәрінді бір-ақ ұммет қылар еді. Алайда сендерге берілген жол жобамен сыналмақшы» (Маїда, 22-48). Басқа аяттарда «шариғат» сөзі етістік формасында діни рұқсат талдау баяндау түсіндіру мағынасын береді: «Мұхаммед с.ғ.а Алла Нух с.ғ.а—ға нұқсау берген нәрселерді және саған уахи

еткенімізді, сондай-ақ Ибраһим, Мұса с.ғ.а, Иса с.ғ.а нұсқау берген нәрселерімізді сендерге діни жол қылды» (Шура, 21-1).

Шариғат нормалары У.Зухайлдың пікірінше, мынадай қатынастарды реттейді:

- Адам мен Жаратушының қатынасы, яғни, ғибадат мәселелері. Шариғатта оны «Алланың құқығы» деп атайды.
- Адамның жеке басыммен қатынасы, яғни, адамның мінез-құлқы мен ішкі танымын реттейтін ислам әдебі мен ислам психологиясы қағидалары.
- Адамның қоғаммен қатынасы, яғни, муамалат тарауына жататын қоғамдық қатынастарды реттеу қағидалары [39. 22-23 б].

Шариғат – адамның дінді ұстануы үшін маңызды болып табылатын қағидаларға көбірек басымдық береді. Сондай-ақ, негізгі құндылықтармен бірге қоғамдық қатынасқа қатысты мәселелерді де реттейді. Осыған байланысты шариғат үкімдерінің мақсаттары екі категорияға бөлінеді. Бұл турасында имам Шатиби: «шариғат негізгі мақсатты және қосымша мақсатты құрайтын үкімдерден тұрады» [40, 177 б] деп көрсеткен. Негізгі мақсаттарға шариғаттың қорғауына алынған адам үшін ең маңызды дін, жан, ақыл, мал-мұлік, ар-ұждан мен ұрпақ үшін маңызды рөлі бар үкімдер кіреді. Бұл үкімдерді орындауға әрбір кәмілетке толған адам жауапты және бұл мақсаты өзгертуілмейтін абсолютті нормалар болып саналады. Себебі, осы бес құндылық тиісті деңгейде қорғалса, шариғат көздеңен әділетті ислами қоғам қалыптасады. Сондықтан, ислам шариғаты дін, ақыл, жан, мал-мұлік, ар-ұждан және ұрпақты қорғауға басымдық береді [40, 177 б]. Шариғат нормаларының қосымша мақсаттары қоғам мұддесі мен жеке адамның қажеттіліктерінен тұрады. Индивидтің адал жолмен азық табуы, сауда-саттықпен айналысуы, үйленуі, қажет жағдайда ажырасуы, отбасын құрып, ұрпақ суюі, қоғамға пайдалы мамандық иесі болуы т.б. сол секілді тіршілік талаптары шариғаттың қосымша мақсаттарын құрайды [41, 180 б].

Жалпы, шариғат нормалары нақли және ақли үкімдерден тұрады. Нақли үкімдерді Құран және сұннет нормалары құрайды [42, 65 б]. Ал, Құран мен сұннетте қарастырылмаған мәселелердің шариғатқа сай берілген үкімдерін ақли нормалар деп айтамыз. Ақли нормалар – «Ижмағ» (бір мәселеге қатысты бірнеше факильтердің ортақ пәтуасы), «Кияс» (наклдағы үкімдермен туындаған мәселенің ұқастығына қарай үкім беру), «Истихсан» (екі түрлі қияс жасау мүмкіндігі бар болған оқиғада басым тартқан қиясты қолдану), «Истислах» (дүниелік пайда келтіретін немесе зиянды кетіретін үкімдер), «Урф» (діннің негізіне қайшы емес әдет-ғұрып үкімдері), «Истисхаб» (бір үкімді теріске шығаратын дәлел табылғанға дейін ол үкімнің қүшін сактауы), «Сәдди-зария» (харамға әкеп соғатын амалдар харам, адалға алып келетін жолдар адап саналатын үкімдер), «Исламнан бұрынғы шариғаттар» (бұрынғы діндердің исламға қайшы емес үкімдері), «Сахаба сөзі» (нақты бір мәселеге байланысты айтылған сахаба үкімдері) негіздерінен тұрады [43, 22-30 б].

Ақли үкімдерді пайдалануға Құран мен сұннетте ишара болғанымен, ол исламның кейінгі дәуірлерінде қажеттілікке қарай қолданылды [44, 104-221 б].

Ал, Мұхаммед с.ғ.а өмір сүрген кезеңде тәжірибеде негізінен Құран және сұннет нормалары пайдаланылды. Әсіресе, алғашқыда Құран аяттарымен үкім беруге көбірек басымдық берілді. Себебі, Ұлы Жаратушы Мұхаммедтің с.ғ.а миссиясын атқару кезіндегі негізгі мәселелер бойынша уахи (Құран аяттары) түсіретін. Туындал отырған мәселеге уахи түспеген жағдайда Мұхаммед с.ғ.а өз парасат-ақылымен (фәтәнат) шешім шығарытын.

Құран аяттары Мұхаммедке с.ғ.а Мекке кезеңіндегі он үш жылда және Мәдинадағы соңғы он жылда түсті. Аталмыш екі кезеңге байланысты Х.Қараман: «Алғашқы Мекке кезеңіндегі Мұхаммедке с.ғ.а түскен аяттардың мәні көбіне сенімге қатысты аяттар еді. Бұлай болуының негізгі себебі, пұтқа табынушылық пен надандық етек алған арабтардың бірінші ой-санасы дұрысталуы шарт еді. Надандықтан арылғаннан кейін мұсылмандар шариғатқа сай құқықтық амал-әрекеттер жасай алатын еді. Ал, мұсылмандарға Мәдинаға көшіп барып, тәуелсіз ислам мемлекетін құру кезінде түскен Құран аяттарының саяси, құқықтық мәні басым болатын», [45. 42-45 б] – деген пікір айтады.

Десек те, Мекке кезеңінде түскен Құран аяттарында құқықтық үкімдер мүлде жоқ емес-ті. Мұсылмандарға надандық пен саналы әрекеттерді айырып көрсету үшін, адам өміріне маңызды құқықтық сананы оятатын үкімдер Мекке кезеңінде баян етілді. Мекке кезеңінде мұсылмандар өздерінің саяси тәуелсіздігін алмағандықтан, бұл кезеңде түскен Құран үкімдерінің құқықтық санкциясы болмады. Дегенмен, мұсылмандарды жаһіл арабтардан ерекшелейтін исламдық қозғалысты тудыруышы саяси доктриналдық және диспозициялық құқықтық үкімдердің белгілі бір бөлігі Мекке кезеңінде түсті.

Рухани мешеулікке ұрынған арабтардың құқықтық санасын арттыратын әділдік, теңдік, әдептілік, гуманистік тұрғыдағы үкімдер шариғат ілімінің негізгі құндылығы ретінде мұсылмандарға алғашқы Мекке кезеңінде айтыла бастады. Мысалы, Мұхаммед с.ғ.а I Ақаба келісімінде: Аллаға ештецені теңемеу, ұрлық іstememeу, зина жасамау, қыз сәбилерді өлтірмеу, өтірік айтып, жала жаппау туралы мәдиналықтардан уәде алды [14, 162 б]. Яғни, I Ақаба келісімінде көрсетілген құқықтық құндылықтар мұсылмандарға Мекке кезеңінде паш етілген еді.

Азаматтық және қылмыстық істерде тайпалық жауапкершіліктің болуын ислам негізсіз деп таныды. Қылмысты кім істесе, жеке жауапкершілікте болатындығы жөнінде Құран мынадай үкімдер түсірді: «Әлде кім ізгі іс істесе сонда өзі үшін. Ал кім жамандық істесе ол да өзіне» (Жасия-15). «Әлде кім бір жамандық іс істесе, сонда ол соның өзіндей ғана жаза көреді. Ал және ер, әйел кімде-кім сенген түрде ізгі іс істесе, ал міне солар жаннатқа кіреді» (Фағыр, 40). «Ешбір құнақар басқаның құнәсін көтермейді. Құнәсі ауыр болған біреу көтеруге шақырса, егер жақыны болса да оған еш нәрсе жүктелмейді» (Фатыр, 18). «Жақындарың болса да әділдікті айтындар» (Әнғам, 152). Құрандағы бұл аяттар туыстықты жоққа шығарады деген сөз емес. Керісінше Құран туыстарыңа қарас, көмектес, бірақ, туысыма көмектесем деп, әділеттен аттап өтпе дейді. Бұл турасында Құранда мынандай аяттар көзделген: «Негізінде

Алла әділетті, игілікті және ағайынға қарайласуды бұйырады. Және де арсыздықтан, қарсылықтан һәм зорекерлікten тияды» (Нахыл, 90).

Мекке кезеңінде түскен бұл Құран аяттары араб қоғамындағы әрбір істе тайпалық жауапкершілікте болу деген қасаң ұғымды жойды. Құрайыш пұтқа табынушыларының: «Мұхаммед с.ғ.а бізді ата баба жолымыздан азғырып, бірлігімізге қаяу түсірді» деп, Әбутәліпке шағымдануының бір себебі [20, 194-195 б], Мұхаммед с.ғ.а әкелген ислам дінінде азаматтық және қылмыстық істер бойынша тайпалық жауапкершілікті жоққа шығарып, жеке жауапкершілікті алып келген еді.

Ислам дінінде қоғамдық қарым-қатынасты әділетпен қамтамасыз ететін «Әл-амр-ул мағруф» – жақсылыққа бастау, «нахи-ани ал-мункар» – жаманышылдықтан тыю ұстанымдары Мекке кезеңінде бекітілді. «Сондай зұлымдық істегендерге бейім сыңай байқатпаңдар. Онда сендерге тозақ кездеседі (Нұд, 113) – деген Құран үкімі қоғамда әділеттің орнығына мұсылмандардың ұлес қосуы міндettі екенін белгіледі. Мұхаммед с.ғ.а «әл-амр-ул мағруф» (жақсылыққа бастау), «нахи-ани ал-мункар» (жаманышылдықтан тыю) принципін мұсылмандарға былайша түсіндірген болатын: «Сіздің біріңіз жамандық іс көре қалсаныз, оны қолыңызben түзелтіңіз, тоқтатыңыз, егер күшіңіз жетпесе тіліңізben, яғни оған қарсы шығып наразылық білдірсін, оған да күші жетпесе, жүргімен қарсы шықсын (яғни көре тұра ешқандай әрекет ете алмағаны үшін жүргегі сыйздасын мағынасында). Яғни, қоғамда әділетсіздік орын алған жағдайда, әрбір мұсылман бұл әділетсіздікпен күресуі міндettі еді. Егер, әділетсіздікке мұсылман қарсылық білдірмесе, шариғат бойынша қарсылық білдірмеуші болған қылмысқа ортақ саналды [46, 331-333 б] деген болатын.

Бір бірімен жауласып, кек алууды әдетке айналдырған арабтарға Құран қатаң тиым салды. Дау-дамайды бітімге келтіру үшін, мүмкін болса жәбірленушінде кешірім бергенінде жөн екенін, бұған тоқтамаған жағдайда жазаның мөлшері туындаған зияннан аспауы тиіс болды. Бұл туралы Құранда мынандай үкімдер қарастырылған: «Бір жамандықтың жазасы –өзіндей ғана жамандық. Сонда кім кешірім етіп, жарасса, онда оның сыйлығы – Аллаға тән. Күдіксіз Ол, залымдарды жақсы көрмейді. Әлбетте, біреу зұлымдық көргеннен кейін өшін алса, сонда оларға сын жоқ» (Шура, 40-41).

Мұхаммед с.ғ.а: «Екі адам бір біріне қарсы келгенде, зұлымдықты кім бірінші бастаса, күнә сол адамға жазылады» деген болатын. Белгілі, классик ғалым Ибн Қәсир де жоғарыдағы аятқа түсіндірмесінде; «Зұлымдық көрген адамның өзінің ақысын алуы, дінге қайшы емес» [47. 2252 б] деген пікір білдірген.

Құран Мұхаммед с.ғ.а мен мұсылмандарға әрбір істе әділ болуды бұйыруды. Құран адам баласының әділетті болуға мүмкіндігі бар екенін негізге алып, әділетті болу туралы Мекке кезеңінде мынадай аяттар тұсті: (Мұхаммед с.ғ.а) «Бұйырылғаныңдай тұра бол!» (Нұд, 112). (Мұхаммед с.ғ.а) «Кешірім жолын ұста және оларға туралықты әмір ет» (Араф, 199).

Имам Бұхари «Ағраф» сүресінің 199 – аяты туралы: «Бұл аятта әділетті болу жөнінде айтылуда» десе, Ибн Кәсир бұл пікірді қоштап: «Мұсылмандарға әрбір нәрседе тұра болу мағынасында айтылған», [47. 827 б] дейді.

Мұсылмандық қозғалыстың жедел дамуы мені ірі-ірі саяси жеңістерге қол жеткізуінің мәніне үцілер болсақ, олар әділетті болуымен көпшілікті өздеріне баураған еді. Мұхаммедтің с.ғ.а сонынан ергендердің басым көпшілігі әділет іздең, әлімжеттік жасаушылардан жәбір, теперіш көрген құлдар мен жоқжітіктер болатын.

Мекке кезеңінде мұсылмандардың құқықтық санасын кемелдендірген «тендік» (мусауиа) қағидасы еді. Біз жоғарыда исламнан бұрынғы дәуірде ер мен әйел адамның тендігі болмағандығын баяндаған болатынбыз. Ал, ислам Алланың алдында ер мен әйел адамның тең болып табылатынын паш етті. Бұл туралы Құранда мынадай үкім бар: «Шын мәнінде мен сендерден еркек, әйел амал істеушілердің амалын зая қылмаймын. Бір біріңненсіндер» (Әли-Ғымран, 195).

Осы аятқа түсіндірме жасаған Ибн Кәсир: «Бұл жерде Алланың алдында еркек пен әйелдің тең екендігі, ізгі амал жасаған мейлі еркек болсын, мейлі әйел болсын, оның қарымтасын Алланың беретіндігі бұйырылған» [48. 361 б] дейді.

Ақиқатында ислам дінінде патриархалды отбасы түрі құпталады. Бұл туралы Құранда: «Еркектер; әйелдерді билеуші. Өйткені Алла, бірін бірінен артық қылды» (Ниса, 34) деп баяндалады. Бұл дегеніміз әйелді кемсіту емес. Мұсылмандық мәдениетте отбасында әйелдің өз орны, ер адамның өз орны бар. Мұхаммед с.ғ.а әйелді құрметтеу туралы; «Мұсылмандардың ең жақсысы – әйеліне дұрыс қарағаны», «әйелдерге жақсы мінезде болыңыздар» [49, 213 б] деген болатын. Ал, Құранда әйелді қадірлеу туралы былай баяндалады: «Сендер үшін Алла өз нәсілдерінен әйел затын жаратты. Әйелден бала, баладан немере көрдіндер. Сендерге ризық етіп алуан түрлі шырынды жеміс өсірді. Сонда да болса олардың өтірікке бой ұрып, Алла берген игілікке құпірлік ететіндері қалай?» (Нахл, 72).

Құранда әкеге құрмет көрсетуді анадан бөліп-жарып көрсетпеген: «Сендерге Алла тек өзіне ғана бойсұнуды бұйырды, ата-аналарыңа жақсылық жасауды өсінет етті. Олардың біреуі немесе екеуі бірдей қартайып (қалжырап) қалса «тұһ» деуші болмаңдар, зекіп ұрыспаңдар. Екеуіне де ізетті болыңдар. Екеуіне де зор мейіріммен, кішіпейілмен бас иіндер. «Алла, олар мені бала кезімде қалай мәпелеп өсірсе, Сен де оларға сондай рақымдылық ете гөр!» – деп айт» (Исра, 23-24) деп бұйырылады. Осы аятқа түсіндірме жасаған Сәйд Кутуб ата-анаға құрмет жайлы Әбу Бәкір Бәззардың мына риуаятын мысал ретінде келтіреді: «Бір адам хажылық кезінде анасын арқалап алып Қағбаны тауап етеді. Бір кезде Мұхаммедтен с.ғ.а «Оның ақысын өтей алдым ба?» – деп сұрады. Сонда Мұхаммед с.ғ.а: «Жүкті болған кезінде алған бір тынысының ақысын әлі өтей алмадын», [50, 29 б] деп жауап берді».

Әйелді мүлікке немесе құмарды қандырушы бір сәттік ләззатқа бағалаған арабтарға ислам әкелген «тендік» (мусауиа) қағидасы сөз жоқ прогрессивті маңыздыға ие қадам еді.

Араб қоғамындағы жаман әдептердің бірі – қыздарды тірідей жерге көму болатын. Бұл әдетке Құран Мекке кезеңінде тыым салды. Бұл туралы Құранда: «Егер олардың біреуі қызбен шүйіншіленсе (әйелінің қызы тапқанын естісе), оны ашу қысып, беті қап-қара бола бастайды. Өзіне берілген жаман хабардың салдарынан елден жасырынады. Оны қорлыққа шыдап ұсташау немесе топыраққа көміп тастау керек пе? Ал, олар нендей жаман үкім береді» (Нахыл, 58-59) деп баяндалады. Арабтардағы ең зұлым, ең азғын әдетке қарсы Құран «нендей жаман үкім» деп үкім түсіргеннен кейін, ислам бұл қаскөйлікті тоқтатты [51. 1219 б].

Ислам әйел мен еркектің ғана теңдігін қамтамасыз еткен жоқ, құл мен хұрдың (басы азат тайпа мүшесі) да Алла алдында тең болатындығын жария етті. Құрайыш аристократтарының оппозициялық бағытта болуының басты себептерінің бірі құл мен хұрдың тең болып табылатындығы еді. Құрайыш аристократтары құлдармен бір сапта тұрып Аллаға мойынсұнуды өздеріне қорлық санады [14, 78 б]. Ал, ислам адамдарды әлеуметтік деңгейіне қарай алалауға тыым салды. Бұл туралы Құран мынадай үкімдер кескен: «Сендерге Біз берген несібеде қол астарындағы құлдарда сендермен тең, ортақ болып, олардан өздеріңнен жасқанғандай жасқанасыңдар ма?» (Рұм-28). Мұхаммед с.ғ.а хадистерінде: «құлды басшы етіп қойсам да оған мойынсұныңдар» дейді [49, 10 б]. Сонымен қатар, хадисте «Кім бір құлды азат етсе, Алла ол адамның денесінің бір мүшесін тозақтан қорғайды» [52, 281 б] деп айтылады. М.Хамидуллаһ өз еңбегінде: Ислам мемлекетінің мемлекеттік қазынадан құлдарды азат ету үшін жылына арнайы қаражат бөлгендігін айтады [8, 691 б]. Ислам мемлекетінің құлдарды азат ету үшін қаржы бөлуге Құран былай деп үкім береді: «Шын мәнінде садақалар (зекеттер) Алла тарапынан бір парыз: Қолы тар пақырларға, тұғі жоқ міскіндерге, оны жинағандарға, көңілдерін (жаңа мұсылмандар) аулауға, құлды азат етуге, борыштыларға, Алла жолында және жолда қалғандарға беріледі» (Тәубе, 60).

Ислам құқығы адамдарды бай-кедей деп бөлінушілікті жоймағанмен, имандылықты жоғары қойды. Мұхаммед с.ғ.а Құрайыш ақсүйектеріне уағыз жасап тұрғанда соқыр Абдолла бір жайды сұраймын деп уағызды бөлгенде, Мұхаммед с.ғ.а қабақ шытты. Құран Мұхаммедтің с.ғ.а бұлай қабақ шытуын сынға алып, бұл жағдайдағы қайталанбауын былай ескертті: «Қабақ шытып бет бұрды. Оған соқырдың келуімен. Қайдан білесің, мүмкін ол тазарап. Не үгіт алар, оған үгіт пайда берер. Ал енді байсынған (Құрайыш бастықтары) келсе, оған көңіл бөлесің. Ол тазармаса саған не. Ал енді саған жүгіріп келген біреу, Ол, (Алладан) қорқады. Сонда да оған селқос қарайсың. Жоқ, олай емес. Элбетте Құран – бір насиҳат. Сондықтан кім қаласа, үгіт алады» (Ғабаса, 1-12).

М.Хамди Язир Елмалының пікірінше исламдағы «тендік» (мусауиа) қағидасына Құрандағы жетімдерді жәбірлемеу туралы үкімдер де жатады. Исламнан бұрынғы жаһілиет дәуірінде арабтарда қорғансыз қалған жетімнің

мирасын рұқсатсыз пайдалану қалыпты әдет саналатын [53, 184 б]. Қоғамдағы ең қорғансыз адам баласы болып табылған жетімдерді Құран мынадай үкімдермен өз қамқорына алды: «Жетімнің малына жоламаңдар» (Исра, 34). «Сендер жетімге құрмет етпейсіңдер. Бір бірінді, міскінді тамақтандыруға қызықтырмайсыңдар. Мирасты тұтас жеп аласыңдар» (Фәжір, 17-19).

Құранның бұл үкімдері жетімді кемсітпеуге, жетімнің құқығына қол сұқпауға бұйырады. Әділетсіздік пен әлімжеттілік қанат жайған араб қоғамында, ереккепен әйелдің, құл мен хұрдың (азат адам), жетім мен жетім еместің тенденгін паш еткен ислам қағидалары, сөз жоқ өркениеттік сипатқа ие еді.

Мекке кезеңіндегі мұсылман құқығы үкімдерінің бірі жазықсыз адам өлтіруге қатаң тиымның салынуы болатын. Жаһілиет дәуіріндегі озбыр әдеттердің бірі – керуен тонау кезінде және тайпалар арасындағы қақтығыста нақақтан кінәсіз адамдар мерт болатын [17, 431-433 б]. Ал ислам кінәліні ғана жазалауды, тайпалық дәстүрдегі рулық жауапкершілікті жоққа шығарды. Яғни кім қылмыс істесе, сол ғана жазаланады. Қылмыс істеушінің туысы, туғаны жауапкершілікке тартылмауы тиіс болды. Бұл туралы Құранда мынадай үкімдер қарастырылған: «Және де Алла тиым салған негізде кісіні өлтірмеңдер. Жазықты болса ғана болады. Осыны сендерге Алла әмір етті» (Әнғам, 151). «Алла тиым салған кісіні өлтірмеңдер. Бірақ тиісті болса, өлтіріледі. Ал біреу жазықсыз өлтірілсе, сонда өліктің иесін ерікті еттік. Өлтіруде шектен аспасын» (Исра, 33).

Исламға дейін араб қоғамында зинақорлықтың кең етек алғанын жоғарыда айтып өттік. Зина жасауға қатаң тиымның жоқтығы, отбасындағы неке және адап ұрпақ ұғымын аяққа таптады [17, 426-429 б]. Ислам зина жасаудың қылмыс, күнә екендігін танытып, бұндай тұрпайылыққа қатаң тиым салды. Мекке кезеңінде түскен үкім бойынша Құранда зина жасаудың қылмыс екендігі: «Зинаға жоламаңдар. Өйткені, ол – анық арсыздық және жаман жол» (Исра, 32) деп баяндалады. Құранның бұл үкімдері адамзатты тұрлаусыздықтан арылтып, шынайы мәдениетке тәрбиелейтін қағидалар еді. Араб қоғамында зина жасауға қатал құқықтық үкімнің жоқтығынан, адап ұрпақ ұғымы аяққа тапталатын. Ислам отбасы мен неке және адап ұрпақты қамтамасыз ету мақсатында, кейін Мәдина кезеңінде зина жасаудың өлім жазасы тағайындалатын ауыр қылмыс екендігіне үкім шығарды [45, 220-221 б].

Мекке кезеңіндегі құқықтық үкімдерінің бірі «хұжум», яғни, шауып кету, ұрып-соғуға тиым салынуы болатын. Исламға дейін арабтарда кісі тонау, керуенге қарақшылық жасау секілді бұлшылік әрекеттер асқынып тұрды [17, 430-432 б]. Ислам бейбіт өмірді қамтамасыз ету мақсатында бұл әрекетті тоқтату үшін, мынадай үкімдерді әкелді: «Мұмін болған кісі, бұзық болған кісі сияқты бола ма. Әрине тең саналмайды» (Сәжде, 18); «Алла саған жақсылық еткеніндей, сенде жақсылық істе, сондай-ақ бұлшылік ізденбе. Алла бұзақылықты сүймейді» (Қасас, 77); «Адамдардың нәрселерін кемітпендер (кісі ақысын жемендер) де жер жүзінде бұзақы болып жүрмендер» (Шұфара, 183).

Х.Қараман: «Мұсылман құқығында хужум» – шауып кету және «хайдут» – қарумен кісі тонау әрекеттері Аллаға қарсы соғыс ашқандық болып саналып, кейін Мәдина дәуірінде бұл қылмысқа дарға асу, аяқ-қолын кесу жазасы тағайындалғанын», [45, 220 б] – айтады.

Арабтардың тағы бір жаман әдеттерінің бірі – өлексе хайуанның етін жеу, қан ішу, адап емес малдың етін жетітін. Медициналық тұрғыдан өлексе малдың етін жеу, қанын ішу және жыртқыш хайуандардың етін жеу адам ағзасына өте зиянды екені белгілі. Бірақ, арабтарда мұндай арам асты ішіп-жеу қалыпты жағдай саналды [17, 436 б]. Ислам бұл әдетке де тиым салды. Құран: «Шын мәнінде сендерге жемтік, қан, доңыз еті және Алланың аты аталмай бауыздылғанды арам етті» (Нахыл, 115) деп бүйірады.

Мекке кезеңінде ислам тек қоғамдық қатынасты реттеуші үкімдерді ғана емес, әдепті, ибалы болуға да үндейтін «ахлақи» (көркем) үкімдерді де паш етті. Адам бойындағы арсыздық пен жүгенсіз әрекеттер жетілмеген санадан туындаиды. Ал, Құранда құқықтық тұрғыдан сыртқы пішінмен бірге ішкі сананы кемелдендіретін: «Сыртқы күнәмен бірге, ішкі күнәдан да арылыңыздар» (Әнғам, 151) деп үкім түскен еді. Бұл аяттың тәспірін жасаған Ибн Кәсир Мұхаммедтің с.ғ.а «Алла сыртқы күнәлармен бірге, ішкі күнәларды да харам етті» деген хадисті мысал ете отырып, мұсылмандың ішкі жан-дүниесі күнәдан пәк болса, онда сыртқы іс-әрекеттердің шариғатқа сай болатындығын алға тартады [47, 748 б].

А.Зайданның көзқарасынша, шариғат үкімдері қатып-семіп қалған догма емес. Өмірде болатын әртүрлі жағдайларға байланысты, яғни, зәруриет, хажиет, тахсиниет жағдайға орай шариғат үкімдерін іске асыру өзгеріп отырады. «Зәруриет» жағдайда шариғат үкімдерінің ен негізгілері ғана орындалады. Шариғат өте ауыр, қын жағдайлардың болуын ескеріп, кейбір харам саналатын жәйттерді зәрулік жағдайында адап санай алады. Жай қунде шошқа еті харам саналғанмен, ашаршылықта жанды аман сақтау үшін шошқа етін жеуге рұқсат береді [54, 355 б]. «Хажиет» жағдайда шариғат кажеттілікке қарай жеңілдіктер береді. Мысалы: Адам ауру болса намазды отырып оқуға, оразаны кейін тұтуға, су болмаса, дәретті тәйэмуммен алуға, отбасы тұрақсызданса, ерлі зайдиттердің ажырасуға рұқсат береді [54, 355 б]. «Тахсиниет» жағдайда шариғат мұсылмандардың биік парасат пен көркем мінездеге ие болуы үшін, «фарз» (орындалуы міндетті) бен бірге «нәпіл» (орындалуы міндетті емес, орындалса сауабы мол әрекеттер) амалдарды іске асыруды қолға алады. Мысалы: «нәпіл» намаз оқу, «нәпіл» ораза тұту, садақа беру, әдемі киіну, ысырап жасамау, ешкімді ренжітпеу, әдеп сақтау, барынша көркем мінезді болу [54, 355 б].

Алғашқыда Құрайыш пұтқа табынушылары үстем болғандықтан, мұсылмандар үшін Мекке кезеңіндегі шариғат нормаларының орындалуы заруриет жағдай болып есептелді. Себебі, Құрайыш пұтқа табынушылары мұсылмандардың өз сенімдері мен діни рәсімдерін ашық және толық орындаудына еш мүмкіндік берген жоқ. Өздеріне қарсы келгендерді қатаң

жазалады. Осыған байланысты мұсылмандар діни принциптер мен нормаларды мүмкіндікке қарай орындауға мәжбүр болды.

Мекке дәуірінде алғашқы мұсылмандық қозғалыс өрбіп, мұсылмандық мәдениеттің негізі қаланды. М.Хамидуллах Мәдинаға Меккеден 186 мұсылман отбасының көшіп барғандығын айтады [8, 181 б]. Сонымен бірге, Эфиопияға көшкен 100-ге тарта мұсылманды есепке алсақ, Меккеде мұсылмандардың үлкен бір қауым болғанын шамалауға болады. Мекке кезеңінде мұсылмандар тәуелсіз мемлекет құрмағанмен, өзіндік дүние танымы, өзіндік мақсат-мұддесі, салт-санасы бар деноминация болатын. Мұсылмандардың пүтқа табынушы қауымнан ерекшелігі жаңа діннің талабы бойынша бір Аллаға ғана мойынсұнуы және шариғат үкімдерін ұстану еді. Әрине, бүгінгі күні біз мұсылман құқығын Мекке үкімдері және Мәдина үкімдері деп бөліп қарастырмаймыз. Мұсылман құқығы тұтас бір ілім болып табылады. Десек те, мұсылмандардың мемлекет болып қалыптасуында Мекке кезеңіндегі құқықтық үкімдердің орны ерекше. Мұсылмандар Мекке кезеңінде исламның өркениетті үкімдерімен қаруланып, өз болашағына ілкімді қадам жасай алды.

2 «МӘДИНА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫң» ҚАБЫЛДАНУЫ, МӘНІ МЕН МАЗМҰНЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ СИПАТЫ

2.1 «Мәдина конституциясының» туындауының тарихи алғышарттары және Ақаба келісімдері

Мәдинадағы ислам мемлекетінің құрылу кезеңіндегі тарихи оқиғаларға қатысты зерттеушілер ортақ ой-тұжырымдар қалыптастырғанмен, Мұхаммедтің с.ғ.а Меккенің тысындағы араб тайпаларын исламға шақыруы және мұсылмандардың Мәдинаға қоныс аударуына қатысты көзқарастарында біршама өзгешеліктер баршылық. Жалпы, зерттеушілердің қисынды дәлелге негізделген әртүрлі талдаулары мұсылмандар діни бостандыққа қол жеткізу үшін Мәдинаға қоныс аударды ма, жоқ әлде тәуелсіз ислам мемлекет құруды мақсат етті ме деген сауалдардың төннегіндегі өрбиді.

620 жылы Мұхаммедтің с.ғ.а қамкоршысы Әбутәліп қайтыс болғаннан кейін Құрайыш пүтқа табынушылары мұсылмандарға қысымды қүшейте түсті [55, 22 б]. Мекке дәуірінде Мұхаммед с.ғ.а мен мұсылмандарды қорғаған дәстүрлі тайпалық түсінік екенін жоғарыда талдадық. Әбутәліптен кейін хашимилердің басшысы болған Әбулаhab Мұхаммедті с.ғ.а туысым деп қолдаған жоқ. Керісінше Мұхаммедке с.ғ.а қас дүшпан болды [56, 77 б]. Әбу Хасан Али ән-Надвидің көзқарасынша, Хижаз аймағының беделді тайпасы Құрайыш тайпасы болса, екіншісі Тайф қаласындағы Сақиф тайпасы еді [6, 82-83 б]. Құрайыштың қысымы күннен күнге қүштегендіктен, Мұхаммед с.ғ.а бұл қысымнан шығудың жолын қарастырып, Тайфтағы Сақиф тайфасын исламға шақырып, олардан көмек алушы көздеді. 620 жылы Мұхаммед с.ғ.а Тайфқа келіп, Сақиф тайпасын исламға шақырып көргенмен, одан еш нәтиже шықпады [5, 78-79 б].

М.Хамидуллан, Мұхаммедтің с.ғ.а тайфтықтардан көмек алушы көздеуінің себептерін белайша түсіндіреді: Тайф қаласына билік жүргізуші Сақиф тайфасының Бану Абди Иалил әулеті Мұхаммедтің с.ғ.а шешесі Әминаның туысқандарымен жекжат еді. Сонымен бірге, Мұхаммедтің с.ғ.а немере ағасы Абас Тайф қаласынан сауда орындарын ашып, мұнда зор беделге ие еді. Сондай-ақ, Хижаз аймағындағы бір біріне бәсекелес екі тайпа Құрайыш пен Сақиф тайпасы дәл осы кезде жылы қатынаста болатын [8, 115-118 б]. Осы негіздерді есепке алған Мұхаммед с.ғ.а мұсылмандарға қолдауды тайфтықтардан іздеген еді. Алайда, Тайф халқы Мұхаммедтің с.ғ.а үмітін ақтамады. Тайфтықтардың Мұхаммедті с.ғ.а қолдамауының себебі, олар да пүтқа табынатын. Олар қашаннан бергі қалыптасқан дәстүрлі сенімінен айырылғысы келmedі. Сонымен қатар, Сақиф тайпасының ақсақалдары Мұхаммедті с.ғ.а қолдан меккелік пүтқа табынушы құрайыштықтармен дүрдарараз болғысы келген жоқ.

Мұхаммед с.ғ.а. Үказ, Мәжанна, Зұлмажаз жәрменқелерінде Араб түбегінің түкпір-түкпірінен келген адамдарды исламға шақырып, өзін қолдауын насиҳаттады. Мұхаммед с.ғ.а бұл жәрменқелерде көбінесе тайпа, ру басшыларымен жолығып, оларға исламның құндылықтарын сініруге тырысты

[14, 132-135 б]. Себебі, арабтар өз басшыларын ерекеше құрметтейтін. Мұхаммед с.ғ.а дәстүрлі тайпалық түсінікті өзінің діни миссиясымен сабактастырып, шебер пайдаланғанмен, Құрайыш пұтқа табынушылары исламның қанат жауына барынша кедергі болды [56, 77 б].

Мекке кезеңінде мұсылмандардың ұдайы қысымға ұшырауының негізгі себебі, Меккедегі саяси билік пұтқа табынушы құрайыштықтардың қолында болды. Мұсылмандар Мекке кезеңіндегі он үш жылда пұтқа табынушылардың көрсеткен құқайына қарсы кейбір жекелеген жағдайларды қоспағанда, тек, әдеппен жауап беріп отырған. Пұтқа табынушылармен қарулы қақтығысқа барайық деген мұсылмандардың ұсынысын, Мұхаммед с.ғ.а Құранда мұндай үкімнің жоқтығын және пұтқа табынушылармен күш әлі тең болмағандықтан кері қайтаратын [20, 285 б]. Мұсылмандарға Құрайыш қысымынан құтқаратын жол, оларға кіріптар болмау еді. Мұсылмандар дербес саяси билікке қол жеткізбесе, Құрайышпен қырғи-қабақ болу ұдайы жалғаса беретіндігін жақсы сезінді. Мұхаммедтің с.ғ.а Тайфтағы Сақиғ тайпасына және Уқаз, Мәжанна, Зұлмажаз жәрменкелерінде арабтардың тайпа басшыларына өзін қолда деп насиҳаттауының себебі, ол с.ғ.а Хижаз аймағындағы саяси құштердің ықпалына сүйену арқылы Құрайыш қысымынан құтылуды көздеді.

Мұхаммедтің с.ғ.а тынымсыз исламды насиҳаттауы көп ұзамай өз нәтижесін берді. Хижаз аймағының екінші үлкен қаласы Мәдинаны мекендейтін Әус пен Хазраж араб тайпасының өкілдері исламды қабылдады. Бұл оқиға Меккениң төңірегіндегі «Ақаба» деген жерде өтті. Ақабада (620 жылы) 6 мәдиналық тұрғын пайғамбарға с.ғ.а жаңа дінді қабылдаймыз (ант ету) және оның пайғамбары Мұхаммедті с.ғ.а мойындаймыз, өзге жүртты осы дінге шақырамыз деп келісім жасады. Яғни, бұл келісім таза діни мазмұндағы (ант келісімі, мойындау келісімі, дінге шақыру келісімі) ауызша келісім еді.

Ибнүл-Асирдің көзқарасынша Әус пен Хазраж араб тайпасының исламды қабылдаудың саяси астар жоқ емес-ті. Мәдина қаласында Әус пен Хазраж араб тайпасынан басқа Қайнұқа, Нәдір, Құрайза атты яңуди тайпалары өмір сүретін. Византия империясына қарасты Сириядағы Гассани әмірлігі Мәдинадағы яңуди тайпаларына шапқыншылық жасағаннан кейін, Мәдинада Әус пен Хазраж арабтары яңудилерден үстем бола бастады. Мәдинадағы бұрынғы билік еткен дәуренін аңсаған яңудилер Әус пен Хазражды арандатып, бір біріне айдан салатын. Сонымен бірге, яңудилер бір құдайға сенетін қауым болғандықтан, пұтқа табынушы Әус пен Хазражды менсінбей, надан санайтын [15, 644-647 б]. Мәдиналықтардың Ақабада исламды бірден қабыл етуіне қарап, оларға яңудилердің діни мәселеде менсінбеушілігін тиятын жол – ислам діні болып көрінгенін байқауға болады.

Ақабада Мұхаммед с.ғ.а мен жолыққан мәдиналықтар негізінен Хазраж тайпасынан еді. Ал, Мәдинадағы екінші Әус пен Хазраж бір біріне туыс тайпа болғанмен, яңудилердің арандатуынан әрдайым бір бірімен араздасатын. Хазраждіктер Мұхаммед с.ғ.а мен кездесуінен бұрын екі тайпа арасында «Буас» атты соғыс болып, екі жақтан да көп адам шығын болып отырған. В. Ирвингтің айтуына қарағанда, Хазраж бен Әус тайпасының арасындағы бұл соғыс жұз

жиырма жылға созылған [5, 94 б]. М.Хамидуллаңтың пікірінше, хазраждіктердің Меккеге келуінің бір себебі, құрайыштықтармен одактас болу ииеті болған. Мәдинадағы Әус тайпасы Құрайыш тайпасымен әскери одактас еді. Хазраж тайпасы Әус тайпасымен тағы да соғысатын болса, Хижаз аймағындағы ең беделді тайпасы құрайыштықтардың Әусті емес, өздеріне қолдау білдіруін келіспекші болған [8, 152 б].

Әус пен Хазраж тайпасы бір бірімен жанжалдасқанда яһудилермен одактасатын. М.Шакирдің көзқарасынша, Әус тайпасының одактасы Құрайза тайпасы болса, Хазраж тайпасының одактасы Қайнұқа мен Нәдір яһуди тайпасы еді [57, 368 б]. Христиан дініндегі гассандық арабтар Мәдинадағы яһудилер тонағаннан кейін Әус пен Хазраж араб тайпалары Мәдинада саяси тұрғыдан үстем тұрды. Жалпы, Мәдина қаласының саяси құрылымы конфедеративтік жүйеден тұратын. Яһуди тайпалары арабтармен өздерін тең сезінетін. Бірде яһуди тайпалары, бірде араб тайпалары Мәдинаға үстемдік жасағанмен, тайпалар өз-өзін дербес басқарып, бір бірінің ішкі ісіне араласпайтын. Тек, яһудилер арабтардың діни сенімін кемсітетін. Арабтар пұтқа табынушылықтың мән-мағынасы жоқ екендігін іштей мойындағанмен, ата баба жолы болғандықтан бұл сенімді тәрк ете алмайтын [14, 158-159 б].

Мәдинада алғаш ислам дінін қабылдағандардың көвшілігі Хазраж тайпасының арабтары еді. Әус тайпасының басшылары Саад б. Муаз бин Үсайд б. Худайыр әлі исламды қабылдамағандықтан, кейбір жекелеген адамдар болмаса, басым көвшілігі Хазраж тайпасының жаңа діни ұстанымына ерген жоқ [20, 276 б]. Сол кездегі қалыптасқан дәстүрлі тайпалық түсінік Әустің исламды кейінрек қабылдауына себеп болды.

621 жылғы Ақабада Мұхаммед с.ғ.а мен мәдиналықтар қайта жүздесті. Р.Хайламаздың айтуынша, I Ақаба келісімінде екі тарап мынадай келісімге қол жеткізді:

1. Аллаға ешкімді теңемеу;
2. Ұрлық істемеу;
3. Зина жасамау;
4. Сәбілерді өлтірмеу;
5. Өтірік жала жаппау;
6. Мұхаммедке с.ғ.а мойынсұну [26, 479-481 б].

I Ақабадағы келісім негіздері Құранның Мекке дәуіріндегі түскен үкімдер еді. Ал, Мұхаммед с.ғ.а мәдиналықтардың өзіне мойынсұнуның талап етуі арқылы Мәдина дәуірінде туындастын мәселелерге кімнің шешім шығаратынын алдын-ала анықтап алды.

Мәдиналықтар Мұхаммедтен с.ғ.а өздеріне исламды үйрететін дін ұстазын жіберуді сұрағаннан кейін, Мұхаммед с.ғ.а Мұсаб б. Үмейрді дін ұстазы ретінде аттандырыды [5, 94 б]. Мұндағы мақсат – алдағы уақытта құрылатын мемлекеттің рухани негізін алдын ала қалау керек еді. Мұсаб б. Үмейр дәстүрлі танымға сай Әус тайпасының басшылары Саад б. Муаз бен Үсайд б. Худайырға исламның құндылықтарын танытып, нәтижесінде екі көсем өз тайпасына келіп,

Мұхаммедтің с.ғ.а үмбеті екендігін жария етіп, өз тайпаластарын исламды қабылдауға үгіттеді [26. 480-486 б].

I Ақаба келісімінен кейін Мәдинадағы мұсылмандардың саны күрт өсті. Мәдинада ислам дінінің жылдам таралуының мынадай себептері болғандығын аңғарамыз:

Біріншіден, Ибн Хишамның түсінігінше арабтардағы тайпалық таным Мәдинада исламның қанат жаюына айтарлықтай әсер етті. Хазраж тайпасының исламды қабылдауына бұл тайпаның көсемі Асат б. Зұрааның септігі тисе, сондай-ақ, Әус тайпасының жаппай исламды қабылдауына бұл тайпаның көсемі Саад б. Мұғаздың исламды қабылдап, өз тайпаластарына исламға мойынсұнуын талап етуі түрткі болды [25, 182-186 б].

Екіншіден, Али Химмет Берки, Осман Кескиоғлуның көзқарасынша, Әус пен Хазраж тайпасы Меккедегі Құрайыш және Тайфтағы Сақиғ тайпасы секілді пүтқа табынушылыққа қатты әуестенбеген. Ислам алғаш дәріптеле бастағанда, бұл дінді қомсынбай бірден қабыл етуінің бір себебі, пүтқа табынушылыққа құлай берілмегендігінен еді [14, 159 б].

Үшіншіден, М.Хамидуллахтың пікірінше янудилдердің арабтардың пүтқа табынғандығын әжуалап, надан деп кемсітуі Әус пен Хазраждің белгілі бір дәрежеде намысын оятқан. Бір құдайға сенуді дәріптеген және надандық атаулыға жаңы қас исламның өзге сенімдерден артықшылығын Әус пен Хазраж өкілдері янудилдердің келеке етуінен құтылатын бірден бір жол деп білді [8, 150 б].

Төртіншіден жоғарыда айтып өттік, Әус пен Хажраж өз арасындағы дау-жанжалдан әбден қалжырады. Ғасырларға созылған бұл қақтығыстарды тоқтатып, оған дәнекер іздеді. Әус пен Хажражға бұл дәнекер күш ислам діні болып көрінді.

622 жылы Мәдиналық 75 (кейбір деректерде – 72, немесе – 70) мұсылман Ақабада Мұхаммедпен с.ғ.а қайта жүздесті. Ислам тарихында II Ақаба келісімі деген атпен белгілі бұл оқиғада Мұхаммед с.ғ.а пен Әус және Хазраж тайпасының өкілдері ислам мемлекетін құрудың амалдарын қарастырды. Келісім нәтижесінде мәдиналықтар Меккедегі пүтқа табынушы Құрайыш қысымынан құтылғысы келген Мұхаммед с.ғ.а пен Мекке мұсылмандары Мәдинаға көшіп келгенде, оларға пана болуға уәделесті [27, 42 б].

Мұсылмандардың меккеліктерден бөлініп, дербес мемлекет құруы жөніндегі көзқарасы ауызша жасалған II Ақаба келісімінде айқын аңғарылады. Оған дейінгі Мұхаммедтің с.ғ.а Тайф қаласы, Уқаз, Мәжанна, Зұлмажаз жәрменкелеріндегі әрекеттерінен тәуелсіз ислам мемлекетін құрудың сипатын анық көре алмаймыз. Мұхаммед с.ғ.а ол кездері исламды танытуды және Құрайыш қысымынан құтылуды көздеді деген болжам ғана айта аламыз.

II Ақаба келісімі (622 жылы) мазмұны жағынан діни-әскери келісім еді. Себебі, пайғамбар (с.ғ.а) өміріне қауіп төнген жағдайда және оның пайғамбарлық іс-әрекеттеріне қауіп төнсе, одақ мүшелері (75 адам) оларды қарулы күш қолданып қорғауға міндетті болды. Яғни, II Ақаба келісімі мұсылмандардың діни-әскери одағының құрылғандығын көрсетті.

II Ақаба Мекке және Мәдина мұсылмандарының біріккендігін, бұл одақтың діни-рухани, саяси-әскери көсемі әрі басшысы болып пайғамбар (с.ғ.а) сайланғандығын және одақ орталығы Мәдина қаласына көшетіндігін, соған сай пайғамбардың (с.ғ.а) сонда қоныс аударатындығын бекітті.

Ал, Әус пен Хазраж тайпасының исламды қабылдан қана қоймай, Меккелік мұсылмандарды қанатының астына алуы, Құрайыш пұтқа табынушыларына ауыр соққы болды. Өйткені, Құрайыш тайпасының Сирияға жіберетін сауда керуені Мәдина арқылы өтетін [20, 286-290 б].

Құрайыш пұтқа табынушылары бұл мәселеге байланысты Дарун-Надуада (Мекке қаласының парламент үйі) шұғыл кеңес өткізіп, «жаңа құрылған Мекке мен Мәдина мұсылмандарының бірлестігін жоюдың бірден бір жолы ислам дінінің пайғамбарының көзін құрту» деген шешімге келді. Бірақ, Мұхаммед с.ғ.а Құрайыштың құрсауынан құтылып, Мәдинаға аман-есен жетті [56, 81-82 б].

Мұхаммед с.ғ.а 622 жылы 53 жасында Меккедегі пұтқа табынушы Құрайыш қысымынан құтылу мақсатында Мәдинаға хижра (көш) жасады [58, 30 б]. Тарихшы Жабири Мұхаммедтің с.ғ.а тәуелсіз ислам мемлекетін құруда Мәдинаны таңдауының себебін, Құрайыштың Сирияға Мәдина атырабы арқылы жіберетін сауда керуенін тоқтатумен Меккені экономикалық қысымға ала отырып, Құрайышты бағындырғысы келді [36, 195 б] деген пікір айтады. Себебі, Мұхаммед с.ғ.а Мәдинаға көшіп келе салып, Құрайыштың Сирияға жіберген сауда керуеніне жеті рет жаушылар жіберді. Мұхаммедтің с.ғ.а аттандырған шолғыншылары Мекке сауда керуенін тонауды мақсат еткен емес. Керуен торушылардың меккеліктердің сауда керуенін тосып алғандағы айтарты: «Құрайыш мұсылмандарға дұшпан болуын тоқтатсын» дейтін [14, 218 б]. Меккеліктер үшін сауда-саттық негізгі күн көріс еді. Сирияға кейде 2000 түйеге дейін керуен тартқызатын. Шығыстанушы Спрангердің есебінше Меккенің сол кездегі жылдық экспортты 250000 динар болған. Құрайышты Хижаз аймағында мейманасын тасытып отырған, олардың саудадан табатын көл-көсір табысы еді [14, 218 б]. Яғни, меккеліктердің Мәдина арқылы Сирияға жіберер сауда керуенін тосу – олардың ең жанды жері болатын.

Мұхаммед с.ғ.а шын мәнінде Құрайышты тұқырту үшін Мәдинаны таңдады ма? Жоқ әлде, бұл таңдауда ондай мақсат болмады ма? Осы мәселе бойынша Ш.Севержан Жабиридің пікірімен келіскісі келмейді. Оның ойынша егер, Мұхаммед с.ғ.а Жабири айтқандай Меккедегі Құрайыш пұтқа табынушыларын бағындыру үшін Мәдинаны таңдаған болса, Мұхаммедтің с.ғ.а Ақаба келісіміне дейінгі араб тайпаларын исламға шақыруында тек саяси билікке қол жеткізуіді мұрат етті деген тұжырым жасауға болар еді. Мекке кезеңінде Құрайыш аристократтары Мұхаммедке с.ғ.а: «Қаласаң Меккенің тізгінің қолыңа ал, бірақ исламды насиқаттауынды доғар» деп бірнеше рет ұсыныс жасады [21, 48 б]. Егер, Мұхаммедтің с.ғ.а көздегені Меккенің билігі болса, бұл ұсыныстан бас тартпаған болар еді. Сондықтан, Жабиридің пікірімен келісу қыын. С.Хизметли де өз зерттеуінде мұсылмандардың Меккеден Мәдинаға көшүінде саяси мұддеден бұрын діни бостандық мұддесінің басым

болғанын айтады [59, 294 б]. Мұсылмандар Мекке кезеңіндегі он үш жылда Құрайыш пұтқа табынушыларынан аяусыз таяқ жеп келді. Тіпті, құрайыштықтар мұсылмандарды өз сенімдеріне сай құлшылық жасауға мұрша бермейтін. Яғни, мұсылмандардың Мәдинаны бетке ұстап ауа көшуінде, діни бостандыққа қол жеткізудің басым болғаны аңғарылады.

О.Н.Топбаш Мекке кезеңіндегі мұсылмандардың пұтқа табынушы құрайыштықтардан көрген зорлық-зомбылығын былайша жіктеп көрсетеді:

1. Мазақ қылу;
2. Төмен санау;
3. Зорлық-зомбылық;
4. Әрқандай сауда-саттықты және мәдени-әлеуметтік, қоғамыдық арақатынасты үзу;
5. Мұсылмандарды хижра (Меккeden көшуіне) жасауға мәжбүрлелітіндегі дәрежеде қинап-қыстау мұнымен қоса адам өлтіру [60, 464-465 б.].

Әрине мұсылмандардың Мәдинаға көшуінде саяси мұрат болмады деп айта алмаймыз. Десек те, тек, Құрайшты бағындыру үшін Мұхаммед с.ғ.а Мәдинаға көшуді іске асырды деп айтуға негіз жоқ. Мәдинаға көшу әбден пісіріліп, жан-жақты талданған ұйғарым болғандықтан, шынында да бұл қала мұсылмандарға жайлы қоныс болды. Мұхаммедке с.ғ.а саяси тұрғыдан күшею, өз мақсатына жедел жетудің құралы еді. Мәдинаның геосаяси орналасуы Құрайш пұтқа табынушыларын қысымға алудың мүмкіндігі болғандығын жоққа шығаруға болмайды.

Мекке кезеңінде туындаған бір мәселе бойынша Алладан үкім келмеген жағдайда, Мұхаммед с.ғ.а сахабаларымен кеңесіп шешім қабылдайтын. Құранда Мұхаммедке осылай істеу бұйырылған болатын (Шура, 51). І Ақаба келісімі бойынша мәдиналықтар Мұхаммед с.ғ.а дұрыс шешім айтқан жағдайда оған мойынсұнуы тиісті-тін [14, 162 б]. Мұхаммед с.ғ.а өзіне берілген осы құзіретке сай, Мәдинада тәуелсіз ислам мемлекеттілігін құру мақсатында іргелі істерді жүзеге асырды.

М.Хамидуллаhtың пікірінше, Әус пен Хазраж мұсылмандары жамағат болып құлшылық қыларда – имам болуға бір бірін лайық көрмейтін. Исламды қабылдаса да екі тайпаның текетіресі тоқтай қоймаған еді. Мұхаммед с.ғ.а Мәдинаға көшкенге дейін Әус пен Хазраждың арасындағы араздықты Мұсаб б. Ұмейрді Мәдинаға дін ұстазы етіп жіберу арқылы тежеді [8, 155 б]. Алайда, Әус тайпасының адамдары Хазраж аймағына, Хазраж тайпасының адамдары Әус аймағына өтпейтін [8, 153 б].

Мұхаммедтің с.ғ.а Мәдинаға көшкендегі мақсаты Әус пен Хазраж мұсылмандарына арқа сүйеу арқылы діни бостандыққа қол жеткізіп, тәуелсіз ислам мемлекетін құру болған болса, бұл биікке иек артуудың алғышарты ретінде, алдымен мұсылмандардың мызғымас одағын қалыптастыруы керек болатын. Мұхаммед с.ғ.а өзінің мәмлекерлік қабілетінің арқасында Әус пен Хазраж тайпасының бір бірімен қайта жауласуына жол берген жоқ [8, 178 б].

Мекке кезеңінде Құранда мұсылмандарға: «Тұп-тұгел Алланың жібіне (дініне) жабысындар да бөлінбендер» (Әли-Ғымыран, 103) деп бұйырылған еді.

Сондай-ақ, Мұхаммед с.ғ.а: «Мұсылман мұсылманға – бауыр, олар бір біріне әділетсіздік жасамайды» [61, 2384 б] деген үгітпен арабтардың троибалистік түсініктерін жойды. Бұл үкімдер мұсылмандардың ынтымағының артуына айтарлықтай әсер етті.

Десек те, Мәдина дәуірінде базбір мұсылмандардың дәстүрлі тайпалық түсініктен тысқары қала алмағанын аңғарамыз. Мысалы, Меккенің алынуынан бұрын мұсылмандарға барлау жасау үшін қала сыртына шыққан Әбу Суфиянды хз. Омар оны өлтірмекші болғанда, хз Абас: «Ей, Омар тоқта, Алла атымен ант етемін, егер Әбу Суфиян Адий әулетінен болса, сен бұлай демеген болар едің, бірақ сен Әбу Суфиянның Абдуманап әулетінен екенін білесің ғой» [25, 486 б] деп мұшрік Әбу Суфиянға пана болды. Әус пен Хазраж арабтары мұсылман болғаннан кейін де, олардың өмірінен дәстүрлі тайпалық түсініктің жұрнақтарын көруге болатын еді. 626 жылғы болған Мусталиқ соғысындағы бір мухажир (Меккеден көшіп келген мұсылман) мен бір ансардың (Мәдиналық) мұсылман суға таласуы кезінде, кейбір ансарлар туыстық сезімге беріліп мухажирлерге ашуланған болатын [25, 417 б].

Мұхаммед с.ғ.а мәдиналықтардың I Ақаба келісімінде мойынсұнуға уәде бергендігін негізге ала отырып, Әус пен Хазраждің қайта араздасуына жол бермей, мұсылмандардың билік тізгінін өз қолында ұстады. Әус пен Хазраждің ескі өшпенділігі есіне түсіп бір біріне қырын қараған жағдай болса, мәселені ушықтырмай бейбіт түрде шешетін.

«Буас» соғысынан кейін Әус тайпасының басшыларының бірі Абдаллаһ ибн Убайдің Әус пен Хазраж арабтарының арасында беделі өсіп, Мәдинадағы даулы мәселелерге билік айта бастаған еді. Ибн Хишам өз еңбегінде Абдаллаһ ибн Убайдың Мәдинаға басшы болғанын айтса [25, 234 б], М.Хамидулла Ақаба келісімінен бұрын Әус пен Хазраж арабтары Абдаллаһ ибн Убайды Мәдинаға король етіп сайламақшы болғанын жеткізеді [8, 177 б]. I Ақаба келісімінде Әус пен Хазраж өкілдері Мұхаммедті с.ғ.а Алланың Елшісі және лидер деп мойындағаннан кейін, Абдаллаһ ибн Убайи Мәдинаға король бола алған жоқ. Абдаллаһ ибн Убайи тайпаластары исламды қабылдағаннан кейін, амалсыз өзі де исламды қабылдады. Бірақ, ибн Хишам Абдаллаһ ибн Убайдің исламға қарсы мұнаптықтар (екіжүзділер тобы исламды ауызben қабылдап жан дүниесімен қабылдамағандар) басшысы болғандығын айтады [25, 230-235 б].

Мұхаммед с.ғ.а екіжүзділігі әшкере болған алдамшыларды мешітке кіргізбейтін. Сондай-ақ, әскери жорықтарға оларды ертпейтін. Екіжүзділер мұсылмандарға қарсы айтарлықтай қарсылық көрсеткен емес. Көбіне-көп олардың қарсылығы исламды келеке етуден артыққа бармайтын [25, 234 б]. Әус пен Хазраждің ірі тұлғалары исламды қабылдағаннан кейін, Мұхаммед с.ғ.а мәдиналықтардың ескі бір біріне деген өшпенділіктерінің өрті тұтанып кетпеуіне баса назар аударды. 631 жылы болған Табұқ жорығының алдында Мәдиналық христиан Әбуғамурдың азғыруымен екіжүзділер Құба мешітіне бәсекелес Дирап мешітін түрғызып, мұсылмандарды іштен арандатпақ болды. Ибнүл-Асирдің көзқарасынша Мұхаммед с.ғ.а екіжүзділердің бұл жымысқы

саясатын тез аңғарып, Табұк соғысынан оралғаннан кейін Дирап мешітін өртеп жіберді [32, 260 б].

Мәдинада діни бостандыққа қол жеткізгеннен кейін Мұхаммед с.ғ.а мұсылмандардың тұрақты діни білім алуды үшін және жамағатпен бірге құлшылық жасауға арналған мешіт-медресе салдырыды [8, 768 б]. Бұл тек құлшылық жасайтын орын ғана емес, мұсылмандардың кеңес өткізіп, келелі мәселелерді шешетін орнына айналды. Х.Қараман Мәдинадағы ислам мемлекетінде алғашқы кездे «мешіт» тек құлшылық жасап, діни білім алатын орын ғана емес, мелекеттік мәселелерді талқылайтын және сottық-құқықтық үкімдерді жүзеге асыратын функциясы болғандығын айтады [45, 45 б]. «Пайғамбар мешітінің» бір қанталынан кедей-кешік мұсылмандарға арнап жатақ салынды. Тарихта «Асхаб ас-суффа» (сахабалар лашығы) деген атпен қалған бұл жатақ мұсылмандардың Мәдинадағы алғашқы медресесі болатын. О.Түрердің айтуына қарағанда, Мұхаммед с.ғ.а ислам енді қадам басқан жаңа өлкелерге осы «Асхаб ас-суффадағы» білімі жетілген мұсылмандарды діни ұстаз етіп жіберген. Құран аяттарының тұсу тарихы мен Мұхаммедтің с.ғ.а сұннетін бұлжытпай кейінгі ұрпаққа жеткізген осы «Асхаба суффадан» білім алған мұсылмандар еді [62, 29 б].

Мешіт – мұсылмандар үшін тек құлшылық жасайтын орын емес, мұсылмандарды толғандырған мәселелерді шешетін және ислам атынан қауымға фәтуалардың берілетін орын еді. Яғни, мешіт мұсылмандардың бірлігінің ұйытқысы болатын. Мұхаммед с.ғ.а Мәдинаға көшіп келгенде, әр аптаның жұма күндері тұс әлетінде мұсылмандардың жұма намазын оқуы парыз етілді [63, 314-315 б]. Имам Ғазалидің көзқарасынша, Жұма намаздағы күтпада имам халыққа сол кездің маңызды мәселелерінің шешімі ретінде Құран аяттары мен Мұхаммедтің с.ғ.а хадистерін айтуы тиісті-тін. Жұма күндері бұкіл мұсылмандардың мешітте бас қосып, татулық туралы насиҳат естіп, ислам іліміне қанығуы, олардың бірлігінің артуына өз септігін тигізді [64, 126 б].

Мұхаммед с.ғ.а тек Әус пен Хазражді ғана татуластырып қоймай Меккеден көшіп келген мұсылмандармен мәдиналық мұсылмандарды бір бірімен бауыр ету арқылы мұсылмандардың ынтымағын арттыра түсті. Меккеден келген мұсылмандар бұкіл дүние-мұлкін тастап Мәдинаға келгеннен кейін, оларға әлеуметтік тұрғыдан көмек берілмесе, өз бетінше өмір сүріп кетуі неғайбыл еді. II Ақаба келісімі бойынша мәдиналықтар Меккеден көшіп келуші мұсылмандарға пана болуға тиіс болатын. Мұхаммед с.ғ.а осы негіздерге сүйене отырып Құрайыш мұсылмандарымен Әус пен Хазраж тайпасының мұсылмандарының басын қосып, ұлken мәжіліс ашты. М.Хамидуллаһтың айтуынша, бұл мәжілісте Мұхаммед с.ғ.а Меккеден көшіп келген 186 мұсылман отбасымен, Мәдиналық 186 мұсылман отбасын бір бірімен бауыр отбасы етті [8, 183 б]. Ал, Ш.Севержан ибн Саадтың еңбегіне сүйене келе 45 мухажир (Меккеден көшіп келуші мұсылмандар) мен 45 ансардың (Мәдиналық мұсылмандар) бауыр отбасы болғандығын айтады [21, 49 б].

Мұхаммедтің с.ғ.а Мәдинаға көшіп келген 622 жылы мұсылмандарға санақ жүргізгендігін, сонда олардың жан саны 1500 жеткендігі туралы хадис

«мухажирлердің 186 отбасысы мен ансарлардан 186 отбасы бауырластық келісімшартын жасасты» деген М.Хамидуллаһтың келтірген дерегінің шындыққа жақын екендігін көрсетеді. Өйткені, деректерде сол кезде Мәдинаның 10000 жуық халқы болғандығы айтылады [8, 183 б]. Ал, осы 622 жылы мұсылмандар мен яңуди тайпаларының бірлесіп қабылдаған «Мәдина конституциясында» мұсылмандар басым қүшке ие болды.

Р.Бутидің көзқарасынша бұл келісімнің нәтижесінде Меккеден келген Құрайыш мұсылмандары өздерінің әлеуметтік, экономикалық мәселесін шеше алды. Мәдиналық мұсылмандар Әус пен Хазраж арабтары ежелден ауыл шаруашылығымен шұғылданатын. Ал меккелітер саудаға бейімделген халық болатын. Мәдинадағы сауда нұктелері негізінен яңуди тайпаларының қолында еді. Бастапқыда Әус пен Хазраждіктер егістік алқаптарының жартысын Меккелік мұсылман бауырларына берді [33, 207-208 б]. 625 жылы Нәдір яңуди тайпасы Мәдинадан шығарылып, олардың иеліктері Меккеден көшіп келген мұсылмандарға берілгенге дейін [14, 276 б], меккелек мұсылмандар мәдиналық мұсылмандардың экономикалық қолдауында болды. Бірақ, меккеліктерден Әбу Бәкір, Абдрахман бин Ауф, Осман, Омар сынды мұсылмандар тез арада ауқаттылар қатарына қосылып, мемлекеттің нығаюына экономикалық тұрғыдан зор қолдау көрсетті [65, 29-116 б].

Мұхажирлер мен ансарлардың бауырмашылдық келісімшарты Мұхаммедтің с.ғ.а көзі тірісінде бұзылған жоқ. Бауырмашылдық келісімшарты бұзылатындай жағдай туындағанда, Мұхаммед с.ғ.а арағайындық жасап, екі жақты қайта татуластыратын. Пайғамбар с.ғ.а өмірі туралы еңбектерде 630 жылы болған Хунайн соғысынан түскен олжаны үlestіру кезінде Мұхаммед с.ғ.а жаңа мұсылман болған меккеліктердің көңілін аулау ниетімен оларға олжаны мол берген кезде туындаған дауды Мұхаммед с.ғ.а өзінің ерекше дипломатиялық қабілетімен мәселені дер кезінде шешкендігін баяндайды [22, 230 б].

Мұхаммедке с.ғ.а Мәдинада мықты мемлекет құру үшін Әус пен Хазражді тату етіп ұстая, мұхажирлер мен ансарлардың арасына бауырмашылдық келісімшартын жасауы аздық ететін. Себебі, Мәдинада тұбі Вавилон мен Палестинадан ауып келген Нәдір, Қайнұқа, Құрайза атты яңуди тайпалары өмір сүрді. Мәдинадағы негізгі сауда орындары осы яңуди тайпаларына тиесілі болатын. Әус пен Хазраж арабтары көбіне осы яңудилердің шағыстыруынан қырқысатын. Сонымен қатар, яңудилер бір құдайға сенетін «кітаби» қауым болғандықтан, надан арабтарға қарағанда пайғамбарлар туралы көп білетін діни сауаты жоғары қауым еді. Мұхаммед с.ғ.а мықты мемлекет құру мақсатында яңудилермен бір қаланы мекен еткеннен кейін олармен келісімшарт жасауы тиіс еді.

Р.Максудтің пікірінше алғашқыда яңудилер мұсылмандармен бір мемлекетте қатар өмір сүруге қарсы болмаған [55, 23 б]. Мұсылмандар мен яңудилердің арасындағы келісімде Мәдина жұрағатының саяси бағыт бағдары, тараптардың діни сенім бостандығы, қамқорлыққа алу негіздері, мұліктік

жауапкершілік мәселелері, қылмыстық мәселелер, әкімшілік мәселелер, қалаға жау төнген жағдайда әскери қорғану мәселелері қарастырылды.

Мәдинадағы ислам мемлекеттілігі субъектілердің өзара уағдаластыққа қол жеткізуінің арқасында құрылды. Меккелік мұсылмандар мен мәдиналық мұсылмандардың жасаған I, II Ақаба келісімдерімен қатар, Мұхаммедтің с.ғ.а Әус пен Хазраж араб тайпасының арасына дәнекер болуы, Мәдинаға көшіп келгеннен кейін, меккелік мұсылмандар мен мәдиналық мұсылмандарды бір бірімен бауыр етуі, сондай-ақ, Мәдинадағы Нәдір, Қайнұқа, Құрайза януди тайпаларымен бір қалада бейбіт өмір сүру, қаланы сыртқы құштерден бірлесе қорғау жөнінде келісімшарт тұзді. Бұл Мәдинадағы ислам мемлекеттілігінің келісім негізінде дүниеге келгенін көрсетеді.

2.2 «Мәдина конституциясының» дайындалуы, қабылдануы және жалпы сипаты

«Мәдина Конституциясын» зерттеген кейбір зерттеушілер бұл құжатты әлемдегі ең алғашқы хатқа түсіп жазылған Атазаң деп бағалайды [66, 26 б]. «Мәдина Конституциясының» негізінде алғашқы ислам мемлекеті құрылды, мұндағы бірнеше діни қауымдастықтар бір мемлекетте бейбіт өмір сүрге қол жеткізді. Бұл құқықтық құжаттың басты құндылығы – бірнеше дін өкілдерінің саяси, әкімшілік, әскери, қылмыстық, азаматтық мәселелерді ортақ түрде тиімді шешетін жоғары саяси ұйым құруға келісіп, федеративті мемлекетті қалыптастыруы еді.

Қ.Байзақова бүгінгі күнгі елімізде жанданып отырған діндераралық «диолог» бастамасының діни бірлестіктер арасындағы келіспеушілікті қақтығысқа айналдырмайтын және әлемдік татулықтың сақталуының бірден бір негізі болады [66, 22 б] деп пайымдайды. Ал діндер арасындағы алғашқы сұқбат «Мәдина конституциясында» жасалды. Ежелден өз дінін ақиқат деп келген януди қауымы жаңа дін өкілдері мұсылмандар және Әус пен Хазраж тайпасының пүтқа табынушыларының Мәдина қаласында бір мезгілде қатар өмір сүруінің мүмкіндіктерін қарастырған бұл келісім сөз жоқ адамзат баласының үлкен жетістігі болатын. Батыс зерттеушілері келісім негізінде мемлекеттің пайда болуы мүмкін екендігін «Қайта өрлеу дәуірінде» көз жеткізсе [67, 20-21 б], шығыста келісім негізінде мемлекеттің пайда болуы 622 жылы Араб түбегіндегі Мәдина қаласында жүзеге асқан еді.

Ү.Гунай, Х.Гунгөр, В.Ежер секілді зерттеушілер дін аралық қатынасты реттеуші «зайырлы» мемлекет формасының белгілерін осы «Мәдина конституциясынан» көруге болатынын айтады [68, 50-55 б]. Әрине, бүгінгі күнгі зайырлылық қағидаларын «Мәдина конституциясындағы» мемлекет пен діннің арақатынасын реттеуші құқықтық негіздермен салыстыруға келмейді. Бірақ, «Мәдина конституциясында» зайырлықтың бір белгісі саналатын діндердің заң алдында теңдігі қағидасының бар екенін жоққа шығаруға болмайды.

Алғаш рет «Мәдина конституциясының» мәтіні Мұхаммед пайғамбардың өмірбаяны туралы шығарма жазған ибн Хишамның (VIII ғ) еңбегінде

жарияланды. Ибн Хишам бұл сүбелі еңбегін ибн Исқақтың еңбегінен алғандығын айтады. Ал Ибн Үсхақ Мұхаммедтің с.ғ.а өмірі туралы деректерді хадистанушылардың жеткізуімен жинаған [25, 5 б].

Р.Бутидің айтуына қарағанда Мұхаммед с.ғ.а «Мәдина конституциясын» арнайы қағазға жаздырған. Ал мәтіннің ауызша нұсқасын Ибн Исқақ Ахмад б. Жанабтан естіген, ол Әбул-Уалидтан, ол Иса б. Юнистен, ол Амр әл-Музанидан, ол әкесі Абдуллаһтан, Абдуллаһ та әкесі Кәсирдан жеткізілгенін баяндайды [33, 211-212 б].

В.С.Соловьев өз шығармасында Мұхаммед с.ғ.а Мәдинаға көшіп келгеннен кейін мұхажірлер мен ансарлар және мұндағы януди тайпаларының қарым қатынасын реттейтін жазбаша «ереже» қабылдағандығын баян етеді [27, 42 б]. Ал, В.С.Соловьевтің «ереже» деп отырғаны осы «Мәдина конституциясы» екендігі ешқандай дау тудырмайды.

В.Ф.Панова, Ю.Б.Бахтин «Мұхаммед пайғамбар» атты сүбелі еңбегінде бұл келісім туралы «624 жылы құбыланың өзгеруімен бірге Мұхаммед «Мәдина Конституциясы» деп аталатын құжатты қабылдады. Бұгінгі күнге дейін тұпнұсқасы сақталған осы құжатта Мұхаммед өзінің соңынан ергендер мен әртүрлі тайпалардан тұратын Мәдина қаласының тұрғындарын біртұтас халық деп танып, оның жаңа қағидаларын бекітті» [69, 153 с.] дейді.

В.Ф.Панова мен Ю.Б.Бахтин «Мәдина Конституциясы» «624 жылы қабылданы» деп хронологиялық тұрғыдан жаңсақ кеткен. Өйткені, көптеген ғалымдар келісімді хижраның бірінші жылы қабылданы деп санайды. Мәселен, М.Гил «Кітаптың» мұхажирлер мен ансарлар арасында бауырластық жасалғанға дейін жазылғанын, ол уақыт Пайғамбар мешіті салынып жатқан кез еді» [70, 49] деп көрсетеді. Ал, Ф.Буль тарихи талдауға сүйене отырып, келісімге қол қойылу уақытын шамамен хижраның екінші жылышын ортасы деп көрсетеді [71, 211-212].

М.Хамидуллаһ өзінің «әл-Уасайкус-Сиясийа» (Саясат туралы келісім) атты шығармасында «Мәдина конституциясының» бұгінге дейін жеткен араб тіліндегі мәтінін 1-нөмірлі келісім ретінде көрсетеді. «Ислам пайғамбары» атты ғылыми еңбегінде осы мәтінді қайталап көрсетеді. Оның айтуына қарағанда хижраның (622 ж) алғашқы жылы хз. Әнастің үйінде Мәдинаны мекендейтін субъектілердің (рулардың) өкілдерінің қатысуымен «Мәдина конституциясы» жазылған [8, 189-190 б].

Еуропалық ғалымдар арасында «Мәдина Конституциясының» жазбаша нұсқасының сақталып-сақталмағанына қатысты қарама-қайшы пікірлер бар. Алғаш болып неміс ғалымы Ю.Виллхаузен 1889 жылы бұл құжат туралы қысқаша шолу еңбек жариялады [72, 592]. Бірақ И.Гольдициер құжаттың тұпнұсқасы сақталғанына күмән келтіреді [73, 57]. Р.Б.Серджент Пайғамбардың хаттары мен келісім құжаттарының тұпнұсқалары жайлы «кейбірінің жеткізілуінде сәйкесіздіктердің болуына және ішінара өзгертулер мен «жетілдіру» талпыныстарына қарамастан, олардың көбісі тұпнұсқа күйінде сақталғаны анық» [74, 131] дейді. М.Леккер: «Араб Пайғамбары заманының күнды мұрасы екенін түсінген адамдардың арқасында Мұхаммедтің көптеген

хаттарымен бірге бұл құжат сақталып, бізге жетті» [75, 3] деп құжаттың жазбаша нұсқасының сақталғанына еш күмән келтірмейді.

«Мәдина конституциясын» түзуге меккелік мұсылмандар және ансарлар, яғни, Мәдинадағы Әус және Хазраж тайпасының рулары және осы рулармен дос болып табылатын Қайнұқа, Нәдір, Құрайза атты яһуди тайпаларының рулары қатысқан. Әус пен Хазраж өз ішінен 8 руға бөлінсе, ал, яһуди тайпалары 20 рудан тұратын [8, 211 б]. Ибн Хишам өз еңбегінде Әус тайпасынан Хатм, Уакиф, Уайл, Умайй сынды әuletтердің мұсылмандықты қабылдамай, пұтқа сенушілікті жалғастырғанын айтады [25, 186 б]. Келісімде осы тараптардың мұддесінің ескерілгенін негізге алсақ, «Мәдина конституциясын» жазуға барлығы 30-дан астам субъекті қатысқан деп болжауға болады.

Дегенмен, «Мәдина конституциясын» түзуге Ясриб қаласының субъектілері түгел қатыспады деген көзқарастар да кездеседі. Мәселен, М.Леккер «Мәдинадағы пұтқа табынушы арабтар мен Мәдина дағы иудейлердің басым көпшілігінің бұл келісімде аты аталмайды. Келісімшартқа яһуди тайпаларының бір тармағы ғана қатысқан» [75, 3-4 б] деген көзқарасты ұстанады. Тағы бір зерттеуші А.Гото өзінің «Мәдина Конституциясы» атты еңбегінде Нәдір, Құрайза және Қайнұқа тайпаларын келісім құжатындағы «Бану Яһуди» деген тарапқа жатқызатын өзге зерттеушілердің тұжырымымен келіспейді. Ол бұл келісімге яһудилердің ішінен Салаба руының ғана қатысқанын алға тартады [76, 13 б]. Осы көзқарасты «Мәдина конституциясын» зерттеген У.Рубин де жақтаған. У.Рубин: «Мұхаммед бұл тайпалармен (яһудилермен) тығыз қарым-қатынас орнатқысы келгенімен, яһудилердің негізгі үш тайпасы келісім құжатында қамтылмаған» [77, 10 б] дейді.

«Мәдина конституциясын» зерттеген Еуропа зерттеушілерінің келесі бір тобы келісімшартта барлық тараптардың мұддесі ескерілгенін алға тартады. Мысалы, Ю.Виллхаузен: «Бұл құжатта Мәдина қаласы тұрғындары түгел қамтылған» [72, 11-12 б] дейді. Сондай-ақ, М.Гил: «Құжатта Хазраж туралы мұлде айтылмағанмен, оған жататын бес ру көрсетілген. Сол тәрізді яһудилердің негізгі тайпаларына қатысты мәселе де солай болуы мүмкін» [70, 61 б] деп жорамалдайды. У.М.Уотт: «Хижра тұсында яһудилердің барлық азшылық топтары немесе аш-Шамсуди тізіміндегі топтар өзінің бірегейлігін жоғалтты немесе саяси салмағынан айрылған еді. Олар бар болғаны «ән-Нажар яһудилері», «әл-Харис яһудилері» т.б. деп қана аталған» [78, 248 б] деп көрсетеді.

Расында У.М.Уотт айтпақшы Мекке мұсылмандары Мәдинаға көшкен жылдары шынында да яһуди тайпаларының саяси әлеуеті төмендеген кез еді. Яһуди тайпалары өз арасындағы дау-жанжал кезінде екіге жарылып, Әус пен Хазраж тайпасына арқа сүйейтін. Қайнұқа яһуди тайпасы Хазраж араб тайпасына арқа сүйесе, Нәдір мен Құрайза яһуди тайпаларының қамқоршысы Әус араб тайпасы еді. [8, 199 б]. Яғни, саяси мәселелерде яһуди тайпалары Әус пен Хазраждың қамқорлығында (мәула) болатын. Осыған байланысты, «Мәдина конституциясының» 26-30 баптарында Әус пен Хазраждың ішіндегі

рулардың атымен Ауф, Харис, Сайд, Жушам, Нажжар «яһудилері» деп негізінен Қайнұқа, Құрайза, Нәдір тайпасының рулары мензелген. Сондай-ақ, М.Леккер мен А.Готоның құжатта яһуди тайпаларының Салаба немесе бір тармағының ғана аты аталған деген көзқарасы да біржакты айтылған. Өйткені, құжат мәтінінде Авф, Харис, Сайд, Жушам, Нажжар яһудилері деп тікелей яһудилер руларына ишара жасалып отыр. Және Салаба руымен қатар Жафна, Шутайба [8, 209 б] яһуди руларының да аты аталған.

Мұхаммед с.ғ.а хижраның бірінші жылы мұхажірлер мен ансарларды бауырластырып, яһудилермен келісімшарт жасады. Әл-Хадрами: «Хижраның екінші жылы осы келісімді Қайнұқа яһуди тайпасы бұзғаны үшін Мәдинадан сүргінге жіберілді» [79, 277] дейді. Яғни, «Мәдина конституциясын» түзуге Қайнұқа тайпасы қатыспаған болса, хижраның екінші жылы Қайнұқа тайпасы мұсылмандармен жасаған басқа қандай келісімді бұзған еді деген орынды сауал ортаға шығады. Сияр кітаптарында Мұхаммедтің с.ғ.а Мәдинадағы яһудилермен «Мәдина конситуациясынан» басқа келісімшарт жасаған туралы дерек кездеспейді. Демек, мұсылмандармен келісімге келген «Мәдина конституциясындағы» Ауф, Нажжар, Сайд, Харис, Жушам яһудилері деп аты аталатын Қайнұқа яһуди тайпасы екені түсінікті.

Ю.Апайдын «Мәдина конституциясының» 3-11 – баптарында Әус пен Хажраж тайпаларының ішіндегі рулардың аты аталып, ал яһудилердің 16 – баптан бастап аталатынына байланысты келісім құжатты муахада (анттасу) және мубадайи (келісім) сатыларынан тұратынын айтады [80, 267]. Яғни, Ю.Апайдын 3-11 баптар аралығында мұхажірлер мен ансарлардың бауырмашылдық келісімі қарастырылғанын, одан кейін яһудилермен келісім мәселелері талқыланғанын алға тартып, құжатты екіге бөліп қарастырады.

«Мәдина конституциясының» алғашқы бөлігі мұхажірлер және ансарлардың өзара байланысын, кейінгі бөлігі мұсылмандар мен яһудилердің қарым-қатынасын реттеуге бағытталған деген Ю.Апайдының көзқарасын зерттеуші М.Е.Иылдырым да жақтайды. Оның көзқарасынша 1-23 аралығындағы баптар мұхажірлер мен ансарларға, 24-47 аралығындағы баптар мұсылмандар мен яһудилерге тиесілі [81, 45].

«Мәдина конституциясының» жазылуына қатысты бұл жаңа көзқарасты құптауға болады. Себебі, бір кезде жүзеге асқан мұсылмандардың яһудилермен келісімі туралы мәтін сақталынып, мұхажірлер мен ансарлардың анттасуы туралы мәтін сақталмады деп айту қын. Сондай-ақ, құжаттың 1-11 – баптарында негізінен мұхажірлер мен ансарларға жеке-жеке тоқталып, олардың құқықтық һәм саяси мәртебесінің яһудилерден бұрын айқындалынып көрсетілуі Ю.Апайдының «Мәдина конституциясы» «анттасу» және «келісім» сатыларынан тұрады» деген пікіріне толық негіз бола алады.

Құжатты қабылдаған Мәдинадағы Әнастің (р.а) үйінде өткен басқосуда қай субъектінің өкілі қандай ұсыныс айтты немесе қандай қарсы пікірде болды, осы жағы деректерде айтылмайды. Бірақ, Мәдинаны мекендейтін субъектілердің мұдделері негізге алынғанын есепке алсақ, басқосуға қатыскан ру өкілдерінің өз қауымының мұддесі мен мәртебесін сақтауға атсалысқанын анғарамыз.

Мұхаммед с.ғ.а мен яңуди тайпалары басшыларының қатысусымен Мәдина қаласының саяси құқықтық мәртебесін анықтаған бұл келісімді М.Хамидуллаһ бірінші болып «Мәдина конституциясы» деп атады [8, 201 б].

М.Хамидулаhtың айтуынша бұл құқықтық келісімді 47 бап етіп көрсеткен шығыстанушы Виллхаузен болған. М.Хамидуллаһ құжатқа «конституция» деген статус бере отырып, құжаттағы 12,20,25,36,37,45-ші баптардың б-тармағының болуына байланысты, құжат баптарын 52 – бапқа дейін көбейтуге болатынын айтады [8, 190 б].

Келісім баптарына кодификациялау тұрғысынан қарайтын болсақ 4 баптан 13 бапқа дейінгі баптар және 25 – баптан 33 – бапқа дейінгі баптар бір ұғымда болғандықтан, баптардың санын 30-ға дейін қысқартуға болады. Десек те, бүгінгі күнге дейінгі зерттеушілердің көпшілігі осы 47 баптық нұсқаны негізге алып жүр.

М.Хамидулаһ бұл құжатқа «Мәдина конституциясы» деген баға бергенмен, келісімдегі қамтылған мәселелерді түгел талдамаған. Ол өзінің «Исламға кіріспе» атты лекциялар жинағында «Мәдина конституциясының» мазмұны жөнінде қысқаша былай дейді: «Хз.Мұхаммед с.ғ.а жасаған 52 баптан тұратын хатқа түсіп, күні бүгінге жеткен бұл конституцияда жаңа мемлекетті басқарушы мен азаматтардың құқықтары мен міндеттері, әділеттің қамтамасыз етілуі, қаланың қорғанысы, мұсылман емес отандастарға берілген құқықтар, өзара әлеуметтік көмек, сенім мәселелері т.б. сол дәүірге тән мәселелер қарастырылды» [82, 193 б].

Жалпы, «Мәдина конституциясына» қалам тербеген зерттеушілердің басым көпшілігі М.Хамидулаhtың пікірлерін қайталаумен шектеледі. Бұл құжатта Мәдина мемлекетінің ішкі құрылымы мен сыртқы саясаты және әкімшілік басқару жүйесі мен әскери, азаматтық, қылмыстық құқықтық мәселелерінің негізгі бағыттары қарастырылған болса, оның қандай ерекшеліктері бар екендігін анықтауымыз шарт.

Біздіңше «Мәдина конституциясында» негізінен мынадай мәселелер қарастырылған:

- 1.Саяси тұжырымдама;
2. Әкімшілік бөлініс;
- 3.Әскери доктрина;
4. Қылмыстық істер мәселесі;
5. Азаматтық істер мәселесі;
6. Діни мәселелер.

«Мәдина конституциясында» қамтылған мәселелерерге жеке-жеке тоқталатын болсақ:

Саяси мәселелер. «Мәдина конституциясында» мемлекеттің ішкі, сыртқы саяси мәселелері қалай қарастырылғанын анықтау арқылы жаңа мемлекеттің құрылу негізін мен функцияларын айқындауға болады. Мәдинада құрылған бұл жаңа мемлекет негізінен ішкі тәртіпті қамтамасыз ету мен сырттан келер қауіптің алдын алуға басымдық берді.

1 баптағы «Құрайш мұсылмандары» деген тарап Меккеде пүтқа табынушы өз тайпаластарынан 13 жыл бойы ислам дінін қабылдағанына байланысты қысым көріп, ақырында бұл кіріптарлықтан құтылу мақсатында Әус пен Хазраж тайпасының мұсылмандарымен келісім жасап, Мәдинаға көшіп келді [9, 276 б].

Ал, Мәдина мұсылмандарына келетін болсақ, олар осындағы Әус пен Хазраж араб тайпалары еді. Олардың түбі иемендік арабтар болғанын, ондағы егістік алқаптарын су басып қалғаннан кейін, олар Мәдинаға жан сауғалап көшіп келгендігін жоғарыда баяндадық. Меккелік Құрайыш мұсылмандары Мәдинаға келмestен бұрын Әус пен Хазраж тайпасының өкілдерімен Ақаба келісімшарттарын жасады. Көп ұзамастан Әус пен Хазраж тайпасының көпшілігі ислам дінін қабылдады [58, 30 б].

1 – баптағы «Оларға бағыныштылар мен кейін қосылғандар және бірге соғыскандар» деген тараптар Мәдинадағы Қайнұқа, Нәдір, Құрайза атты яһуди тайпалары және осы яһуди тайпаларының құрамындағы Ауф, Нажжар, Харис, Сайд, Жушам, Салаба, Жафна, Шутайба рулары, сондай-ақ, Әус пен Хазраж тайпасының пүтқа табынушылары болатын [55, 23 б].

Жалпы, Мәдинадағы яһуди тайпаларының мұсылмандармен келісімге келуінің мынадай үш себебі болғандығын болжауға болады:

Біріншіден, яһуди тайпалары өз арасындағы дау-жанжал кезінде екіге жарылып, Әус пен Хазраж тайпасына арқа сүйейтін. Қайнұқа яһуди тайпасының одактасы Хазраж араб тайпасы болса, Нәдір мен Құрайза яһуди тайпасының одактасы Әус араб тайпасы еді. [8. 199 б]. Яғни, яһуди тайпалары өз одактарының келісімге шақырғанынан бас тарта алмады.

Екіншіден, яһудилер бұл келісім арқылы өздерімен жауласуши Шығыс Рим христиандарына қарсы мұсылмандармен одактас боламыз деген сенімде болды. Жоғарыда айтты өттік Шығыс Рим империясына қарасты Сириядағы христиан дініндегі Гассани әмірлігі Палестина мен Вавилондағы яһудилерді Isa пайғамбарды өлтірген деп шабуылдағаннан кейін, яһудилер Араб түбегіне қашуға мәжбүр болды. Яһудилерге Мәдина мен Хайбар өлкесіне көшіп келгеннен кейінде гассандық арабтар бірнеше рет шабуылдады [14, 158 б]. Яһудилердің мұсылмандармен бір мемлекетте өмір сүруге келісімшарт жасасуына Шығыс Рим Империясына қарасты гассандықтардың төндірген қаупіне мұсылмандармен бірігіп қарсы тұрамыз деген ішкі есебінің болғандығын байқауға болады.

Үшіншіден, яһудилердің бұл келісімшартқа уақытша отырғандығын жобалауға болады. Себебі, яһудилер Мәдинаға сырттан қауіп төнгенде келісімшартқа сай өз міндеттерін атқармады [83, 51 б]. Яғни яһудилердің әрекетінен көп ұзамай Құрайыш пүтқа табынушылары Мәдинаға шабуылдан, мұсылмандар мемлекетін құлатады. Сөйтіп, Мәдина билігін қайта өз қолымызға өтеді деген ниеттің болғандығын бажайлаймыз.

Мәдинада ислам мемлекеті құрылған алғашқы жылдары мемлекеттің негізгі ішкі функциясы яһудилердің келісімшарт негіздерін сақтамай, мұсылмандардың солармен арпалысқандығын ескерсек [83, 50-51 б],

яңудилердің мұсылмандармен келісімге келуінің саяси ойын екенін ұғу қын емес. Тек, Құрайза яңуди тайпасының «Ор» соғысында Хүйай б. Ахтаптың мұсылмандарға қарсы азғыруына алғашқыда қарсы болуы [32, 168 б], біз көрсеткен үшінші себепті жоққа шығарғандай болады. Алғашқыда, Құрайза тайпасының азғыруға ере қоймауының себебі, Нәдір яңудилері өздерін Құрайза яңудилерінен жоғары қоятын. Нәдірдің бір адамы Құрайзаның бір адамын өлтірсе, жарты құн төлейтін. Ал керісінше құрайзалық яңуди Нәдірдің адамын өлтірсе, бүтін құн төлейтін. Мұхаммед с.ғ.а яңудилер арасындағы бұл теңсіздікті жойды [14, 297 б]. Құрайза яңудилерінің алғашқыда Мұхаммедті с.ғ.а жақтауының мәнісі осында еді.

Әус пен Хазраж тайпасының пүтқа табынушыларының аты айтылмағанмен 1 – баптағы «бағыныштылар» және 14 – баптағы «кәпірлер» деген тараптың солар екені түсінікті. Ибн Хишам өз еңбегінде Әус тайпасынан Хатм, Уакиф, Уайл, Умайй сынды әuletтердің мұсылмандықты қабылдамағанын айтады [25, 186 б].

Мәдинада христиандардың болғандығынан хабар беретін деректер жоқтың қасы. Ибн Хишам Әус тайпасының беделді адамдарының бірі Әбу Амир Әбд ибн Сайфидің христиан дінінде болғандығын айтады. Ол Мұхаммед с.ғ.а Мәдинаға көшіп келгенде Меккеге қоныс аударған. Кейін Мекке алынғанда Тайфқа көшеді. Өмірінің соңында Тайфты мұсылмандар бағындырғаннан кейін, Сирияға кетіп, сонда өлген [25, 266-267 б]. Басқа деректерде Әбу Амир Әбд ибн Сайфиден басқа Әус тайпасының ішінде христиан дінін ұстанған бірлі-жарым адамың болғандығы айтылады [63, 334 б]. Дегенмен, Мәдинағы яңуди қауымының басты жауы өздерін Вавилон мен Палестинадан қуғындаған христиандар болғандықтан, Мәдинада христиандар көп мөлшерде тұрды деп айту қын. Себебі, исламға дейінгі Мәдина туралы деректердің көшілігінде Мәдинада пүтқа табынушы Әус пен Хазраж араб тайпасы және Нәдір, Қайнұқа, Құрайза яңуди тайпаларының тұрғандығы айтылады. Егер, Мәдинада христиандар бар болған болса 1 – баптағы «бағыныштылар» деген тараптың осылар екендігін ұғуға болады.

М.Хамидуллаһ «622 жылы Мұхаммед пайғамбар мұсылмандарға санақ жүргізіп, олардың санының 1500 адамға жеткен» [8, 183 б] дейді. Ислам тарихшылары сол кезде Мәдина қаласында 10000-дай халықтың өмір сүргендігін айтады. [63, 333 б]. Бұл сандарға қарап мұсылмандар Мәдинада үстемдік еткенмен яңудилер мен пүтқа табынушылардың олардан сан жағынан басым екенін аңғарамыз.

Сонымен қатар 1 – баптағы «бағыныштылар мен кейін қосылғандар және бірге соғысқандар» деген тарапқа Мәдинағы тайпалардың қамқорлығында болғандар мен олармен дос тұтылған адамдарды жатқызуға болады. Араб дәстүрінде қамқорлыққа алынғандарды «маула», дос тұтылғандарды «данил» деп атайдының жоғарыда баяндадық [9, 98 б].

2 – баптағы «Бұл келісімге (**ахдатун**) келгендер басқаларға қарағанда айрықша бір қауым саналады» - деген нормадан Мәдинада тәуелсіз ислам мемлекетінің құрылғандығын көре аламыз. Мұхаммедтің с.ғ.а Мәдинаға

көшүдегі басты мұраты – жаңа ислам дінінің ережелеріне сай өмір сұру үшін пұтқа табынышыларға кіріптар емес, тәуелсіз мемлекетті қалыптастыру еді. Мәдинаға көшу жөніндегі Меккедегі Ақаба келісімдері мен Әус пен Хазраж мұсылмандарымен жасалған бауырмашылдық келісімшарттар және осы құжаттағы януди тайпаларымен жасалған келісім негіздері тәуелсіз ислам мемлекетін құрудың амалдары болатын.

В.С.Соловьев өз шығармасында Мұхаммед с.а.ғ Мәдинаға көшіп келгеннен кейін мұхажірлер мен ансарлар және мұндағы януди тайпаларының қарым-қатынасын реттейтін жазбаша негізде «ереже» қабылдағандығын, бұл «ереже» бойынша мұхажірлер мен ансарлардың тең құқылы болғандығын баян етеді [27, 42 б].

Бұл құжаттығы аты аталған тайпалардың өз әдет-ғұрып заңын қоргауға мүмкіндік алуы және олардың тең құқықтық мәртебеге ие болуы Мәдина дағы ислам мемлекеті унитарлы мемлекет болып қалыптаспағанын көрсетеді. Осы себептен де М.Хамидуллаң: «Мәдина Ислам мемлекетін федеративтік мемлекет» [8, 194 б] деген болатын.

«Мәдина конституциясында» тараптарға тең құқықтық мәртебе туралы 16 – бапта Бізге қарасты янудилерге өнеге мен көмек беріледі. Оларға зұлымдық пен қарсылық көрсетілмейді» - деген норма бекітілген. Сонымен қатар, құжаттың 25 – бабымен 35 – бабы арасындағы аты аталған тайпаларға тең құқықтық мәртебе берілді. Мұнда Ауф, Нажжар, Харис, Сайд, Жушам тайпасының янудилері – деп, Құрайза януди тайпасын, Әус янудилері және Салаба, Жафна, Шутайба янудилері деп, Нәдір мен Қайнұқа янудилері көрсетілген.

«Мәдина конституциясында» Құрайза, Нәдір, Қайнұқа януди тайпаларының құрамындағы рулар келісімге қатысуши жеке субъектілер ретінде қарастырылған. Себебі, әр рудың құқықтық мәртебесі туралы келісімнің 25-35 баптарында жеке-жеке нормалар көрсетілген. М.Хамидуллаңтың айтуына қарағанда сол кезеңде Мәдина да янудилердің 20 руы өмір сүрген [8. 211 б]

Мұхаммедтің с.ғ.а януди тайпаларын бұлай қамқорлыққа алуының себебі, Құранда өзге діндегілермен қарым-қатынас туралы: «Дін турасында сендермен соғыстаған әрі сендерді өз отандарыңнан қуып шығармаған адамдарға жақсылық жасауларыңа және оларға әділетті болулады Алла-Тағала қарсы емес. Өйткені, Алла-Тағала әділеттілік жасағандарды жақсы көреді» (Мұмтахина, 7) деген үкім кесілген болатын.

Сондай-ақ, ислам дінінде бір ұлттың екінші ұлтқа өктемдік жасауына жол берілмейді. Барлық ұлттар сенім-нанымына қарамастан тең болып табылады. Бұл туралы Мұхаммед с.ғ.а: «Араб ұлты өзге ұлттарға үстемдік ете алмайды, сондай-ақ, өзге ұлттар да араб ұлтынан үстем емес» [6, 234 б] деген еді. Алайда, Ислам дінінің негіздерінде ұлттардың тенденсі принципі паш етілгенмен, ислам тарихқа көз жіберер болсақ, ұдайы ұлттар тенденсі принципі қатал сақталды деп айту қыын. Омаядтар династиясы ислам билігін қолына алған кезде, араб ұлтының үстемдігі белең алғаны белгілі. Харижиттер оппозициясының тарих

сахнасына шығуының бір себебі, исламда араб ұлтының үстем болуына қарсы болған еді [84, 42 б].

«Мәдина конституциясында» мұсылмандарға негізгі қауіп төндіруші Құрайыш пұтқа табынушыларына деген саяси доктриналар қарастырылды. Сол кездегі әлемнің алып империясы саналған Шығыс Рим империясы мен Ирандық Сасани немесе Араб түбегін мекендеген өзгеде тайпалалаға қарсы құқықтық нормалар көзделмей, меккелік Құрайыш пұтқа табынушыларына тоқталып өтуінің себебі, исламның өркен жауына бірден бір қарсы Құрайыш пұтқа табынушылары болатын. Араб түбегінде ислам үстемдік етсе, Меккедегі Қағба қасиетінен айырылып, біздің күніміз қараң болады деп түсінген Құрайыш пұтқа табынушыларының қорқынышын жоғарыда баяндадық. «Мәдина конституциясын» құқықтық актімен қатар доктрина сипатындағы құжат деуге мұсылмандардың Құрайыш төндіретін қауіптің алдын алуға басымдық берген нормаларын негізге алуға болады. Бұл туралы 14 – бап пен 20 – баптың бір тармағында мынадай норма көзделген: «Мұсылман кәпірді өлтіргені үшін бір мұсылманның қанын төкпейді. Мұсылманға қарсы келген кәпірге көмек көрсетілмейді», «Мүшіріктер Құрайыш адамдарымен олардың мал-мұліктерін өз қамқорына алып қорғай алмайды. Мұсылмандардың бұл жолдағы күресіне ешкім кедергі келтіре алмайды». Соңдай-ақ, 43 – бапта: «Құрайыш тайпасындағылар және оларға көмектескендер ешкімнің қамқорына алынбайды» деген норма бекітілді.

Мәдинадағы ислам мемлекетінің сыртқы саясаты жағдайында бейбіт келісім жасау туралы 17 – бапта мынадай нормалар қарастырылған: «Мұсылмандардың бейбітшілігі баршаға ортақ. Мұсылман Алла жолындағы соғыста басқамен тенденциялық және оларға көмектескендер ешкімнің қамқорына алынбайды» деген норма бекітілді.

Құрайыш (мұхажір) және Мәдина мұсылмандары (ансар) бір бірінің хабарынсыз ешкіммен келісім жасамауы тиіс болды. Бұл норма Құрайыш пен Мәдина мұсылмандардың мызғымас бір одақ құрғандығын көрсетеді. Сонымен қатар, 45 – бап бойынша егер мұсылмандар Мәдина қаласы үшін маңызды бір бейбіт келісім жасайтын болса, яңудилер бұл келісімге қатыса алатын. Яңудилер дәл осындай бейбіт келісім жасайтын болса, бұл келісімге мұсылмандар қатысуға құқылы болды. Яңудилер бұл келісімге келу арқылы Шығыс Рим христиандарына қарсы өздеріне сенімді одақтас тапса, мұсылмандар бұл норманы бекіту арқылы Меккедегі пұтқа табынушылар Мәдинаға шабуыл жасаған жағдайда яңудилердің олардың жағына шығып кетпеуінің алдын алды. Мәдинада пайда болған ислам мемлекеттілігі федеративті мемлекет болғандықтан және діни сенімі әртүрлі бірнеше қауымның бір кезеңде қатар өмір сүруі үшін тараптар бейбітшілік ұстанымда болуы тиіс болды. Жаңа құрылған жоғарғы саяси ұйым мемлекеттілікті өміршенді ету үшін субъектілерден бейбітшілікті қатаң ұстануды талап етті.

Әкімшілік бөлініс. ««Мәдина конституциясында» әкімшілік бөлініс туралы тайпалық дәстүр негізге алынды. Әус пен Хазраж тайпалары өз ішінен бірнеше руларға бөлінетін. Хазраж тайпасы Нажжар, Жушам, Саид, Харис. Ауф руларынан тұрса, Әус тайпасы Набит Ауф, Ауфса руларынан тұратын [8, 211

б]. Сонымен бірге, дәстүрлі тайпалық құрылым бойынша руларға бір бірімен туы бірнеше әuletтерден тұратын. Ал, әulet басшысы мен ру басшысы тайпа басшысына бағынатын [9, 92-93 б].

«Мәдина конституциясындағы»: «Әrbіr тайпа өз ішіндегі мәселелерді өз әдел-ғұрыптары бойынша шешеді» деген норма (3-11 – баптар) тайпалық дәстүрге жасалған ишара болатын. Сонымен бірге, 45 –баптың б тармағында «Әrbіr тайпа өздеріне қарасты аймақтың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді» деген норма қарастырылды. Бұл норма Мәдина дағы әrbіr тайпаның белгілі бір әкімшілік аймақтан тұратынын көрсетеді.

Мәдинадан януди тайпалары шығарылғаннан соң және қоғамдық қатынастарды реттеу біrtіндеп Құран мен сұннет үкімдеріне негізделгенде, әкімшілік басқарудағы ескі тайпалық дәстүр нормалары күшін жойды. Дегенмен, ислам мемлекеттілігінің қалыптасуы кезеңінде «Мәдина конституциясының» әкімшілік нормалары елеулі рол атқарды.

Келісім бойынша Мәдина федеративті ислам мемлекетінің басшысы Мұхаммед с.ғ.а болып табылды. Себебі, 23 – бапта «әrbіr туындған даулы мәселеге әділ шешім айту Аллаға және Мұхаммедке тапсырылады» - деген норма бекітілді. Сонымен бірге, 42 – бапта «Бұл келісімдегі (**сахибатун**) аты аталған тайпалар арасында бұлікке әкеліп соғатын немесе қылмыс орын алса, шешімі Аллаға және Мұхаммедке тапсырады» деген норма қарастырылды. Л.И.Климович те өз еңбегінде: «Бұл келісімшарт бойынша мұхажірлер мен ансарлар және януди тайпалары тең құқылы болды. Мұхаммед с.а.ғ Мәдина мемлекетінің жоғарғы соты және саяси жетекшісі болып белгіленген» [16, 27 б] дейді. Мұхаммед с.ғ.а келісімдегі өзіне берілген өкілеттік арқылы Мәдинаның саяси және рухани лидері атандып, мемлекеттік мәселелердің бастамасышы бола алды.

Әскери доктрина. Жаңа бой тұзеген жас мемлекеттің басты мәселелерінің бірі соғыс жағдайында мұсылмандар мен янудилер қандай ұстанымда болу керек, бірігіп әскер шығарған болса, кім қолбасшы болуы тиіс, әскери тәртіптің қафидалары қалай болуы керек деген мәселелер еді. «Мәдина конституциясының» бірнеше баптарында Мәдина дағы өмір сүрген тайпалардың соғыс жағдайында қалай іс-қимыл жасау керектігі баяндалған. Сол кездегі Мәдинаның геосаяси ахуалын негізгі соғыс қаупі Меккелік пүтқа табынушылар мен янудилерге өшіккен Шығыс Рим христиандары тарапынан туындауы мүмкін болатын.

«Мәдина конституциясында» соғыс қаупі күн тәртібіне шыққан жағдайда Мәдина мемлекетінің мұсылмандары мен янудилерінің біріккен әскеріне Мұхаммед с.ғ.а қолбасшылық жасайтын болып шешілді. Бұл туралы 18 – бапта «Бізben бірге соғысқа шығатын бүкіл әскери жасақтар белгілі бір тәртіпке бағынып әрекет етеді» және 36 – бапта «Януди тайпалары мұсылмандармен бірге соғысқа Мұхаммедтің рұқсатының шыға алмайды» деген норма қарастырылды.

Соғыс жағдайында мұсылмандар мен янудилердің әскери жасақтары қалай әрекет ету керектігі 37 – бапта былайша анықталған:

«Янудилердің нәпақасы өздеріне, мұсылмандардың нәпақасы өздеріне. Бұл келісімдегі (сахибатун) аты аталған тайпалар соғыс ашқандарға қарсы бір одак болып табылады. Одактастар өзара жақсы қарым-қатынас аясында әрекет етеді. Күнәдан таза адалдық болуы тиіс».

Мұнда тараптар соғыс шығындарын өздері көтереді дегенмен 38 – бап бойынша, егер янудилер мұсылмандардың мұддесі үшін соғысатын болса, соғыс шығындарын өздері көтеруі тиіс болды. Келісімдегі әскери шешім бойынша Мәдинаға қандай бір қауіп төнбесін мұсылмандар мен янудилер бір біріне көмек беруі міндettі болды. Бұл туралы 44 – бапта былай баяндалады: «Мұсылмандар мен янудилер Мәдина қаласына шабуыл жасағандарға қарсы соғысуға бір біріне көмек береді».

Мәдина қаласының тыныштығы мемлекеттің басты құндылықтарының бірі болып табылды. Бұл туралы 39 – бапта «Бұл келісімге келгендерге Мәдина қаласының ішінде соғысуға тиым салынады» деген норма бекітілген. Сонымен қатар, әрбір тайпа өздеріне қарасты аймақтың тыныштығын сақтауға тиіс болды. Бұл туралы 45 – баптың б тармағында: «Әрбір тайпа өздеріне қарасты аймақты қауіпсіздігін қамтамасыз етеді» деген норма бекітілді.

Бұл әскери нормалар «Мәдина конституциясының» жаңа пайда болған ислам мемлекеттілігінің әскери доктринасын қарастырғанын көрсетеді. Меккелік пүтқа табынушы құрайыштықтар мен Шығыс Рим империясына қарасты Сириядағы Гассани әмірлігі Мәдинаға әскери жорық жасауы әбден мүмкін еді. Бұл қауіптің алдын алмаса Мәдина мемлекетінің болашағы бұлдыр болатын. Мұхаммедтің с.ғ.а осы жағдайды терең ұғына отырып, қауіптың алдын-алу үшін әскери доктринаны бекітуі, сөз жоқ оның көреген стратег екендігін көрсетеді. Көрнекті мысырлық исламтанушы Мұхаммед Әбу Захра өз зерттеуінде Мұхаммедтің с.ғ.а Құран үкімдеріне сүйеніп, әскери доктрина негіздерін бекіткенін жан-жақты дәлелдейді [83, 29-32 б]. Яғни, Мұхаммедтің с.ғ.а әскери ахуалды сауатты реттеуіне уаҳи жол көрсеткен.

Қылмыстық істер мәселесі. «Мәдина конституциясында» қылмыстың алдын алу, қылмыстың әділ жазасын беру, қылмыстық дауды ұтымды шешуге арналған құқықтық нормалардың басым екенін аңғаруға болады. Қылмыстық істерді әрбір тайпа өз әдет-ғұрыптары бойынша қарастырды. Бұның себебі, жоғарыда айтып өткеніміздей Мәдина қаласында ислам дініндегі мұсылмандармен бірге иуда дініндегі янудилер және пүтқа табынушылар бір мезгілде қатар өмір сүрді. Әрбір тайпаның қылмыстық қағидалары және қылмыстық жазалары әрқилы болуы мүмкін екендігіне байланысты әрбір тайпа қылмыстық дауларды өз әдет ғұрыптары бойынша қарастыруы тиіс болды. Егер екі тайпа өкілдерінің арасында қылмыс туындаған жағдайда әділет қағидалары негізінде мұсылмандар шығарған үкім соңғы шешім болып табылады. Бұл туралы құжаттың 3-11 – баптарында баян етілген.

Әрбір тайпа өз араларындағы болған қылмысты жасыруына немесе қылмыскерге пана болуына жол берілген жоқ. Бұл туралы 13 бапта мынадай норма қарастырылды: «Дінді берік ұстанушылар өз араларындағы қастандықпен шапқыншылық жасағандарды және арандатушаларды жауапқа

тартады. Қылмыс істеген өз ұлдары болса да, жауапкершіліктен босатылмайды». Сондай-ақ, 22 бапта «Осы келісімді (**сахибатун**) қабылдаған Аллаға және ақырет күніне сенген мұсылмандардың дінге жаңалық енгізушіге көмектесуіне және оған пана болуына болмайды. Кімде-кім көмек берсе және қамқорлығына алса қиямет күні Алланың қарғысына ұшырайды. Әрі одан ешнэрсе қабылданбайды» деген норма бекітілді.

Мұсылман құқығы бойынша қылмыскер жеке жауапкершілікте болуы тиісті-тін. Мәдинаға дейінгі Мекке кезеңінде жеке жауапкершілік туралы Құранда мынадай үкімдер бар болатын: «Әлде кім ізгі іс істесе сонда өзі үшін. Ал кім жамандық істесе о да өзіне» (Жасия, 15). «Әлде кім бір жамандық іс істесе, сонда ол соның өзіндегі ғана жаза көреді. Ал және ер, әйел кімде-кім сенген түрде ізгі істесе, ал міне солар жаннатқа кіреді (Фағыр, 40). «Ешбір құнақар басқаның құнәсін көтермейді. Құнәсі ауыр болған біреу көтеруге шақырса, егер жақыны болса да оған ешнэрсе жүктелмейді» (Фатыр, 18).

«Мәдина конституциясының» 13 және 22 – баптары қылмыстық істе жеке жауапкершіліктің болуын талап етті. Бұл дегеніміз жеке жауапкершілікті міндеттейтін Құран үкімдерінің «Мәдина конституциясына» екпінді әсер еткенін аңғартады.

Қылмыстық жауапкершілік тайпалық дәстүрге мынадай жағдайда арқа сүйейді: егер қылмыскер келтірген зиянының орнын өтеуге шамасы жетпесе, онда оның тайпасы құн төлемін бірге өтеуге тиіс болды. Қылмыс үшін құн төлеу зиян тек қасақана келтірілгенде ғана, ал егер зиян қорғану мақсатында туындаған туындаса, онда зиянның орны өтелмейтін. Қылмыскердің қылмысы үшін отбасылық мүліктің жауапкершілігі болатындығы 36 баптың б тармағында: «Жарақатқа өтемекі тек қасақана зиян келтірілгенде ғана алынады. Кімде-кім зұлымдық жасаса, өзімен бірге отбасына зұлымдық жасаған болып табылады. Алла осы істе адалдық танытқандармен бірге» деген норма бекітілді. Бұл норманың ену себебі, біріншіден араб қоғамындағы тайпалық дәстүр негізге алынса, екіншіден қылмыскерге қылмысы үшін отбасын мүліктік жауапкершілікке ұшырататынын сезіндіру арқылы қылмыстың алдын алуы болатын.

Меккелік мұсылмандар Мәдинаға қоныс аудару арқылы бостандыққа қол жеткізді. Мәдинаға келген соң мұсылман құқығы үкімдерін іске асыруды қолға алды. Солардың бірі азаматтық және қылмыстық жауапкершілікте адамдардың тең болуы еді. Исламға дейін арабтарда қылмыстық немесе азаматтық істерде шейхтің кімге бүйрекі бұрса, жеңіс сол жақта болатын [17, 430-433 б]. Яңудилерде зина жасаған адамды таспен ұрып өлтіру жазасы болғанмен, әл-ауқаты жоғарыларға бұл жаза қолданылмайтын. Керісінше кедей-кешік зина жасаса, таспен ұрып өлтірілетін [25, 256-259 б]. Ал, 15 – бапта қылмыстық немесе азаматтық жауапкершілікте адамдарды алалауға жол бермейтін мынадай құқықтық норма көзделді: «Алланың уәдесі жалпыға ортақ. Мұсылман келісімге келген мұсылман емес адамның да қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады». Ал, меккелік Құрайыш аристократтарының исламды

терістеуінің бір себебі, исламда бай болсанда, кедей болсаң да теңсің деген принциптің болуы еді [14, 77-78 б]

«Мәдина конституциясында» қылмыстық жазаның екі түрінің болғандығын көруге болады. Бірінші санкция бойынша зиян көруші тарап кешірім бермеген жағдайда қанға қан жазасы берілді. Бұл туралы 21 бапта мынадай құқықтық норма көзделген: «Бір адамның бір мұсылманды өлтіргендігі нақты дәлелденіп, өлген адамның жақын туыстары кешірім бермеген жағдайда қанға қан жазасы беріледі. Бұған мұсылмандар бірауыздан келіседі. Мұсылмандар кесілген жазаны міндепті түрде орындаиды». Екінші жаза бойынша қылмыскер келтірген зиянның орнын құн төлеуі тиіс болды. Бұл туралы 12 баппен 36 баптың б тармағында құқықтық нормалар көзделген. Сонымен бірге, жәбірленуші тарап қылмыскерді кешірген жағдайда қанға-қан жазасының орнына жүретін құн төлеу жазасы да мұсылман құқығына сай үкім болды [45, 228 б]

Мәдина мемлекетінің жоғары соты қызметін Мұхаммед с.ғ.а атқарды. Бұл туралы 23 бапта «Әрбір туындаған даулы мәселеге әділ шешім шығару Аллаға және Мұхаммедке тапсырылады» деген норма бекітілген. Төменгі соттар қызметін тайпа басшылары атқарды. Өйткені 3 – баптан 11 – бапқа дейінгі баптарда аты аталған тайпалар өз арапарында туындаған құн дауларды өз әдет-ғұрыптар бойынша шешетіндігі айтылған. Даулы мәселелер өз арапарында шешімін таппаған жағдайда ғана Мұхаммед пайғамбар соңғы шешімді айтуы тиіс болды.

Азаматтық істер мәселесі. «Мәдина конституциясында» азаматтық мәселелер қамқоршылық жасау, отбасы мен дос тұту және мүліктік жауапкершілік тақырыбында өрбіді. Ол дәүірдегі тайпалық дәстүр бойынша құлдықтан босатылғандар бұрынғы қожайынының қамқорында болды. Сонымен бірге жалғыз жарым сұраушысы жоқ деп, танылған адамдар белгілі бір тайпаның мүшесімен достық серт жасасатын. Құлдықтан босағандарды «мәула», достық серт жасағандарды «даһил» деп атайдын [9, 98 б]. Араб қоғамында құлдар (абд) да бар еді. Құлдардың басы азат емес болғандықтан қамқорлықтағы адаммен салыстыруға келмейтін. Ал, қамқорлықтағы адамдар «Мәдина конституциясы» бойынша қамқоршылармен бірдей құқықтық мәртебеге ие болды. Бұл туралы 40 бапта: «Қамқорлықтағы адамдар қамқоршы адамдар секілді құқықтық мәртебеге ие. Одан зиян да көрмесін, жапа да шекпесін» деген норма қарастырылды. Қамқорлық жасауға пұтқа табынушы мүшіріктерге ғана тиым салынды. Оның себебі жаңа құрылған Мәдина мемлекетіне негізгі қауіп төндіретін мұсылмандарға өшіккен меккелік мүшіріктер еді.

«Мәдина конституциясында» «мәула» болу мәселесі бір ізге түсірілді. Бір адам екінші адамға қарсы оның «мәуласы» болған адамымен келісімшарт жасамауы тиіс болды. Бұл туралы 12 баптың б тармағында мынадай құқықтық норма бекітілген: «Бір мұсылман келесі мұсылманның келісімге отырған адамымен сол мұсылманның хабарынсыз келісімге отырмайды».

Дәстүрлі тайпалық түсінік бойынша «мәула» (құлдықтан босаған адам) мен «даһил» (дос тұтылып қамқорлыққа алынушы) «хұрлармен» бірдей құқықтық мәртебеге ие емес болатын. Бір «мәула» бір «хұр» (азат) әйелмен үйлене алмайтын [9, 98 б]. «Мәдина конституциясының» үлкен бір жаңалығы «мәула» мен «даһилге» «хұрмен» бірдей құқықтық мәртебе беруі еді. Бұл туралы 40-ші бапта мынадай құқықтық норма қарастырылған: «Қамқорлықтағы адамдар қамқоршы адамдар секілді құқықтық мәртебеге ие. Одан зиян да көрмесін, жапа да шекпесін»».

Р.Буюти 40 баптағы: «Қамқорлықтағы адамдар қамқоршы адамдар секілді құқықтық мәртебеге ие» атты норма ер адамның әйелдерге деген құқығын да қамтып отырғанын айтады [33, 216 б]. Яғни, бұл нормаларды таратып түсіндіретін болсақ, 40 – бап бойынша отбасында ер адамның қамақорлығында саналатын әйелдің сол ер адаммен құқықтық мәртебесінің тең екендігін көре аламыз.

Мұліктік жауапкершілік мәселесі тайпалық немесе қауымдастық дәстүрлеріне негізделді. Егер, бір адам мұліктік жауапкершіліктегі өз міндеттемесін атқаруға дәрменсіз болған жағдайда онда оған тайпаластары немесе діндес бауырлары көмектесуі керек болды. Бұл туралы 12 бапта былай баяндалады: «Мұсылмандар өз араларындағы ауыр мұліктік жауапкершіліктегі адамды шарасыз, жалғыз қалдырмайды. Айыппұл мен құн төлемі секілді борыштар туралықпен өтеледі».

Араб қоғамындағы тайпалық дәстүр болып табылатын рулық жауапкершілікті ислам Мекке кезеңінде жоққа шығарды (Жасия, 15). 12-ші баптағы «мұсылмандар өз араларындағы ауыр мұліктік жауапкершіліктегі адамды шарасыз жалғыз қалдырмайды» - деген бұл норма дәстүрлі тайпалық түсініктегі рулық жауапкершілікті жаңғыртуды көздемейді. Бұл баптағы норма бір мұсылман азаматтық немесе қылмыстық іс бойынша мұліктік жауапкершілікте дәрменсіз болған жағдайда, оған мұсылмандардың көмектесетіндігін білдіреді.

Мұхаммед с.ғ.а исламға дейінгі арабтардың дәстүрлі тайпалық танымын түгелімен жоққа шығаруды мұрат еткен емес. Сонымен бірге, исламға дейінгі дәстүрлі тайпалық түсінік мұсылман құқығына мүлде қайши емес-ті. Арабтардың қонақжайлышы мен жомарттығын әйгілейтін дәстүрлері ислам құндылықтарымен қабысатын. Сондықтан, Мұхаммед с.ғ.а исламмен үндесетін дәстүрлі тайпалық түсініктің сол күйінде сақталуына рұқсат берді [17, 439-440 б].

Мұсылман құқығының үкім беру қайнар көздеріне әдет-ғұрыптар да жатқызылды. Егер қалыптасқан әдет-ғұрып, қоғамдық-қатынастарды он реттеп жатқан болса және бұл әдет-ғұрыптар ислам негіздеріне қайши болмаса шариғат бұл әдет-ғұрыпты құқықтық үкім берудің қайнар-көзі ретінде қарастырды [43, 26 б].

Азаматтық істер болып табылатын қамқорлық жасау, дос тұту, мұліктік жауапкершілік мәселелерінде дау туындаса, соңғы шешімде Мұхаммед

пайғамбар айтуы тиіс болды. Себебі, 23 баптағы «даулы мәселе» деген терминге тек қылмыс істі емес, азаматтық істі де жатқызуға болады.

Дін істер мәселесі. «Мәдина конституциясында» қамтылған мәселелердің бірі – дін мәселесі еді. Мәдинада ислам діні мен иуда діні және пұтқа табынушы сенімнің өкілдерінің бір мезгілде қатар өмір сүруі бұл келсімде дін мәселесінің орын алуына тікелей әсер етті. Мәдинада мұсылмандар мен яһудилерге қарағанда пұтқа табынушылардың ықпалы төмен болды. Осы себептен мұсылмандар яһудилерге ғана өз діндері бойынша жүріп-тұруға рұқсат берілді. Бұл туралы 25 бапта былай баяндалады. «Ауф яһудилері мұсылмандармен бір қауым. Яһудилердің діні – өздеріне тән, мұсылмандардың да діні – өздеріне тән. Бұл қағида дос тұтылғандарға (мәула) да тиесілі».

Бұл нормадан пұтқа табынушыларға өз сенімдері бойынша жүріп-тұруға тиым салынды деген түсінік шықпауы керек. Десек те, пұтқа табынушы арабтардың кейбір өз қыздарын өздері тірідей жерге көметін әдеттеріне құші басым мұсылмандар жол бермеді.

Дін мәселесінің маңызды екенін көрсететін тағы бір жәйт – Мәдина үшін болатын бейбіт келісімге тараптардың бірге қатысуы еді. Мұсылмандар тарапынан жасалатын бейбіт келісімге яһудилер шақырылған болса, олар бұл келісімге қатыса алады. Сонымен бірге яһудилерде бұндай келісім жасайтын болса, мұсылмандар бұл келісімге қатысуға құқылы еді. Бірақ дін соғысы кезінде бұл қағида өз күшінде болмайды. Мұсылмандар мен яһудилер тек дін соғысы кезінде ғана бейбіт келісім жасаудан бас тарта алатын. Өйткені, Мәдинаға сырттан келетін қауіптің дін тұрғысынан болатыны айдан анық еді.

Тараптарға дін еркіндігі беріліп, бейбіт өмір сүру нормасы көзделгенмен, бір бірінің діни сенімін келеке етуден діни араздық туып, соғыс болған жағдайда бейбіт өмір сүру нормасының күші жойылатындығы ескертілді. Бұл туралы 45 – бапта мынандай норма қарастырылған: «Мұсылмандар тарапынан жасалатын бейбіт келісімге яһудилер шақырылған болса, олар бұл келісімге қатыса алады. Сонымен бірге яһудилерде бұндай келісім жасайтын болса, мұсылмандар бұл келісімге қатысуға құқылы. Бірақ дін соғысы кезінде бұл қағида өз күшінде болмайды».

Мұхаммед с.ғ.а 624 жылы Нәдір яһуди тайпасын Мәдинадан шығарып, сүргінге жібергенде, [14, 273-276 б] осы 45 – баптағы құқықтық нормаға сүйенген болатын.

Жалпы, «Мәдина конституциясының» құқықтық нормаларына дін тұрғысынан қарайтын болсақ, мұсылмандардың басым күшке ие болғандығы аңғарылады. Құжаттың 20 – бабындағы: «Дінді берік ұстанушы мұсылмандар тұра жолдағылар болып табылады» – деген норма осыны айғақтайды. Сонымен бірге, ислам дінінің пайғамбары Мұхаммедтің с.ғ.а Мәдинаның саяси және әскери мәселелер бойынша жетекші, ал, азаматтық және қылмыстық істер бойынша жоғары инстанциялық сот төрелігі құзіреттілігіне ие болуы, мемлекет механизмінде мұсылмандардың басым күшке ие болғандығын көрсетеді. Яғни, «Мәдина конституциясы» бойынша мұсылмандар яһудилердің діни сеніміне

құрмет көрсетуі тиіс болғанымен, саяси тұрғыдан алғанда януди тайпалары мұсылмандардың ықпалындағы автономды әкімішліктер еді.

2.3 «Мәдина конституциясының құқықтық мәні мен мазмұны және құрылымдық ерекшеліктері

«Мәдина конституциясындағы» діни, саяси, құқықтық ой-пікірлерді тек сол дәуірге ғана тән деп қарастыруға болмайды. Мұсылман құқығының Құраннан кейінгі қайнар-көзі сұннет болып табылғандықтан, мұсылмандар Мұхаммедтің с.ғ.а бастамасымен жазылған «Мәдина конституциясын» мемлекеттік басқару мәселелерінде ұдайы прецедент ретінде қарастырып келген. Мысалы, Д.Қызырәлиевтің көзқарасынша, Мәмлюк және Осман мемлекеттерінде дінаралық қатынастарды реттеу мен мемлекеттік басқару ісінде «Мәдина конституциясын» үлгі ретінде негізге алған [66, 26 б]. Яғни, «Мәдина конституциясындағы» құндылықтарды мұсылмандық сеніммен бірге өмір сүре береді деген сөз.

«Мәдина конституциясының» мәні мен мазмұны туралы Ю.Виллаузен, В.Соловьев, О.Большаков, Х.Қараман, М.Хамидуллаһ, А.Х.Берки, О.Кескиоғлу, М.А.Захра А. Х.Алгүл, Ю.Апайдын, А.Булаш, С.Хизметли, М.Леккер, М.Гил, У.М.Уотт, А.Гото, У.Рубин, Дж.Сименсон, И.Голдциер, Р.В.Серджент, Ф.Буль т.б көптеген зерттеушілер өз ой-тұжырымын жасады. Дегенмен, Пәкістанның Қарачи қаласында 1951 жылы өткен халықаралық ғылыми конференцияның резолюциясында ғалымдар «Мәдина конституциясының» мазмұны туралы консенсус (ижмағ) жасаған болатын. Тарихта «Карачи каарлары» деген атпен танылған құжатта «Мәдина конституциясының» мынадай құндылықтардан тұратындығы паш етілді:

1. Осы құжатта алғаш рет бірнеше дін өкілдері ортақ тұсіністікке келе отырып, бір Жаратушының бар екенін бірауыздан мақұлдады;
2. Құжаттағы құқықтық нормалар Құран мен сұннетке негізделді;
3. Мәдина қала мемлекеті «Отан, тіл, тек, нәсілдік» мұдде тұрғысында емес, исламның жалпы адамзатқа әкелген құндылықтары негізінде пайда болды;
4. Мәдина қала мемлекетінің функциялары:
 - а) Отандастардың Құран мен сұннет белгілеген құндылықтар негізінде өмір сүруін көздел жамандықты жою, мұсылмандық қағидаларды қатаң сақтау, мұсылмандық негізде тәрбие мен білім беруді қамтамасыз ету;
 - б) Мұсылмандардың татулығын арттырып, біртұтастыққа нұқсан келтіретін себептерді болдырmaу;
 - в) Әлеуметтік және діни сенімнің әртүрлігіне қарамастан, отандастарды азық-түлік, киім-кешек, баспаңа, медициналық көмек, білім берумен қамтамасыз ету.
5. Мәдина мемлекеті мұсылман құқығының мұрат-мақсаты саналатын жеке бастың амандығы, мұліктік және ар-намыс пен сөз бостандығын қорғай отырып, азаматтардың құлшылық жасауына, саяхат етуіне, кәсіппен

шүғылдануына, әлеуметтік жағдайды өз мұддесіне пайдалануына, қызметін жоғарлатуға және өсіп-өнуге тең құқық берді;

6. Азаматтарға берілген бұл құқықтарды ешкім шектей алмайды, тек, соттың шешімімен айыпты деп танылғанда ғана жаза берілуі мүмкін;

7. Мемлекет мұсылман емес азаматтарды да заң шеңберінде діни сеніміне, құлшылық жасауына, оқып білім алуына және өз мәдениетін сақтауына жағдай жасауды қолға алды;

8. Ислам мемлекетінің басшысы; мұсылман, ер жынысты, шын мәнінде халықтың өкілі, діндар, басқару өнерін игерген, ақылы толысқан адам болуы шарт;

9. Мемлекет басшысы қоғамдық салаларды басқаруды өзге лауазым иелеріне немесе белгілі бір мамандық иелеріне жүктеуі мүмкін;

10. Мемлекет басшысының деспоттық билік жүргізуіне жол берілмейді. Мемлекет басшысы басқару барысында, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру үшін үкімет мүшелері және халық өкілдерімен кеңесуге міндетті;

11. Мемлекет басшысы конституцияның бір бөлігін болсын немесе толықтай болсын теріске шығара алмайды. Сондай-ақ, кеңесті (шура) тәрк ете алмайды;

12. Мемлекет басшысын таңдауда, халық өкілдері мемлекет басшысын орнынан алыш тастауға құқылы;

13. Мемлекет басшысының құқықтары өзге азаматтардың құқықтарымен бірдей. Лауазым иелері заң шеңберінде ғана әрекет ете алады;

14. Лауазым иелері мен мемлекет қызметіндегі азаматтар және жаппай халыққа тек бір заң ғана қолданылады. Сот үкімі бәріне тең саналады;

15. Ерекше (апат, соғыс т.б) жағдайларда құқықтық үкімдерді орындау өзгеше сипат алуы мүмкін. Басқа уақытта азаматтар құқықтық үкімдерді орындауға міндетті;

16. Мемлекет шығарған заңдарға қайши келетін анархия және тәртіпсіздікке әкеп соқтыратын пікірлердің насиҳатталуына немесе қозғалыстардың орын алуына жол берілмейді;

17. Құжаттағы құқықтық үкімдерді Құран мен сұннетке қайши деп қарастыруға болмайды [45, 169-171 б].

Қарачи конференциясының «Осы құжатта алғаш рет бірнеше дін өкілдері ортақ түсіністікке келе отырып, бір Жаратушының бар екенін бірауыздан макұлдады» деген қарапымен (1 – қарар) толық келісуге болады. «Мәдина конституциясының» 1 – бабында «Бұл хитаб (келісім құжаты) Мұхаммед пайғамбар тарапынан Құрайыш пен Мәдина мұсылмандары, оларға бағыныштылар мен кейін қосылғандар және бірге соғысқандар арасында түзілді» деп мұсылмандармен қатар Нәдір, Қайнуқа, Құрайза януди тайпалары және өзгеде Мәдинадағы христиандардың айтылғанын жоғарыда айтып өттік. Ал, резолюцияда бірнеше дін өкілдерінің «...бір Жаратушының бар екенін бірауыздан макұлдады» – деуінің себебі, «Мәдина қаласы келісімінің» 15, 19, 22, 23, 42, 46, 47 – баптарында бір «Аллаға» мойынсұну жөнінде нормалар қарастырылған болатын.

Карачи конференциясының «Келісімдегі құқықтық нормалар Құран мен сұннетке негізделді» (2 – қарар) деген қарапын негізге алатын болсақ, бірнеше дін өкілдерінің ортақ түсіністікке келуі, шынында да Құран аяттары мен Мұхаммедтің с.ғ.а әрекеттеріне қайшы емес. Себебі, Құранда бірнеше жерде бұрынғы пайғамбарлардың діндері исламмен ұйысатындығы айтылған. Мысалы, Құранда «Алла жолында шынайы түрде құресіндер. Сендерді Ол (Алла) таңдады және бабаларың Ибрахимның с.ғ.а жолы болған дінде сендерге қыындық қылған емес. Алла бұрын да осы Құранда да пайғамбардың сендерге куә болуы, сендердің де адамдарға куә болуларың үшін «Мұсылман» деп атады...» (Хаж, 78), «Шынында Рабым мені тұра дінге, Ибрахимның (с.а.у) нағыз жолына салды. Ол серік қосушылардан емес еді» (Әнғам, 161) деген үкімдер бар. Ибн Кәсир осы аяттарды тәспірлегендегі Ибрахимнің с.ғ.а діні мен Мұхаммедтің с.ғ.а діні деп, бір діннің айтылып отырғанын баяндайды [51, 1537 б].

623 жылы Иеменнің Наждан өңіріндегі христиандар ислам дінімен танысуға Мәдинаға келгенде, Мұхаммед с.ғ.а наждандықтармен болған бұл діни сұқбатқа януди қауымының өкілдерін қатыстырған еді [14, 213 б]. Имам Табаридің жеткізуінше үш дін өкілдерінің осы кездесуі барысында христиандар пен янудилер таласқа тұседі. Янудилер: «Ибрахим пайғамбар януди дінін ұстанған» десе, христиандар: «Ибрахим пайғамбар христиан дінін ұстанған» деп бір бірімен керісіп қалады. Осы тұста Құраннан: «Ибрахим януди де емес, христиан да емес, ақиқатты ұстанған мұсылман болған еді» (3-67) деген аят нәзіл болып, пайғамбарлардың ұстанған сенімдерінің бір екенін паш етеді [85, 305] Құранда христиандармен түсіністікке келу хақында «Оларға Құран оқылғанда: «Біз бұған сендік. Рас ол, Рабымыз тарапынан түсірілген хақ сөз. Негізінде бұрыннан-ақ мойынсұнған едік» деді» (Қасас, 52), «Әрине мұміндерге дұшпан түрінде янудилерді, мұшіріктерді табасың. Және олардан мұміндерге жақынырақ «Біз христианбыз» дегендерді де табасың...» (Майда, 82) деген үкімдер кездеседі.

Ибн Кәсир: «Эфиопияның христиан патшасы Нажаши Мұхаммедтің с.ғ.а дінін қолдап Мәдинаға жетпіс христианды жіберді. Олар келгенде Мұхаммед с.ғ.а Құранның Ясин сұресін оқыды. Ясинді тыңдаған христиандар исламды қабылдады» деген деректі алға тартып, мұсылмандарға христиандардың жақын болуын осы оқиғамен байланыстырады [46, 1814 б].

Расында Мұхаммедтің с.ғ.а дәуірінде христиандардың мұсылмандарға жақындығын әйгілейтін бірнеше оқиғалар орын алған еді. 615 жылы Мұхаммед с.ғ.а Құрайыштың пүтқа табынушылардан зорлық-зомбылық көрген қорғаушысы жоқ мұсылмандарды Эфиопияға көшіргенде, әділдігімен аты шыққан Нажаши патша мұсылмандарға пана болды [33, 130-132 б]. 617 жылы Мұхаммед с.ғ.а екінші рет Эфиопияға құрайыштықтардан жәбір көрген 83 еркек пен 18 әйел мұсылманды көшіргенде [27, 38 б], Құрайыш пүтқа табынушылары Эфиопия патшасы Нажасиге елші жіберіп, мұсылмандарға пана болмауын талап етті. Сонда Нажаси патша Құранда Мәриям ана мен Иса

пайғамбарды мақтаған аяттардың бар екенін біліп, мұсылмандарға қорған болған еді [33, 130-134 б].

Жалпы, Құранда өзге діндегілермен қарым-қатынас туралы: «Дін турасында сендермен соғыспаған әрі сендерді өз отандарыңнан қуып шығармаған адамдарға жақсылық жасауларыңа және оларға әділетті болуларыңа Алла-Тағала қарсы емес. Өйткені, Алла-Тағала әділеттілік жасағандарды жақсы көреді» (Мұмтахина, 7) деген үкім берілген. Сонымен қатар, ислам дінінде бір ұлттың екінші ұлтқа өктемдік жасауына жол берілмейді. Барлық ұлттар сенім-нанымына қарамастан тең болып табылады. Бұл туралы Мұхаммед с.ғ.а: «Араб ұлты өзге ұлттарға үстемдік ете алмайды, сондай-ақ, өзге ұлттар да араб ұлтынан үстем емес» [6, 234 б] деген болатын.

А.О.Атеш өзінің яңуди мен христиан және ислам құқықтарын салыстырмалы түрде зерттеген диссертациялық жұмысында, осы үш діннің сенім негіздерінде ғана емес қоғамдық қатынастарды реттеуші нормаларында да белгілі бір ұқсастықтардың бар екенін айтып өтеді. Мысалы, яңуди және мұсылман құқықтарында қозғалмайтын мүлікті сату, сатып алу келісімінде мүліктің сатушыдан сатып алушыға өтуі шарты және келісімге сай тараптар өз міндеттерін орындаған жағдайда, тағайындалатын жазаның мөлшері, сондай-ақ, пайызға тиымның салынуы секілді т.б құқықтық нормаларда белгілі бір деңгейде ұқсастық бар [30, 487-495 б]. Мұсылман заңгерлері осы ұқсастықтардың негізінде «Исламнан бұрынғы шариғаттар» (бұрынғы діндердің исламға қайшы емес үкімдері) деген мұсылман құқығының қайнар-көзін қалыптастыруды [43, 29-30 б].

«Мәдина конституциясында» бірнеше дін өкілдері бір қалада қатар өмір сүргендіктен бейбітшіліктің сақталуына барынша қатты көңіл бөлінді. Бұл туралы келісімнің 17 – бабында «Мұсылмандардың бейбітшілігі баршаға ортақ. Мұсылман Алла жолындағы соғыста басқамен тенденциялық нормалар қарастырылды. Ал, ислам мемлекетінің осы функциясын Қарачи конференциясы «Мұсылмандардың татулығын арттырып, біртұтастыққа нұқсан келтіретін себептерді болдырмау» (4 – қарар) деген қарапмен бекітті.

Мұхаммед с.ғ.а бейбітшілікті сақтау үшін Мәдинадағы діни күштермен ғана емес, қала төңірегін мекендеуші, әлі исламды қабылдамаған Дамра, Ғифар, Мудлиш тайпаларымен де одактастық келісімшартын жасады [86, 351 б]. Себебі, мұсылмандардың Мәдина дағы жаңа саяси құрылымы аяғынан нық тұру үшін жақын мандағы қоян-қолтық қарым-қатынас жасаушы тайпалармен жақсы мәміледе болуы қажет-тін.

М.Хамидуллах: «Ислам мемлекеті толеранттылықтың арқасында дүниеге келді. Бұл мемлекеттің құрамында мұсылмандармен қатар яңуди қауымы мен пұтқа табынушылар өмір сүрді. Осы тұрғыдан алғанда ислам мемлекеті федеративтік құрылымда болды» [82, 185 б] деп алғашқы ислам мемлекеттілігінің құрылымы мен мазмұнын дәл ашып көрсетеді.

Караби конференциясының қарапындағы «отандастар» және «азаматтар» терминіне мән беретін болсақ, «Мәдина конституациясындағы» ислам мемлекетінің негізгі функцияларының бірі Мәдина тұрғындарының діни сенімнің әртүрлігіне қарамастан заң шеңберінде құқықтарының төң қорғалуына, сондай-ақ, субъектілерден тыныштық пен бейбітшілікті сақтау қатаң талап етілгендігі аңғарылады. Бұл норма біржағынан «ислам» (бейбітшілік) терминімен терең үндестік табады [87, 359 с]. Яғни, бұл нормалар араб қоғамындағы троибалистік тусініктің жойылып, оның орнына отандастық пен азаматтық сананың қалыптаса бастағанын көрсетеді.

«Мәдина конституациясының» 17 мен 39 баптарындағы құқықтық нормалар тек бейбітшілікті сақтауды ғана емес, мемлекеттегі саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуді де көздейді. Себебі, қандай бір мемлекет болмасын саяси тұрақтылықты қамтамасыз ететін нормалары әлсіз болса, түптің түбінде ол мемлекеттің тәуелсіздігі немесе біртұтастыры баянсыз болып шығатыны белгілі. Сондықтан, «Мәдина конституациясы» жаңа құрылышы жатқан мемлекеттің іргесі нық болуы үшін Мәдина да бейбітшілік орнатумен саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге барынша басымдық берді. Ал, Караби конференциясы «Мәдина конституациясындағы» саяси тұрақтылық нормаларын «Мемлекет шығарған зандарға қайши келетін анархия және тәртіпсіздікке әкеп соқтыратын пікірлердің насиҳатталуына немесе қозғалыстардың орын алудың жол берілмейді» (16 – қарап) деген қарапмен түйіндең көрсетті.

«Мәдина конституациясында» ислам мемлекетінің функцияларының бірі ретінде Мәдина халқының әлеуметтік құқықтарын қорғау нормалары қарастырылды. Мемлекеттің әлеуметтік функциясы «Мәдина конституациясының» 12 – бабында «Мұсылмандар өз араларындағы ауыр мұліктік жауапкершіліктерін адамды шарасыз, жалғыз қалдырмайды», 15 – бапта «Алланың уәдесі жалпыға ортақ. Мұсылман келісімге келген мұсылман емес адамның да қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады. Өзгелерге қарағанда мұсылмандар ынтымақты», 16 – бапта «Бізге қарасты яңудилерге өнеге мен көмек беріледі. Оларға зұлымдық пен қарсылық көрсетілмейді», 34 – бапта «Салаба тайпасымен дос тұтылғандар Салабалар секілді құқықтық мәртебеге ие», 40 – бапта «Қамқорлықтағы адамдар қамқоршы адамдар секілді құқықтық мәртебеге ие. Одан зиян да көрмесін, жапа да шекпесін» деген құқықтық нормалармен көрініс табады.

Ал, Караби конференциясы «Мәдина конституациясындағы» ислам мемлекетінің әлеуметтік қызметін «Әлеуметтік және діни сенімнің әртүрлігіне қарамастан, отандастарды азық-түлік, киім-кешек, баспа, медициналық көмек, білім берумен қамтамасыз ету», (4 – қарап б тармағы) «...азаматтардың құлшылық жасаудына, саяхат етуіне, кәсіппен шұғылданудына, әлеуметтік жағдайды өз мұддесіне пайдаланудына, қызметін жоғарлатуға және өсіп-өнуге төң құқық берді» (5 – қарап), «Мемлекет мұсылман емес азаматтарды да заң шеңберінде діни сеніміне, құлшылық жасаудына, оқып білім алудына және өз мәдениетін сақтаудына жағдай жасауды қолға алды» (17 – қарап) деген қарапында таратып көрсетті.

«Мәдина конституциясы» тек тайпалық мұддемен өмір сүретін араб қоғамын жаңаша құндылықтармен өмір сұруғе үндеді. Келісім қабылданғаннан кейін Мәдина тұрғындары белгілі бір құқықтық үкімдерге бағынатын жаңа бір саяси қоғамға мүше болды. Бұл саяси қоғамда құқықтық мемлекеттің белгілері айқын көрініс тапты. Яғни, ислам мемлекетінде қоғамдық қатынастарды реттеуде құқықтық норманың үстем тұратыны паш етілді. 46 баптағы «Бұл келісімдегі (**сахибатун**) аты аталған тайпаларға қойылған шарттар Әус януди тайпасымен олардың қамқорындағы адамдарға да тән. Келісімдегі (**сахибатун**) шарттар нақты және толық сақталу тиіс. Қағидаларға мойынсұну міндетті, қарсы келуге жол берілмейді. Қарсы келушілер өздеріне зиян келтіреді. Алла бұл құжаттағы шарттарға толық мойынсұнушылармен бірге» деген норма құқықтың үстемдігін паш етсе, 40 – баптағы «Қамқорлықтағы адамдар қамқоршы адамдар секілді құқықтық мәртебеге ие. Одан зиян да көрмесін, жапа да шекпесін» және 26, 27, 28, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35 баптардағы нормалар заң алдында хұр (басы азат адам) мен мәуланың (еріктінің қамқорындағы адам) және Мәдинадағы субъектілердің тең екендігін паш етті. Ал, 13 – баптағы «Дінді берік ұстанушылар өз араларында қастандық пен шапқыншылық жасағандарды және арандатушыларды жауапқа тартады. Қылмыс істеген өз ұлдары болса да жауапкершіліктен босатылмайды» деген норма, құқық бұзушылық әрекеттің орнын толтыру үшін жалпыға тең құқықтық жазаның берілетіндігін хабар береді. Сондай-ақ, 21 – баптағы «Бір адамның бір мұсылманды өлтіргендігі нақты дәлелденіп, өлген адамның жақын туыстары кешірім бермеген жағдайда қанға қан жазасы беріледі. Бұған мұсылмандар бірауыздан келіседі. Мұсылмандар кесілген жазаны міндетті түрде орындаиды» деген нормадан, құқық бұзушылық әрекетке қатысты міндетті түрде қылмыстық іс жүргізуңдің болатындығы, айыптау қорытындысынан кейін жәбірленуші тарап қаласа қысас (келтірілген зардаптың көлеміне пара-пар жаза) жазасы, кешірім берген жағдайда, жазаның балама түрі (диат, құн төлеу) тағайындалатынына ишара жасалған.

«Мәдина конституциясындағы» құқықтық мемлекет белгілерін Караги конференциясы «Азаматтарға берілген бұл құқықтарды ешкім шектей алмайды, тек, сottың шешімімен айыпты деп танылғанда ғана, жаза берілуі мүмкін» (6 – қарап), «Мемлекет басшысының азаматтық құқықтары өзге азаматтардың құқықтарымен бірдей. Лауазым иелері заң шенберінде ғана әрекет ете алады» (13 – қарап), «Мемлекет шығарған заңдарға қайшы келетін анархия және тәртіпсіздікке әкеп соқтыратын пікірлердің насиҳатталуына немесе қозғалыстардың орын алуына жол берілмейді» (16 – қарап) деген қарармен айқыннады.

«Мәдина конституциясындағы» мемлекеттік басқаруды демократиялық құндылықтардан алшақ емес деуге толық негіз бар. Мысалы, 3,4,5,6,7,8,9,10,11 – баптар бойынша Мәдинадағы тайпалар туындаған құн дауларды өз әдет-ғұрыптарымен шешуге құқылы болды. Тайпаларға өз ішіндегі мәселелерді өз салт-дәстүрімен реттеуіне мүмкіндіктің берілуі, бұл «Мәдина конституциясындағы» демократиялық құндылықтарға сай түзілгенін көрсетеді.

«Мәдина конституциясының» 42 – бабындағы «Бұл келісімдегі (сахибатун) аты аталған тайпалар арасында бүлікке әкеліп соғатын немесе қылмыс орын алса, шешімі Аллаға және Мұхаммедке тапсырады. Алла осы келісімге келіп, тахуалық пен адалдық танытқандармен бірге» және 47 баптағы «Бұл келісім (хитабу) залым мен қылмыскерге берілетін жазаның орындалуына кедергі тудырмайды. Мәдина тұрғындары мен Мәдина үшін соғысқандар қорғауға алынады. Бірақ әділетсіздік істегендер мен қылмыс жасаушылар қорғаудан тыс тұрады. Алла мен Оның елшісі Мұхаммед бұл құжаттағы шарттарға мойынсұнғандармен бірге. Сонымен қатар бұл келісімге мойынсұнғандар Алла мен оның елшісі Мұхаммедтің қамқорлығында болады» деген нормалардан Мәдина қала мемлекетінің билеушісі Мұхаммед с.ғ.а екені айқын аңғарылады. «Мәдина конституциясын» Құрайыш мұсылмандарымен бірге Әус пен Хазраж және Нәдір, Қайнұқа, Құрайза тайпаларының өкілдері ерікті түрде қабылдағанын ескерсек, Мұхаммедтің с.ғ.а Мәдина қала мемлекетінің басшы қызметіне көпшіліктің мақұлдауымен бекітілгенін бажайлаймыз.

Ислам мемлекетіндегі мемлекет басшысын сайлау үрдісі Мұхаммед с.ғ.а қайтыс болғаннан кейін де жалғасын тапты. Мысалы, Мұхаммед с.ғ.а-нан кейін хз. Әбубекір, хз. Осман «шура» мүшелерінің сайлауы арқылы мемлекет басшысы болды [88, 87-90 б]. Ал, Караби конференциясының «Мемлекет басшысын таңдауда, халық өкілдері мемлекет басшысын орнынан алып тастауға құқылы» (12 қарар) деген қарары, осы дауыс беру арқылы мемлекет басшысының сайланатынын паш еткен болатын.

«Мәдина конституциясының» 12 – бабындағы «Мұсылмандар өз араларындағы ауыр мұліктік жауапкершіліктегі адамды шарасыз, жалғыз қалдырмайды. Айыппұл мен құн төлемі секілді борыштар туралықпен өтеледі» деген норма да халықтың дауыс беру құқығына ие екенін және мемлекеттік басқару ісінде «шураның» (көнес) жұмыс істейтінін хабар береді.

Мемлекеттік басқару ісінде «шураның» құрылуы Құрандағы «Олар істерін өзараларында көнеспен жүргізеді» (Шұра, 42/38), «Іс жөнінде олармен көнеспен қыл» (Әли-Ғымран, 3/159) деген үкімдерге негізделген. Туындаған мәселеге Құраннан үкім түспеген кезде, мемлекеттік «шура» мәселені жан-жақты талқылап, шешім қабылдайтын. Мысалы, Ұхұд соғысында, Құрайыш әскеріне Ұхұд тауының етегінде тойтарыс жасау туралы шешімді мұсылман «шурасы» қабылдады [32, 143-144 б]. Мұхаммедтің с.ғ.а «Мен қызметкерлерді көнеспестен тағайындаі алмаймын, егер жеке өзім шешім шығарған болсам, Абдуллаh б. Масудті тағайындаған болар едім» [89, 124 б] деген хадисі мемлекет басқару ісінде «шура» шешімдерінің маңызды екенін әйгілейді.

Караби конференциясы «Мәдина конституциясындағы» мемлекетті басқарудың демократиялық үрдісін, яғни, мемлекет механизміндегі «шура» органдарының қызметінің аса маңызды рөлге ие екендігін анықтап берді. «Мемлекет басшысының деспоттық билік жүргізуіне жол берілмейді. Мемлекет басшысы басқару барысында, мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру үшін үкімет мүшелері және халық өкілдерімен көнеспуге міндетті» (10 қарар),

«Мемлекет басшысы конституцияның бір бөлігін болсын немесе толықтай болсын теріске шығара алмайды. Сондай-ақ, кеңесті (шура) тәрк ете алмайды» (11 – қарар) деген қарарлар «шуралының» мемлекеттік басқару механизмінің ажырамас бөлшегі екенін айшықтайды.

«Мәдина конституациясында» мемлекеттік биліктің бөлінісі жөнінде құқықтық нормалар қарастырылған. 3,4,5,6,7,8,9,10,11 – баптардағы әрбір тайпаға «өз араларында туындаған құн дауларды өз әдеп-ғұрыптары бойынша қарастырады» және 45 – баптың б тармағындағы «Әрбір тайпа өздеріне қарасты аймақтың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді» деген нормалар, сот және атқарушы биліктің тайпа басшыларына берілгенін көрсетеді. Алайда, тайпа басшысы туындаған мәселені 3,4,5,6,7,8,9,10,11 – баптарда көрсетілгендей «әділет қағидаларына сай» шеше алмаса, сондай-ақ, шығарылған шешім Құран мен сұннетке қайши немесе тараптардың бірі разы болмаған жағдайда, онда туындаған мәселеге соңғы үкімді 23, 42, 47 – баптарға сай Мұхаммед с.ғ.а беретін. Караги конференциясы ислам мемлекетіндегі биліктің бөлінісін «Мемлекет басшысы қоғамдық салаларды басқаруды өзге лауазым иелеріне немесе белгілі бір мамандық иелеріне жүктеуі мүмкін» (13 – қарар) деген қарармен тереңдетіп түсіндірді.

«Мәдина конституациясында» мемлекеттің зайырлы белгілері де көрініс береді. Мәдина қала мемлекеттің басшысы ислам дінінің пайғамбары Мұхаммед с.ғ.а бола тұра, ислам мемлекеттің басқару жүйесі қалайша зайырлыққа негізделеді деген заңды сұрақтың туындастыны белгілі. Бірақ, дін бостандығы, яғни, зайырлық ұфымы ислам негіздерінде анық көрсетілген. Құрандағы «Дінде зорлық жок» (Бақара, 286) деген аят, «Мәдина конституациясының» 25 – бабындағы «Янудилдердің діні өздеріне тән, мұсылмандардың да діні өздеріне тән» деген норма ислам мемлекеттіндегі зайырлықтың белгілерін болғандығын әйгілейді.

Ү.Гунай, Х.Гунгөр, А.Вехби Ежер секілді зерттеушілер дін аралық қатынасты реттеуші «зайырлы» мемлекет формасының белгілерін осы «Мәдина конституациясынан» көруге болатынын айтады [68, 50-55 б]. Әрине, бұғінгі күнгі зайырлылық пен «Мәдина конституациясындағы» зайырлықтың үлкен айырмасы бар. Бірақ, «Мәдина конституациясында» зайырлықтың белгілері бар екенін жоққа шығаруға болмайды.

М.Хамидуллах: «Исламдағы мемлекеттік басқару Құранға негізделді. Ал, ислам конституциясы Құраннан кейінгі екінші қайнар-көз ретінде қарастырылды. Әсілі, ислам негіздерінде республикалық немесе монархиялық басқару туралы нақты мемлекеттік басқару формасы көрсетілмеген. Сондықтан, мұсылман заңгерлері ислам заңдылықтарына қайши келмеген мемлекеттік басқару тұрпатын қолдан отырған» [82, 181 б] дейді. Десек те, алғашқы ислам мемлекеттілігінің басқару формасын анықтап алу, бізге бұл мәселенің мәнін толық ашып бере алады. Біздің пайымдауымызша, Мәдинадағы 622 жылды құрылған ислам мемлекеттің басқару формасы «Пайғамбар басқаруына» негізделген. Себебі, ислам мемлекеттің құруышы бастамашыл топ әрбір мәселеде Құран аяттарын және Мұхаммедтің с.ғ.а

сүннетін басшылыққа алып отырды. «Шура» органы тек Құран аяттары түспеген немесе Мұхаммед с.ғ.а дербес пікірін білдірмеген жағдайда ғана туындаған мәселеге қатысты кеңесіп шешім шығаратын. Мемлекетті пайғамбарлық негізде басқару туралы белгілі классик Ибн Халдунбылай дейді: «Мемлекетті басқаруды табиғи басқару, саяси басқару және пайғамбарлық негізде басқару деп үшке бөліп қарастыруға болады. Табиғи түрде басқару дегеніміз халықтың талап-тілектері мен қалаулары бойынша басқаруды, саяси басқару деп халықпен санасумен бірге, ақыл мен пікірдің негізінде дүниелік мұддені қорғай отырып, қоғамды зиянды әрекеттерден арылтууды айтамыз. Ал, пайғамбарлық негізде басқару дегеніміз, дүние істерімен қоса, халықтың ақыреттік мұддесін қорғау, яғни, қоғамдық қатынасты және саяси мәселелерді реттеуде мұсылман құқығын басшылықта аруды айтамыз» [83, 29 б].

А.Хасанов та «теократиялық мемлекет деп Пайғамбардың с.ғ.а Алламен тікелей байланыста болып, мемлекетті басқаруын айтамыз [90, 28 б] – деген пікірді алға тартады.

«Мәдина конституциясының» 15 – бабындағы «Алланың уәдесі жалпыға ортақ. Мұсылман келісімге келген мұсылман емес адамның да қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады. Өзгелерге қарағанда мұсылмандар ынтымақты», 22 – баптағы «Осы келісімді (**сахибатун**) қабылдаған Аллаға және ақырет күніне сенген мұсылмандардың дінге жақалық енгізушіге көмектесуіне және оған пана болуына болмайды. Кімде-кім көмек берсе және қамқорлығына алса қиямет күні Алланың қарғысына ұшырайды. Әрі одан ешнэрсе қабылданбайды», 47 – баптағы «Алла мен оның елшісі Мұхаммед бұл келісімдегі шарттарға мойынсұнғандармен бірге» деген нормалар Мәдинада құрылған ислам мемлекетінің теократиялық сипаттағы пайғамбарлық басқаруға негізделгенін көрсетеді.

«Мәдина конституциясында» азаматтық істер мен отбасы мәселелері жөнінде де құқықтық нормалар қарастырылды. Р.Бути келісімнің 40 – бабындағы: «Қамқорлықтағы адамдар қамқоршы адамдар секілді құқықтық мәртебеге ие» немесе 41 – баптағы «Біреудің мұлкіне иесінің рұқсатынсыз қол сұғылмайды» атты нормалар мәула (құлдықтан босаған адамдар) және данилмен (достық серт негізінде тайпаның қамқорына алынған адам) қатар әйел құқығын да қамтып отыр [33, 216 б] деп біледі. Бұл пікірді таратып түсіндіретін болсақ, 40 – бап бойынша хұрмен (тайпаның тең дәрежедегі мүшесі) мәула және данил дәрежесіндегі адамдардың тең екендігін, сондай-ақ, отбасында ер адамның қамақорлығында саналатын әйелдің ер адаммен құқықтық мәртебесінің теңестірілгенін және 41 – бап бойынша бір еркектің некесіндегі әйелге келесі бір еркектің көз салуына тиым салынғанын аңғарамыз.

«Мәдина конституциясында» қоғамның барлық салаларын реттейтін құқықтық нормалар көрсетілмегенімен, құқықтық үкім берудің негізгі бағыттары көрсетілді. Мысалы, мұсылмандардың мемлекетке салықты зекетпен беруі, сондай-ақ, мұсылман еместердің жизия салығын төлеуі жөнінде «Мәдина конституциясында» арнайы құқықтар нормалар қарастырылмады. Бірақ, 23, 42, 47 – баптар бойынша туындаған мәселелерге соңғы шешім айту Аллаға және

Мұхаммедке с.ғ.а қалдырылғандықтан, мемлекеттік бюджеттің кіріс көздерінің Құран мен сұннетке және «шураның» шешімдеріне негізделгенін көре аламыз. Яғни, «Мәдина конституциясында» арнайы көрсетілмеген өзге де қоғамдық салаларды реттеу нормалары Құран мен сұннетке және «шура» шешімдеріне қалдырылды.

Р.Бути «Мұхаммед с.ғ.а Мәдинадағы Ислам мемлекетін осы келісімде көрініс беретін «біртұастық», «өзара көмек», «тендік», «әділет» атты төрт қағиданың негізінде құрды» деген пікір білдіреді [33, 217 б]. Зерттеушінің бұл көзқарасымен толықтай келісуге болады. Себебі, «біртұастық» қағидасы келісімнің 1, 15, 37, 45 – баптарындағы субъектілерге Мәдина қаласы мемлекетінің мұддесі үшін ортақ міндеттердің жүктелуінен, «өзара көмек» қағидасы 12, 15, 16, 34, 40 – баптарындағы тараптардың қажет кезде бір біріне қол ұшын созу керектігінен, «тендік» қағидасы 15, 16, 25, 26, 27, 28, 29, 29, 30, 31, 32, 33, 34, 35 – баптарындағы субъектілерге тең статустің берілуінен, «әділет» қағидасы 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11 – баптары бойынша келісімге қатысуышы тараптардың туындаған мәселелерді әділет қағидасына сай шешуі керектігі туралы құқықтық нормалардан анық аңғарамыз.

М.Хамидуллаңтың айтуынша бұл құқықтық құжатты 47 – бап етіп шығыстанушы Вилхаузен көрсеткен. М.Хамидуллаң алғаш болып құжатқа «конституция» деген статус берді. Ол құжаттағы 12, 20, 25, 36, 37, 45 – баптардың тармақтарының болуына байланысты, конституция баптарын 52 – бапқа дейін көбейтуге болатынын айтады [8, 190 б]. Ал, Р.Бути өз шығармасында «Мәдина конституциясында» мәтінін сақтай отырып, субъектілерге берілген арнайы баптарды қысқартып, келісімді 13 – бап етіп көрсетеді [33, 216 б]

Біздіңше, келісім баптарын мағына жағынан алып қарайтын болсақ 4 – баптан 13 – бапқа дейінгі баптар және 25 – баптан 33 – бапқа дейінгі баптар бір ұғымда болғандықтан, баптардың санын 30-ға дейін қысқартуға болады. Десекте, бүгінгі күнге дейінгі зерттеушілердің көшілігі осы 47 –баптың нұсқаны негізге алып жүр.

«Мәдина конституциясындағы» көтерілген мәселелер арнайы тарауларға бөлініп қарастырылмаған. Сол кездегі діни-саяси ахуалға орай келісім нормалары жалпы берілген. Дегенмен, «Мәдина конституциясындағы» құқықтық нормаларды мағыналық түрғыдан мынадай тарауларға бөліп қарастыруға болады:

1. Саяси мәселелер (1, 2, 14, 16, 17, 25, 35, 43, 45 – баптар);
2. Әкімшілік мәселелер (3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 23, 42, 45 – баптар);
3. Әскери мәселелер (18, 36, 37, 38, 39, 44, 45 – баптар);
4. Қылмыстық мәселелер (4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13, 22, 23, 36 – баптар);
5. Азаматтық мәселелер (12, 23, 40, 41 – баптар);
6. Діни мәселелер (20, 25, 45 – баптар).

«Мәдина конституциясында» келісімге қатысуышы субъектілерді бір ретпен көрсетілген. Мәселен, 1 – бапта «Бұл кітап Мұхаммед пайғамбар тараапынын Құрайыш пен Мәдина мұсылмандары, оларға бағыныштылар мен кейін қосылғандар және бірге соғысқандар арасында түзілді» деп, келісімге келуші

тараптарды түгел тізіп, келісімнің 3,4,5,6,7,8,9,10,11 – баптарында әрбір субъекттің жеке-жеке атап көрсетіп, олардың өз ішіндегі туындаған мәселелерді қалай шешетіндігіне тең нормалар бекітеді. Сондай-ақ, келісімнің 24,25,26,27,28,29,30,31,32,33,34 – баптарда белгіленген януди субъектілерінің құқықтық мәртебесі жөніндегі нормаларда бір ізге түсірілген. Бұл «Мәдина конституциясының» белгілі бір құқықтық реттілікке негізделгенін айшақтайды. Бірақ, «Мәдина конституциясындағы» әкімшілік, әскери, қылмыстық, азаматтық, діни мәселелерді реттеуші нормалардың арнағы тарауларға бөлінбей, шашыраңқы орналасуы келісім нормаларының жинақы емес, жалпы берілгендігін көрсетеді.

3 «МӘДИНА КОНСТИТУЦИЯСЫНЫң» ІСКЕ АСУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

3.1 «Мәдина конституциясының» іске асуының негізгі кезендері және оның жалпы сипаттамасы

3.1.1 Мұсылмандардың януди тайпаларымен қарым-қатынасы

Мұхаммед с.ғ.а Мәдинадағы субъектілердің келісімінің негізінде Хижаз аймағында жаңа мемлекеттің негізін қалағанмен, мұсылмандар мен янудилердің саяси бірлестігі «Мәдина конституциясында» бекітілген келісім нормаларына сай өрбімеді. Ш.Севержан айтқандай, ол дәуірде дін мен саясат байланыстары бір арнада басы тоғысатын. Араб түбегінде діни тұрғыдан ықпалды болу, саяси тұрғыдан ықпалды болу болып табылатын [21, 30-32 б]. Али Химмет Берки, Осман Кескиоғлуның пікірінше мұсылмандардың Мәдинада діни және саяси тұрғыдан ұstem тұруы януди қауымының қызығанышын ояты [14, 207-212 б]. Осыған байланысты «Мәдина конституциясының» нормалары тәжірибеде өміршөң бола алмады. Мұсылмандар мен янудилердің саяси одағының ыдырауына діни таным мен саяси көзқарастардың өзгешелігі тікелей әсер етті.

Иbn Хишамның айтуынша янудилердің дін ғалымы Абдулла б. Сәлам Мұхаммед пен с.ғ.а сұхбаттасып, жаңа діннің құндылықтарын танып, исламға мойынсұнғаннан кейін янудилер мұсылмандармен дүшпан бола бастаған. Арабтардағы дәстүрлі тайпалық түсінік бойынша көсем қалай бет бұрса, халық оның сонынан жүретін. Янудилер арабтармен етен жақын араласқандықтан бұл әдет оларға да тән еді. Янудилер өз адамдарының ислам дініне өтуінің алдын алмаса, олардың ішінде исламдану үдерісі қарқын алуды әбден мүмкін-тін. Осы себептен де, Абдулла б. Сәлам мұсылман болғанын жариялағанда янудилер оған қарсы небір балағат сөздерді айттып, исламдық дағуатты тоқтатпақ болды [25, 227-228 б].

Мұсылмандар үшін Меккедегі Құрайыш пұтқа табынушыларына қарағанда Мәдинадағы януди қауымы әлдеқайда қауіпті еді. Янудилердің ішінде пайғамбарлар туралы көп оқыған, көші ашық, сауатты адамдар көп болатын. Қайнұқа, Нәдір, Құрайза тайпалары сол дәуірдегі қала мәдениетіне сай қала ішінен қорған салып, жеке өмір сүретін. М.Шакирдің көзқарасынша Әус тайпасының одақтасы Құрайза тайпасы болса, Хазраж тайпасының одақтасы Қайнұқа мен Нәдір януди тайпасы болатын [57, 368 б].

Али Химмет Берки, Осман Кескиоғлуның көзқарасынша янудилер исламдану үдерісінің алдын алу үшін ислам дінін келеке ету, Әус пен Хазраж тайпасының арасындағы ескі араздықты қоздыру, исламды қабылдаған сыңай танытып, күман тудыратын сауалдар қою арқылы мұсылмандардың сенімін бұзуға тырысты. Ал, Мұхаммед с.ғ.а янудилердің мұсылмандарды исламнан бас тартқызуға бағытталған айла-тәсілдерінің алдын алумен, олардың адымын аштырмайға мән берді. Янудилер қайда бұлік бастаса, Мұхаммед с.ғ.а тез арада

сонда барып, мұсылмандарды тыныштандырды. Мұхаммед с.ғ.а дипломатиялық жолмен жанжалдарды дер кезінде тоқтатып отырды [14, 209 б].

«Мәдина конституциясының» 25 – бабындағы «яһудилердің діні өзіне тән, мұсылмандардың діні өзіне тән» деген діни норма тәжірибеде тиісті өз күшін сақтамады. 623 жылы мұсылмандардың Мәдинаны мекен еткеніне он жеті ай болғанда, мұсылмандардың намаз оқытын құбыласы Мешіт Ақсадан Меккедегі Қағба болып өзгергілді [91, 11 б]. Қағбаны өзгерту туралы Алла үкім кесті (Бақара, 144). Ал, яһуди мен христиан дінінің құбыласы Мешіт Ақса еді.

Ш.Иешилдің көзқарасынша, мұсылмандардың құбыласы Меккедегі Мешіт Харам болып өзгертулған яһудилер мен мұсылмандардың саяси бірлестігінің ыдырауына айтарлықтай әсер еткен. Құбыланың өзгеруі өшігүге ілік ізден жүрген яһудилерге мұсылмандармен діни араз болуға таптырmas түрткі болды. Яһудилердің пайымдауынша пайғамбарлардың көпшілігі Мешіт Ақсаны мекен еткеннен кейін құбыла сол жақ болуы тиіс еді [31, 162-163 б]. Алайда, яһудилер құбыланың Мешіт Харам болуына қанша қарсы тұрғанмен, мұсылмандар Құран үкіміне сай құбыланы Мешіт Харам етіп өзгертуі. Али Химмет Берки, Осман Кескиоғлуның пікірінше Меккедегі Құрайыш пұтқа табынушыларының мұсылмандарға сес көрсетуі де яһудилердің мұсылмандарға қарсы келуіне елеулі ықпал еткен [14, 216 б]. Бірақ, Мұхаммедтің с.ғ.а Құрайыш пұтқа табынушылары мен яһудилерге қарсы бір уақытта екі майдан ашуға күш тең емес екендігін сезініп, алғашқыда яһудилермен барынша тату болуға тырысты.

623 жылы Мекелік Құрайыш пұтқа табынушылары Мәдинаға жорыққа шыққанда Мұхаммед с.ғ.а қала ішінде қорғанбай, мұсылман қосынын Мәдинаның сыртына шығаруының бір себебі, оккупацияға қарсы яһудилердің қаланы қорғауға бірлесіп әскер шығаратынына сенбеген. Сол үшін Мұхаммед с.ғ.а Бәдір соғысына аттанарда Мәдинадағы мұсылмандарды қорғаушы тылға әскер қалдырды [20, 30 б].

Мұсылмандар құрайыштықтарды Бәдірдегі соғыста жеңгеннен кейін [92, 178-200 б], Мұхамед с.ғ.а «Мәдина конституциясына» сай діни татулықты сақтамаған яһудилерді жазалауды қолға алды. Нәдір яһуди тайпасының ақыны Каб б. Ашраф Бәдірде құрайыштықтардың жеңілгенін естіп, оларға көзіл айтып, мұсылмандардың қыздары мен әйелдерінің ар-намысына тиетін өлең шығарғаны үшін Мұхаммед с.ғ.а оны өлтіруге үкім кесті [92, 205-206 б].

Яһудилер мұсылмандарды көргенде: «Ассаламағалейкуим» (есендік тілеймін) деудің орнына, «Саммағалейкум» (өлім тілеймін) деп жөн сұрасатын. Құран бойынша яһудилер кітаби қауым болғандықтан, алғашқыда мұсылмандар оларды жазалаған жоқ [14, 224 б]. Шынтуайтында, «Мәдина конституциясына» сай мұсылмандар яһудилердің бұл әрекетіне жаза беруі тиісті-тін. Құран яһудилердің жөн-жосықсыз әрекеттеріне сабыр ету туралы мынадай үкім түсірді: «Сізден бұрын кітап берілгендер мен мүшіріктерден көп реніш естисіндер. Егер, сабыр етсендер және сақтансандар өте жақсы» (Әли-Фымран, 186).

Яһудилердің мұсылмандарды келеке етудегі мақсаты Табаридің айтуына қарағанда исламды елге жек көрінішті етіп көрсетуді ойлаған. Бәдір соғысынан

кейін, Қайнұқа тайпасы мұсылмандармен соғысуға шешім шығарды [93, 345 б]. Ибн Хишам мұсылмандар мен Қайнұқа яңуди тайпасының соғысуына яңудилердің мұсылман бір әйелдің абыройымен ойнап, содан туған дау жанжалда бір мұсылманның өлтірілуі себеп болғандығын көрсетеді [25, 322-324 б].

Қайнұқа яңудилерінің бұл әрекеті «Мәдина конституциясының» 37 – бабындағы «Одақтар өзара жақсы қарым-қатынас аясында әрекет етеді» деген нормаға қайшы-тын.

623 жылы мұсылмандар Қайнұқа яңудилерімен соғысып, соңынан Абдаллаһ ибн Убайдидың араға түсуімен Қайнұқа тайпасының бас амандығына кешірім беріп, оларды Мәдинадан шығарып, сүргінге айдады. Қайнұқа яңудилері Араб түбегі мен Сирияның шекарасындағы Забаба деген жерге барып тұрақтады [7, 682-683 б].

Қайнұқа тайпасын жазалау «Мәдина конституциясының» 19 – бабындағы «Мұсылмандар Алла жолында төгілген қанның өтеуін ала алады» деген нормаға сай болатын. Қайнұқа яңудилері мұсылмандармен арпалысып жатқанда Мәдинадағы өзге яңуди тайпаларының қандастарына көмек бермеген себебі олардың өзарасында алауыздық бар еді.

624 жылы Ұхұд соғысында Құрайыш пұтқа табынушыларынан мұсылмандардың жеңіліс табуы [6, 126-136 б], 625 жылғы Ражиде Лихиян тайпасының мұсылмандарды өлтіруі [83, 235-240 б], Мауна оқиғасында мұсылмандарды опат болуы [6, 141 б], Мәдинадағы яңуди тайпаларының мұсылмандарға қарсы қайта бас көтеруіне түрткі болды. Р.Айбалының көзқарасынша мұсылмандардың бұл жеңілістерден кейін Хижаз аймағында ықпалы төмендеді деп ойлаған яңудилер мұсылмандармен жасаған бейбітшілік келісімін аяқ асты ете бастаған. Меккедегі Құрайыш тайпасы мұсылмандарды түбірімен жою үшін Мәдинадағы Нәдір яңуди тайпасына мұсылмандарға қарсы одақ құруға ұсыныс жасаған. Нәдір яңуди тайпасы бұл ұсынысты қабылдап, олармен астыртын одақтасады. Мұсылмандар 624 жылы Фамр тайпасының екі адамын Килап тайпасынан деп ойлап аңдаусызыда өлтіріп алады. «Мәдина конституциясының» 24 – бабына сәйкес мұсылмандармен бірге шығынды яңудилер де көтеруі тиіс болатын. Мұхаммед с.ғ.а Нәдір яңуди тайпасының пиғылын білу мақсатымен оларға Фамр тайпасының өлген адамдарының құнын бірге өтеуін ұсынды. Нәдір яңудилері Құрайыш пұтқа табынушыларымен мұсылмандарға қарсы одақ құрғандықтан шығынды бөліспейтінін ашық білдірді [92, 240-241 б].

Нәдір яңудилерін жазалаудан басқа жол қалмағанын үққан Мұхаммед с.ғ.а олармен бұрын одақтас болған Әус тайпасын араға салып, Нәдір тайпасын Мәдинадан сүргінге айдады. Нәдір яңудилерінің бір бөлігі Хайбарға көшсе, бір бөлігі Араб түбегі мен Сирияның шекарасындағы Азрат елді мекеніндегі Қайнұқа яңудилерін паналады. Келесі бір тобы Иеменге көшті. Нәдір яңудилерінен тек екі адам мұсылман болып өз жерінде қалды [20, 131 б]. Мұхаммед с.ғ.а Нәдір тайпасының жерін ансарлардың (Мәдиналық Әус пен

Хазраж тайпасының мұсылмандары) разылығымен мұхажірлерге (Меккеден көшіп келген мұсылмандар) үлестіріп берді [7, 734-735 б].

Нәдір яһудилерінің Мұхаммедке с.ғ.а қастандық ұйымдастырып, Құрайыш пұтқа табынушыларымен одактас болуы, олардың «Мәдина конституциясынан» бас тартқанын көрсететін еді. Мұхамммед с.ғ.а келісімнің 13 – бабындағы «Дінді берік ұстанушылар өз араларында қастандық пен шапқыншылық жасағандарды және арандатушылады жаупқа тартады» деген нормаға сай Нәдір тайпасын Мәдинадан сүргінге айдады.

Ибн Хишамнің пікірінше Нәдір яһуди тайпасы Мәдинадан қылғанмен мұсылмандарға қарсылығын тоқтатпады. 625 жылы Нәдір тайпасының басшылары Меккедегі Құрайыш пұтқа табынушыларымен ымыраласып, мұсылмандарға қарсы соғыс ашуды ойластырды. Нәдір яһудилері Араб тұбегінің солтүстігін мекендейтін Фатафан арабтарына Хайбардың жылдық табысының жартысын беру келісімімен, оларды да мұсылмандарға қарсы қойды. Араб тұбегіндегі Сулеймен, Сад, Әсет тайпаларында азғырып, олардан әскер алғып Мәдина қаласын қоршауға алды [25, 227-228 б]. Тарихта «Ор» соғысы деген атпен қалған бұл соғыста коалиция әскері Мәдинаны бағындыра алмай, кейін шегінді. Осы соғыста Құрайза яһудилері коалицияға қосылып, мұсылмандарға опасыздық жасады [28, 339 б]. М.Шәкирдің пікірінше коалиция күшінің кейін шегінуіне, одактастардың бір біріне деген сенімінің жоқтығы әсер еткен [28, 342-346 б].

Мәдинадағы үшінші яһуди тайпасы Құрайзаның мұсылмандардың басына түсken ең қын сэтте опасыздық жасауы «Мәдина конституциясындағы» мұсылмандар мен яһудилердің саяси бірлестігінің толығымен ыдырағандығын көрсетті. Соғыстан кейін, Құрайза яһудилері өздерінің қылмысына бұрынғы одактастары Әус тайпасының басшысы Сад б. Мұғаздың төрелік жасауын өтінді. Сад б. Мұғаз құрайзалықтарды өлім жазасын кесті [27, 47 б]. Али Химмет Берки, Осман Кескиоғлуның айтуына қарағанда Сад б. Мұғаз бұл үкімді бергенде иуда дінінің қасиетті кітабы Тауратқа сүйенген [14, 289-297 б]. Өлім жазасын беру – қатал үкім. Десекте, «Ор» соғысында мұсылмандар жеңіліс тапқан жағдайда, олардың көретін күні бұдан да ауыр болуы ықтимал еді. Деректерде, Сад б. Мұғаздың берген кесімі иуда дінінің қасиетті кітабы Таурагтан алғынғандықтан, құрайзалықтар бұл жазаға өздерін лайықты санағандығы айтылады [14, 297 б].

Құрайза яһудилерінің сын сағатта Мәдинаны қорғаудың орнына, қарсы жаққа шығып кетуі, «Мәдина конституциясының» 37 – бабындағы «Бұл келісімдегі (сахибатун) аты аталған тайпалар соғыс ашқандарға қарсы бір одак болып табылады. Одактастар өзара жақсы қарым-қатынас аясында әрекет етеді» және 44 – баптағы «Мұсылмандар мен яһудилер Мәдина қаласына шабуыл жасағандарға қарсы соғысуға бір біріне көмек береді» деген нормаларға қайшы-тын. Құрайза тайпасы осы нормаларды аяқ асты етуіне байланысты қатаң жазалауға ұшырады.

Мұхаммед с.ғ.а яһуди қауымымен бір қалада бейбіт өмір сүру туралы келісімшарт жасасқаннан кейін, оларға барынша әділетті болды. Мысалы,

«Мәдина конституциясы» қабылданғанға дейін Құрайза тайпасы Нәдір тайпасынан төмен саналған. Нәдір тайпасынан бір адам құрайзалақ бір адамды өлтірсе, жарты құн төлейтін болған. Керісінше Құрайза тайпасынан бір адам Нәдір тайпасының адамын өлтірсе, толық құн төлеген. Мұхаммед с.ғ.а яһудилер арасындағы мұндай алалауды жойып, Құрайза яһудилеріне тең құқықтық мәртебе әперді [14, 297 б]. Себебі, «Мәдина конституциясының» 26-34 – баптары бойынша Мәдинаны мекендейтін тайпалардың құқықтық мәртебесі тең болатын.

«Мәдина конституциясының» 23 – бабы бойынша яһудилердің арасында шешілмеген даулы мәселеге соңғы кесім айту Мұхаммедке с.ғ.а қалдырылды. Осы құзіретіне сай Мұхаммед с.ғ.а тбасылы бір яһуди басқа бір әйелмен ойнастық жасағанда, бұл мәселеге яһуди ғұламасы Әбу әл-Қасимді Тәурат бойынша үкім беруге шакырған еді. Яһуди ғұламасы Таурат үкімімен зина жасаушылдарды өлім жазасына кесті [25, 256-257 б].

623 жылды Иеменнің Нажран өніріндегі христиан делегациясы ислам дінімен танысуға Мәдинаға келгенде, Мұхаммед с.ғ.а наждандықтармен болған бұл діни сұқбатқа яһуди қауымының өкілдерін қатыстыруды [14, 213 б]. Яғни, тарихи деректерге сарапаған болсақ, Мұхаммедтің с.ғ.а яһуди қауымының діни сеніміне қол сұқпай құрметпен қарағанын көре аламыз.

М.Фатих Кеслер: «Мұхаммед с.ғ.а Мәдинаға көшіп келгенде яһудилермен бір қалада тату өмір сұру үшін келісім жасады. Бірақ, Бәдір соғысынан кейін Қайнұқа яһуди тайпасы келісімді бұзып, жазаға ұшырады... Ұхұд соғысында Нәдір яһуди тайпасы мұсылмандарға көмек беру керек еді. Олар уәделерінін тайып, мұсылмандарға көмек берген жоқ. Қайта Мұхаммедке с.ғ.а қастандық ұйымдастырмақ болды. Осыған байланысты сүргінге жіберілді... Ор соғысында Құрайза тайпасы да келісімді бұзғаны үшін тиісті жазасын алды» [94, 132-133 б] дейді. Яғни, 622 жылды қабылданған «Мәдина конституциясының» негізінде құрылған мұсылмандар мен яһудилердің саяси бірлестігінің ыдырауына ұстанымдардың қарама-қайшылығы себеп болды. Қайнұқа яһудилері мұсылман әйелдің ар-намысымен ойнағаны үшін, сондай-ақ, өздері бірінші болып мұсылмандарға соқтығуына байланысты Мәдинадан қуылды. Нәдір яһуди тайпасы Мұхаммедке с.ғ.а қастандық ұйымдастырып, ислам дінін келеке еткені үшін тиісті жазасын алды. Ал Құрайза яһудилері Мәдинаға қауып төнген сын сағатта, арадағы келісімшартты аяқ асты етіп, мұсылмандардан сырт айналғаны үшін қатал жазаны басынан кешірді. Мұхаммед с.ғ.а аталмыш үш тайпаны да жазалағанда «Мәдина конституциясына» арқа сүйеді.

3.1.2 Ислам мемлекетінің Құрайыш пұтқа табынушыларымен қарым-қатынастары

Мұсылмандардың яһудилермен құресі Мәдинадағы ислам мемлекетінің ішкі функциясы саналса, Меккені мекендеген Құрайыш пұтқа табынушыларымен жүргізген діни-саяси құрестері жаңа мемлекеттің сыртқы функциясындағы ең басты мәселе-тін. «Мәдина конституциясының» бірнеше баптарында, атап айттар болсақ, 20 – бапта «Мүшіріктер Құрайыш (бұл жерде

мұхажірлер айтылып тұр) адамдарының мал-мұліктерін қорғай алмайды. Мұсылмандардың бұл жолдағы құресіне ешкім кедергі келтіре алмайды» және 43 – бапта «Құрайыш тайпасындағылар және оларға көмектескендегер ешкімнің қамқорына алынбайды» деп мұсылмандардың басты дүшпаны Құрайыш пұтқа табынушылары екендейді.

Құрайыш тайпасының негізгі құн көріс кәсібі Сирияға керуен жіберіп, сауда-саттық жасайтын. Меккеден Сирияға барада керуен Мәдина атырабымен өтуші еді. Меккеден Сирияға барада екінші Ирак жолы тым алыс-тын. Меккеліктер үшін Сирияға баратын ең жақын жол Мәдина жолы еді. Ал Мекке халқының саудасыз құн көруі мүмкін емес болатын. Араб түбегінде Құрайыш тайпасының абыройын арттырып отырған бірінші Меккеде Қағбаның орналасуы болса, екіншіден өзге тайпаларға қарағанда құрайыштықтардың экономикалық әл-ауқатының жоғары болуы еді. Құрайыштықтар Меккеге зиярат жасаушылармен сауда-саттық жасап, көл-көсір пайдаға кенелетін. Сириядан кейде 2000 түйеге дейін керуен тартқызатын. Шығыстанушы Спрангердің айтуынша Меккенің сол кездегі жылдық экспортты 250000 динар мөлшерінде болған [14, 218 б]. Ал, Құрайыштың Сирияға жіберетін керуен жолына орналасқан Мәдинада мұсылмандардың мемлекет құруы меккеліктер үшін мүлде тиімсіз-тін.

Құрайыш пұтқа табынушылары мұсылмандар Мәдинаға көшкен жылы Мәдинаға билік етпекші болған Абдаллах ибн Убайиға: «Сіздер бізден барғандарға пана болдыңыздар. Құдай біледі, не сіз Мұхаммедті өлтіріп немесе еліңізден қуасыз немесе біз сізге соғыс ашып, барлық ерлерінді қырып, әйелдеріңің намысына тиеміз» деген хат жазды [14, 216 б]. Әус тайпасының басшысы Сад б. Мұғаз мұсылман болғаннан кейін, Меккеге зиярат үшін барғанда Мекке аристократы Әбужаһил: «Сіздер мұсылмандарды қанатының астына алып отырсыздар. Соңдықтан сіздің мұнда келіп зиярат етулеріңізге жол берес алмаймыз» деп мәдиналықтарға саяси вето қойған болатын. Сонымен қатар, Кұрз б. Жәбир Фухри бастаған Құрайыш қолы Мәдинаға дейін келіп, мұндағы мұсылмандардың жайылымына қол сұғып, малын айдап әкеткен еді [14, 219 б].

Мұхаммед с.ғ.а «Мәдина конституциясын» қабылдағаннан соң мұсылмандарға негізгі қауіп тудырушы Құрайыш пұтқа табынушыларына қарсы сақтық шараларды іске асыра бастады. Мұхаммед с.ғ.а Құрайыштың дүшпандық әрекеттерін тежеу үшін олардың сауда керуендеріне шолғыншылар жіберді. Хамза, Убайд б. Харис, Сад б. Әбу Уақас бастаған бұл шолғыншылар Ибн Хишамның көзқарасынша Құрайыш сауда керуендерін тонау үшін емес Құрайыштың мұсылмандарға жауығуын тоқтату үшін жорыққа шыққан [25, 270-274 б]. Мұсылмандарға шапқыншылық жасамау туралы Құраннан мынандай аят түсті: «Шапқыншылық жасамандар, Алла шабуылшыларды жақтырмайды» (Бақара, 190).

Мұхаммедтің с.ғ.а Құрайыш керуеніне қарай аттандырған шолғыншыларының мақсаты мүлде басқаша болған. Құрайыш аристократтары мұхажірлердің Меккеде қалған дүние-мұлқін Сирияға сатуға керуен жіберген.

Бұл хабарды алған Мұхаммед с.ғ.а Құрайыш керуенінен өздеріне тиесілі дүниемүлікті қайтарып алу үшін шолғыншылар аттандырады. Құрайыш тайпасы Қағбаға иелік еткендіктен Араб тұбегі тайпаларының басшысы іспетті еді. Сондықтан, пұтқа табынушы араб тайпаларының көпшілігі Қағбаға иелік етуші Құрайыштың дүшпаны саналған мұсылмандарға қарсы келді. Бұкіл Араб тұбегі тайпаларының Құрайыштың жағында болуы жаңа құрылған ислам мемлекеті үшін аса қауіпті еді. Мұхаммед с.ғ.а Мәдина мен іргелес отырған араб тайпаларын өз жағына шығару үшін олармен келіссөздер жүргізді [86, 351 б]. Бұл келіссөздерді жасаудағы басты мақсат – Құрайыш мұшірктері шабуыл жасаған жағдайда Мәдина төңірегіндегі тайпалардың олардың жағына шығып кетпеуінің алдын алу болатын.

Ислам тарихшысы Табаридің айтуына қарағанда мұсылмандар мен Құрайыш арасындағы тұңғыш Бәдір соғысының орын алуына Мұхаммедтің с.ғ.а Мекке мен Тайф арасындағы Нахлаға жіберген Абдулла б. Жахиши бастаған шолғыншыларының Құрайыштың Сирияға жіберген сауда керуеніне кезігіп, керуенбасы Амр Хаддамиді өлтіріп, екі адамды тұтқынға алып себеп болған [93, 291 б]. Осы жылды Құраннан пұтқа табынушылар мен өзге де шапқыншыларға қарсы соғысуға рұқсат берілген мынадай аят тұсті: «Соғысқа тап болып, зұлымдыққа ұшырағандарға соғысуға рұқсат берілді. Алла оларға көмектесуге құдіреті жетеді» (Хаж, 39). «Сізben соғыскандармен Алла жолында сізде соғысыңыз» (Бақара, 190).

Л.И.Климовичтің пікірінше мұхажірлер Құрайыш керуеніне тонаушылық әрекет еткен. Олардың бұлай әрекет етуінің себебі, мұхажірлерге алғашқыда ансарлар материалдық тұрғыда көмек берді. Бірақ, ұдайы ансарлардан көмек күту дұрыс емес еді. Мұхажірлер өздері дербес иелікке қол жеткізу үшін керуен тонауға көшкен [16, 30 б].

Құрайыш пұтқа табынушыларының Мекке дәуірінде мұсылмандарға көрсеткен қорлығын айтпағанда, Мәдина жайылымына келіп мұсылмандардың малын айдал әкетуі, ислам мемлекетін іштен іріту үшін яһудилер мен мәдиналықтардың бұрынғы басшысы Абдалла ібн Убайдиды арандатып бағуы, араб тайпаларын мұсылмандарға қарсы қоюы, мұсылмандардың оларға қарсы соғыс ашуына жеткілікті себептер еді. Мұхаммедтің с.ғ.а Құрайыш пен оның жақтастарына қарсы соғыстарының мазмұнына тоқталар болсақ, агрессиялық сипатта емес, стратегиялық қорғану мақсатта болғандығын көре аламыз. Бұл мәселеге толық көз жеткізу үшін Құрайыш және өзге саяси күштермен болған соғыстардың желісіне тоқталуымыз шарт.

Құрайыш тайпасы мұсылмандармен соғысуға керек қару-жарак алу үшін Сирияға арнайы керуен жіберген. Е.Шарікжоғлуінің пікірінше, Мұхаммед с.ғ.а Құрайыштықтардың бұл керуені ертең өздеріне жұмсалар қару екенін ұғып, керуенді тосып алу үшін Мәдинадан 300-дей мұсылман әскерін аттандырған. Құрайыштың 1000 қаралы әскері мен мұсылмандар «Бәдір» деген жерде кездесіп, бұл соғыста құрайыштықтар мұсылмандардан ойсырай жеңілген еді [95, 418 б].

Құрайыш қосынының өздерінен үш есе аз мұсылмандардан жеңілуінің зерттеушілер мынадай себептерінің болғандығын көрсетеді:

Біріншіден, Құрайыш өз ішінен бір біріне бақталас бірнеше рулардан тұратын. Олар алдын ала соғысқа дайындық жүргізген жоқ. Соғысқа Мекке аристократы Әбужаһилдің айтактауымен еріксіз шықты. Ал мұсылмандарға бұл соғыста Мұхаммед с.ғ.а қолбасшылық жасап, жүйелі түрде тәртіпке бағына отырып шайқасты [96, 44-45 б].

Екіншіден, Әбу Суфиян бастаған Құрайыш керуені мұсылмандар торуылынан аман-есен құтылғаннан кейін, Құрайыш әскеріндегі Хашими руының өкілдері соғыспай Меккеге кері оралды. Бұл Құрайыш қосынының азаюына әкеп соқтырды [97, 33 б].

Үшіншіден, алғашқы жекпе-жек соғысында Құрайыштың үш басшысы өліп, пұтқа табынушылардың рухтары бәсек тартты [92, 191-192 б].

Төртіншіден, Мұсылмандар Бәдірге алдын-ала келіп, тынығып алды. Ал, құрайыштықтар жолдан қажып, шаршап келді [14, 235 б].

«Бәдір» соғысынан кейін 624 жылды Құрайыш пұтқа табынушылары Мәдинаға тағы да шабуыл жасады. Бірақ, шешуші шайқас болар шақта, құрайыштықтардың кейін шегініп кетуіне байланысты «Талқан» соғысы нәтижесіз аяқталды [14, 247-248 б].

Екі тараптың арасындағы келесі соғыс исламтанушы Р.Айбалының айтуынша Құрайыштың Ирак арқылы Сирияға жіберген сауда керуенін мұсылман шолғыншыларының қолға түсіруіне байланысты орын алған. Осы оқиғадан соң Құрайыш Дарун-Надуада кеңес өткізеді. Мұсылмандарға қарсы Хижаз аймағындағы өзге пұтқа табынушы араб тайпаларымен әскери одактастық жасап, соның арқасында мұсылмандарға қарсы 3000 әскер шығарады. Оған қарсы мұсылмандар 1000 әскер шығарып, екі жақтың әскері Ұхұд тауында соғысқан. Бұл соғыста мұсылмандар тактикалық түрғыдан қателік жасап, Құрайыш әскерінен ойсырай жеңілді [92, 210-220 б].

Ұхұд соғысында екі жақтан өлген адамдардың шамалас болуына қарап, Құрайыш пен мұсылман әскері тең түсті деуге де болады [96, 68-69 б]. Құрайыштықтар бұл жорықты Бәдірдегі жеңілістің қарымтасы үшін жасаса, оларды өз мақсатына қол жеткізді деп есептеуге болады. Ал Құрайыштың 3000 әскері жаңа құрылған мұсылман мемлекетін жоюды мақсат етсе, бұл соғысты нәтижесіз аяқталды деп тұжырымдаймыз. Себебі, Құрайыш әскері Ұхұд соғысында мұсылмандарды жеңгенімен, Мәдинаға қарай аяқ басқан жоқ. Соғыстан соң кері шегініп кетті.

Ұхұд соғысында Құрайышқа өзге араб тайпаларының көмек қолын созуының мынадай себептері болды:

1. Араб тайпалары пұтқа табынғандықтан, ескі сенімді ата баба жолы деп жаңа ислам дініне мойынсұнғысы келмегі;

2. Құрайыш Меккедегі қаситті Қағбаға иелік еткендіктен, басқа араб тайпалары солардың ығында болды;

3. Ислам діні арабтардың надандық әрекеттеріне тиым салғандықтан, сахараада еркін жүріп қалған арабтарға ислам қағидаларын ұстану ауыр соқты.

Ұхұдан кейінгі Құрайыш пен мұсылмандар арасындағы үлкен қақтығыс 627 жылы орын алды. Пұтқа табынушылардың 10.000-ға жуық біріккен қосыны Мәдинаны келіп қоршағанмен, мұсылмандар қаланы айналдыра ор қазып қорғануына байланысты олар қаланы жаулап ала алмады [27, 47 б]. Нәдір басшылары Мәдинадағы Құрайза тайпасын өз жағына шығарғанмен, коалиция өз арасындағы алауыздықтан септінеп, кері шегінді. Ибнүл-Асирдің пікірінше Мұхаммедтің с.ғ.а «Ғатафан арабтарына Мәдинадан кері шегінсе, қаланың жылдық табысының үштен бірін беремін» деген ұсынысы коалиция күшін ыдыратқан [32, 167-172 б]. Мұхаммедтің с.ғ.а осы әскери тактикасы пұтқа табынушылардың біріккен күшін ыдыратты.

Екі тараптың арасындағы соғыстарға жеке-жеке тоқталуымыздың негізгі себебі, исламда немесе Мұхаммедтің с.ғ.а әрекеттерінде басқыншылық жасау сипаты бар ма, жоқ па деген сауалдарға жауап беру болатын. Аталмыш Бәдір, Ұхұд, Ор соғыстарында мұсылмандар сырттан төнген шабуылдан қорғану үшін соғысты. Ал, Құрайыш әскерінің әрекетінен агрессиялық сипат анық байқалады.

«Ор» соғысынан кейін Құрайыш тайпасы Мәдинаға беттей алған жоқ. Мәдинаға қарсы Хижаз аймағындағы араб тайпаларымен қайта біріккен қосын шығаруға саяси тұрғыдан әл-дәрмені болмады. Құрайышпен одақтас араб тайпаларын мұсылман әскері бірнеше рет жазалады. Құрайыштың қайта араб тайпаларының басын қосып бас көтеруіне Мұхаммедтің с.ғ.а араб тайпаларына жүргізген саясаты мүмкіндік бермеді.

Бұдан кейін бір біріне қарсы екі лагер қарама-қайшылықты дипломатиялық жолмен шешуге кірісті. Құрайыштықтар мен мәдиналықтардың дипломатиясы Хұдайбия келісімшартынан бастау алады десек қателеспейміз. Мұхаммед с.ғ.а 1400 адаммен 628 жылы Меккеге бет түзеп, Қағбаға зиярат етуге сапарға шықты. Али Химмет Берки, Осман Кескиоғлуның пікірінше мұсылмандар Құрайышпен соғысуға шықпағанын дәлелдеу үшін әлі исламды қабылдамаған өздерімен одақтас өзге араб тайпаларын да бірге ертіп жүрді. Құрайыштықтар мұсылмандарды Меккеге кіргізген жоқ. Бірақ, мұсылмандардың алған бетінен қайтпай қарсыласуының нәтижесінде екі жақ мынадай келісімге қол жеткізді [14, 301-309 б]:

1. Мұсылмандар осы жолы Меккеге зиярат жасамай Мәдинаға кері қайтады;
2. Келесі жылы Меккеде үш күннен артық тұрмау шартымен, Қағбаға зияратқа келеді;
3. Меккеге мұсылмандар қару-жарақсыз келеді. Тек қылыш ұстауына ғана рұқсат етіледі;
4. Меккелік мұсылмандарды Мәдинаға ертуіне жол берілмейді. Сондай-ақ, Мәдиналықтардан Меккеде қалғысы келгендер болса, оларға рұқсат беріледі.
5. Меккеліктерден мейлі мұсылман болсын, мейлі пұтқа табынушы болсын Мәдинаға барған жағдайда, мұсылмандар оларды Меккеге қайтаруға

міндettі. Ал, мәдиналықтар Меккеге келген болса, меккеліктер оны қайтаруы шарт емес.

6. Араб тайпалары кіммен одақтасса да өз еркі бар.

Келісімшарт негіздеріне кейбір мұсылмандардың карсы болғанына қарамай Мұхаммед с.ғ.а бұл келісімге қол қойды [67, 333-334 б]. Мұхаммедтің с.ғ.а бұл әрекеті «Мәдина конституциясының» 23 – бабындағы «Әрбір туындаған даулы мәселеге әділ шешім шығару Аллаға және Мұхаммедке тапсырылады» деген нормаға сай еді. Мұсылмандар осы жылы Мәдинаға қарай кері шегінді. Бұл келісімінің екі жыл күші сақталды [14, 351- б].

Хұдайбия келісімінің түзілуі «Мәдина конституциясының» 17 бабындағы «Мұсылмандардың бейбітшілігі баршаға ортақ. Мұсылман Алла жолындағы соғыста басқамен тенденциялық және әділдікпен ғана бейбіт қатынас орнатады» деген нормаға сай-тын. Осыған байланысты Хұдайбия келісімін мұсылмандардың үлкен женісі деп санауға болатын еді. Алты жыл бұрын Меккеден Мәдинаға жан сауғалап келген мұсылмандардың бүгін Құрайыш пұтқа табынушыларымен терезесі тең болып келісімшарт жасауы шынында да үлкен жетістік болатын. Мұсылмандар әр жылы Меккеге келіп кетуге мүмкіндік алды. Әсіреле, Хұдайбия келісімінде «Араб тайпалары кіммен одақтасса да өз еркі бар» деген шарттың қарастырылуы Мәдинадағы ислам мемлекетінің араб тайпаларымен еркін қарым-қатынас жасауына жол ашты. Бұрын араб тайпалары пұтқа табынушылықты дәріптеуші Құрайыш тайпасынан ығып, Мәдинағы мұсылмандармен байланыс жасауға сескенетін. Хұдайбия келісімшартынан кейін бұл қасандық күшін жойды. Мысалы, М. Хамидуллағың пікірінше Араб түбегінің оңтүстік шығысындағы Иемен өнірін мекендеуші араб тайпалары Хұдайбия келісімшартынан кейін ислам дінімен танысуға мүмкіндік алған [8, 413 б].

Мұсылмандардың Меккеге ерекше көңіл аударуының мынадай негізгі себептері бар еді:

1. 622 жылы мұсылмандар Мәдинаға көшіп келгенде Құран Меккедегі Қағбаны мұсылман жұрағатының құлышылық жасар құбыласы етті [61, 11 б];

2. Мұхажірлердің (Меккеден көшкен мұсылмандар) дүние-мұлкі Меккеде қалған еді;

3. Мұхажірлердің Меккеде туған-туыстары бар болатын. Ал, Құрайыш пұтқа табынушылары Мәдинадағы мұсылмандармен қарым-қатынас жасауына тиым салды [14, 215 б];

4. Мұхажірлер туған жерін сағынатын [89, 194 б];

5. Мұхажірлердің кейбіреулері Мәдинаға бойын үйрете алмады. Сонымен бірге, олардың арасында безгек дертіне шалдыққандар болды [25, 268-269 б].

Бұл келісімнің негізінде Мекке мен Мәдинаның жаңа бейбіт қарым-қатынасы басталды. Меккеліктер мен мәдиналықтар бір бірінің туыстарын көруге, сауда-саттық жасауға еркіндік алды [97, 219 б]. Меккеден Мәдинаға бой тасалаушыларды Хұдайбия келісімшартына сай мұсылмандар кері қайтарып отырды. Бірақ, Меккеден қашып келушілер біргіндеп Мәдинаға емес, «Ияс» деген жерде шоғырлана бастады. Бұл аймақ пен Меккенің Сирияға

жіберетін сауда керуені жүретін еді. М.Шәкирдің пікірінше Хұдайбия келісімшартында мұндай жағдай қарастырылмағандықтан, меккеліктер мәдиналықтарға «Иястағы мұсылмандарды қайтарып бер» деп талап қоя алмады. Құрайыш Иястағы мұсылман шоғырының сауда керуені үшін қауіпті екенін түсініп, Мұхаммедке с.ғ.а Хұдайбия келісіміндегі «Меккеліктерден мейлі мұсылман болсын, мейлі пұтқа табынушы болсын Мәдинаға барған жағдайда мұсылмандар оларды Меккеге қайтаруға міндетті» деген шартты алғып тастау туралы ұсыныс жасады [28, 378 б]. Ал Али Химмет Берки, Осман Кесиоғлуның көзқарасынша Хұдайбия келісімі тек еркектерге қатысты болды. Осыған байланысты Меккеден Мәдинаға қашып келген әйелдерді мұсылмандар кері қайтармаған [14, 312 б]. Хұдайбия келісімшартынан кейін біртіндеп құрайштықтар исламды қабылдап, Халид б. Уалид, Амр б. Ас, Осман б. Талха т.б мұсылмандардың қатарына қосылған [97, 219 б].

Хұдайбия келісімінің күші 630 жылды тоқтатылды. Құрайштың Бәкир тайпасына болысып, мұсылмандармен одақтас Хұза тайпасына шабуыл жасауы, бейбітшілік келісімді бұзды.

Мұхаммед с.ғ.а Меккеге елші жіберіп, мынадай мазмұндағы хат жазды:

1. Құрайыш Хұза тайпасынан өлгендердің құнын төлейді;
2. Бәкир тайпасына жақтас болуын тоқтатады;
3. Бұл шарттар орындалмаса, Хұдайбия келісімі күшін жояды.

Құрайштықтар Мұхаммедтің с.ғ.а хатындағы алғашқы екі талапқа мойынсұнған жоқ. Олар Хұдайбия келісімінің күші жойылуына таңдау жасады. Бірақ, Ибнүл-Асиридің айтуына қарағанда Құрайыш пұтқа табынушылары Мұхаммедтің с.ғ.а Меккеге жорық жасауға дайындық жүргізіп жатқанын естіп, Құрайыш өз қателіктерін түсініп, соғыс орын алmas үшін Әбу Суфиянды Мәдинаға елші етіп жіберген. Алайда, мұсылмандар Құрайшқа қарсы жорығын тоқтатпады [32, 222-225 б].

Ибнүл-Әмин Махмуд Әсад Сайдшахри айтуына қарағанда, Құрайш тайпасының Хұдайбия келісімшартын бұзының себебі 629 жылы византиялықтармен Мәдина ислам мемлекеті бір бірімен соғысты. Мәдинағы ислам мемлекетінің екінші бір жағынан алғып империясының келіп соқтығуы, Құрайш тайпасының мұсылмандарға қайта қырын қарап, менсінбеуіне әкеп соқтырған [7, 860-867 б].

Мәдинадағы ислам мемлекеті бұл кезде Араб түбегінде өзінің негізгі қарсыластарын жеңіп, толық кемеліне келген болатын. Ибн Қәсирдің пайымдауынша, Құрайыш пұтқа табынушылары мәдиналықтардан жеңілмесе, араб тайпалары ескі сенімдерінде қала беруді ойлаған. Ал мұсылмандар Меккені алса, исламды қабылдамақ болғанын айтады [61, 2556 б].

Мұхаммед с.ғ.а Меккенің бағындырумен өзінің діни миссиясын толық орындаі алатынын анық түсінді. Өйткені, Араб түбегіне ықпалды болуы үшін қасиетті қағба орналасқан Меккені бағындыру керек еді.

Деректерде Мұхаммед с.ғ.а бұл жорыққа өз одақтарынан көмек алғып 10.000 әскермен аттанғаны айтылады [86, 486 б.]. Меккені бағындырmas бұрын Мұхаммед с.ғ.а Меккенің басшыларының бірі Әбу Суфиянның жесір қалған

қызы Умму Хабибаға үйленді. Ш.Иешилдің пікірінше дәстүрлі тайпалық түсінік бойынша, бұдан кейін Мұхаммед с.ғ.а мен Әбу Суфиян туыс болып табылғандықтан, бір біріне жауықпауы тиісті-тін. Шынында да Мұхаммедің с.ғ.а бұл саяси әрекеті өз жемісін берді. Әбу Суфиян мұсылман әскері Мекке төңірегіне келгенде, Мұхаммед с.ғ.а келіп өзінің мұсылман болғандығын жариялады [31, 369-378 б]. Ш.Севержанның көзқарасынша Мұхаммедтің с.ғ.а Әбу Суфиянның қызына үйленуінің басты себебі – Әбу Суфиянның исламға жүргегін жылыту үшін болған [21, 52 б]. Мұсылман қолы Меккені соғыссыз бағындырды. Мұхаммед с.ғ.а: «Бұгін сіздерді жазаламаймыз. Барлықтарыңыз бостандықтасыздар» деп Мекке халқына кешірім берді [28, 422-423 б].

М.Шәкир: «Мұхаммедтің с.ғ.а мұсылмандарға қорлықтың неше түрін көрсеткен Мекке халқына кешірім беруі, сөзсіз ұлылықтың көрінісі еді» деп бағалайды. Бұдан кейін, Мекке халқының басым көпшілігі исламды қабылдады. Мұхаммед с.ғ.а Меккені пұттардан тазартты [28, 423-424 б].

Мұхаммед с.ғ.а Меккені бағындырғаннан кейін Құрайыш аристократтарының көңілін аулауға тырысты. Мысалы, Меккені бағындырғаннан кейінгі іле-шала болған Хунайн соғысынан түскен олжаның басым бөлігін ансарлардың қарсы болуына қарамастан кеше ғана исламды қабылдаған Құрайыш ақсүйектеріне берді [22, 228 б]. Сондай-ақ, Құрайыш аристократы Халид б. Уалидті Жазима тайпасын бағындыруға жіберген әскердің қолбасшысы етсе [2, 549-550 б], Амр б. Асты Затус-Саласилді бағындыруға аттандырған қосынның қолбасшысы етті [2, 509-511 б].

Ислам мемлекеті мен Құрайыш пұтқа табынушыларының арасындағы Бәдір, Ұхұд, Ор соғыстарында мұсылмандар қорғану мақсатында әскери әрекет етсе, ал Меккені бағындыруда агрессиялық емес, стратегиялық қорғану позициясын ұстанды. Шынтуайтында, Мәдинадағы ислам мемлекетіне меккелік Құрайыш пұтқа табынушылары үлкен қауіп төндіріп келді. Құрайыш пұтқа табынушылары Хижаз аймағында геосаяси тұрғыдан алғанда Мекке қаласында ұтымды орналасуымен өзге араб тайпаларына ерекше ықпалды еді. Құрайыштықтар осы мүмкіндігімен кез-келген уақытта өзге пұтқа табынушы араб тайпаларын басын қосып, Мәдинадағы ислам мемлекетіне жойқын шабуыл ұйымдастыра алатын еді. Бұл қауіпті біржолата сейілту үшін Мәдинадағы ислам мемлекеті Меккені бағындыруы тиісті-тін. Мұхаммед с.ғ.а Меккені бейбіт түрде бағындырып, ислам мемлекеті мен Құрайыш пұтқа табынушыларының арасындағы діни-саяси қарама-қайшылықты біржолата шешті. Ал 628 жылғы Ҳұдайбия келісімі екі тараптың бейбіт қарым-қатынас жасауына өзек болып қана қойған жоқ, ислам мемлекетінің Араб түбегіндегі ықпалының артуына зор мүмкіндік тудырды. Ҳұдайбия келісіміндегі бейбітшілік нормаларының күші екі жыл уақыт ғана сақталғанымен, осы аралықта Мұхаммед с.ғ.а жетекшілік жасаған ислам мемлекеті Араб түбегіндегі тәуелсіз дара субъектіге айналып үлгерді.

3.1.3 Ислам мемлекетінің араб тайпалары және өзге мемлекеттермен қарым-қатынастары

Мекке бағындырылып, Құрайыш пүтқа табынушылары тізе бүккеннен кейін, Мәдинадағы ислам мемлекетінің сыртқы функциясында араб түбегіндегі пүтқа табынушы өзге араб тайпаларына исламның паш етілуі міндеті тұрды. Араб түбегіндегі ең басты пүтқа табынушылықты дәріптеу什і Құрайыш тайпасының исламды қабылдауы, сондай-ақ, арабтар үшін қасиетті саналған Меккедегі қағбаның мұсылмандар қолына өтуі өзге араб тайпаларының Мәдинадағы ислам мемлекетінің ықпалында қалғандығын көрсететін еді.

Мәдинадағы мұсылмандардың тәуелсіз саяси құрылымның мемлекет болып қалыптасуына Араб түбегін мекендеген тайпалар және көрші мемлекеттермен саяси қарым-қатынасының айтарлықтай ықпалы болды. Мұсылмандардың Құрайышпен арадағы саяси шиеленіс тұсында өзге Араб түбегі тайпаларының бұл қарама-қайшылықтан шет қалуы мүмкін емес еді. Исламға дейін араб түбегінде пүтқа табынушылық сенім басым тұрғандықтан, алғашқыда пүтқа табынушы араб тайпалары жаңа құрылған Мәдинадағы ислам мемлекетінен гөрі Меккедегі Құрайыш тайпасының ығында болды. Тек Мәдinanың төңірегіндегі кішігірім тайпалар жаңа ислам мемлекеттілігін мойыннадады.

Мәдинадағы ислам мемлекетінің сыртқы құштермен байланысы көп векторлы бағытта өрбіді. Ислам мемлекеті ислам дінінің Араб түбегінде қанат жаюына қарсы болған пүтқа табынушы тайпалармен соғысуға мәжбүр болса, Араб түбегінің шығысындағы кейбір тайпалар өз еріктерімен исламды қабылдап, ислам мемлекетінің құрамына енді. Келесі бір араб тайпалары Мәдинадағы ислам мемлекетімен алғашқыда одақтас болып, сонынан барып исламды қабылдады. Сондай-ақ, Мәдина ислам мемлекеті христиан дініндегі Византия империясына қарасты Сириядағы гассанидтер әмірлігімен және Мәдинадан қуылған яхуди тайпалары панаған хайбарлықтармен саяси стратегиялық қорғану мақсатында соғысуға мәжбүр болды.

Мұхаммед с.ғ.а Араб түбегін мекендеген тайпалармен мейлінше дипломатиялық қарым-қатынас жасады. Мысалы, 623 жылы Мұхаммед с.ғ.а алпыс адаммен Мәдина мен Меккенің шекара аймағында өмір сүретін Дамра, Гифар, Мудлиш тайпаларымен мынадай келісім жасады:

1. Бұл тайпаларды мұсылмандар өз қорғауына алады;
2. Егер шабуылға ұшыраса мұсылмандар көмек береді;
3. Исламға қарсы соғыс ашқандарды құптайтын болса, мұсылмандардың қорғауынан тыс қалады;
4. Мұсылмандар көмекке зәру болған жағдайда бұларда көмек беруі тиіс [86, 351 б].

Мұхаммедтің с.ғ.а Дамра, Гифар, Мудлиш тайпаларымен жасаған келісімшартында әскери одақтас болу сипаты басым. Келісімшартта дін туралы ештеңе айтылмайды. Пүтқа табынушы Дамра, Гифар, Мудлиш тайпаларымен Мұхаммедтің с.ғ.а одақтас болуға ұмтылуының себебі, ислам мемлекетінің алғашқы қалыптасу кезеңінде Меккедегі Құрайыш тайпасынан келер қауіптің алдын алу аса маңызды болатын. Мәдinanың төңірегін мекендеген ұсак тайпаларды өз жағына шығару осы қауіптің алдын алу шаралары еді.

Мұхаммедтің с.ғ.а Мәдинаға көшіп барғаннан кейін Құрайыштың Сирияға жіберген сауда керуендеріне шолғыншылар аттандыруы, өзге араб тайпаларын Мәдинадағы ислам мемлекетімен деру санасуға мәжбүр етті [25, 270-274 б]. Яғни, Дамра, Фифар, Мудлиш тайпалары Араб тұбегін Сириямен байланыстыратын сауда жолына ие болып отырған Мәдинадағы ислам мемлекетімен одақ құруға лажсыздан пейіл танытты.

Иbn Хажар «Маталиф» атты шығармасында Мұхаммедтің с.ғ.а Мәдинаға көшкен алғашқы жыл Дамра, Фифар, Мудлиш бен бірге Мәдинаның солтүстік батыс өнірін мекендейтін Музайна мен Жухайна тайпаларымен де одақтастық келісімшартын жасағандығын айтады [8, 438-444 б]. Сондай-ақ, 623 жылы Мұхаммед с.ғ.а Ауба өлкесін мекендейтін Фифар тайпасымен одақтастық келісімшартын жасады. Меккеде ислам жасырын дәріптелген алғашқы жылдары Фифар тайпасынан Әбу Зәрр мұсылмандықты қабылдап, өз тайпасына барып исламды танытты [32, 60 б]. Мұхаммедтің с.ғ.а Фифар тайпасымен одақтастық келісімшартының өзге араб тайпаларымен жасаған келісімшарттардан ерекшелігі, Фифар тайпасын мұсылман тайпасы ретінде таныды.

Деректерде 625 жылы Араб тұбегінің Нахла аймағын мекен еткен Адл мен Карра тайпаларының исламды қабыл еткендігі айтылады. Ислам тарихында «Ражи» оқиғасы деген атпен белгілі зобаланда, аталмыш тайпалар Мұхаммедтен с.ғ.а өздеріне дін үйретуші ұстазды жіберуін сұраған еді [32, 157-158 б]. Мұхаммедтің с.ғ.а оларға жіберген дін үйретуші ұстаздарын исламға қарсы Лихиян тайпасының жасағы қырып салды. Дәл осы жылы Нәжид аймағын мекендейген Килап тайпасының басшысы Әбу Бара Мұхаммедке с.ғ.а елші жіберіп, өздеріне исламды түсіндіруші ұстаздардың жіберілуін өтінді. Мұхаммедтің с.ғ.а Килап тайпасының жіберген адамдарын Мәдина мен Нәжид арасындағы «Мауна құдығы» деген жерде Исламға қарсы Әмр тайпасының жасақшылары қырғынға ұшыратты [32, 160-162 б]. Бұл оқиғалардың барысынан жоғарыда айтылған өздеріне дін үйретуші ұстаз сұраған Адл, Карра, Килап тайпаларының исламды қабыл еткенін көруге болады. Яғни, бұл тайпалар Мәдинадағы ислам мемлекетінің ықпалындағы араб тайпалары еді. Сондай-ақ, деректерде Ислам мемлекетінің Ұхұд соғысына дейін Мәдина төңірегін мекендеуші Гамр тайпасымен де одақтас болғандығы айтылады [14, 273 б]. Гамр тайпасының Мәдинаның төңірегін мекендеуі, бұл тайпаның Дамра мен Мудлиш тайпалары секілді Мәдинадағы ислам мемлекетінің ықпалында қалғандығын көрсетеді. Ал, Адл, Карра, Килап тайпаларының исламды қабылдаудын ешқандай саяси астарды байқай алмаймыз. Бұл тайпалар пұтқа табынушылықтан жерініп, ислам діні әкелген жаңалықтарға өз еркімен мойынсұнған секілді. Олардың Мұхаммедтен с.ғ.а дін ұстазын жіберуін сұрауы осыны білдіреді.

Араб тұбегін мекендейген тайпалардың Мәдина ислам мемлекетіне бағынуы кезінде дәстүрлі тайпалық түсініктер айырықша орын алды. 626 жылы Хұза тайпасының Мусталук руы Мәдина мемлекетімен қақтығысып, женіліске ұшырады. Осы соғыста тұтқын болған Мусталук руының көсемі Харис б.

Дирадың қызы Жуайрианың қалауымен Мұхаммед с.ғ.а оған үйленді. Дәстүрлі тайпалық түсінік бойынша Мұхаммед с.ғ.а ру басшысының қызына үйленгеннен соң, Мусталук руы мұсылмандармен туыс ретінде қарым-қатынас жасады [14, 277-279 б].

Араб түбегінің Сафафан өлкесін мекендейтін Хұза тайпасы Мусталук руымен қатар Әслам руынан тұратын. 623 жылы Бәдір соғысынан бір ай бұрын Мұхаммед с.ғ.а Сафафан тауының бөктерін жайлайтын Ғифар тайпасымен бірге Хұзаның Әслам руымен де одақтастық келісімшартқа отырды. Хұза тайпасы араб түбегінде өте беделді тайпалардың бірі болып табылатын. Әслам руы Мекке алынғаннан кейін барып исламды қабылдағанмен, Мәдинадағы мұсылмандармен әрдайым жылы қатынаста болды. 626 жылы Мусталук руы мұсылмандармен соғысқанда, одақтасымен арадағы келісімге сай, Әслам руы туыстарына жақтасқан жоқ [8, 456-462 б].

Деректерде Мәдина мен Палестина аралығын мекендейтін Худа тайпасының да мұсылмандармен одақтастық келісімшартын жасағандығы айтылады. Худа тайпасы пүтқа табынғанмен мұсылмандардың бастамасымен жасалған көптеген жорықтарға әскер қосты. Мұсылмандар мен Худа тайпасы бір бірімен одақтастық келісімшарт жасауға мүдделі еді. Худа тайпасын солтүстіктегі көршісі христиан дінін ұстанатын гассаниттер қысымға алды. Оларға қарсы Худа тайпасы Мәдинадағы ислам мемлекетіне арқа сүйеді. Ислам мемлекеті мен гассаниттер арасында болған соғыстарда Худа тайпасы мұсылмандарға айтарлықтай әскери көмек беріп отырды [8, 522-525 б].

Мұсылмандар өздерімен одақтас пүтқа табынушы тайпалардың мүддесі үшін өзге араб тайпаларымен соғысқан кездері болды. 630 жылы мұсылмандардың Меккенің басып алуының себебі, Құрайышпен одақтас Бәкір тайпасы Мәдинадағы ислам мемлекетінің одақтасы Әслам руына Құрайышпен бірігіп шапқыншылық жасады. Мұсылмандар өз одақтасы Әслам руымен арадағы келісімге сай, оларға әскери көмек беріп, Бәкір тайпасына көмектескен Құрайышпен Хұдайбия келісімін бұзды [28, 415-424 б].

Ислам мемлекеті алғаш құрылғанда араб тайпаларының көшілігі Құрайыш тайпасының ықпалында болды. Араб тайпаларының исламмен қауышуына Құрайыш тайпасы өзінің діни және саяси кредитосын пайдаланды. Бірақ, Құрайыш тайпасы «Хұдайбия» келісімшартынан кейін өзге араб тайпаларын исламға қарсы пайдалана алған жоқ. «Хұдайбия» келісімшарты бойынша «араб тайпалары қалаған тараппен одақтас бола алатын» еді [14, 303-309 б]. Осы себептен де Мұхаммедтің с.ғ.а Хұдайбия келісімшартын «ашық жеңіс» деп атады. Өйткені, Хұдайбиядан кейін араб тайпаларын Мұхаммед с.ғ.а еш кедергісіз исламға ашық шақыра бастады. Мысалы, Хұдайбия келісімшартынан кейінгі мүмкіндіктің арқасында бұрын сасанистерге бағынып келген Иемен аймағындағы хумейрліктер өз еркімен исламды қабылдады [25, 582 б].

Ислам мемлекеті мен өзге араб тайпалары және көрші мемлекеттердің саяси текетіресі көбіне діни сенімдердің қарама-қайшылығы мен экономикалық мәселелердің шиеленісінен туындағы.

Араб тайпаларының Мәдинадағы ислам мемлекетіне қарсы ең үлкен жорығы 627 жылғы Құрайыш, Януди, Ғатафандық Фазара, Ашса, Мухариф, Салаба және Сулеймен, Сад, Әсет тайпаларының біріккен әскерімен Мәдинаның түбінде болған «Ор» соғысы болатын [32, 167-172 б]. Бұл соғыста коалиция әскерінің Мәдинаны жаулап ала алмай кері шегінгенін жоғарыда баяндадық.

«Ор» соғысы пүтқа табынушы араб тайпаларының ислам мемлекетіне жасаған соңғы жорығы болды. Бұдан кейінгі кезеңде Мәдина дағы ислам мемлекеті экономикалық тұрғыдан қүшейіп, Араб тұбегіндегі саяси ықпалын арттыра түсті. Мәдина ислам мемлекеті Хұдайбия келісімшартынан кейін оңтүстіктен келер қауіптің толығымен алдын-алды. Одан соң солтүстіктен қауып тудырушы Хайбар янудилері мен Ғатафан арабтары және Византия империясына қарасты Гассани әмірлігімен арпалысуға тұра келді.

Ғатафан арабтары 628 жылы Зайт б. Харис бастаған мұсылман сауда керуенін тонауына байланысты Мұхаммед с.ғ.а Бадил-Курада ғатафандықтарды қатаң жазалады [28, 39-41 б]. Мұхаммед с.ғ.а өзіне қарсы Хайбар янудилері мен Ғатафан арабтарының коалициясын жою үшін 628 жылы Хайбарға соғыс ашты. Осы жорықта мұсылман әскері Комус, Найм қорғандарын басып алғаннан кейін, өзге қорғандардағы янудилер сауға сұрап, мұсылмандарға жизия шартымен бітімге келді [98, 68-70 б].

Хайбар янудилерінің мұсылмандардан жеңілуінің себебі януди тайпалары өз қорғандарына бөлініп бекінді. Сонымен бірге, Ғатафандықтардан күткен көмегі келмеді. «Ор» соғысында мұсылмандарға қарсы бірге соғысқан Құрайыштың бұл жолы Хайбарға көмекке келе алмауының себебі Мұхаммед с.ғ.а құрайыштықтармен Хұдайбияда 10 жылға бір біріне жауықпау туралы бітім жасасып қойған болатын.

Хайбар жорығында Мұхаммед с.ғ.а Мәдина мен Хайбардың арасындағы Тайма, Фадак өңірін жайлайтын януди тайпаларымен салық төлеу шартымен бітім жасасып, бұл өңірді ислам мемлекетінің қарамағына ендірді [98, 70-72 б].

М.Хамидуллаh Хайбар алынғаннан кейін ислам мемлекетіне қауіп Византия империясына қарасты Сириядағы Гассани әмірлігінен төнгенін айтады. 628 жылы Хайбар жорығынан бұрын Мұхаммед с.ғ.а көрші мемлекеттерге исламды паш ету мақсатында хаттар жолдады. Осындай хаттардың бірі Гассани әмірлігіне де жіберілгенде, Гассани әмірлігіндегі қарасты Бусра әкімі келген елшіні өлтірді. Бұдан кейін, Мұхаммед с.ғ.а гассаниттермен соғысуға мәжбүр болды [8, 329-330 б].

Мәдина Ислам мемлекетінің Гассани әмірлігімен соғысуына негізінен екі себепті көрсетуге болады:

Біріншіден, Мұхаммедтің с.ғ.а исламды паш ету мақсатында жіберген елшінің өлтірілуі еді. Ол дәуірде де дипломатиялық өкілдерге қастандық жасалмауы тиіс болатын. Бусра әкімінің ислам мемлекетінің елшісін көпекеріне өлтіруі соғыс ашуға жеткілікті негіз еді.

Екіншіден, Мұхаммед с.ғ.а Мәдина мен Сирияның шекарасындағы Затутталқа өңіріне исламды паш етуші 15 адамды жіберген еді. Бұл дін

үйретуші бейбіт мұсылмандарды да гассаниттер қолға түсіріп, азаптап өлтірді [8, 329 б]. Басқа мақсатта емес, бейбіт жүрген дін үйретуші мұсылман ұстаздарының өлтірілуі де, жорық жасауға тұрткі болды.

Византияға қарасты Гассани әмірлігінің әскері мен мұсылман әскері Сириядағы «Мута» деген жерде соғысып, екі жақ бір бірін ала-алмай кейін шегінді [92, 369 б]. В.Ирвинг «Жизнь Магомета» атты атақты шығармасында «Мута» соғысында мұсылман әскерінің гассаниттерді тас-талқан етіп жеңгенін айтады [5, 172-173 б]. Ал, Ю.Кандехлевидің пікірінше «Мута» соғысындағы екі жақтың тәң түсуі, ислам мемлекеті үшін өте тиімді болды. Егер, бұл соғыста жеңілген болса, Мәдинадағы ислам мемлекеті тәуелсіздігінен айырылуы әбден мүмкін еді [99, 196 б].

630 жылы Мұхаммед с.ғ.а Мәдианың солтүстігіндегі Сирияға жақын шекара аймақты мекендейтін, пұтқа табынушылықты қатаң ұстанушы араб тайпаларының бірі Сулеймен тайпасына 50 мұсылманды аттандырып, исламға шақырғанмен, Сулеймен тайпасы келген мұсылмандарды қырып таstadtы [100, 558-559 б]. Мұхаммед с.ғ.а Сулеймен тайпасын жазалау мақсатында мұсылман қосынын жіберіп, Затус Саласил деген жерде мұсылман қосыны Сулеймен тайпасын жазалады [32, 215-216 б]. Затус Саласил соғысынан кейін солтүстіктен төнген қауіп сейілді.

М.Шәкирдің пікірінше, Мәдина Ислам мемлекетінің бұлай Хижаз аймағын тұтас билей бастауы, Мекке төңірегіндегі Хауазин тайпасы мен Тайфтағы Сақиф тайпасын қатты алаңдатқан. Бұл тайпалар Мәдинадағы ислам мемлекетінің екпінін баспаса, Құрайыш пен өзге араб тайпаларының басына түсken қамыттың өздеріне киілетінін жақсы түсінді. Екі жақтың әскері Хунайн ойпатында ұрысып, мұсылмандар жеңіске жетті [98, 115-118 б]. Бірақ, мұсылмандардың негізгі мақсаты – ұрыс даласында жеңіске жету емес, исламды мойыннату еді. Мұхаммед с.ғ.а Хауазин мен Сақиф тайпасы исламды қабылдаған болса, бостандық берілетінін хабарлағаннан кейін Хауазин тайпасының басшысы Мәлик б. Ауфтің және қоршаудағылардың көпшілігі исламды қабылдады [98, 119-123 б].

629 жылы Византия императорлығы мен Ирандық Сасанидтер арасында Шам мен Иерусалим үшін соғыс жүріп, византиялықтар басым түсті. Осы жеңістен кейін Византия онтүстікегі шекарасын кеңейту және Араб түбегінде жаңадан бой көтерген Мәдинадағы ислам мемлекетін құрту үшін әскери дайындық жүргізді. Мұхаммед с.ғ.а оған қарсы 30.000 әскермен Сирияға жорыққа шыққанмен, Табұқ деген жерге келгенде Сирияда осы жылдары оба ауруы етек алуына байланысты мұсылман қосыны кері шегінді. Сирияның Араб түбегіне жақын орналасқан Эйла, Жарба, Әзрух елді мекеніндегі христиан арабтар салық төлеу шартымен ислам мемлекетінің қарамағына өтті. [98, 125-138 б].

631 жылы Мұхаммед с.ғ.а Мәдинадағы ислам мемлекетімен одактас пұтқа табынушы араб тайпаларына арадағы келісімшарттың күші жойылғандығын ескерті. Бірақ, пұтқа табынушы араб тайпаларымен одактастық

келісімшартының бұзылуына сол кезде түскен Құранның мына үкімдері себеп болды:

«Әй, иман келтіргендер! Дау жок, мүшіріктер – арам. Сондықтан биылдан кейін Масжід Харамға жоламасын. Кедейліктен қорықсандар, егер Алла қаласа, сендерді өз кеңшілігімен байытады... Расында Алла толық білуші, хикмет иесі. Кітап берілгендерден, Аллаға, ахирет күніне иман келтірмегендер және Алланың әрі Елшісінің арам еткен нәрселерін арам деп білмегендер және де хақ дінді (Исламды) дін деп мойындағандарменен сүмірейіп, өз қолдарынан салық бергенге дейін соғысындар» (Тәубе, 28-29).

Құранның бұл үкімдеріне арқа сұйеген Мұхаммед с.ғ.а жоғарыда айтылған тайпаларға исламды қабыл етпесе, одактас бола алмайтынын айтып хат жолдады. Ислам мемлекетінің қойған шартынан соң араб тайпалары исламды қабылдағандарын айтып Мұхаммедке с.ғ.а өз өкілдерін жіберді [28, 264-268 б.].

Хижаз аймағында ислам мемлекетіне соңғы қарсы тұрған Тайфтағы пұтқа табынушы Сақиф тайпасы да елшілер жіберіп, Мұхаммедке с.ғ.а мынадай шарттар қойды:

1. Тайфтықтарды өсім алушан шектемеу;
2. Шарап ішуге тыым салмау;
3. Зина жасауға рұқсат беру.

Мұхаммед с.ғ.а Тайфтықтардың бұл шарттары мұсылман құқығына мүлде қайшы болғандықтан келісімге келуден бас тартты. Бұдан кейін тайфтықтар қайтадан мынадай шарттар қойды:

1. Екі жылға дейін пұтқа табынуды жалғастыру;
2. Намаз оқуға міндettі болмау;
3. Зекет бермеу және соғысқа шықпау.

Ибнүл-Асирдің көзқарасынша тайфтықтардың алғашқы екі шарты ислам қағидаларына мүлде қайшы келгендейтін, тек үшінші шартына ғана келісім берді [32, 262-263 б]. Ал, Хауазин, Тәмим, Нажран, Дари, Амр, Бакир, Ханифа, Тай, Адии, Зубайд, Кинда, Әзд, Каб, Жузам, Хамдан, Салаба, Сад, Фазара, Әсед, Узра, Уали, Мурра, Наулан, Мухариф, Суда, Саламан, Абс, Музайна, Ашари, Дәус, Үаһра, Жамид, Мунтағік, Наха тайпалары Мұхаммедке с.ғ.а өкілдерін жіберіп, исламды өз еріктерімен қабыл етті [2, 589-594 б].

Мекке бағындырылғаннан кейін Хижаз аймағындағы исламға қарсы тұрған Тайф халқының көп ұзамай исламды өз еріктерімен қабыл етуі мұсылмандардың Араб тұбегінде бірегей мемлекет қалыптастырғанын көрсетті. Араб тұбегіндегі Оман, Бахрейн, Иеменді мекен еткен халықтардың басым көпшілігі исламды өз еріктерімен қабылдап, ислам мемлекетіне бағынышты екендерін білдірді. Бұл аймақтағы өзге дін өкілдерінің діни-сенім бостандығына еркіндік беріліп, олардан тек жизия салығы алынды. Бұл салық алынған соң мұсылман басшылар олардың тыныштығын қорғады. Мұсылман әкімдер сол кезенде өзінің қол астындағы христиан немесе басқа дін өкілдерінің амандығын сақтауға мүмкіншіліктері болмаған кезде бұл салықты кері қайтарып беріп отырды [101, 458 б.].

628 жылы Хұдайбия келісімшартынан кейін Мұхаммед с.ғ.а Византия императорлығы, Ирандық Сасани империясы, Эфиопия, Мысыр мемлекеттері, Гассани, Оман, Бахрейн, Иемен, Иамама әмірліктеріне хат жолдады. Византия императоры Хераклусты (Ираклий) алғашқыда исламды қош көргенімен, христиан поптарының исламды қабылдауына қарсы түрғандығы айтылады [8, 117-119 б]. Сасани билеушісі Хусреу Первиз де исламды қабылдамады. Бірақ Иемен, Эфиопия мен Мысыр, Бахрейн билеушілері өз еріктегімен исламды қабыл алды [14, 319 б]. Алғашқыда, Мұхаммедтің с.ғ.а хаттарына теріс жауап берген Оман мен Иамамадағы араб тайпалары да [14, 321 б] Мекке бағындырылғаннан кейін өз еркімен исламды қабылдады [14, 385-386 б].

Жоғарыдағы тарихи оқиғалар желісін қорыта келгенде Мұхаммед с.ғ.а Араб тұбегіндегі тайпалар мен мемлекеттерді ислам мемлекетіне бағындыруда мынандай үш тәсілді қолданды деп айтуға болады:

Біріншіден, араб тайпаларының басым көпшілігін бейбіт ислам дініне шақырып, оларды бағындырыды;

Екіншіден, кейбір араб тайпаларын Мәдинаның Хижаз аймағында геосаяси сәтті орналасуын пайдалана отырып, бейбіт келіссөздер жүргізумен өзіне қаратты;

Үшіншіден, стратегиялық қорғану мақсатында, пүтқа табынушы басқыншы тайпаларын және Хайбардағы яңудилерді әскери күшпен басып алды.

Батыс зерттеушісі П.Хитти Мұхаммедтің с.ғ.с Араб тұбегіндегі реформасына: «Мұхаммед өте қысқа өмірде сол кезге дейін географиялық ауқымдылығынан басқа ештеңесі жоқ өлкеде сондай бір ұлық дін құрды. Бұл дін өте кең аймақтарда христиандық пен яңудиліктен озумен қатар, өте қысқа мерзімнің ішінде сол кездің мәдени аймақтарын қамтыған өте үлкен мемлекеттің негізін қалады» [102, 37 б] деп баға берді.

Х.Кунг өз зерттеуінде алғашқы ислам мемлекетін: «VII ғасырдағы Мәдинадағы мемлекет құдайдың бұған дейінгі діндерінің бәрін толықтырған әрі олардың күшін жойған жаңа дінінің негізінде құрылды. Бұл кездегі араб қоғамы өзіндік әдет-ғұрпы, адамгершілік ұстанымдары, төл өркениеті бар біртұтас қоғам болатын» [103, 111] – деп бағалайды.

Мұхаммед с.ғ.а Мәдинада мемлекет құрған он жылдың ішінде Араб тұбегін мекен еткен тайпаларды түгел бағындырыды. Мұсылмандардың Араб тұбегіндегі саяси жеңісінің сырты әрбір мәселеге жіті назар аударып, алғыр, ұтымды шешім шығара алуында еді. Мұхаммед с.ғ.а кездейсоқ жеңіске жеткен емес. Исламдық қозғалыс барысында туындаған мәселелер алдын-ала кеңестен өтіп, пысықталып, ең тиімді ұтқыр шешім қабылдағандықтан мұсылмандар Араб тұбегін түгел қамтитын алғып ислам мемлекетін құруға қол жеткізді. Осы түрғыда «Мәдина конституциясының» атқарған орны мен рөлі ерекше еді. Әсіресе, Мәдинада пайда болған ислам мемлекетінің ішкі және сыртқы саясатын нығайтуда «Мәдина конституциясының» нормалары негізгі діни, саяси, құқықтық өлшем бола алды.

3.2. Мемлекеттік құрылым, әкімшілік, халықаралық қатынас саласындағы реформалар

Мекке дәуірінде мұсылман құқығының біршама құқықтық үкімдері мен басты бағыттары және негізгі принциптері анықталған болса, Мәдина дәуірінде мұсылман жұрағаты тәуелсіз мемлекет болып қалыптасқандықтан, мұсылман құқығы айтарлықтай ілгерледі. Мұхаммед с.ғ.а ислам дінінің пайғамбары ғана емес Мәдинадағы ислам мемлекетінің саяси басшысы еді. Ол с.ғ.а өзінің құзіретіне сай Кұранға сүйене отырып үкімдер шығарып, алғашқы мұсылман сотының негізін қалаушы және бас қаржыгері болды [104, 31-32 б]. Мұхаммедке с.ғ.а бұл жоғары құқықты Кұран берді: «Кімде-кім пайғамбарға бағынатын болса, Аллаға бағынады...» (Ниса, 80).

Мұсылман құқығының басты қайнар-көзі Кұран аяттары алғашқы Мекке дәуіріндегі он үш жылда және кейінгі Мәдина дәуіріндегі он жылда түсіп, тәмамдалды. Мәдина дәуіріндегі Кұран аяттарының Мекке дәуірінде түскен Кұран аяттарына қарағанда, құқықтық сипаты басым еді. Мәдина дәуіріндегі аталған он жылда мұсылман құқығы ислам мемлекетінің басынан өткерген саяси оқиғаларына және мұсылмандар арасында туындаған азаматтық, қылмыстық мәселелердің желісіне қарай дамып отырды [105, 42-44 б]. Әсіресе, Мәдина түскен Кұран аяттарының санкциялық сипаты айқын көрініс беріп, шаригат бекіткен жаза түрлері анық көрсетілді [106, 127]. Бұл мәселелер «Мәдина конституациясында» алдын-ала болжанған-тын. Аталмыш құжаттың 42 – бабында алдағы уақытта туындаған мәселелерді Алланың уағи мен Мұхаммедтің с.ғ.а шешіміне қалдыратындығы айтылған болатын.

Исламның алғашқы дәуірінде негізгі мәселелер Кұран үкімдерімен шешілгендейтін, алғашқы ислам мемлекетін толық теократиялық мемлекет болғандығын көруге болады. А.Хасановтың пікірінше Мұхаммедтің с.ғ.а қайтыс болуымен Кұран үкімдері тоқтап, Алламен тікелей байланыс үзілгендейтін, мемлекеттің теократиялық сипаты бірте бірте солғын тартып, кейінгі кезеңдерде діннің орны төмендеген [107, 28 б]. Ф.Демирдің көзқарасы бойынша Кұран мен Пайғамбар ілімі Ұлы Жаратушының ілімі болғанмен, исламдағы мемлекет мәселесі түгелдерлік теократиялық бағытта болмауы тиіс. Мемлекеттің кейбір саяси мәселелері зайырлық тұрғыда шешімін табуы керек. Мұхаммед с.ғ.а ислам мемлекетіне тәнген көптеген қауіпті саяси мәселелерді, зайырлы тұрғыда шешкен [108, 68 б].

«Мәдина конституациясында» бірнеше діни қауымның мұддесі негізге алынғанымен мұсылмандар мен яғуди тайпаларының саяси бірлестігі ыдырап, Мәдинадан Нәдір, Қайнұқа, Құрайза яғуди тайпалары шығарылды. Мұсылмандар мен яғуди тайпаларының саяси бірлестігі 627 жылғы болған «Ор» соғысынан кейін толығымен ыдырады. 628 жылы Хайбардағы яғуди тайпалары ислам мемлекетінің қарамағына өтті. 630 жылы Мекке қаласының бағындырылуымен Хижаз аймағы ислам мемлекетінің қарамағына өткен соң, Иемен, Бахрейн, Оман, Иамама аймақтары өз еріктерімен исламды қабылдады. Бахрейн мен Оманда зоростаризмді ұстанушылар мен Иеменде Нажран христиандарына Мұхаммед с.ғ.а өз сенімдерінің құқықтық негіздері бойынша

өмір сұруіне рұқсат берді [14, 385 б]. Осыған байланысты М.Хамидуллан: «Ислам мемлекетінің қарамағында иуда, христиан дінін ұстанушылардың өз сенімдерінің құқықтық негіздері бойынша өмір сұруі, Мәдинада құрылған ислам мемлекетінің федеративті мемлекет екенін көрсететін еді» [8, 194 б] дейді.

Құранның Тәубе сүресіндегі 1-29 – аяттарындағы пұтқа табынушы араб тайпаларымен одақтастықты тоқтату туралы үкімдер түскеннен (631 ж) кейін Мұхаммед с.ғ.а ислам мемлекетімен одақтастық келісмшартын жасаған араб тайпаларына пұтқа табынушылық сенімін тәрк етпесе, бұрынғыдай жылы қатынаста бола алмайтынын ескертті. Жаңа дінді қабыл етіп, ислам мемлекетінің құрамына кіруге шақырды [55, 331 б]. Әлемнің алып империясы саналған Византия Мута, Табук соғыстарынан кейін, ислам мемлекетін тәуелсіз мемлекет ретінде мойындағы [8, 417 б]. Оман, Бахрейн, Иеменнің өз еркімен исламды қабыл етіп Мәдинадағы ислам мемлекетінің құрамына өтіп, оған Сасани мемлекеті қарсы ешқандай саяси іс-қимыл жасаған жоқ. Бұл Сасани мемлекетінің ислам мемлекетін мойындаған болып табылатын еді. Эфиопия патшасы Нажаши мен Мысыр билеушісі Мұқақустің Мұхаммедті с.ғ.а Алланың Елшісі ретінде қабыл етуі [14, 320-321 б] ислам мемлекеттілігін мойындаған деп қабылдауға болатын фактор. Мұхаммед с.ғ.а Тәубе сүресінің 1-29 – аяттарына сәйкес араб тайпаларын жаңа дінді қабылдауға шақырды. Араб түбенгіндегі негізгі саяси күш ислам мемлекеті болғандықтан, араб тайпаларының көпшілігі пұтқа табынушылықты тәрк етіп, исламды қабылдады [2, 589-594 б].

622 жылы қабылданған «Мәдина конституциясы» Ясриб қаласындағы ислам мемлекетінің мемлекеттілігін бекітсе, 631 жылы түскен Құранның Тәубе сүресінің 1-29 – аяттары ислам мемлекетінің мелекеттілік мәні мен деңгейін арттыруышы құқықтық негіздер еді. «Мәдина конституциясының» 23 және 42 – бабында алдағы уақытта туындаған мәселелерді Алланың уаһи мен Мұхаммедтің с.ғ.а шешіміне қалдыратындығы айтылған болатын. Осы өкілеттілікке сай Мұхаммед с.ғ.а ислам мемлекетінде кешенді діни-құқықтық реформалар жүргізді.

Әкімшілік реформалар. Исламға дейін әрқайсысы кішігірім мемлекет іспетті бытыраңқы өмір сүрген араб тайпалары [7, 101-139 б] Мұхаммед с.ғ.а негізін қалаған Мәдинадағы ислам мемлекетінің құрамына енгеннен кейін орталықтандырылған басқару жүйесінде өмір сүрді [101, 353 б].

Батыс зерттеушілері алғашқы ислам мемлекетінің басқару жүйесіндегі пайғамбардың орнына тоқталғанда, Мұхаммедтің с.ғ.а пайғамбарлық билігі теократиялық басқаруға негізделгенін айтады. Мәселен, Д.Браун: «Мұсылман үмбетінің басшысы ретінде Мұхаммедтің с.ғ.а «Алғашқы әмірші не тұңғыш имам» деп атап, «ол Құдайдың бүйіректарын жүзеге асыратын үкіметтік (билік) жүйесін құруға жауапты болды» [109, 69] дейді. Сондай-ақ: «Конституациялық үкіметтің терминологиясын қолдансақ, Мұхаммед исламдың басқару жүйесінің басшысы ретінде тек атқарушылық функцияларға ие еді. Заң шығарушылық құзыретті Құдай өзіне ғана қалдырған. Ендеше, Мұхаммед көзі тірісінде-ақ заң

шығаруға құқылы болмаған. Ол тек заңдардың орындалуын (жүзеге асуын) қамтамасыз ететін. Егер ол заңдарды жүзеге асыруда Құдайдың сенімді екілі болса, онда оның іс-әрекеті Құранның беделіне негізделген. Егер ол өз бетінше әрекет етсе, онда оның іс-әрекеті жеке ұстанымы мен пікіріне ғана негізделген және діни мәселелерге қатысы жок» [109, 70].

Пайғамбардың с.ғ.а өмірі туралы көлемді зерттеу еңбегін жазған У.М.Уотт та Құранның Шура сұресінің 10 – аятындағы «Сендер тартысқан нәрсе турасында шешім жасау Аллаға тән» атты үкімді және т.б. аяттарды негізге алып, пайғамбардың с.ғ.а өз миссиясын жүзеге асыру барысында дербес ұстанымы болмағанын алға тартады [78, 251].

Яғни, Мәдинада алғашқы исламдық жоғары саяси үйім тарих сахнасына шыққанда Алла Мұхаммед пайғамбарға с.ғ.а уахи түсіру арқылы мемлекетті басқаруға тікелей араласқан. Ал, мұсылман құқығында пайғамбардың ұстанымы саналатын «сұннет» негізгі қайнар-көз ретінде мойындалғанымен, пайғамбарлық басқаруда абсолютті құқықтық норманың иесі Алла болып саналады. Осы себептен Мәдинада 622-632 жылдар аралығында негізі қаланған исламдық саяси жүйені «тікелей теократиялық басқару мемлекеті» деп тұжырымдаймыз.

Алғашқы ислам қозғалысынан бастап, құрылған мұсылмандық Шура (кеңес) ислам мемлекетінің жоғарғы басқару органды болып табылды. Шураға мүше болу белгілі тәртіпке негізделмегенмен, Мұхаммедпен с.ғ.а бірге ислам қозғалысының ауыр күндерін бастан өткерген достары ислам мемлекетінде туындаған мәселелерді шешу үшін бас қосып кеңес өткізетін. Туындалап отырған мәселеге қатысты Құраннан үкім түсін жағдайда немесе Мұхаммед с.ғ.а шешім шығарған болса, негізгі қарар ретінде қабылданатын. Ал Мұхаммед с.ғ.а жеке өзі шешім айтпаған жағдайда Шура мүшелері мәселені жан-жақты талқыладап, ұжымдық қарар қабылдайтын. Мысалы, Ұхұд соғысында Құрайыш әскеріне Ұхұд тауының етегінде тойтарыс жасау туралы шешімді мұсылман Шурасы қабылдады [32, 143-144 б]. Ор соғысындағы Мәдинаны айналдыра қоршай ор қазып қорғану тәсілі мұсылман Шурасының шығарған шешімі болатын [98, 6-7 б]. Және коалицияны ыдырату үшін Фатафан арабтарына Мәдинаның жылдық табысының үштен бірін береміз деген әскери айланы Мұхаммед с.ғ.а ұсыныс ретінде айтқанмен, мұсылман Шурасы бастапқыда бұл ұсыныстан бас тартқан еді [6, 149-153 б].

Құран үкімдері бойынша (Шура, 38) құрылған мұсылман Шурасы мұсылмандарға сөз бостандығы құқығын берген демократиялық қағида болып табылды. Мұхаммед с.ғ.а діни мәселе болмаған барлық әскери, саяси және мемлекетке қатысты оқиғаларда сахабалармен кеңесетін. Мұсылман Шурасының шешіміне Мұхаммед с.ғ.а өзі бас болып мойынсұнатын. Бізге жеткен хадистердің бірінде бұл туралы былай айтылады: «Мен (Мұхаммед с.ғ.а) қызметкерлерді кеңеспестен тағайындаі алмаймын, егер жеке өзім шешім шығарған болсам, Абдуллах б. Масудті тағайындаған болар едім» [89, 124 б].

Мұсылман Шурасы сол кезеңдегі ислам мемлекетіндегі татулықтың ұйытқысы болды. Мысалы, Мұхаммед с.ғ.а дүниеден өткен кезде халиф (Ислам мемлекетінің билеушісі) кім болады деген мәселеде, мұсылмандардың ынтымағы бұзылған жоқ. Қөптеген мемлекеттердің құлдырау үдерісі таққа талас кезінде болатыны белгілі. Ал, Мұхаммед с.ғ.а негізін салып кеткен мұсылмандық Шураның шығарған ұйғарымы бойынша халиф сайлау жолымен бекітілді. Алғашқы сайлауда мұсылман Шурасы Әбу Бәкірді р.а халиф етіп сайлады [9, 208-216 б].

Мұсылмандар Шурасына алғашқыда Мұхаммедтің с.ғ.а ең жақын достары мұше болғанмен, Әбу Бәкір р.а. мен Омар р.а. халиф болған тұста мұсылмандар Шурасына Құран үкімдерінің тұсу тарихын және сұннетті жетік білетін мұсылмандар да мүшелікке өтті [61, 2857 б].

Араб тұбегін мекенденген тайпалар ислам мемлекетінің қарамағына енгеннен кейін оларды мұсылман құқығының негізінде басқару үшін Мұхаммед с.ғ.а өлкелерге білікті деген әкімдер мен зекет жинаушыларды және мұсылман құқығы сотының өкілдерін тағайындауды қолға алды.

Ш.Әділбаевың пікірінше Мұхаммед с.ғ.а мемлекеттік қызметке қызметкерлерді таңдаған кезде мына ерекшеліктерді ескерген:

1. Сол аймақта тұратын біреу болуы;
2. Көркем мінезд-құлықты болуы;
3. Сенімді, жалған айтпайтын кісі болуы;
4. Мұсылман әрі басқаруға қабілетті болуы тиіс [110, 52 б.].

А.Рахманның көзқарасынша Мұхаммед с.ғ.а осы қағидалардың негізінде бытыраңқы араб қоғамына алғаш рет бір орталықтан басқарылатын әкімшілік жүйе қалыптастырыды [101, 353 б] Шариғаттанушы Л.Сюкенян мұсылман мемлекетінде әміршілер міндетті түрде мұсылман болуы шарт болғандығын айтады [42, 4 б].

Тағайындалған қызметкерлер Мұхаммедтің с.ғ.а нұсқауы бойынша жауапкершілігін мойындарына алған аймақта белсенді түрде басқару шараларын атқарды. Тиісті салықтар мен зекетті жинап, келіспеушіліктерді мұсылман құқығына сәйкес шешіп отырды. [111, 142 б] М.Хамидуллаһ Мұхаммедтің с.ғ.а аймақтарға тағайындаған әміршілері, аймақтарды оңтайлы басқару үшін аудандарға, қалаларды мәлтек аудандарға бөліп, басшыларын өздері тағайындағанын айтады [8, 350 б]. М.Уғур әміршілердің өкілеттілігі аймақтардағы жергілікті халыққа мұсылмандық құндылықтарды түсіндіріп, ескі исламға қайши тайпалық үрдістерді қолданыстан шығарумен күрескендігін айтады [111, 142 б]. Бұл кезеңде ислам мемлекетінің қалыптастасу кезеңі болғандықтан, әміршілер халықтың жадынан ескі қасаң қағидаларды жойып, мұсылмандық сананы қалыптастыруға еңбек сіңірді.

Ислам мемлекетінің құрамында Нажран христиандары мен Сирияның Әйла, Жарба, Әзрүх елді-мекеніндегі христиан арабтары және Оман мен Бахрейндегі зоростаризм сеніміндегі арабтар да болды. Мұхаммед с.ғ.а бұл діни қауымдастырға жизия салығын төлеп тұру шартымен оларға өз діни құқықтары бойынша өмір сұруге рұқсат берді [14, 329 б, 397 б].

Мұхаммед с.ғ.а аймақтарға аттандырған қызметкерлерді пысықтап, олардың қызметіндегі жауапкершіліктің мән-жайын тәптіштеп түсіндіріп, [112, 1 б] тағайындалған қызметкерлердің қарапайым жұрттан сыйлық алуына тиым салды [113, 26 б].

Мұхаммед с.ғ.а тағайындалған қызметкерлерге Құран мен сұннеттен таба алмаған үкімдерді өздерінің білімі мен тәжірибесіне қарай берулеріне рұқсат берді [42, 67 б]. Мұхаммедтің с.ғ.а бұл әрекеті, кейінгі мұсылмандар үшін құқықтық үкім берудің «Рай» мектебінің туындауына негіз болды.

Мұхаммедтің с.ғ.а тағайындалған қызметкерлерге Құран мен сұннеттен тыс жеке өздерінің үкім беруіне сенім білдіруі әмірші, қазы (сот), зекет жинаушы мемлекеттік қызметкерлердің тек бұйрық-пәрменмен қызмет атқармағандығын көрсетеді. Яғни, әкімдер мен қазылар және зекет жинаушылар кеңесуді құттірмейтін мәселелерде жеке өздері мұсылман заңдылықтарына сай үкім берді.

Исламға дейін арабтарда тайпалық дәстүр бойынша тайпа басшысы шейх немесе рейс болу ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын. Тайпа басшылары тайпаның әкімшілік істерімен бірге, азаматтық, қылмыстық дау-дамайдың шешімін және тайпаның саяси ұстанымын жеке өзі айқындағытын. Тайпа басшысы туындаған мәселелерге үкім берген кезде, белгілі бір бекітілген заңдылыққа сүйенбейтін. Бүрегі қай жаққа бұрса, жеңіс сол жақта болатын [9, 93 б].

Ал, Ислам мемлекеті қалыптасқаннан кейін арабтардың тайпалық дәстүріне үлкен өзгерістер жасалды. Даулы мәселелерге үкім айту және зекет пен салық жинау өкілеттілігі Мұхаммедтің с.ғ.а мұсылмандар Шурасымен кеңесіп, мұсылман құқығы мен мұсылман этикасын жетік менгерген адамдарға берілді. Тағайындалған қызметкерлер үкім беруде міндетті турде Құран мен сұннетке сүйенуі тиіс болды. Туындаған мәселеге қатысты Құран мен сұннетте үкім айтылмаған болса ғана, исламға қайшы келмейтін негізде тағайындалған қызметкер жеке өзі үкім бере алды. Яғни, ислам мемлекетінде әмірші болу тегі емес, біліктілігі ескерілетін.

Мұхаммед с.ғ.а Хұдайбия келісімінен кейін исламды қабылдаған Иеменнің әміршісі Вазан б. Саманды Иемен өніріне әмірші етіп тағайындағы. Вазан б. Саман өлгеннен кейін Иемен халық көп орналасқан өнір болғандықтан, Мұхаммед с.ғ.а Иеменді бес әкімшілік аймаққа бөлді. Санаға Шахр б. Вазанды әмірші етіп тағайындағы. Шахр б. Вазан өлгеннен кейін, Санаға Халид б. Сайд б. Ал-Асты әмірші етіп тағайындағы. Ашариді Зәбит, Адан, Рама аймағына, Муаз б. Жебел Жунд аймағына, Амр б. Хазм Нажран аймағына әмірші болып тағайындалды. Мухажір б. Умайя ал-Махзумиді Кинда мен Садаф аймағына, Зиад б. Лабидті Хадрамут аймағына, Иазид б. Абу Суфиян Тайма аймағына, Аттаб б. Үсайд Меккеге, Али б., Әбу Таліп Иеменден салық жинаушы болса, Амр б. Ас Оман аймағына, Ала б. Хадрами Бахрейннің әміршісі болып тағайындалды [89, 124-425 б]

Мұхаммед с.ғ.а әміршілердің бірін мұхажірден тағайындағаса, оған қосып ансарлардың бірін көмекші етіп жіберетін. Бірі әмірші болса, екіншісі оның орынбасары қызметін атқарды [89, 126 б]. Мұхаммедтің с.ғ.а олай істеуінің

себебі, ислам мемлекетінің негізін осы мұхажірлер мен ансарлар қалады. Бұл тонның ішкі бауындаған біте-қайнасқан екі туыстың арасында келіспеушілік туындаған болса, жаңа құрылған ислам мемлекетінің біртұастығына жарықшашақ түскен болар еді. Бұны терең ұққан Мұхаммед с.ғ.а әрдайым мұхажір мен ансардың көңілінен шығатын шешім қабылдайтын.

Әміршілер даулы мәселелерді шешу, зекет пен салық жинаудан басқа халықты, ислам құндылықтары болып табылған ислам сенімі, мұсылмандық құқықтық үкімдер, ислам әдебімен таныстыратын. Мұхаммед с.ғ.а шөл далада еркін өскен арабтарды ислам қағидаларына шұғыл, тез арада мойынсұндыруды емес, исламның рухымен біртіндеп тыныстауын көздеді. Мұхаммед с.ғ.а әкімдерді аттандырып саларда: «Ауырлатпаңыздар жеңілдетіңіздер, адамдарды қуандырыңыз, оларды қорқытпаңыздар, араларына дәнекер болыңыздар, дау шығармаңыздар» [89, 126 б] – деп өситет айтатын.

Мұхаммед с.ғ.а мемлекет бюджетінің тұрақты кіріс көздері ретінде 631 жылдан бастап зекет, жизия және өзге де салықтарды жинауды қолға алды. Мұхаммед с.ғ.а зекет пен салық жинауға әміршілермен бірге, белгілі мерзім аралығына мемлекет қызметкерлерін тағайындалған. Тағайындалған қызметкерлердің тұрақты қызметте болмауының себебі зекет, садақа, жизия салықтары жылдың белгілі бір мезгілінде халықтан жиналатын [89, 126 б].

Мұхаммед с.ғ.а Араб түбөгін мекен еткен тайпалар мен қалаларға мына сахабаларды зекет пен салық жинаушы ретінде қызметке тағайындалды: Ади б. Хатамді – Тайй мен Әсет тайпасына, Сафбан б.Сафбанды – Амр тайпасына, Мәлік б. Нұбаайраны – Ханзала тайпасына, Бұрайда б. Хусайф Әсламді – Акар және Әшлам тайпасына, Убад б. Вишр әл-Жұханиді – Жұхайна тайпасына, Забартуман б. Вадирді – Сад тайпасына, Кайс б. Асмді – Сад тайпасына, Амр б. Асті – Физара тайпасына, Даһнак б. Суфиян ал-Килабиді – Килап тайпасына, Васар б. Суфиян ал-Кабиді – Каб тайпасына, Абдуллаһ б. Ал-Лутайяні – Зубиян руына, Әбу Жахм б. Хузайфані – Лайс руына, Вирр Хузаймиді – Хузайм руына, Омар б. Ал-Фарукті – Мәдина қаласына, Убайда б. Жаррахты – Нажран қаласына, Абдуллаһ б. Рабаһаны – Хайбар қаласына, Зияд б. Лабидті – Хадрамутқа, Әбу Мұса әл-Ашариді – Иеменге, Әбан б. Сайдті – Бахрейнге, Амр б. Сайд б. Асті – Таймайғаа, Махма б. Жұзұл Әсатты – Башқ, Үйайна б. Хисн ал-Физариді – Тамим руына зекет пен салық жинаушы қызметкер етіп тағайындалды [89, 126 б].

Мұхаммед с.ғ.а тағайындаған қызметкерлерге зекет пен салықты қандай өлшеммен алу керектігін егжей-тегжейлі түсіндірді. Зекет пен салықты артық алуға рұқсат берген жоқ. «Малдың ең жақсысын алудан сақтанындар» [114, 427 б] – дейтін. Кейбір адамдар өз қалауымен зекет пен салықты артық бергісі келсе де алған емес. Зекет пен салық жинаушы қызметкерлер белгіленген аймаққа өздері барып алатын. Халық зекет пен салықты өз орындарында төлейтін.

Мұхаммед с.ғ.а зекет пен салық жинаушы қызметкерлерді сапардан оралғаннан кейін олардың есебін тыңдайтын. Ол с.ғ.а мемлекеттік қызметкерлермен бірге өз әuletіне зекет пен садақадан пайдалануға тиым салды. Тағайындалған қызметкерлерге жалақы белгілі өлшеммен берілді.

Жалақы көлемін Мұхаммед с.ғ.а өзі белгілеп: «Біздің қызметкеріміз болып жұмыс істеп жатқан адам өзінің шығындарымен бірге жұбайының да шығындарын жазсын. Үйі жоқ болса, оны да жазсын. Қызметшісі жоқ болса, қызметшісінің шығындарын да жазсын. Бірақ, бұдан артық нәрсеге ақша алатын болса, балгерлік жасаған болып табылады» [89, 127 б] – деп тағайындалған қызметкерлердің жалақыны өлшемнен асырып алудына қарсы тұрды.

Исламға дейін қоғамдық бірізділігі болмаған араб қоғамы үшін Мұхаммедтің с.ғ.а мұсылман құқығының негізінде араб қоғамына жасаған орталықтандырылған жүйедегі әкімшілік реформасы, сөз жоқ араб қоғамы үшін тек жаңалық қана емес прогрестік маңызы бар үлкен жетістік еді..

Халықаралық қатынас қағидалары. Ислам мемлекетінің қалыптасу кезеңіндегі халықаралық құқықтық принциптері Құран үкімдері мен сұннетке негізделді. Мұхаммедтен с.ғ.а кейінгі өмір сүрген ислам халифтері мен мұсылман Шурасы туындаған халықаралық жағдайға қарай, Құран мен сұннеттің негізіне сай үкім шығарды. Сондай-ақ, исламның негізгі құқықтық мәзінністері мен үкімдері тікелей Құран мен сұннет үкімдерімен жолымен шешілді. Деректерде мұсылман құқығында алғаш рет халықаралық құқық негіздері Зайд б. Али (738 ж.ө.), Имам Ағзам Әбу Ханифа (767 ж.ө.) еңбектерінде айтылатынын баян етеді [37.248-249 б]. Мұхаммед Хамидуллах: «Мәдинадағы ислам мемлекетінің қалыптасу кезеңінде халықаралық мәселелерге байланысты түскен Құран үкімдері мен Мұхаммедтің с.ғ.а жеке шешімдері бұл кезеңдегі халықаралық құқықтың негізі болып табылды» [8, 904 б] дейді.

Ислам мемлекетінің қалыптасу кезеңінде Мұхаммед с.ғ.а сыртқы саясатта негіздерін мынадай қағидаларға арқа сүйеді:

Тәуелсіздік. Мұхаммед с.ғ.а Мекке дәуірінде пұтқа табынушы құрайыштықтардың теперішінен құтылу үшін Указ, Зұлмажанна жәрмеңкелерін аралап, араб тайпаларының басшыларынан көмек сұрап, пұтқа табынушыларға кіріптар болмауға тырысты [14, 132-135 б]. 620 жылы Мұхаммедтің с.ғ.а қамқоршысы Әбу Тәліп қайтыс болғаннан кейін пұтқа табынушы құрайыштықтардың мұсылмандарға қысымы арта түсті. Осы кезде Мұхаммед с.ғ.а Хижаз аймағының үшінші үлкен қаласы Тайфты мекен еткен Сакиғ тайпасына барып исламды насиҳаттады. Алайда, бұл әрекет нәтижесіз аяқталды. Бірақ, көп ұзамай Меккедегі мұсылман қауымына Мәдина қаласын мекендеген Әус пен Хажраж араб тайпасы қол ұшын созды. Меккелік мұсылмандар 622 жылы Мәдинаға көшіп келіп, мұндағы яхуди тайпаларымен бір мемлекетте бірге өмір сүру туралы «Мәдина конституциясын» түзгеннен кейін мұсылмандар дербестікке қол жеткізді [115, 125-126 б].

Мәдинадағы ислам мемлекетінің тәуелсіздігін Араб түбегін мекен еткен пұтқа табынушы араб тайпалары мойындағысы келмеді. Құрайышпен қатар Сад, Сұлеймен, Фазара, Лихиян тайпалары Мәдина Ислам мемлекетіне бірнеше

рет жойқын шабуылдар жасады. Бұл соққыларға қарсы мұсылмандар дер кезінде тойтарыс беріп, тәуелсіздікті сақтап қалды [116, 11 б].

Мәдина Ислам мемлекетінің тәуелсіздігіне Хайбар янудилері мен Византия империясына қарасты Сириядағы Гассани әмірлігі қауіп төндірді. Мұхаммед с.ғ.а мемлекеттің тәуелсіздігін сақтау үшін Хайбар [14, 323-324 б], Мута [33, 369 б], Табук [98, 125-138 б] соғыстарын бастан өткери. Мұсылмандардың басқыншыларға қарсы құресуі Құранға негізделді: «Сендерге Алла жолында соғыспайтын не болды» (Ниса, 75). «Шынында шабуыл жасалып, зұлымдыққа үшырағандарға, соғысу үшін рұқсат берілді. Күдіксіз Алланың, оларға жәрдем етуге, күші толық жетеді» (Хаж, 39).

Дербес ислам мемлекетін құру, пұтқа табынушылардан ислам дінін аман сақтаудың жалғыз жолы еді. Исламның бір Аллаға сенуді үндеуіне көп құдайға сенушілікті дәріптейтін пұтқа табынушылық наным мұлде кереғар болатын [104, 66-68 б]. Исламның өркендер, қанат жаюуы үшін мұсылмандар пұтқа табынушыларға кіріптар болмауы керек-тін. Яғни, Мәдина дағы ислам мемлекетінің сыртқы саясаттағы ұстанған басты принциптерінің бірі – тәуелсіздікті қорғау болды.

Ислам діні мемлекеттік билікті қастерлі ұғым ретінде бағалайды. Мұхаммед с.ғ.а көптеген саяси жетістіктерге тәуелсіз ислам мемлекетін қалыптастырумен қол жеткізді. Бұл туралы А. Ф. Шабанов былай деген еді: «Ислам дінінің танымы бойынша мемлекетке қарсы келу дінге қарсы жасалған құқық бұзушылық болып табылды» [42, 5 б].

Бейбітшілік. Ислам дінінің сыртқы саясаттағы негізгі ұстанымдарының бірі – бейбітшілік позициясы болды. Мұхаммед с.ғ.а Мәдина дағы ислам мемлекетінің саяси лидері болған 622-632 жылдары ислам мемлекеті ешбір елге басқыншылық жасаған емес. Пұтқа табынушы араб тайпалары және өзгеде көрші мемлекеттердің агрессиясына тойтарыс беру үшін соғысуға мәжбүр болды. Мұхаммедтің с.ғ.а тәуелсіз ислам мемлекетін құрғандағы негізгі мақсаты ислам дінінің мәртебесін көтеру болатын. Ал, Құран Мұхаммедке с.ғ.а дінді бейбіт жолмен дәріптеу туралы былайша бұйырған еді: «Дінде зорлау жок» (Бақара, 256). «(Мұхаммед с.ғ.а) Егер, Рабың қаласа еді, әрине жер жүзіндегілердің барлығы түгелдей иман келтірер еді. Адамдарды иман келтіруге сен зорлайсың ба?» (Юнус, 99-100).

Ислам мемлекеті өзге елдермен өскери қақтығысқа барған шакта, қарсы тарап бітім сұраса, дереу соғысты тоқтататын. Мұхаммед с.ғ.а Мекке жорығында ғана қарсы тарап бітім сұрағанда, иліккен жоқ. 630 жылы Құрайыш тайпасы Хұдайбия келісімшартын бұзғаннан кейін бұған қарсы ислам мемлекеті Меккеге жорық жасар кездे, Құрайыш лидерлерінің бірі Әбу Суфиян Мәдинаға келіп өз қателіктерін мойындалап, Мұхаммедтен с.ғ.а бейбітшілік сұрағанда, бұл келісімнен бас тартты. Бірақ, Мұхаммед с.ғ.а Әбу Суфиянның ұсынысынан бас тартқанымен Меккені бейбіт түрде бағындырыды [28, 422-423 б]. Сондай-ақ, Мәдина дағы ислам мемлекеті Хайбар [14, 323-324 б], Табук, Хунайн [98, 119-123 б] соғыстарында қарсы соғысуши тараптар бітім сұрағанда, соғысты тоқтатып, келісімге келді. Себебі, Құран бұндай жағдайда,

бітімге келуді былайша бұйырды: «Бейбітшілікті қалаған жағдайда: «Егер олар бейбітшілікке бейімдесе, сонда оларға сенде бейімде. Әрі Аллаға тәуекел ет» (Әнфал, 61).

622 жылы ислам мемлекеті өзінің тәуелсіздігін паш еткен кезде Араб түбегін мекендерген Дамра, Жухайна, Фифар, Әшжа, Хузаа, Әсләм, Адий секілді пұтқа табынушы тайпалар Құрайыш ықпалында болғанына қарамастан, Мәдинадағы ислам мемлекетімен достық келісімшартын жасады [101, 439-441 б]. Ислам мемлекетінің бұл тайпалардың пұтқа табынғанына қарамай, достық келісімшарт жасауының себебі, аталмыш тайпалар пұтқа табынғанмен исламға қарсы дұшпандық жасаған жоқ. Исламға дұшпан емес тайпалармен бейбітшілік қатынаста болу туралы Құранда былай айттылады: «Алла дін жайында сендермен соғыспаған және жұрттарынан шығармағандарға жақсылық қылуларыңа, әділдік етулеріңе тыым салмайды. Расында Алла турашылдарды жақсы көреді» (Мұмтахима, 8-9)

Әділдік. Мұхаммед с.ғ.а тумысынан ешкімнің ала жібін аттамаған еді. Әрбір іске туралық тұрғысынан қарайтын. Мәдинадағы ислам мемлекетінің саяси жетекшісі болған шақта да мемлекеттің ішкі және сыртқы мәселелерінде әділеттің туын нық ұстап, өзгелерге ғибрат бола білді [22, 100 б]. Бізге жеткен деректерден Мұхаммед с.ғ.а жергілікті тайпалармен және Араб түбегіне шекаралас мемлекеттердің басшыларымен келіссөздерде әділетті болып, келісімшарттағы негіздерді соңына дейін орындағандығын көре аламыз [28, 376 б]. Әділетті болу – Мұхаммедтің с.ғ.а ішкі және сыртқы саясатының бір принципі болатын. Өйткені, Құран мұсылмандарға халықаралық келісімшарттарда әділетті болу туралы былай бұйырады: «Иман еткен адам сөз бергенде орындайды, екіжүзді болса, сөзінен тайып кетеді. Әй, иман еткендер, берген сөздерінізді орындаңыздар» (Мәйдә, 1). «Дін турасында сендермен соғыспаған әрі сендерді өз отандарынан қуып шығармаған адамдарға жақсылық жасауларыңа және оларға әділетті болуларыңа Алла Тағала қарсы емес. Өйткені, Алла Тағала әділеттілік жасағандарды жақсы көреді» (Мұмтахина, 7).

Мұхаммед с.ғ.а Мекке дәуірінде мұсылмандарға зорлық-зомбылықтың небір түрін көрсеткен құрайыштықтардың Сирияға жіберген сауда керуендеріне шолғыншылар жібергенде, олар керуенге зиян келтірmedі. Шолғыншылардың Құрайыш керуеніне тосудағы мақсаты – Құрайыштың мұсылмандарға деген дұшпандығын тоқтатуға күш салу болды [25, 270-274 б]. Құранда бұл туралы былай бұйырады: «Өздеріңмен соғысқандармен Алла жолында соғысындар да, шектен шықпаңдар. Негізінен Алла шектен шығушыларды жақсы көрмейді» (Бақара, 190-3).

Ислам мемлекетінің құрамындағы мұсылман емес халықтардан мемлекет жизия салығын алып отырды. Бұл салық алынған соң мұсылман басшылар олардың тыныштығын қорғауы керек еді. Мұсылман әкімдер сол кезеңде өзінің қол астындағы христиан немесе басқа дін өкілдерінің бас амандығын сақтауға мүмкіншіліктері болмаған кезде бұл салықты кері қайтарып берді. Мысалы, Сирияда мұсылмандар византиялықтармен соғыс кезінде Хұмс деген жерден

кері шегінуге мәжбүр болғанда қолбасшы Әбу Убайд б. әл-Жаррахтың осындай салықты халыққа қайтарып бергені тарихтан мәлім [101, 458 б].

Мұхаммедтің с.ғ.а халықаралық келісім шарттарда әділеттігі туралы Әбу Раби былай дейді: «Хұдаибия келісімінен кейін құрайыштықтар мені Мұхаммедке с.ғ.а елші етіп жіберді. Мен Мәдинаға елші бол келгеннен кейін исламды қабыл еттім. Бұдан кейін Меккеге кері қайтқым келмеді. Мұны Мұхаммедке с.ғ.а айтқанымда, ол с.ғ.а: «Мен келісімді бұза алмаймын. Сен қазір кері қайт, егер бізben бірге болғың келсе, Құрайышқа барып өз міндетінді бітір, содан кейін барып, қайтып оралуыңа болады» деді. Сондай-ақ, 626 жылы Мұхаммед с.ғ.а Хижаз бен Сирияның арасындағы Думатул Жандал деген жерде керуен тонаушы қарақшылар қарсы 3000 әскер шығарып, әлімжеттілік жасаушыларға қарсы жорық жасауы [8,529 б], ислам мемлекетінің сыртқы саясатта әділет принципін бекем ұстанғандығын көрсетеді.

Теңдік. Ислам мемлекеті өзге тараптармен келісімшарт жасасқанда «теңдік» принципін ұстанды. Өйткені, мұсылмандарға «теңдік» принципін ұстану туралы Құранда былай айтылады: «Олар сендерге тұзу сыңай байқатса, сендер де оларға тұзу ыңғай көрсетіңдер» (Тәубе, 7).

Мәдинадағы ислам мемлекеті мен Меккелік Құрайыш пен пүтқа табынушы араб тайпалармен соғыс болған жағдайда, қарсы жаққа өзге тайпалардың шығып кетпеуі үшін Дамра, Жухайна, Ғифар, Әшжа, Хуза, Әслем, Адий ру-тайпалармен достық келісімшарттар жүргізді [101, 439-441 б]. Бұл тайпалармен жасаған келісімшарттардың мәні «теңдік» принципіне негізделді. Келісімшарттың мазмұнына назар аударсақ, оған көз жеткізе аламыз:

1. Бұл тайпаларды мұсылмандар өз қорғауына алады;
2. Егер шабуылға ұшыраса мұсылмандар көмек береді;
3. Исламға қарсы соғыс ашқандарды құптастын болса, мұсылмандардың қорғауынан тыс қалады;
4. Мұсылмандар көмекке зәру болған жағдайда, бұларда көмек беруі тиіс [14, 219 б].

Жазалау. Мәдинада құрылған ислам мемлекеті халықаралық жағдайда өз мұддесін қорғау мақсатында, кейбір сыртқы күштермен келісімге келді. Алайда, сыртқы күштер ислам мемлекетімен жасаған келісімшарттарды ұдайы бірінші болып бұзып отырды [32, 222-225 б]. Ислам мемлекеті қалыптасу кезеңінде келісімшарт негіздерін бұзған елдерге қарсы жазалау жорықтарын жасауға мәжбүр болды. Өйткені, Ислам мемлекетінің мемлекеттілігін сақтаудың бұдан басқа жолы болған жоқ. 622 жылы Мәдинада мұсылман қауымы яғуди тайпаларымен келісімшарт жасап, бір мемлекет құрған еді. Бірақ, яғуди тайпалары мұсылман қауымымен арада болған келісімді бірінші болып бұзды. Соның нәтижесінде Мұхаммед с.ғ.а опасыздық жасаған яғуди тайпаларын Мәдинадан сұргінге жіберді [117, 682-683 б]. Ислам мемлекетінің 630 жылы Меккедегі Құрайыш тайпасын жорыққа шығуының себебі, құрайыштықтар ислам мемлекетімен жасаған Хұдайбия келісімшартын бұзған еді. Мәселеге нақты тоқталар болсақ, Хұдайбия келісімшарты бойынша Құрайыш пен ислам мемлекеті бір бірінің жақтастарына нұқсан келтірмеуі тиіс

болатын. Ал, Құрайыш тайпасы Ислам мемлекетінің жақтасы Хұза тайпасына шапқыншылық жасады. Мұхаммед с.ғ.а бұған жауап ретінде Меккені бағындырды [32, 222-225 б]. Құранда халықаралық келісімшартты бұзған тараптың жазалануы керектігі туралы былай айтылады: «Егер бір елдің опасыздығынан секем алсаң, тең түрде сен де (келісімді бұзып) өздеріне таста. Расында Алла опасыздарды жақсы көрмейді» (Әнфал, 58).

Мұсылмандарға соғыс шығынының орнына қарсы тараптан олжа алуға Құран рұқсат берді (Әнфал). Хунайн [22, 228 б], Хайбар [98, 68-70 б], Табук [98, 125-138 б] жорықтарында мұсылмандар мол олжаға кенелді. Соғысуши қарсы тараптан олжа алу, бұл да жазалаудың бір түрі еді. Құранда олжа алу туралы былайша баяндалады: «Алланың, Елшісінен бір кент тұрғындарынан қалдырған олжалары Аллаға, Елшісіне, жақындарына, жетімдерге және жолда қалғандарға тән» (Хашр, 6-7).

Соғыс кезінде қолға түскен тұтқындар исламды қабыл етсе, басына бостандық берілді. Исламды қабыл етпегендердің ішінде ешкімі жоқ тұтқындар болса босатылатын. Соғыс тұтқындарының ішіндегі ауқаттылары құн төлеумен азаттық алатын. Бәдір соғысында тұтқын болған құрайыштықтардың хат танитындарын, Мұхаммед с.ғ.а хат танымайтын мұсылмандарға хат таныту шартымен бостандық берді [96, 53-55 б]. Мұсылмандардың соғыс тұтқындарына қалай қарау керектігі туралы Құранда былай айтылады: «Соғыста кәпірлермен кездессеңдер, мойындарын шабындар; оларды жаныштағанға дейін. Сонда берік байландар (тұтқынға алындар) да сосын қамқорлық қылып (қоя беріңдер) немесе бодау алындар; Соғыс құралдарын қойғанға дейін» (Мұхаммед, 4).

Келісім. Мұсылман құқығының халықаралық принциптерінің бірі – «келісім» принципі болды. Мұхаммед с.ғ.а халықаралық жағдайдағы шиеленіскең мәселелерді мүмкіндігінше соғыспен емес, «келісім» принципімен шешүуге тырысатын. Жалпы, ислам мемлекетінің қалыптасу кезеңіндегі сыртқы саясатының ұстанымында, негізінен «келісім» принципі басым болды. Халықаралық жағдайда келісімге келу туралы Құранда былай бұйырады: «Егер олар, бейбітшілікке бейімдесе, сонда оларға сенде бейімде. Әрі Аллаға тәуекел ет» (Әнфал, 61).

Ислам мемлекетінің халықаралық жағдайдағы ең маңызды келісімшарттардың бірі меккеліктермен жүргізілген Хұдайбия келісімшарты еді. Бір қарағанда Құрайыштың пайдасына шешілген секілді болып көрінгенмен, бұл келісімшарт Мұхаммедтің с.ғ.а Меккені соғыспен емес, бейбіт жолмен бағындырған ең үлкен саяси жеңісі еді [97, 218-220 б]. Мұхаммед с.ғ.а византиялықтармен болған Мута соғысынан кейін, Византия императоры Хераклуске (Ираклий) ең болмаса, Византияда исламды қабыл еткендерге, діни сенім бостандығын беру туралы хат жолдаған еді. Хераклустің бұл ұсынысты қабыл еткендігі туралы дерек жоқ болғанмен, ол ислам мемлекетімен дипломатиялық қарым-қатынас жасауға бет бұрыс жасады. Хераклус Табук соғысы кезінде Танух тайпасының бір христиан арабын Мұхаммедке с.ғ.а елші етіп жіберді [8, 515 б]. Бұл елшілік ешбір нәрсе шешпесе де, Мұхаммедтің с.ғ.а

Хераклусқа Византияда исламды қабылдағандарға діни-сенім бостандығын беру туралы хат жолдауы, ислам мемлекетінің халықаралық жағдайдағы келісім принципін ұстанғанын көрсетеді.

Діні басқа мемлекеттерде түрған мұсылмандарды қорғау ислам мемлекетінің сыртқы функцияларының бірі болғанмен, исламның негізгі қайнаркөзі Құранда халықаралық дипломатиялық келісімшарт жасасқан елмен қырғи-қабақ болуды құптамайтындығы туралы үкім айтылады: «Шынында иман келтіргендер, отандарынан ауғандар, және малдарымен, жандарымен Алла жолында соғысқандар, сондай-ақ босқындарды орналастырып, көмек еткендер, міне бұлар – бір бірінің досы. Ал және иман келтіріп, көше алмағандар болса, олар көшкенге дейін сендерде олардың ешқандай ағайындығы жоқ. Онымен қатар, егер олар, сендерден дін жайында бір жәрдем тілесе, сонда сендерге көмек ету міндет болады. Бірақ олар сендермен араларында келісім болған елде болса, оның жөні басқа» (Әнфал, 72).

Мұхаммедтің с.ғ.а араб тайпалары мен көрші мемлекеттермен дипломатиялық қарым-қатынас орнатуда елшілік алмасудың маңызды екенін ұғынып, мемлекеттің сыртқы жағдайында туындаған мәселеге байланысты, ақылы, ой-өрісі озық мұсылмандарды елші етіп белгілеген. Құрайыш пен пұтқа табынушы өзгеде тайпалардың мұсылмандарға деген жек көрушілік көзқарасын өзгерту мақсатында тұмысынан шебер дипломат Амр ибн Уммайаны ондаған рет елші етіп жіберді. Мұхаммедтің с.ғ.а Амр ибн Уммайадан кейін көбіне елші етіп Алиді (р.а) тағайындалады. Мұхаммед с.ғ.а араб тайпалары мен көрші мемлекеттерге аттаңдырған елшілері ақыл тоқтатқан, сөзге шешен, көбіне жасы егде тартқан және сырт келбеті сымбатты адамды тағайындайтын. Өзі де өзге елдерден елшіні қарсы алғанда сырт киімін түзеп, мүмкіндігінше жақсы киінген. Мұхаммед с.ғ.а араб тайпалары мен көрші мемлекеттерге бұрын сол мемлекеттерде болып, осы елдердің қыр-сырын білетін адамдарды тағайындалады. Сонымен бірге әрбір елге сол елдің тілін білетін адамды елші етіп жіберетін. Мұхаммед с.ғ.а жазған хаттарына өз мөрін қоятын. Кейде хаттарға бармағының ізін де басатын. Хаттарға жазылу мерзімін қою дәстүрі ол кезде жоқ еді. Бірақ Мұхаммед с.ғ.а көрші елдерге жіберген хаттарының жоғары жағына сол елдің билеушісінің лауазымына ерекше тоқталып өтетін. Мысалы, Хераклусқа «Византияның жоғары билеушісі Хераклусқа!», Мысыр билеушісіне «Мысырдың жоғарғы билеушісі Мұқақұсқа!» деп жазатын [8, 418 б].

Мұхаммед с.ғ.а көрші елдерге жолдаған хаттарын көбіне ескі ибрани әліппесімен жазған. Өзінің хатшысы Зайд ибн Сәбитке: «Менің янудилерге хат жаздырудан күмәнданам, сондықтан сен ибрани тілі мен әліппесін үйрен» деп бұйырды. Бұдан кейін ибрани әліппесімен жолдаған хаттарын Зайд ибн Сәбит жазатын болған. Жалпы, елшілерге сый-құрмет көрсету, арабтар арасында исламнан бұрын бар салт болатын. 632 жылы өзін пайғамбармын деп жариялаған Мұслаймнің елшісін қабылдағанда, Мұхаммед с.ғ.а: «Елшілерді өлтіру дәстүрі болған болса, мен сіздерді өлтіруге бұйрық берген болар едім» деген еді. Мұхаммед с.ғ.а елшілерді бір рет қана тұтқын еткендігі баяндалады.

Оның себебі, мұсылмандар Меккелік құрайыштықтарға елші жібергенде, олар мұсылмандардың елшісін қамап тастады. Құрайыштықтар өз елшісінің босатылуын талап еткенде, Мұхаммед с.ғ.а оларға: «Біздің Құрайышқа жіберген елшілеріміз аман-есен қайтпайынша біз де сіздерде кері қайтармаймыз» деп қарсы талап қойды. Кейін Худайбия келісімінен кейін бұл елшілер босатылды. Мұхаммед с.ғ.а басқа діни қауымдастықтардан елші қабылдағанда олардың өз діни сенімі бойынша Мәдинадағы ғибадат жасауына рұқсат беретін. Мысалы, Нажран христиандары Мәдинада мұсылмандар мешітінде өз діндері бойынша ғибадат еткен еді. Мұхаммед с.ғ.а елшілерді ислам мемлекетінің орталық сарайы саналған мешіт-нәбіде салтанатты турде қабылдайтын. Мұхаммед с.ғ.а көрші елдерге жіберген елшілерінен сол елдің патшаларына сыйлықтар да жіберген. Өзге елдердің патшалары сыйлықты жеке өз атына жіберсе, қабыл етпейтін. Ал ислам мемлекетіне деп жіберсе, қабыл ететін. Сондықтан, кейінгі мұсылман заңгерлері өзге елдерден келген сыйлықтарды мемлекет қазынасына алатын. Мұхаммед с.ғ.а келісімшарттың мәтінін екі нұсқа етіп жаздыратын. Бірін өзі алғып, бірін екінші тарапқа беретін. Бізге жеткен деректерге қарағанда, келісімшарт нұсқаларын Мұхаммед с.ғ.а өзі сақтайтын. Мысалы, «Мәдина конституциясы» мен Худайбия келісімшарт нұсқаларын Мұхаммед с.ғ.а өзі сақтаған [8, 419 б].

Мұхаммедтің с.ғ.а Араб тұбегінде бірлік орнатып, әкімшілік реформалар жасап, бейбіт өмірге қол жеткізуі, оның дипломатиялық қабілеті мен саяси көзқарасының озықтығынан еді. Пұтқа табынушылардың қарсы келуге шаралары таусылып, исламның ұstemдігін мойындауы, ислам мемлекетінің ірі саяси жеңісі еді.

3.3. Әлеуметтік-экономикалық, отбасылық, қылмыстық, міндеттемелік құқық саласындағы өзгерістер

Әлеуметтік-экономикалық реформалар. Исламға дейін Араб тұбегіндегі тайпалар мен көрші мемлекеттер арасында экономикалық, сауда-саттық қарым-қатынас Мекке, Тайф, Мәдина, Ианби, Оңтүстікте Журас, Сана, Адан, шығыста, Хажар, Сиһар, Даба, Араб тұбегінің орта шенінде Иамама, Файд, солтүстікте Думатул-Жандал, Хайбар, Фадак, Тайма, солтүстік батыста Эйла, Макна сынды қалаларда жанданды [8, 944 б]. Араб тұбегіндегі жылына бір рет белгілі бір жерде ұйымдастырылатын жәрменқелер аса маңызды экономикалық нысандардың бірі еді. Алайда, жәрменқелерде сауда-саттық жасау барысында, арабтардың қараңғы түсініктері, көптеген әділетсіздіктердің орын алуына себеп болатын.

Араб тұбегінің солтүстігіндегі Думатул-Жандал жәрменкесінің екі қожасы бар еді. Бірі ибадилердің басшысы Укай болса, екіншісі Гассани басшысы Кунафа болатын. Укай мен Кунафа бір бірімен сөз жарыстырып, қайсысы жеңсе, сол жәрменкенің сол жылғы басшысы болатын. Басшының жәрменқеге сатуға әкелген заттары сатылып бітпейінше басқалардың зат сатуға құқығы болмайтын. Сонымен бірге, жәрменкеле басшысы өзге саудагерлердің табысының оннан бірін салық ретінде алатын. Ең сорақысы жәрменқелерге

сатуға әкелінген күндерді жәрменке біткенге дейін қалағанынша нәпсісі үшін пайдаланатын. Думатул-Жандал жәрмеңкесінде бір затты бірнеше адам алғысы келсе, айлакер сатушы заттың бағасын көтеріп, ал, егер төмен бағада алғысы келсе, заттың бағасын жерге ұратып [8, 544-555 б].

Араб тұбегіндегі Хажар қаласында Мусаккар атты жәрмеңке ұйымдастырылатын. Бұл жәрмеңкенің иесі Тамим тайпасының басшылары Думатул-Жандал басшылары секілді Мусаккар жәрмеңкесіне келген саудагерлердің табысының оннан бірін салық ретінде алып отырды.

Араб тұбегіндегі ең үлкен кеме тоқтайтын қала Дабада да жәрмеңке өтетін. Бұл жәрмеңкеге Қытай, Үндістаннан саудагерлер келетін. Саудагерлердің табысының оннан бірін салық етіп алу Даба жәрмеңкесіне де тән еді. Оңтүстіктегі Адандағы жәрменкеде табыстың оннан бірін салық қып алғанмен, саудада бірінші мен затымды сатамын деген шарт қойылмайтын.

Хадрамут пен Сана қаласында да жылдың бір мезгілінде жәрмеңке ұйымдастырылатын. Нажиттағы Указ жәрмеңкесі халық көп жиналатын ең үлкен жәрмеңке еді. Указ жәрмеңкесінің өзге жәрменкелерден ерекшелігі, келушілерден салық алу немесе бірінші мен затымды сатамын деген шарттар атымен жоқ болды. Указ жәрмеңкесіне жақын жерде Зул-Мәжанна жәрмеңкесі өтетін. Бұдан басқа Хайбарда Натат, Иамамада Хажар жәрмеңкесі болушы еді. Жәрменкелердің көпшілігі «харам» (соғысуға тыым салынған қасиетті төрт ай) айларында өтетін. Себебі, жәрменкелерге бұл айларда керуен тарту басқа айларға қарағанда қауіпсіз болды [8, 544–555 б].

Мұхаммед с.ғ.а 622 жылы Мәдинаға көшіп келгеннен кейін мемлекет басшысы ретінде ислам шариатына сай экономикалық реформа жасауды қолға алды. Мәдинада яңуди тайпаларының өз қорғандарында жеке-жеке базарлары болатын. Базарда сауда орындары жетіспегендіктен, кейбіреулері үйінің алдына затын шығарып сатып тұратын. Базардың белгілі тәртіпке негізделген қалыпты жүйесі болмағандықтан, саудагерлер ығы-жығы қүйде ретсіз жаймасын жайып, сауда жасайтын. Араб тұбегінің өзге қалаларындағы базарлар секілді Мәдинаның базарындағы сауда-саттықта небір айла-шарғы, қулық-сұмдық орын алатын. Мұхаммед с.ғ.а мұсылмандардың мұсылман құқығы негізінде өз рыногін жасау үшін Мәдинаның ортасындағы бос бір аланқайды базар орны етіп белгіледі. Базарға Омар р.а басшы етіп тағайындал: «Бұл жер сіздердің базарларыңыз, ешкімнің бір орынды менікі деп иеленуіне жол берілмейді. Таңертең базарға кім бұрын келіп орын иеленсе, екінші біреу келіп орын меніңкі деуіне қақы жоқ. Сонымен қатар, базардағы сауда орнынан салық алынбайды» деп сауда-саттықтты реттеуге жаңа мұсылман заңдылығын енгізді. Мәдинадағы базар реформасы кейін Араб тұбегіндегі елдер ислам мемлекетінің құрамына енгенде, өзге қалалардағы базарларда да жалғасын тапты. Мұхаммедтің с.ғ.а экономикалық реформасы бойынша сауда жасағандардан оннан біріне салық алыну тоқтатылды. Тек, өзге елдерден келіп сауда жасаушылардан өте аз мөлшерде кеден салығы алынды. Мұхаммед с.ғ.а базардағы сауда-саттықты қадағалайтын арнайы мемлекеттік қызметкерлерді тағайыннады. Исламға дейін базарларда небір қулық-сұмдықтар орын алып,

сырттан келген кейбір әлсіз жандарға алпауыттар көрер-көзге әлімжеттік жасайтын. Қалың нөпір адамның ішінде қалта қарайтын ұрыларда болатын. Осындай келеңсіздіктің алдын алу мақсатында, Мұхаммед с.ғ.а базарларға ер адамдар мен әйелдерді қызметкер ретінде тағайындалады. Әйелдерден қызметкер тағайындау себебі базарда әйелдерге қатысты заттар сатылатын. Және базарға әйел сатушылар мен сатып алушылар да келетін. Кейде, Мұхаммед с.ғ.а өзі бас болып базарды қадағалайтын. Бірде бидай сатып тұрған бір мұсылманның бидайына қол салып, бидайдың астыңғы жағының дымқыл тартқанын көреді. Әлгі мұсылман бір күн бұрын жауын жауғанын айтып ақталағанда, Мұхаммед с.ғ.а «Бұларды сатып алушылардан жасырма, бидайың қандай болса, солай көрсет» [8, 357-358 б] деген болатын.

Мұхаммед с.ғ.а сауда-саттықта тек бір тараптың мұддесінің басым болуы мен әлі толық піспеген дәнді-дақыл және әлі ақшасы берілмеген затты қайта сату секілді дау-дамай тудыратын сату шарттарына тиым салды [8, 359 б]. Мұсылман құқығы бойынша сауда-саттық әділетті және тараптардың ырзашылығына негізделуі тиіс болды. Бұл туралы Құран: «Әй, адамдар! Мұліктерізді араларыңызда хақсыздықпен емес, ырзашылықпен жасалған сауда-саттықпен женіздер» (Ниса, 29) деп бұйырады.

Мұсылман құқығында мемлекеттің экономикаға араласып, араласпау мәселесі туралы екі түрлі қозқарас қалыптасқан. Бірінші қозқарас бойынша мемлекет экономикаға араласпау тиіс. Себебі, Мәдина базарында баға шарықтап кеткенде, мұсылмандар Мұхаммедке с.ғ.а бағаны реттеуді өтінгенде; «Бағаны тұсіріп, төмендететін Алла...» [118, 14 б] деген болатын. Кейінгі мұсылман заңгерлері «сәдди-зария» (қылмысқа әкеліп соғатын жәйттер де қылмыс) үкім беру негізімен бағаның өсуі қолдан жасалып, халықтың тұрмысына кері әсер етсе, мемлекеттің экономикаға араласып бағаның төмендеуіне күш салуы тиіс [118, 21 б] деген ұстанымды құптайты. Бұдан шығатын қорытынды ислам қоғамында мемлекет белгілі бір деңгейде экономикаға араласуды дұрыс деп санаған. Жай күнде мемлекет баға саясатына араласпағанмен, бағаның тым шарықтап өсуі қоғамға кері әсерін тигізсе, мемлекет бағаны реттеуді қолға алатын болады.

Мәдинадағы ислам мемлекеті бюджетінің тұрақты және тұрақсыз кіріс көздері болды. Тұрақты кіріс көздері зекет пен өзгеде салықтардан тұрса, тұрақсыз кіріс көздері әл-ауқаты жоғары мұсылмандардың берген садақасы мен соғыстардан тұскен олжалардан (ғанимат) тұрды [8, 362 б]. Мұсылман құқығы бойынша зекет деп ауқатты адамдардың жылына бір мәрте байлықтарынан белгілі бір мөлшерін шарифат көрсеткен санаттағы адамдарға беруін айтамыз. Бірақ, зекет беру үшін алдымен күнделікті тіршілікте қолданатын негізгі қажеттер мен қарыздардан тыс нысап көлеміне жететін байлығы болуы тиіс. Ал нысап дегеніміз – Мұхаммед с.ғ.а белгілеген байлық мөлшері. Нысап көлемі алтын, күміс, мал, сауда заттары, бау бақша мен егіс өнімдеріне қарай өзгереді [119, 269 б]. Құранда зекет жайлы былай дейді: «Намаз оқындар, зекет беріндер...» (Бақара, 34, 83). «Шын мәнінде садақалар (зекеттер) кедей-кепшіктерге, түгі жоқ міскіндерге, зекетті жинауға тағайындалған адамдарға,

көңілі жібітілуі мақсат етілгендерге (жана мұсылмандарға т.б.), құлдарды азат етуге, қарызға батқандарға, Алла жолына және қиналған жолаушыларға берілуі Алла тарапынан парыз етілді» (Тәубе, 60).

Құран аяттарында үкім етілгеніндей бай мұсылмандар байлықтарының белгілі мөлшерін кедей мұсылмандарға беруі қажет. Исламтанушы Ш.Әділбаева зекет жөнінде былай дейді:

«Зекет – ислам дінін насихаттау жолында материалдық көмектің қайнар көзі. Мәдина кезеңінде зекет ресми түрде белгіленіп, мемлекет қаржысының негізгі тірегі болды. Зекет әр жылдың соңында Мұхаммед с.ғ.а тағайындаған қызметкерлер тарапынан жиналып, қажетті жерлерге жұмсалған. Ал бұл қажетті жерлер Құранның белгілеуі бойынша кедей-кепшік, түгі жоқ міскін, зекетті жинауға тағайындалған адамдар (оларға жинаған зекеттерінен айлық төленеді), көңілдері жібітілуі мақсат етілгендер, құлдарды азат ету, қарызға батқандар, Алла жолы және ақшасы таусылып жолда қалған жолаушылар болды. Зекет ғибадаты қоғамда бай мен кедей арсындағы теңсіздікті жойып, байлардың кедейлерге менсінбеушілікпен қарауына бөгу болып, керісінше оларға көмекші ретінде мейіріммен қарайтындаі, ал кедейлердің байларға қызғанушылықпен қарағанын тоқтатып, қайта оларды өзіне қамқоршы санайтындаі етіп бауырмашылыққа жетелей түсті. Осылайша мұсылмандардың бір біріне деген сенімі артып, достықтары нығая берді. Зекет арқылы әлеуметтік өмірде теңдік пен әділет орнықты. Зекеттің негізгі мақсаты да сол болатын. Қоғамның күші байлықтың әділетті түрде үлестірілуіне байланысты. Егер кейбіреулер тез арада байып, көбісі кедейлене түссе, қоғам әлсіреп, дүшпандарына оны құлату оңай болары сөзсіз. Қоғамның тепе-тендігін сақтауда кедей-кепшіктерге жәрдем ету үшін зекет беру байлардың парзы. Осылайша зекет – байлықтың тек қана байлардың арасында айналып тұратын күш болуына бөгет жасап, әділеттің туын көтерді. Зекет – мұсылман қоғамының әрбір тұлғасы үшін өте маңызды сақтандыру көзі. Қарызға батқандар, жолда қалған жолаушылар, кедей-кепшік, пақырлар секілді ең көп ақшаға мұқтаж жандарға сондай қысылтаяң кезеңдерде зекет беру олардың дертеріне дауа болады. Сондықтан зекет – қысылтаяң кезеңдерде шарасыздықтан туындаған ұрлық-қарлық, адам тонау, кісі өлтіру сияқты жаман қылықтарға бөгет іспеттес. Қоғамдағы әлсіздерді қорғап, анархизмнің етек жаюына кедергі болды» [110, 65-66 б].

Мәулана Абуль Хасан Аль Надви өз шығармасында Мұхаммед с.ғ.а ислам мемлекетінің негізін қалап, әлеуметтік мәселелерде мұсылмандар бір біріне көмек беруі тиіс екенін жүргіштікке ұғындырғаннан кейін, мұсылмандарда азаматтық сананың қалыптасқанын айтады [120, 64-65 б]

Ислам мемлекеті бюджетінің тұрақсыз кіріс көздерінің бірі әл-ауқаты жоғары мұсылмандардың берген садақасы еді. Хронологиялық түрғыдан қарайтын болсақ, Құранда садақа беру туралы зекет үкімінен бұрын айтылған: «Жақсы көрген нәрселеріңізден сарп етпейінше жақсылыққа жете алмайсыз. Садақа ретінде не қаржасаңыз да міндегі түрде Алла оны біледі» (Әл Имран, 92). «Ізгілік деген тек жүздерінді шығысқа немесе батысқа қаратып, құлышылық

ету ғана емес. Ол – Аллаға, қиямет-қайымға, періштелерге, кітаптарға, пайғамбарларға сену, иман келтіру. Сонсоң (олардың кім екеніне қарамай) жақындарға, жетімдерге, міскіндерге, жолаушыларға, қайыршыға садақа бергендер және құлдарды азат етуге шын ниеттерімен көмегін аямағандар...» (Бақара, 177).

Мұхаммед с.ғ.а Мәдинаға көшіп келгенде: «Бір құрманың жартысындай болса да садақа беріңіз» [112, 7 б] деп бай мұсылмандарды садақа беруге шақырды. Мұсылман құқығы бойынша әл-ауқаты жоғары мұсылманның тапқан табысынан садақа беру, бермеу өз еркіне қалдырылады. Десекте, кейбір жомарт мұсылмандар табысының басым бөлігін садақа етуден тартынбаған. Мысалы, Әбу Бәкір ислам үшін бүкіл дүниесін садақа етсе, Омар р.а бүкіл дүниесінің тең жартысын садақа етті [121, 54 б].

Исламнан бұрын Мекке мен Мәдина және Тайфтың өз ақшасы болды. Көрші мемлекеттердің ақшалары да сауда айналымында қолданылатын. Ислам мемлекетінің өз ақшасы Омар халиф болған дәуірде шығарылды. Ол дәуірде күміс ақшаны дирхем, ал алтын ақшаны динар деп атайды. Бір динар он дирхемді құрады. Дирхем мен динардың белгілі бір өлшемі болды. Сонымен бірге 40 дирхемнен тұратын укие деген ақша да болды. Кейбір алаяқтар дирхем мен динардың өлшемін азайтып, содан пайда көретін. Мұхаммед с.ғ.а ислам мемлекетін құрғаннан кейін, дирхем мен динардың өлшемін азайтуға тиым салды. Ол дәуірдің таразы өлшемі са – 4 кило, муд – саның $\frac{1}{4}$ бірін құрады. Бір васс – 60 саны (240 кило) құрады. Исламға дейінгі дәуірдің ең азғын әдеттерінің бірі таразыдан жеу болатын [8, 385 б]. Құран таразыдан жеуге тиым салды. «Енді өлшеуді тартуды толық орындаңдар. Адамдардың нәрселерін кемітпендер» (Ағраф, 85).

Мұхаммед с.ғ.а адамдарды еңбек етіп, маңдай терлерімен табыс табуға шақырды. Өзгелерге масыл болып біреудің арқасында күн көруді қолдаған емес [110, 60-61 б.].

Мұхаммедтің с.ғ.а ислам мемлекетіндегі экономикалық реформасы, мұсылмандардың табан ет, маңдай ақымен табыс тауып, олардың тұрмыстіпшілігінің онғарылып, әлеуметтік тұрғыдан да кемелденуіне және мемлекет қазынасының да ең басты функциясы, халыққа қызмет ету керек екенін үқтырып, кейінгі мұсылман толқынына бағыт бағдар көрсете білді.

Отбасылық реформалар. Ислам мемлекетінің ішкі функциясындағы үлken өзгерістердің бірі отбасылық қарым-қатынастың бір ізге түсіп, әйле мен еркектің, ата-ана мен балалардың құқықтар мен міндеттерінің нақты айқындалуы еді. Ислам діні бойынша отбасы тұрі – патриархаттық негізде қалыптасты. Алайда, жаһілиет дәуірдегі ер адамның отбасыдағы үстемдігінен өзгеше еді. Отбасын басқаруда отағасы белгілі құқықтарға ғана ие болды. Мысалы, әке өз баласын сатуға немесе өлім үкімін кесуге құқығы болмады. Исламнан бұрынғы кезеңде орын алған жас сәбиді өлтіру әдетіне тиым салынды. Сондай-ақ, мұсылман құқығында әйел күйеуінің алдында экономикалық әрі жеке көзқарасы жағынан тәуелсіз болды. Алайда, еркектің қоғамда атқарар міндеті ауыр болғандықтан, әйелдің алдында кейбір

мәселелерде үстемдігі бар. Бұл жайында Құран былай дейді: «...Дегенмен еркектер әйелдерден бір саты жоғары үстемдікке ие. Осының бәрі Алланың құдіреті, данышпандығы арқылы орындалып жатады» (Бақара, 228). «Ерек – әйелге билік жүргізеді. Себебі, Алла оларды бір бірінен артық етіп жаратқан және ерлер әйелдер үшін мал-мұліктерін сарп етеді. Жақсы әйел еріне бойсұнады, ерлері жоқ кезде бір Алланы пана тұтып, өздерінің абыройын сақтайды. Ал егер олардан жаман қылық көрсөндер үгіт-насихат айтып, ескертіндер, оған көнбесе төсекте бірге жатпаңдар. Онда да болмаса (соңғы шара ретінде) ұрындар. Егер бағынса, басқа жол іздел оларды жәбірлемендер. Алла сендерден ұлы, әрі үстем. Ерлі-зайыпты екеудің ынтымағы жараспай бара жатқанынан қауіптенсөндер, онда ер жағынан бір әділ адамды, әйел жағынан бір әділ адамды жұмсаңдар. Алла оларды татуастырар болса, онда араларының жарасып кетуіне дәнекер болындар. Алла шынында да бәрін біліп, барлығынан хабардар болып тұрады» (Ниса, 34-35).

Құранның бұл үкімдерінің басты мұраты – отбасының татулығын сактап, егер, әйел мен ердің арасында келіспеушілік туындаған жағдайда, оны шешу үшін араға татуастырушыларды салып, отбасының айрылысын тоқтатуды көздеңген-ді. Ислам діні патриархаттық отбасыны белгілі бір өлшемде ғана қолдады. Өйткені, отбасылық қатынаста ер адамның әйелдің көзіліне дұрыс қарау, азық-тұлікпен қамтамасыз ету, киіндіру секілді міндеттері және әйелдің тәуелсіз жеке көзқарасының болуы, мұсылман құқығында әйел мен еркектің белгілі бір деңгейде теңдігі болғандығын көрсетеді

Жаһілиет дәүірде адам санатына жатпаған әйелдердің отбасылық қатынастағы орнын ислам діні тиісінше көтермеледі. Ислам діні ер адамға әйелді құрметтеу керектігін және әйелге еркекті қадір тұтуға үндеді. Бұл туралы Мұхаммед с.ғ.а былай деген болатын: «Әйелдеріңіздің сіздерде, сіздердің әйелдеріңізде хактарыңыз бар» [122, 3 б].

Мұхаммед с.ғ.а ер адам мен әйелдің кәмлет жасына толғаннан кейін мүмкіндікке қарай тез үйленуін уағыздады. Ол с.ғ.а: «Неке менің сұннетім. Кімде-кім менің сұннетіммен амал етпесе, менімен бірге емес. Үйленіңдер, себебі мен қиямет күнінде басқа үмбеттердің қасында сандарыңмен мақтанамын. Кімнің үйленуге шамасы жетсе, үйленсін» [123, 1 б] деді. Мұхаммед с.ғ.а негізін салған мұсылман құқығы бойынша үйлену парыз, уәжіп, сұннет, харам, мәкруғ, мубах болып алтыға бөлінеді.

1. Үйленбекен жағдайда жыныстық қатынасқа баратыны анық болған адамға үйлену парыз. Ер кісі әйелінің материалдық (ішіп-жемі, киімі, тұрғын үй, ауырған жағдайда дәрі-дәрмек қаражаты) жағдайы және мәһир (қалың мал) ақысымен қамтамасыз етуі тиіс;

2. Үйленбекен жағдайда жыныстық қатынас жасауы мүмкін қаупі бар адамға үйлену уәжіп (керек). Бұндай жағдайдағы ереккек қойылатын шарт әйелдің мәһир (қалың мал) және материалдық жағдайын қамтамасыз етуі тиіс;

3. Үйленгеннен кейін жұбайына жәбір көрсетуі анық болған адамға үйлену харам (тиым салынады);

4. Ауру болып, үйленгенде бұл ауру жұбайына жұғатын болса, немесе жұбайында да ауру болып, үйленгенде бұл ауру еріне жұғатын болса, онда мұндай неке харам;

5. Жұбайына жәбір көрсетуі мүмкін болған адамға үйлену мәкруғ (Алла сүймейді);

6. Үйленбесе жыныстық қатынасқа баратын қаупі жоқ, үйленсе жұбайына жәбір көрсету да қаупі жоқ адам үшін үйлену сұннет [124, 153 б].

Мұхаммед с.ғ.а бойдақ жігіттерге: «Ей жігіттер! Сіздердің араларыңыздан кімнің үйленуге шамасы жетсе үйленсін. Себебі үйлену көзді және нәспіні харамнан қорғаушы» [125, 43 б] деп жастарға зинаға ұрынбай үйленуге кенес берді.

Мұсылман құқығында үйленудің ең жақсы түрі Мұхаммедтің с.ғ.а сұннетінің негізінде үйлену. Ол с.ғ.а мұсылмандарға үйленудің келтірер пайдасы туралы былай деді: «Мұсылман Алладан қорқып оған бойғынғаннан кейін жақсы бір әйелден пайда көрген сияқты еш нәрседен пайда көрмейді. Себебі әйеліне бұйырса, бұйрығын тыңдайды, жүзіне қараса сүйіспеншілігі оянады, сапарға шықса өзі болмаған уақыт бойы намысын және қүйеуінің мал мүлкін қорғайды» [122, 5 б]. Бұл туралы Құранда: «Әйелдер сендердің киімдерің, сендер әйелдеріңің киімдеріңідер» (Бақара, 187) – деп жұбайларды бір бірінің денесін сұықтан, ыстықтан қорғайтын, рухты түрлі зиянды нәрселерден қорғайтын киімге теңеген.

Мұсылман құқығында некеге тұрудың үш шарты бар. Бірінші шарты бойынша, үйленуші ер адам мен әйелдің кәмілет жасына толуы, ақыл есінің дұрыс болуы және Құранда некелесуге тиым салған негіздер сақталуы керек. Екінші шарты бойынша екі тараптың өзара келісімі болуы тиіс. Үшінші шарт бойынша некеге куәландырылып, жариялануы шарт [37, 89 б].

Мәһир - әйелдің келісіміне қарай, ақшалай немесе заттай болуы да мүмкін. Мәһир қалыңдыққа берілетін түрлі бағадағы құн ғана емес, керісінше қоғамдағы әйелдің беделін білдіретін әйелдің және ақысы саналатын сыйақы. Исламнан бұрынғы дәуірде Арабтарда «ниһла» деп аталатын қыздың құны берілетін болған. Оны тек қыздың өкілдері алатын болған. Ал исламда әйел адам мәһірдің құнын да өзі белгілеп, жұмсауы да өз еркінде болды [124, 222 б]. Мәһир үшін белгілі шек қойылмаған. Құранда «Олардың біріне (әйелдерге) жүк-жүк мәһір берсендер де одан бірде бір нәрсені кері алмандар» (21, 20) деп, үндейді.

Мұсылман құқығы мына адамдардың бір бірімен үйленуіне тиым салды: «Әйелдерден әкелерің үйленгендерді үйленбендер. Бірақ өткен өтті. Бұл бір арсыздық және жириенішті жаман жол. Сендерге аналарың, (әке-шешелеріңің аналары) қыздарың, (ұл-қыздарыңың қыздары) қыз туыстарың, (әке-шеше бір немесе бөлек) әкелеріңмен туысқан әйелдер, шешелеріңмен туысқан әйелдер, еркек немесе қыз туыстарыңың қыздары, (олардың қыздары) сүт емізген аналарың, жақындаған әйелдеріңің (бұрынғы ерінен болған) қолдарындағы өгей қыздарын, егер жақындаспаған болсандар, сендерге бір оқасы жоқ. Бел балаларыңың әйелдері және екі қыз туысты бірге үйленулерің арам

қылышында...(Ниса, 22-23). Құранның бұл үкімдері сөз жоқ, араб қоғамы үшін үлкен жаңалық болатын. Өйткені, исламға дейін арабтар өгей шешемен және кейбір туыстарымен үйлене беретін [17, 428 б].

Мұсылман құқығының отбасылық қатынастағы тағы бір жаңалығы, бір мұсылмандың бас бостандығы жоқ күнмен некеге тұруына рұқсат беруі еді. Исламға дейін арабтар күндерді некелеспей нәпсіні қандыруға қалағанынша пайдаланатын. Ал, Құран күнмен қалай қарым-қатынас жасау керектігін былай ескерту: «Сендерден біреудің, мүмін азат әйел алуға шамасы келмесе, онда қолдарындағы мүмін күндерден алсын. Алла имандарында жақсы біледі. Бір біріңненсіндер. Ендеше күндерінді қожайындарының рұқсатымен олардың мәһирилерін дұрыс беріп,abyroylary болулары, зинашы және астыртын көңілдес болмаулары шартымен алсын» (Ниса, 25).

Мұсылман құқығы бойынша әйел мен еркектің табиғи қасиеттеріне қарай өз міндеттері болды. Ер адам отбасының материалдық жауапкершілігін өз мойнына алды (Талақ, 6-7). Отбасыдағы ер адамның материалдық жауапкершілігі мына негіздерден тұрды:

1. Азық-тұлік;
2. Киім-кешек;
3. Тұрғын үй;
4. Дәрі-дәрмек және емделу;
5. Үй жұмыстары көбейіп моральды салмақ түсетін болса үй қызметшісін жолдау. Бұл ақыларды орындау барысында отағасының қаржы қорының мөлшері ескеріледі [126, 98-99 б].

Ал, әйел мұсылман құқығы бойынша өз табиғатына сай, үй тіршілігін, яғни, ас пісіру, киім-кешекті жуу, үйді тазалау, сәндеу, бала-шағаға тәрбие беру секілді нәзік істерді атқарды [127, 472 б].

Мұсылман құқығы ерлі-зайыптылардың бір бірін таңдауда қателесудің және әр-тұрлі жағдайда келіспеушіліктердің болатынын ескеріп, отбасының арықарай өмір сұруі мүмкін болмаған жағдайда, ерлі-зайыптылардың ажырасуына рұқсат берді. Мұхаммед с.ғ.а мұсылмандардың мүмкін болса: «Алланың жақсы көрмейтін ісі ажырасу» деп, ажыраспауын үндеді. Ажырасу мұсылман құқығы термині бойынша «талақ» деп, аталды. Мұсылман құқығындағы «талақ» етудің мынадай ерекше негіздері бар:

1. Құран мен Сұннет тәртібіне қайшы негіздегі талақ ету харам (тиым салынған);
2. Тәртібі мен іс-әрекетінде кінәрат болмаса да кемшіліксіз әйелді талақ ету макрух (Алла сүймейтін, жақсы көрінбеген);
3. Ішкілік, құмар сияқты харам істермен шұғылданудан бас тартпаған әйелмен ажырасу сұннет;
4. Отбасылық өмірде харам істерді жасап, дін бойынша парыз болған амалдарды тәрк еткен әйелді талақ ету парыз;
5. Арапарында махабаттары болмаған жанұялардың ажырасуы тұрғысында әр түрлі көзқарастар айтылады. Бұл ерлі зайыптылардың өздеріне қалған шешім [37, 107-108 б].

Мұсылман құқығы талақ үкімін жанұяны бұзу үшін емес қайта жанұяның беріктігі үшін қолданады. Жұбайлардың үйленбестен бұрын жіберген қателігін немесе жанұя құрғаннан кейінгі қателікті түзету үшін талақ үкімі жүзеге асырылады. Сонымен бірге, «талақ» үкімі арқылы тараптар кеште болса өздерінің қателіктерін түзетіп, ажырасқаннан кейін психологиялық немесе материалдық тұрғыда өзіне тең жар табуға мүмкіндік алады. Мұсылман құқығында «талақ» ету құқығы ер адамға берілуінің себебі, ер кісі әйел психологиясынан ерекше салмақтылығы және шешім қабылдаудағы салихалығы негізге алынды.

Мұсылман құқығы некенің маңызды екенін білдіру мақсатында «талақ» сөзінің қалжың болса да айтылмауын үндейді. Талақ үкімінің мақсаты жұбайлардың арасын жарастыру. Себебі еркектің талақ айтуы үшін қойылған ең жақсы тәртіп бойынша талақ үш рет айтылуы керек. Яғни, талақ еткеннен кейін ерлі-зайыптыларға қайта қосылуға үш рет мүмкіндік береді. Қайта қосылуға мүмкіндік беретін мұндай талақ етуді «ража» талақ деп атады. Соңғы талақ айтылғанға дейін 3 ай мерзім өтеді. Бұл ұзақ мерзім олардың өкінуі мен ойлануладына уақыт береді. (Талақ, 1) Ал, үш рет талақ еткеннен кейін қайта қосылуға рұқсат берілмейді (вайн). Мұсылман құқығында талақ етудің сұннет және бидғат деген түрлері де бар. Сұннет талақ ету үшін ерінің көзіне әйелінің шөп салуы жетерлік. (Талақ, 1) Ал, бидғат талақ ету мұсылман құқығында қарастырылмаған негізде ер адамның әйелін талақ етуін айтады [37, 114-118 б].

Мұсылман құқығы бойынша мұсылман ер адамға бір мезгілде төрт әйелге дейін үйленуге рұқсат берді. Бұл туралы Құранда былай баяндалады: «...Өздеріце жаққан басқа әйелдерден екі, үш және төртке дейін үйленіндер...»(Ниса, 3) Бірақ, мұсылман құқығында ер адам әйелдеріне тең қарай алмаса, көп әйел алу харам (тиым салынады) саналады. Бұл туралы Құранда былай айтылады: «..Сонда егер тең ұстай алмаудан қорықсандар, онда біреу алындар...» (Ниса, 3). Яғни, көп әйел алуға ер адамның психологиялық, материалдық тұрғыдан дайындығы болып, әйелдерін бір бірінен алаламайтын теңдік қағидасты негізінде қарауы тиіс. Мұсылман құқығы көп әйел алуға мынадай себептердің болуы керектігін алға тартады [128, 105-106 б]:

Мұсылман құқығының жоғарғы себептердің негізінде төрт әйелге дейін үйленуге рұқсат беруі, мұсылман қоғамының көптеген әлеуметтік мәселелерінің оң шешілуіне мүмкіндік тудырды. Шайқастарда мерт болғандардың жесір қалған әйелдеріне өзге мұсылмандар үйленіп, олардың қамқоршысы болды. Нәтижеде, жесір әйелдердің отбасылық әлеуметтік мәселелері оң шешіліп, мұсылман құқығының бұл шешімі жесір әйелдердің жоқшылықтан жаман жолға тұсуінің алдын-алды. Мұхаммед с.ғ.а жесір қалған әйелдерге өзі де үйленіп, басқа мұсылмандардың жесір әйелдерге үйленіп, оларға қамқоршы болуын үндеді. Деректерде Мұхаммед с.ғ.а төрт әйел емес, одан да көп (он бір әйел) әйелге үйленген. Мұхаммедке с.ғ.а төрт әйелден де көп әйелге үйленуге Құран рұқсат берген болатын: «...Сондай-ақ, егер мүмін бір әйел өзін Пайғамбарға бағыштаса; Пайғамбар оны некеленгісі келсе, бұны; өзге мүміндерден ерекше саған халал еттік...» (Ахзап, 50).

Исламда әрбір мұсылман ата-анасына құрметпен қарап, оларды алақанында аялауы тиіс. Бұл туралы Құран былай үкім береді: «Рабың, өзіне ғана ғибадат етулерінді, әке-шешеге жақсылық қылуларынды әмір етті. Ал егер ол екеуінің бірі немесе екеуі де жандарында кәрілікке жетсе: «Тұң» деме. (Кейіс білдірмек) Сондай-ақ ол екеуін зекіме де, екеуіне сыпайы сөз сөйле». (Исра, 23). Мұсылман құқығында ата-ана Аллаға серік қосуға баласын мәжбүрлесе ғана оған бағынбау парыз. Бұл туралы Құранда былай айтылады: «Егер екеуі білмеген нәрсенді Маған ортақ қосуға зорласа, оларға бағынба..» (Луқман, 15). Бірақ, мұсылман құқығы ата-анаға тәтті сөзben үгіт жүргізуі тоқтатпаудың бұйырады: «Ол екеуіне кішірейіп мархамет құшағына жай да: «Рабым! Ол екеуі мені кішкентайда тәрбиелегендей Сен де оларды мәрхаметіңе бөлей гөр!»-де» (Исра, 24).

Сәйид Кутуб осы аяттың түсіндірмесін жасағанда әке-шешеге құрмет хақында Хафыз Әбу Бәкір Бәззардың мына риуаятын мысалға алған: «Бір адам хажылық кезінде аласын арқалап алып Қағбаны тәу етеді. Әлгі адам Мұхаммед с.ғ.а-нан «Оның ақысын өтей алдым ба?» – деп сұрайды. Ол с.ғ.а: «Саған жүкті болған кезіндегі алған бір тынысының да қайтарымын жасаған жоқсың», – дейді» [50, 29 б].

Мұсылман құқығында жанұяны материалдық тұрғыда қамтамасыз ету ер адамға жүктелді. Бұл туралы Құранда былай айтылады: «Әй мүміндер! Өздерінді әрі үй-іштерінді отыны адамдар мен тастардан болған оттан қорғаңдар..» (Тахрим, 6). Егер, әке-шеше ажырасып жатса, әке қашан балалары өз күнін өзі көріп кеткенше, оларды материалдық тұрғыдан қамтамасыз етуі керек болды. Бұл туралы Құранда былай айтылады: «(Ажырасып, мерзім күткен) әйелдерді шамаларың келгенше, үйлеріне тұрғызындар. Оларға зорлау үшін тұртқі салмаңдар. Егер олар жүкті әйелдер болса, сонда оларға босанғанға дейін напақа беріндер. Егер ажыраған әйелдер, сендер үшін бала емізсе, сонда олардың жалақыларын беріндер. Өзара дұрыстықпен ақылдастындар. Егер (ер аз беріп, әйел көп тілеп) бір біріңе ауырлық салсаңдар, баланы басқа әйел емізуіне болады. Кеңшілік иесі бай кісі, өзіне Алланың бергені бойынша напақа берсін. Алла біреуге оған бергенінен артық жүктемейді...» (Талақ, 6-7)

Исламға дейінгі араб қоғамындағы тұрпайы әдеттердің бірі, тайпалық дәстүр бойынша шеше, әйел, қыз, сәбилер мирас алалмайтын. Тек соғысуға жарайтын ер адам ғана мирас алатын. Араб қоғамында дүние-мұліктің үрпақтан үрпаққа қалдырылуы үнемі келіспеушіліктерді тудыратын. Ал, мұсылман құқығы бойынша отбасының барлық мүшелері белгілі мөлшерде мұрадан пай ала алды. Өлген адамның артында сәби ер мұрагері қалған болса, мұраның үштен екісі оған берілді. Әйел немесе қызға қарағанда ер баланың мұрадан алар үлесі екі есе жоғары болды. Ал, мұрагер қыз бала болса, мұраның жартысы оған берілді. Кәмілет жасына толғанға дейін, сәбилердің мұрасын мұсылман қазысы (соты) сенімді бір адамға аманат етінде тапсырды. Мұрагерлер ержеткен сон мұра оған тапсырылады [37, 158-164 б]. Бұл туралы Құранда былай баяндалады: «Және Алланың сендерді басына тұрғызған малдарды ақылсыздарға бермендер (Жетімнің малын ақылы толмай өздеріне

тапсырманцар). Оларды қоректендіріп, киіндерінде де, оларға сыпайы сөз сөйлендер. Жетімдерді үйлену шағына жеткенше сынаңдар. Сонда егер олардан естиярлық көрсөндер, дереу олардың малдарын өздеріне беріндер. Сондай-ақ, олардың ержетуінен қорқып, ысыраптап, тездетіп жемендер..» (Ниса, 5-6).

Қайтыс болған адамның мұрагер балдары болып, сонымен бірге, әкешесі бар болған болса, онда әке-шешесіне мұраның алтыдан бірі тиді. Қайтыс болған адамның баласы болмай, әке-шешесі болса, онда әйеліне мұраның үштен бірі тиесілі болды. Егер, қайтыс болған адамның аға-іні, әпке-қарындасы болса, онда әйелге мұраның алтыдан бірі тиді. Ал, қайтыс болған адамның баласы мен әке-шешесі болмаса, онда әйеліне мұраның жартысы қалдырылды. Қайтыс болған адамның әке-шешесі жоқ, бірақ, балалары болса, онда әйелге мұраның төрттен біріне иелік етті. Қайтыс болған адамның әкешесі мен баласы болмаса, қайтыс болушының аға-іні, әпке-қарындастары мұраның алтыдан бірін ала алды. Ал, егер қайтыс болушының туыстары көп болса, онда мұраның үштен бірі солардікі болды. Қайтыс болушының артында жалғыз қыз баласы қалған жағдайда, мұраның үштен бірі, қызына қалдырылып, мұраның қалған бөлігі жетім-жесір, жарлы-жақыбайлдарға берілді [37, 158-164 б].

Исламға дейінгі араб қоғамындағы тағылық әдептердің бірі, қайтыс болған адамның жесірін де, қайтыс болған адманың ағасы немесе інісі мұра ретінде қарап, оған зорлықпен үйленетін. Ал, мұсылман құқығы әйелдің еркі болмаса, зорлықпен әменгерлікке алуға тиым салды. Бұл туралы Құранда былай айтылады: «Әй мүміндер! Сендер үшін әйелдерге зорлықпен мұрагер болуларың халал емес..» (Ниса, 19) Мұсылман құқығы бойынша мұра алам деп бір бірін өлтіргендерге мұрадан пай берілмеді. Бұл туралы Мұхаммед с.ғ.а: «Өлтірген адамға мұрадан пай жоқ» деген болатын [129, 17 б].

Мұсылман құқығы отбасы мүшелерінің орны мен мұрадан алар үлесін жеке-жеке көрсетіп берді. Ислам діні келген соң ескі тағылық, тұрпайы іс-әрекеттердің бәріне тиым салынып, женіл жүріс пен көңіл көтеру зина секілді азғынданудықтан пәк отбасы институты пайда болды.

Қылмыстық құқық реформалары. Ислам қылмысқа жаза беруден бұрын мұсылмандарға қылмыс жасамауды насиҳаттады. Жаһілиет дәуірдегі кейбір санаға сіңіп қалған қасаң әдептердің жазалап емес мүмкіндігінше ол әдептің келтірер зиянын айтып түсіндіруге тырысты [130, 620 б].

Мекке дәуірінде түскен Құран аяттарында тайпалық ұғымдағы көптеген әдептердің қылмыс екендігі баяндалды. Бірақ, Мекке дәуірінде мұсылмандар өз алдына мемлекет болып қалыптаспағандықтан, қылмыстарға санкция берілмеді. Мәдина дәуірінде кісі өлтіру, ұрлық, зина, жала жабу, арақ ішу, Аллаға құпір сөз айту, мемлекетке қарсы көтеріліс жасау, кісі тонау, дене жарақатын салу секілді қылмыстарды жазалау хақында Құраннан үкімдер тұсті. Сонымен қатар, ислам мемлекетінің басшысы ретінде Мұхаммед с.ғ.а кейбір қылмыстардың жазасын жеке өзі шығарды.

Мұсылман құқығында қылмыстарға жаза беру үш негізден тұрды:

1. Һад жазасы. (Алланың құқығы, яғни, Құранда ерекше аталған қылмыстарға берілген өзгертілмейтін жазалар);
2. Қысас жазалары (Адамның құқығы, яғни, жәбірленушінің қанға қан жазасын немесе кешірім беріп құн алуы);
3. Тазир жазалары (Бір қылмысқа қатысты һад немесе қысас жазасы қарастырылмаған болса, мұсылман сотының сол қылмысқа ұқсас негізде жеке өзі жаза беруі) [37, 218-235 б].

Мұсылман құқығында һад жазалары берілетін қылмыс түрлері Мұхаммед с.ғ.а өмір сүрген дәуірде анық болды. Құранда қылмыс деп танылған және жазасы көрсетілген қылмыс түрлеріне қылмыс түрлеріне мұсылман соты ешқандай кешірім бере алмайтын [39, 319-320 б].

Һад жазасы берілетін қылмыс түрлері:

1. Ұрлық – адамның өзге біреудің меншігіне жасырын қол сұғуы. Мұсылман құқығы ұрлықты мына шарттарда қылмыс деп таныды.
 - а) Ұрлаған адам кәмілет жасына толған және ақыл есі сау болуы керек;
 - ә) Ұрланған зат біреудің меншігі болуы керек;
 - б) Ұрланған зат ет, көкөніс, тез арада бұзылатын азық-тұлік заттары болмауы тиіс;
 - в) Ұрланған зат белгілі бір мөлшерде болуы тиіс (ғалымдар арасында мөлшердің құны әр түрлі, кейбірі үш, бес, он дирхем көлемінде деп айтады);
 - д) Ұрланған зат міндettі түрде біреудің қорғауында болуы тиіс (ұрланған зат біреудің меншігінде екендігі көпшілікке айқын болуы керек, яғни, біреудің меншігі екендігі белгілі болмаған затты алу, ұрлыққа жатпайды) [37, 219 б].

Ұрлық қылмысына жаза ретінде Құранда қол кесу (Майды, 39) туралы үкім айтылған. Бірақ, ұрлық аштық жағдайға байланысты туындаған болса, қол кесу жазасы қолданылмайды. Мысалы, Омар р.а халиф болған дәуірде, ашаршылық жылдары ұрлық қылмысына қол кесу жазасын қолдану үкімі тоқтатылған [37, 220 б].

2. Қарақшылық – қарумен, күшпен жол тосып, адамдардың мүлкін тартып алу. Қарақшылықтың һад жазасы берілуі тиіс ауыр қылмыс екендігі Құранда Мәйда сүресінің 33-34 – аяттарында баяндалады. Мұсылман құқығында қарақшылықтың ауырлығына қарай, өлтіру, дарға асу, аяқ-қол кесу жазасы қолданылған [39, 417-427 б]. Десекте, қарақшылық қылмысына ауыр үкім беру туралы мұсылман заңгерлерінің арасында ортақ келісім жок;

3. Зина – бір еркектің бір әйелмен арасында некесі болмай жыныстық қатынасқа баруы. Зинаның жазасы муһсан (ақыл-есі дұрыс және отбасылы) болып, болмағанына қарай өзгереді [39, 329-344 б]. Егер, ақыл-есі дұрыс және отбасылы болып тұрып, зина жасаған болса, онда таспен ұрып өлтіру жазасы қолданылады. Ал, муһсан болмаса (ақыл-есі дұрыс емес немесе үйленбеген) қылмыс жасаушыларға 100 дүре (Нұр, 4-2) соғылады;

4. Зина жасады деп жала жабу дегеніміз дәлелсіз зина жасады деп біреудің ар-намысына нұқсан келтірудің айтамыз. Мұсылман құқығы адамдардың ар-намысын қорғау мақсатында зина жасады деп дәлелсіз сөйлеуді қылмыс деп таниды. Бұл қылмысқа 80 дүре соғу жазасы (Нұр, 4-5) беріледі. Алайда, жала

жабушы муһсан (ақыл-есі дұрыс) болмаса, бұл жаза қолданылмайды. Сонымен бірге, жала жабушы өз кінәсіне кешірім тілеген жағдайда, жаза берген дұрыс па, дұрыс емес пе деген мәселеде, мұсылман заңгерлері арасында әр түрлі көзқарас бар [39, 367-380 б];

5. Шарап ішу – адамды ақылынан алжастыратын аштылған жеміс сыйындысын ішу. Шарап ішудің қылмыс екендігі Құранда сүресінің 90 аятында баяндалады. Мұхаммедтің с.ғ.а дәуірінде шарап жүзім мен құрмадан жасалған. Кейін мұсылман заңгерлері қияс жасау арқылы басқа жемістердің аштылған сыйындысын ішу шарап ішумен тең деп тапты. Мұхаммед с.ғ.а дәуірінде шарап ішуге 40 пен 80 аралығында дүре соғылған [39, 433-452 б];

6. Иртидат (Аллаға күпір келтіру) – Исламнан бет бұру немесе басқа дінге ету. Ислам дінінің негізгі қайнар-көзі Құранда (Бақара, 286) діни-сенім бостандығын бергенмен, кейбір адамдар белгілі бір мақсатпен ислам дініне өтіп, кейін исламды келеке етіп, қайта діннен шығатын. Мұсылман құқығы бойынша бұл исламды қорлаған болып саналады. Исламды тәрк етушіні мұсылман заңгерлері өлім жазасын кескен. Өлім жазасы жүзеге асырылмай тұрып, дінді тәрк етушіге уағыз айтылып, ойлануға уақыт беріледі. Бұл уақыттың ішінде дінді тәрк етуші алған бетінен қайтпаса, тиісті ауыр жазаны тартады [39, 462-471 б];

7. Көтеріліс жасау. Ел арасына алауыздық тудырып, халықты бір біріне немесе мемлекетке қарсы қою ауыр қылмыс саналады. Мұсылман заңгерлері халықты бір біріне қарсы қою немесе мемлекетке қарсы көтеріліс жасаудың қылмыс екендігін Құрандағы: «Егер, мұміндерден екі топ соғысса, дереу араларын жарастырындар; мұбада екі жақтың бірі, екіншісіне өктемдік жасаса, бас тартқан жақпен Алланың әміріне қайтқандарына дейін соғысындар..» (Хұжурат, 9) деген аяттың негізіне сүйенеді. Мұсылман заңгерлері мемлекетке қарсы көтерілістің өрбу сипаты мен ауқымына қарай һад немесе тазир жазасы беретін қылмыс деп таниды:

а) Алла мен Мұхаммед с.ғ.а және сахабалардың жолымен жүрген, олардың сенімі мен іс-әрекетіне қайшы емес пікірді ұстанған қауым жазалануға жатпайды;

ә) егер бөлектенген қауым халыққа немесе мемлекетке қарсы пікірін өзгелерге насиҳаттайтын болса, онда тазир жазасы беріледі;

б) бұл қауым халыққа немесе мемлекетке қарсы келмесе, онда мемлекет жаза бермейді;

в) егер бұл қауым халықты бір біріне қарсы қойып немесе мемлекетке қарсы қарулы көтеріліс немесе мемлекет ішінен мемлекет жасағысы келсе, онда мемлекет әскери соққы беріп, көтерілішілерді күшпен басады. Бірақ, бұл қарулы жазалау жорығы кәпірлермен соғысқандай болмауы тиіс. Яғни, қашқандарды қумайды, жаралылар мен тұтқындар өлтірілмейді, әйел, бала-шағасы тұтқындалмайды және дүние-мұліктегі олжа ретінде алынбайды [37, 225-226 б].

Қысас жазасы адам құқығы делініп, жазаның беріліп, берілмеуі жібірленушінің кешіріп, кешірмеуіне байланысты болып табылады.

Қысас жазасы қасақана кісі өлтіру және қасақана дene жарақатын салу қылмыстарынан тұрады.

1. Қасақана кісі өлтіру. Қасақана кісі өлтіру қылмысына қанға қан жазасын беру туралы Құранда: «Әй мүміндер! Сендерге қысас (есе қайтару) парыз етілді. Азатқа азат, құлға құл, әйелге әйел (өлтіріледі)..» (Бақара, 178) деген үкім айтылады. Сонымен бірге, «..Жанға жан, көзге көз, мұрынға мұрын, құлаққа құлақ, тіске тіс және жаралыларға да, қарама-қарсы төлеу (қысас) жаздық..» (Мәйда, 45) Мұсылман заңгерлері кісі өлтіруші қару, құрал-сайман қолданған немесе басқа да амалмен қасақана кісі өлтірмекші болғаны белгілі болса, қасақана кісі өлтірді деп айыпталады. Ал, егер қасақана кісі өлтіру дәлелденбесе, қысасқа қысас жазасы берілмеген. Мұхаммед с.ғ.а бұл туралы: «Күмәнді бір нәрсе болса, жаза берменіз» деген болатын. Кісі өлтірушінің қасақана кісі өлтіргені анықталған болса, өлген адамның туыстары қысасқа қысас жазасын қаласа, қасақана кісі өлтіруші қылышпен шабылып өлтірілген. Ал, егер, жәбірленуші тарап кешірім берген жағдайда, кісі өлтіруші құн (диат) төлейді. Бұл туралы Құранда: «Дегенмен, оған туыс жағынан кешірілсе, оның ережеге үлесуі екінші жақтың да оған дұрыс төлеуі қажет..» (Бақара, 178) деп бұйырылады. Өліктің орнына жәбірленуші тарап қанша құн ала алады деген мәселеге келетін болсақ, Мұхаммед с.ғ.а дәуірінде өлік құны жұз түйе, мың мыскал алтын, он мың дирхем, екі жұз сиыр, екі мың қой, екі жұз киімді құраған. Егер жәбірленуші тарап кісі өлтірушіні кешіріп, ешқандай құн сұрамаса, онда кісі өлтіруші тазир жазасымен, яғни мемлекет қазысының тағайындаған жазасымен жазаланады [37, 226-228 б].

2. Қасақана дene жарақатын салу. Мұсылман заңгерлерінің айтуына қарағанда, қасақана дene жарақатын салды деп тану үшін соққы дene мүшесіне немесе сүйекті зақымдауы керек. Бұл туралы Құранда: «көзге көз, мұрынға мұрын, құлаққа құлақ, тіске тіс және жаралыларға да, қарама-қарсы төлеу (қысас) жаздық..» (Мәйда, 45) деп баяндалады. Ал, егер дененің зақымдануы бұл мөлшерден төмен болса, қылмыс қасақана дene жарақатын салу деп танылмайды. Қасақана дene жарақатын салу қылмысында да жәбірленуші тарап кешірім берген жағдайда құн төленеді. Құн көлемі егер денедегі тек біреу болып табылған мүше жарамсыз болып қалса, кісі өлтірудегі төленетін құн төленеді. Егер денеде жұп болып табылған мүшенің бірі жарамсыз болса, кісі өліміне төленетін құнның жартысы өтелетін. Ал егер жарамсыз болған мүше дene төртеу болса, кісі өлтірудегі құнның төрттен бірі төленетін. Мұсылман құқығында қысасқа қысас жазасы дәлел болғанда ғана жұзеге асырылды. Ал, егер дәлел жеткілікті болмаса, жаза женілдетіледі немесе жазадан мұлде босату қарастырылады. Бұл туралы Мұхаммед с.ғ.а: «Мүмкін болса, мұсылмандардың had жазаларын кемітіңдер. Оған бір жол болса, босатындар. Мемлекет басшысының кешірім етуде қателесуі, жаза бергенде қателескеннен әлде қайда қайырлы» [37, 228-229 б] деген еді.

Тазир жазасы берілетін қылмыстар деп Құран немесе сұннет бойынша had немесе қысас жазасы берілетін қылмыстар санатынан табылмаған басқа қылмыстарды мұсылман заңгерлерінің Алла мен адамның құқығына нұқсан

келтірушілік деп бағалауын айтамыз. Яғни, тазир жазасы берілетін қылмыстар да һад жазасы секілді Алланың құқығына нұқсан келтірушілік және қысас жазасы секілді адамның құқығына қол сұғушылық болып бөлінеді. Мысалыға тазир жазасындағы Алланың құқығына нұқсан келтірушілікке намаз оқымау, себепсіз ораза тұтпау, мас етуі мүмкін сусын ішу секілді қылмыстар жатады. Ал, адам құқығына қол сұғушылық болып табылатын тазир жазасы берілетін қылмыс түрлеріне некесі болмаған әйелді сую, құшактауы, бір адамның арғұжданына дақ тұсіретін қол мен тілмен жасалған қылмыстары жатады [37, 233 б].

Тазир жазасының мөлшерін мемлекеттің тағайындаған қазы беретін болғандықтан һад немесе қысас жазасын беруден құрделілерек. Яғни, мұсылман соты келген зиян мен жазаның тепе-тендігін сақтауы қажет. Бұл орайда, мұсылман құқығы тазир жазасын беру, мына қағидаларға негізделу керектігін айтады.

а) Адам құқығына қол сұғушылық болған жағдайда тазир жазасын беру адамға келген зиян мөлшеріне негізделеді. Мұсылман соты адамға келген зиянды оның ырқынсыз кешірім беруіне болмайды. Һад жазасын беретін қылмыс қатарында жоқ болғанмен Алланың құқығына нұқсан келтіретін қылмыс болған жағдайда мұсылман соты ескерту берумен кешірім беруі мүмкін;

ә) Адам құқығына қол сұғушылық қылмысы қанша рет болса, сонша рет тазир жазасы беріледі. Ал, Алланың құқығына нұқсан келтіруші бірнеше қылмыс белгілі болғанына қарай, бір рет қана жаза берілуі мүмкін;

б) Алла немесе адам құқығына нұқсан келтірушілік болып жатқанда, оған әрбір мұсылманның қарсы тұруына болады Бұл туралы Құранда былай айтылады: «Сондай зұлымдық істегендерге бейім сыңай байқатпаңдар. Онда сендерге тозақ кездеседі (Нұд, 113);

в) Егер, Алла немесе адам құқығына нұқсан келтіруші жаза берілмesten бұрын өліп кеткен жағдайда, тазир жазасы ешкімге берілмейді. Бұл туралы Құранда: «.. Біреудің күнәсін біреу көтермейді..» (Әнғам, 164) – дейді [37, 234 б]. Исламнан бұрынғы тайпалық түсінік бойынша қылмыскердің жазасын рутайпасы бірге көтеретін. Мұсылман құқығы ұндай ескі тайпалық жауапкершіліктің құшін жойды.

Тазир жазасын беру үшін жазаланушиның ақыл-есі дұрыс болуы шарт. Яғни, тазир жазасы ақыл-есі дұрыс хұр еркек, хұр әйел, құл, құнғе тағайындалады. Кейбір деректерге қарағанда тазир жазасы кәмілетке толмаған балаларға да қолдануы мүмкін. Оған, мұсылман заңгерлері Мұхаммедтің с.ғ.а: «10 жасында намаз оқымаған баланы шыбықпен ұрып оқытындар» деген өсietін негізге алады. Алайда, мұсылман құқығы тазир жазасының мөлшері һад жазасының мөлшерінен аз болуы тиіс екендігін алға тартады [37, 235 б].

Исламға дейін арабтардағы әділетсіздіктің бірі тайпалар арасында қылмыстар орын алғып, егер жауапты жақ құшті тайпа болса, құнның жартысын ғана төлейтін. Ал, Мұхаммед с.ғ.а бұл әділетсіздікті тоқтатты [131, 455 б]. Надандық дәуірдің тағы бір тағы қисынсыз дәстүрі, қылмыстық

жауапкершілікке заттар мен хайуандарда тартылатын. Мысалы, біреу құдыққа түсіп өлсе, сол құдық құн ретінде жәбірленуші тарапқа өтетін. Бір хайуан бір адамды өлтіріп қойған болса, сол хайуан құн ретінде жәбірленуші тарапқа берілетін. Бір адам жанып жатқан ошаққа түсіп өлсе, сол ошақты жәбірленушілер құн ретінде өз меншігіне алатын [131, 53 б]. Құрандағы: «.. Біреудің күнәсін біреу көтермейді..» (Әнғам, 164) деген үкім ескі тайпалық түсініктегі өлуіне себеп болған затты құн ретінде алудың тамырына балта шапты. Х.Қараман мұсылман құқығында қылмысқа жаза беру қылмыскерге жапа шектіру мақсатында емес, қоғамдық қауіпсіздікті сақтап, әділет орнату, жаза беру арқылы өзгелерге сабақ болу үшін берілетінін айтады [37, 238-239 б].

Мұсылман соты әділ үкім бермесе, тараптар істі қайта қарауға арыздана алатын. Бұл туралы Мұхаммед с.ғ.а : «Егер соттар адамдарға өздерінің көзқарастарымен үкім беретін берсе, қан даулары мен мұліктік мәселелерде әділетті үкім шығармаған болар еді. Мен тек өлеңтін адаммын (өткінші) маған үкім айтуға даулы мәселелер әкелетін болсаңыз, ішіңізден біреу қарсы тарапқа қатысты маған көп жәйтті айтқан болса, мен есіткеніме қарай шешім шығаруым мүмкін. Сондықтан мен өз дін бауырыма қателесіп үкім берсем, ол дін бауырым менің үкіміме қарсы шықсын. Егер бұлай етпесе, мен оған тозақтан үлес берген боламын» [131, 456 б] деген еді.

Мұхаммед с.ғ.а тағайындаған соттарға даулы мәселеде екі тарапты да тең қарауын өсиет еткен. Али р.а: «Мені Мұхаммед с.ғ.а жастай сот етіп тағайыннады. Жас болған соң даулы мәселелерге үкім берген кезде жүрексініп, мен осы әділ шығара алдам ба деп өз шешіміме күмәнданатынын. Бірде Мұхаммед с.ғ.а: «Екі тарап алдыңа келгенде, екі жақты да жақсылап тыңдал алмайынша үкім беруші болма. Сенің бұлай етуің әділ шешім айтуыңа негіз болады» деп наихат айтты. Ол күннен даулы мәселелерде екі жақты да тең тыңдайтын болды. Содан бастап, үкім айтқанда өз үкіміме шұбаланбайтын болды» [131, 457 б] дейді.

Мұхаммед с.ғ.а әрбір даулы мәселеге кемінде екі күәгерді шақыратын. Күәгерлердің бұрын-сонды өтірік айтпағанына да маңыз беретін. Сенімді болса бір күәгерді даулы мәселеге анық көз жеткізуге шақыратын. Тарихшылардың айтуына қарағанда алғашқыда мұсылман соттары дәлел мен күәгерді ашық іздестіретін. Кейін Али р.а халиф болған шақтан бастап, дәлел жасырын іздестіріліп, істі қарау барысында күәгердің сөзін тараптардан құпия алынды. Мұхаммед с.ғ.а Мәдінада айыпталушының қылмысы ашылғанға дейін немесе қылмыскерді жазалау мақсатында абақтыға отырғызууды қолға алды. Кейде тұтқындарда азат етілгенге дейін абақтыда ұсталатын. Уахз ибн Хакимнің айтуына қарағанда атасының көршілерін қылмысына байланысты Мұхаммед с.ғ.а абақтыға жапқан. Алайда атасы олардың қылмыс жасамағандығына кепіл болғаннан кейін Мұхаммед с.ғ.а оларды босатқан. Мұхаммед с.ғ.а абақты ретінде арнайы ғимарат қолданбады. Көбіне мешіт бөлмелерін пайдаланды. Абақты үшін ғимарат алғаш рет Омар р.а халиф кезінде Меккеде сатып алынып, пайдаланылды [131, 468 б].

Мұхаммед с.ғ.а дәуіріндегі қылмыстық құқық Құран негізінде қалыптасты. Ислам мемлекетінің қалыптасу кезеңдегі қылмыстық реформалар, сол дәуірдің талабын ғана қанағаттандырып қойған жоқ, кейінгі мұсылман құқығының негізгі негізгі жол көрсетуші қайнар-көз ретінде қалыптасты.

Міндеттемелік құқық реформалары. Мұхаммед с.ғ.а өмір сүрген кезеңдегі мұсылмандар арасындағы оң шешімін тапқан салалардың бірі міндеттемелік құқық болатын. Ислам мемлекетінің алғашқы кезеңдегі міндеттемелік құқық пен казіргі шариғаттағы міндеттемелік құқықтың арасында едәуір айырмашылық бар. Дегенмен, алғашқы Құран мен сұннеттегі міндеттемелік құқық үкімдері кейінгі мұсылман міндеттемелік құқығының дамуына серпін берді. Кейінгі мұсылман заңгерлері Құран мен сұннеттің негізінде міндеттемелік құқықты дамытты.

Мұсылман құқығында міндеттемінің екі түрі бар: 1) акт ләзім (міндетті міндеттеме); 2) акт жәйіз (жәй міндеттеме). Акт ләзім бойынша жасалған келісімдегі міндеттері тараптардың өзара келісімінсіз жойылмайды. Ал, акт жәйіз міндеттемесін тараптардың бірінің қалауымен жоюға болады [132, 78 б].

Мұсылман құқығында қәзіргі заманауи заңдарымыздың міндетті шартары секілді азаматтық қарым-қатынас жасау барысында тараптардың міндеттері кәмілет жасқа толған, ақыл-есі сау, ерікті және келісім шариғатқа сай түзілуі тиіс болды [132, 97 б].

Шариғат өсімқорлық сипаты бар келісімшарттарға тиым салды. Исламға дейін араб тұбегіндегі дау-дамайдың басым бөлігі өсім беруші мен алушының арасында туындастын. Өсімқорлыққа тиым салуының себебі, сауда-саттық ісінде өсім беруші мен алушының тәуекелге баруында теңдік жоқ. Өсім алған адам ісі алға баспай банкрот болған жағдайда немесе түскен пайдасы тек өсімді өтеуден артылмаса, өсім алу келісімшарты тек бір тараптың ғана мұддесін қанағаттандырады. Құранда өсім алудың жөнсіз екендігін былай баяндайды: «..негізінде Алла сауданы адал, өсім алуды харам етті» (Бақара, 275).

Ал, адалдығы беймәлім келісімшартты мұсылман құқығы жасамауды жақтады. Бұл туралы хадисте: «Халал – анық, харам да – анық, ал ол екеуінің арасында шұбәлі істер бар. Кім өзіне шұбәлі күнәдан бас тартса, ол анық (күнәдан) кесімдірек бас тартатын болады, ал кім өзіне күдікті сезілген күнәға қол ұрса, анық (күнәға) бой ұруға шақ тұрады...» [133, 303 б] деп бұйырылады.

Мұсылман құқығы өсімқорлыққа тиым салып, оның орнына екі тараптың да мұддесі тең қарастырылатын «мурабаха» келісімшартын қолдады. «Мурабаха» келісімшарты бойынша қаржысы бар тарап бір істі жүргізем деген адамның саудасына қаржы салып, екі тарап келіскеңіне қарай түскен табысты бөліседі. «Мурабаха» келісімі бойынша, егер істі жүргізуі тарап банкрот болған жағдайда, қаржы құюшы тарапта келген зиянды бірге белгілі тиіс. «Мурабаха» келісімшартының өсім алу келісімшартынан ерекшелігі – бұл келісімшартта екі тараптың іс бойынша тәуекелге баруында теңдік бар болатын [134, 264 б].

Ауылшаруашылығы саласында, сауда-саттық және кәсіпкерлік істерде мұсылмандардың бір бірімен серіктес болуына Құран мен сұннет белгілі

қағидалар мен өлшемдерді бекітті. Құранда кәсіпкерлікте серіктес болу туралы былай айтылады: «..Расында қарым-қатынаста болғандардың көбі, әрине бір біріне қаралық істейді. Бірақ иман келтіріп, турашылдық істегендер басқа» (Сад 38/24). Мұхаммед с.ғ.а серіктестердің бір біріне адал болуы туралы: «Серіктестік кезінде, бір біріце қиянат жасамағанға дейін серіктестіктің үшіншісі Алла болып табылады. Қашан бір біріце қиянат жасасандар онда бұл серіктестікте Алла болмайды» деген болатын. Яғни, мұсылман құқығы ауқымды кәсіпкерлік істерде адамдардың тенденцији принципі негізінде бір бірінің ісіне қаржы салып, серіктес болуына рұқсат берді. Деректерде Мұхаммед с.ғ.а мен сахабалардың Хайбардағы ауылшаруашылығымен шұғылданушылармен серіктес болғандығы туралы айтылады [134, 215 б].

Мұсылман құқығы сауда-саттықта тек бір тараптың мұддесінің басым болуымен, әлі толық піспеген дәнді-дақыл және әлі ақшасы берілмеген затты қайта сату секілді дау-дамай тудыратын сату шарттарына тиым салды. Өйткені, мұсылман құқығы бойынша сауда-саттық әділетті және тараптардың ырзашылығына негізделуі тиіс болды. Мысалы, Мұхаммед с.ғ.а сүті көп шықсын деп бірнеше күн сауылмай емшегі тырсылдаған сиырдың сүтін қайтарып беруге болатындығын айтады. Құранда адал сауда-саттық жасау туралы былай айтылады: «Әй, адамдар! Мұліктерізді араларыңызда хақсыздықпен емес, ырзашылықпен жасалған сауда-саттықпен жеңіздер» (Ниса, 29).

Мұсылман құқығы мұсылмандарға сауда-саттықта тұрмыстық ұсақ-түйек заттардан басқа келісімшарттарды жазбаша нысанда жасалуын және келісімшарттар кезінде ақыл есі дұрыс куә адамдардың болу керектігін алға тартады. Ол дәуірде хат танитын адамдар аз еді. Хат жазушылар келісімшарттарда жазып бергені үшін ақы талап ететін. Мұсылман құқығы бойынша келісімшарт нұсқасын жазған хат танушының ақысын сатып алушы беру тиіс болды. Ал, келісімшарттың қалай жасалу керектігі Құранда былай айтылады: «Әй иман еткендер! Егер белгілі бір мерзімге дейін бір біріце борыштансандар, сонда оны жазындар. Араларында бір хатшы дұрыс жазсын. Сондай-ақ, хатшы Алланың оған үйретуі бойынша жазудан бас тартпасын. Борышты кісі жаздырсын. Рабы болған Алладан қорықсын әрі одан еш нэрсе кемітпесін. Сонда егер борышты есалан не нашар (жас бала я кәрі) немесе жаздыра алмайтын (сақау т.б.) болса, оның иесі тұра жаздырсын. Еркектерінен екі айғақ қойындар. Егер еркек болмаса, онда өздерің ұнатқан айғақтардан бір еркек, екі әйел болады. Егер екеуінің бірі жаңылса, екіншісі оның есіне салады. Куәлер шақырылған сәтте бас тартпасын. Аз, көп болса да белгілі мерзімге дейін жазудан ерінбендер. Осыларың Алланың қасында туралық; куәлік үшін мықтырақ және құдіктенбеуге де жақынырақ» (Бақара, 282).

Мұсылман заңгерлері келісімшарттар жасауда да тараптардың ерікті екендігін айтады. Мұхаммед с.ғ.а: «Алушы мен сатушы келісімге келгенге дейін ерікті» деген болатын. Сонымен бірге, мұсылман құқығы келісімшарттарда тараптардың келісімге сай әрекет етуін талап етеді. Бұл

туралы Құран былай ескертеді: «Әй иман еткендер уәделерінді орындаңдар..» (Майда, 1). «Сертті орындаңдар. Сөз жок. Уәде сұралады» (Исра, 34).

Исламда егер келісімшарттағы заттың кемшілігі келісімшарт кезінде тараптарға белгісіз болса немесе сатушы заттың кемшілігін жасырып, алушы заттың кемшілігін соңынан білген жағдайда, сатушы заттың кемшілігін жоюға немесе затты кейін қайтып алуға мәжбүр болды. Бұл туралы Мұхаммед с.ғ.а: «Көрмestен бір затты сатып алған адам, ол затты көргеннен кейін де ерікті» деген болатын. Мұсылман құқығы сатушы тарапқа ғана емес, сатып алушы тарапқа да келісімшартқа байыппен қарауын міндеттеген. Бұл туралы Мұхаммед с.ғ.а былай деген еді: «Кімде-кім нақты ақшаға қолма-қол зат сатып алғысы келсе, затты таразыға тартып, уақытын белгілеп алсын» [134, 220 б].

Сонымен бірге кейін дау тудыратын келісімшарттардың барлығына тиым салды. Мұхаммедтің с.ғ.а: «Әлі пісіп, піспегені белгілі болмаған жемісті сатуға қоймандаңдар», «Бір келісімде екі келісімшарттың болуына жол берілмейді», «Келісімшарттан кейін қосымша шарт қосуға болмайды» [122, 225 б] - деген хадистері келісімшарттардың толымды болуы үшін айттылған. Сондықтан кейінгі мұсылман зангерлері келісімшарт жасаушы тараптарға мұсылман құқығына қайшы негізде өз еріктерімен келісімшарт жасауына жол берілмейтіндігін айтқан.

Исламға дейінгі араб қоғамындағы сауда-саттық келісімшарттарының бірі сатып алушы ақшасы болмаған жағдайда араға кепіл адам қойып сатушыдан зат сатып алатын. Бұл келісімшарт әлеуметтік жағдайы төмен адамдардың белгілі бір деңгейде қажеттіліктерін өтейтін болғандықтан мұсылман құқығы бұл келісімшарттың қолданылуына рұқсат берді. Құранда кепіл болу туралы Жүсіп сүресінің 66 – аяты мен 72 – аяттарында айттылады. Егер, сатып алушы заттың құнын өтей алмаған жағдайда араға кепіл болушы заттың құнын өтейтін. Бұндай жағдайда Мұхаммед с.ғ.а: «Кепіл өтейді» [134, 228 б] деп ескерткен еді.

Исламға дейін араб қоғамындағы қарым-қатынастың бір парасы аманат келісімшартымен жүзеге асатын. Қайтыс болар адам артында қалған мұлкін балалары кәмілетке толмаған жағдайда, біреуге аманат ететін. Аманатты алушы аманат иелері кәмілет жасына толғанда аманатты оларға тапсыратын. Кейде ұзақ сапарға шыққан адамдар қымбат, бағалы заттарын сенімді біреуге аманат ететін. Исламға дейінгі араб қоғамында аманатқа қиянат жасау үйреншікті жәйт саналатын. Мұсылман құқығы арабтардағы аманат дәстүрін сақтай отырып, аманатқа қиянат жасамауды бүйірді. Құранда аманатқа қиянат жасамау туралы былай баяндалады: «Негізінен Алла сендерге аманаттарды өз лайықты орнына тапсыруларынды және адамдардың арасына билік қылсаңдар, әділдікпен билік қылуларынды әмір етеді» (Ниса, 58) Мұхаммед с.ғ.а мұсылмандарға: «Саған аманат еткенді сен аманат те, саған қиянат еткенге сен қиянат етпе» [134, 233 б] деген болатын.

Өзге қоғамдардағы ауқатты адамдардың өз кәсіптеріне жағдайы төмен адамдарды жалшы етіп ұсташа араб қоғамына да тән құбылыс еді. Құранда жалшылық туралы Қасас сүресінің 26-27 – аяттарында айттылады. Мұсылман құқығында жалшылық туралы өте кең ұғым берілген. Мысалы, арабтардағы

жас сәбиді ақыға емізу дәстүрін де жалшылық келісімшартына жататындығы айтылады (Бақара, 233). Мұхаммед с.ғ.а жалшылықта екі тарапқа да хақсыздық жасамау керек екендігін бұйырады: «Ешкім маңдай терімен тапқан табыстан күшті табыс тапқан емес. Адамның өзі, отбасы, қызметшісі үшін жұмсағандары оған садақа ретінде жазылады». Сонымен бірге, көрсетілген қызметке лайық ақы төлеу туралы: «Төлеуге мүмкіндігі болып тұрып, төлемеген хақсыздық, бұл оның нығметтерін жоғалтады» [134, 237 б] деп ескертті.

Исламға дейінгі араб қоғамында ауқаттылар кедейлерге қарызды өсіммен берсе, ислам қарызды өсіммен емес, Алланың ризашылығы үшін беруді үндеді. Құранда әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға ауқатты адамдардың қарыз беруінің сауапты іс екендігі туралы айтылады (Бақара, 45) Мұхаммед с.ғ.а дәүірінде кедей адамдар ауқаттылардан қарыз алатын. Мысалы, диқаншылықпен айналысатын адамдар қарыз алып, қарызын өнім шыққаннан кейін өтейтін. Мұндай жағдайда қарыз алушы қарызын өтеу үшін өнімнің жақсы шығуына бар күшін салуы тиіс болды. Бұл туралы Мұхаммед с.ғ.а: «Алла жеміс бермесе, бауырыңың ақшасын қайтып өтейсің?» [134, 239 б] деп бұл келісімді алғашқыда құптамады. Мұсылман құқығы қарыз алушының қарызды өсімсіз алдым деп қарызды созуына тиым салды. Мұхаммед с.ғ.а бұл жөнінде: «Бір нәрсені алған қол оны иесіне қайтаруға міндетті» деп үкім берді. Ал, егер борышкер қарызын қайтаруға мүмкіндігі болмаса, қарыз берушінің борышкерге қарайласуы жөнінде Құранда: «Ал, егер борышты, ауыр жағдайда болса, жақсарғанша қарау керек. Егерде садақа қылсаңдар, сендер үшін тағы да жақсы». (Бақара, 280) деген моральдік насиҳаттар айтылады.

Жоғарыда айтылған кепіл болу келісімшарты кебіне қарыз алу кезінде, қарыз берушінің сеніміне ие болу үшін қолданылатын. Мерзімді уақытында қарызды қайтармаған, бірақ қарыз алушының қарызын өтеуге шамасы жетсе, бірден қарызын төлеуі тиіс болды. Мұхаммед с.ғ.а. «Қарызын төлеуге мүмкіндігі болып тұрып, қарызын қайтармау хақсыздық, Біріңіз, төлеуге шамаңыз келіп, қарызыңызды қайтарғанда, қарыз беруші қарызын алсын» [134, 241 б] - деген болатын.

Ислам заңы сыйлық алу келісімі туралы да тиісінше норма қарастырды. Құрандағы: «Жақсылық және тақуалық жолында бір біріңе көмектесіндер» (Майда 5/2) деген аят садақа немесе сыйлық мағынасына да айтылады. Мұхаммед с.ғ.а: «Сыйлық беріңіздер, сонда бір біріңізді жақсы көресіздер» деп, сыйлық беруді адамдарды бір біріне жақындастыратын құрал ретінде бағалаған. Мұсылман құқығы бойынша сыйлық беру бір жақты келісімшарт болып табылды. Яғни, сыйға берілген құнды нәрсе үшін қайтарым болмайды. Және сыйға берілген құнды нәрсені, сыйға берушінің қайтып алудына жол берілмейді. Мұхаммед с.ғ.а тағы бір хадисінде: «Сыйлық беріп, оны қайтып алу құсқанын қайта жүтқан секілді» [134, 244 б] деген болатын.

Исламда біреудің жасаған келісімшарты үшін келесі біреудің жауап беруіне жол берілмейді. Бұл туралы Құранда «..Әрбіреудің істегені өзіне тән. Біреудің күнәсін біреу көтермейді..» (Әнғам 6/164) деп айтылады. Алайда хайуандардың келтірген зияндарын өтеу туралы Мұхаммед с.ғ.а хадистерінде

әртүрлі нормалар бар. Егер бір адам бақылауда болуы керек болған хайуанды көпе-көрінеу бақыламай, ол хайуан біреуге зиян тигізсе, онда келген зиян өтеледі. Егер, бір адам бақылауда болуы тиіс емес бір хайуаннан зиян көрсе, онда зиянның орнын талап ете алмайды [134, 249 б].

Жалпы, араб қоғамының исламға дейінгі кезімен салыстырсақ, міндеттемелік құқықтың сауда-саттық, қаржылық, мұрагерліктегі аманат т.б. өзгеде келісімшарттар жасаудағы тараптардың құқықтары мен міндеттерін нақты белгілеп, қоғамға пайда әкелу немесе зиянды болдырмау мақсатында қарастырылғанын аңғарамыз. Бұл құқықтық өзгерістердің прогрессивтік маңызды ие болғанын толық құптаймыз.

ҚОРЫТЫНДЫ

Іркілістен ілгерлеуге, тұраудан тұрақты дамуға жетелеген реформаторлық идеялар мен елдің көшін түзеген ұлы тұлғалардың кейінгі ұрпаққа берер тағылым-өнегесін игілігімізге жарату – ғылыми зерттеуіміздің негізгі мұраты. Қоғамның әртүрлі саласындағы қындықтарды еңсере білуімізге адамзат баласының өткен өміріндегі ұлы жеңістер мен жетістіктер зор үлгі бола алады. Осындаид адамзат қоғамына ұлы жеңісті әкелген VII ғасырда Араб түбегіндегі жаһильт қоғамының пердесін серпіп, ренессанс тудырған ислам діні болатын. Зерттеушілердің адамзат баласының өміріне ұлы өзгерістер әкелген тұлғалар тізімінің басына ислам дінінің пайғамбары Мұхаммедті с.ғ.а қоюы тегіннен тегін емес. Жиырма үш жылдың ішінде жаһильт қоғамды өркениеттің бастауы саналатын аср-сағадат (бақыт дәуірі) қоғамға айналдыруы, сөз жоқ адамзат баласының биік белесі еді.

Осы зерттеу жұмысында қоғамдық бірізділігі мен басқару жүйесі бытыраңқы және мәдени тұрмыс-тіршілігі қарабайыр, әртүрлі таптық бөліністен тұратын араб қоғамының дәстүрлі дағдыларын анықталып, лайықты бағасы берілді. Араб түбегіндегі Хумейр, Хира, Кинди, Гассани және өзгеде қалалардағы саяси бірлестіктер мен әскери-демократиялық қоғамда өмір сүрген көшпенді араб тайпаларының әлеуметтік, саяси жағдайына шолу жасалынды. Жаһильт дәуіріндегі ең жағымсыз жәйттердің бірі әйел мен қыз баланың құқығының болмауы еді. Арабтар қыз бала дүниеге келсе, оған қатты намыстанып, қыздарды тірідей жерге көметін немесе әйелдерді жезөкшелікке итермелуе қалыпты жағдай саналды. Зерттеу жұмысында әйел құқығының аяққа тапталуының себептері жан-жақты талданды. Жаһильт дәуірінде арабтарда тройбалистік таныммен әрекет ету қатып-семіп қалған заңдылық болатын. Өз тайпасынан емес кез-келген бейсауыт адамды тонап, оған қарақшылық жасау қылмыс саналмайтын. Әдепкіде арабтар белгілі төрт айды қасиетті деп санап бұл айларда керуен тонап, қарақшылық жасауды доғарғанмен, кейін келе бұл заңдылық құшін жойды. Қылмыстық даулы істерде ұжымдық, тайпалық жауапкершілік орын алатын.

Шейхтар тайпаның әкімі, әрі қазысы, әрі әскери басшысы, яғни, абсолюттік билікке ие болатын. Даулы істерде шейхтың бүйрекі қайда бұрса, жеңіс сол жақта болатын. Тайпаға қатысты әрбір мәселеде, яғни, әкімшілік, сот және өзге тайпалармен байланыс жасауға шейх тікелей жауапты болғандықтан, тайпа мүшелері өз шейхтарын қатты сыйлайтын. Бұл жағдай шейх билігінің шексіздігін көрсететін еді. 691 жылы Меккенің Дарун-Надуасы «Хилфул-фудул» ұйымын құрып, Меккедегі кейбір бассызылдықтарды реттеуге күш салғанмен, аталмыш ұйымның шығарған ережесінің құқықтық санкциясы болған жоқ. «Хилфул-фудулдың» қылмыстарға тоқтау сала алмағаны дәлелдеп көрсетілді [135, 63-64 б].

Исламға дейінгі араб қоғамында бытыраңқылық, анархия басым болды. Араб тайпалары Византияға қаасты Гассани әмірлігі мен Қызыл теңіздің онтүстігіндегі Эфиопия және ирандық Сасани империясының ықпалында

болды. Ирактағы Хира және Оман, Бахрейн, Хадрамут аймағындағы Кинди мемлекеті тұрақты дами алған жоқ. Нажит, Иамама, Хижаз, Хайбар аймақтарында тәуелсіз тайпалық құрылымдар болды. Мәдина қаласында Әус, Хазраж және Қайнұқа, Нәдір, Құрайза тайпаларының біріккен федеративтік саяси құрылымы өмір сүрді. Мекке қаласында қасиетті қағба орналасқандықтан мұндағы Құрайыш тайпасының өзге араб тайпаларына айтарлықтай ықпалы болғандығын жан-жақты түсіндіруге мән берілді.

Исламға дейінгі Араб тұбегіндегі халықтардың діни танымы әртүрлі болатын. Христиандардан құғын көріп, Палестина мен Сириядан Мәдина мен Хайбарға ауа көшкен иуда дінін ұстанушы януди тайпалары мен Нажранда өмір сүретін несториан христиандары және араб тайпаларының басым көвшілігі ұстанатын пұтқа табынушылық сенім қатар өмір сүрді. Сондай-ақ, Ибрахим пайғамбардың бір құдайға сенген ханиф дінін ұстанушылардың болғандығы да айтылады. Исламға дейін де бұл діндер арасында қақтығыстардың болғандығын, дін ахуалдың өзгеруі саяси жағдайдың өзгеруіне әсер еткендігін егжей-тегжейлі зерделенді.

Араб қоғамын көртартпа індеттерден сауықтыруши Мұхаммед с.ғ.а бастаған мұсылмандық қозғалыстың пайда болып, пұтқа табынушылар тарапынан қарсылыққа ұшырауы және әртүрлі қысым-құқайларға қарамастан мұсылман қозғалысының даму үстінде болғандығына назар аударылды. Алғашқыда, мұсылмандық қозғалыстың өміршенді болуына араб қоғамының дәстүрлі тайпалық түсінігінің арқау болғандығы баян етілді. Сондай-ақ, Мұхаммедтің с.ғ.а мұсылмандарды Мекке пұтқа табынушыларының қысымынан құтқару үшін Хабаштан мемлекетіне екі дүркін (615-617 жж) көшіріп, ол мемлекеттің мұсылмандардың өз сенімдерімен өмір сүрге рұқсат беруі, дарус-сулх, яғни, кәпір деп саналмайтын исламмен бейбіт ұстанымда қатынас жасаушы мемлекет типінің ортаға шығуына тұрткі болғандығын баса айттық [136, 283-284 б].

Әсіресе, исламның іргесін нығайту үшін ислам мемлекетін құру идеясының пайда болуы және бұл идеяның жүзеге асуы кезіндегі реформаторлық қозғалыстар мен іс-әрекеттерге барынша талдау жасалынды. Базбір зерттеушілер Мұхаммед с.ғ.а Меккені қайта келіп бағындыру мақсатында Құрайыштың керуен жолындағы Мәдинаға көшіп баруды таңдады, ал Мәдина меккелік Құрайыш пұтқа табынушыларының ең жанды жері болғандығынан Мұхаммед с.ғ.а осы қалаға көшуді қолға алды деген пікірді алға тартады. Эйтседе, Мұхаммедке с.ғ.а Құрайыш пұтқа табынушылары Меккенің билігін ұсынғанда, одан бас тартқан болатын. Зерттеушілердің келесі бір тобы бұл көштің діни бостандыққа қол жеткізу мақсатында болғандығын айтады. Шынында да, Мұхаммедтің с.ғ.а қамқоршысы Әбутәліп қайтыс болғаннан кейін Құрайыштың мұсылмандарға деген зорлық-зомбылығы күшейе түскен болатын. Осы себептерді ескеріп, біз Мұхаммедтің с.ғ.а Мәдинаға мұсылмандарды аман сақтауға және діни бостандыққа толық ие болу үшін хижра жасады деген пікірге тоқтадық.

I, II Ақаба келісіміндерінде Мекке мұсылмандар мен Әус және Хазраж өкілдері бір біріне пана боламыз деген уағдаласты. Бұл келісімнің негізінде тарих сахнасына тәуелсіз ислам мемлекеті шықты. Яғни, ислам мемлекетінің құрылу және қалыптасу негіздері Ақаба келісімдерінен басталды.

«Мәдина конституциясында» яһудилердің мұсылмандардың ықпалында қалуы, негізінен мемлекет құрушы тарап – мұсылман қауымының басым болғандығын әйгілейді. Меккелік мұсылмандар мен мәдиналық Әус пен Хазраж мұсылмандарының ислам мемлекетін құру турасында ортақ ымыраға келуі, мұсылмандардың тәуелсіздік алуына шешуші рөл атқарды.

Мұхаммед с.ғ.а жаңа ислам мемлекеттілігінің іргесін мекем ету үшін Мәдинадағы Қайнұқа, Нәдір, Құрайза яһуди тайпаларымен ортақ тіл табысуы шарт болатын. Яһуди тайпалары да жаңа дін өкілдерімен бірігүе мүдделі болды. Яһуди тайпалары гассаниттердің шабуылданан қорғану үшін және өз одактастары болып табылатын Әус пен Хазраждің мұсылмандар жағына шығып, бұларды мәмілеге шақыруы яһудилерді келісімге баруға итермеледі. Осылайша 622 жылды «Мәдина конституциясы» атты құжаттың дүниеге келуімен, Мәдинада федеративті ислам мемлекеті құрылды. М. Хамидуллан алғаш рет мұсылмандар мен яһудилер тұзген 47 баптан тұратын бұл келісімшартты «Мәдина конституциясы» – деп бағалады. Біз бұл құжаттың конституциялық статусқа лайықты құқықтық акт екендігін дәлелдеуге тырыстық. Құжатта мемлекеттің саяси бағыты, әскери, әкімшілік, соттық, қылмыстық, азаматтық, діни мәселелер, яғни, мемлекеттің негізгі мәселелерін реттеуге барынша мән берілген. Сонымен бірге, құжатта зайырлылық пен құқықтық мемлекеттің ерекше белгілері болғандығына баса назар аударылды. «Мәдина конституциясында» субъектілердің өз арасында кемсітүшілікке және әртүрлі таптық бөліністерге шектеу қойылып, құқықтық теңдік паш етілді. Сондай-ақ, яһудилер мен мұсылмандар және өзгеде тараптарға өз діни сенімі бойынша өмір сұруғе мүмкіндік берілді. Бұл құқықтық құжатта әрбір тайпа өз арасындағы дау-дамайды өз әдет-ғұрыптары негізінде шешеді деген құқықтық норманың болуы Ислам мемлекетінің федеративті құрылымда болғандығын көрсетті. «Мәдина конституциясы» бойынша Мұхаммед с.ғ.а саяси басшы, жоғарғы сот, бас әскери қолбасшы қызметіне де ие болды. Бұл статус Мұхаммедтің с.ғ.а харизматикалық тұлғалық қасиеттерінің мемлекеттік тұрғыдан заңдастырылуы болатын. «Мәдина конституциясында» Алланың аты жоғары қойылды. Мұхаммедтің с.ғ.а маңызды деген жайттерде Алладан келген уахиға сай әрекет етуі, бұл құқықтық құжаттың теократиялық басқаруға негізделгенін аңғартады. Сондай-ақ, құқықтық құжатта орын алған саяси, әкімшілік, әскери, қылмыстық, азаматтық, дін тұрғысындағы құқықтық нормаларға талдау жасалынды.

«Мәдина конституциясының» нормалары күрделі тұрде іске асты. Тәуелсіз Ислам мемлекеті құрылғанмен жас мемлекеттің ішкі сыртқы функциясында шешілмеген көптеген мәселелер бар болатын. Мұсылмандар яһуди тайпаларымен бір мемлекетте бейбіт өмір сұруғе қол жеткізгенмен, іс жүзінде қарым-қатынастар келісімге сай өрбіmedі. Бәдір, Ұхұд соғыстарында яһуди

тайпалары мұсылмандарға көмектескен жоқ. Сонымен бірге, януди тайпасының кейбір адамдары ашықтан-ашық мұсылмандарды келемеждей бастады. Әус пен Хазражге бір біріне есе жіберген ескі дау-дамайларын есіне түсіріп, арасына от тастаған кездері де болды. Қайнұқа тайпасы Мұхаммедке с.ғ.а қастандық жасамақ болды. Бұл әрекетінен кейін Қайнұқа тайпасы Мәдинадан қуылды. Артынша, Нәдір тайпасы да арадағы келісімге сай әрекет етпеуіне байланысты Мәдинадан шығарылды. Құрайза тайпасының Ор соғысындағы сын сағатта жау жағына өтіп кетуі, үлкен жазалауға әкеп соқтырды. Зерттеу жұмысында ислам мемлекеттінің янудилерді «Мәдина конституциясы» нормаларына сүйене отырып жазалағанына кеңірек талдау жасалынды.

Мәдинадағы ислам мемлекетіне Құрайыш бастаған пүтқа табынушы араб тайпалары қауіп төндірді. Ислам мемлекеті Бәдір, Ұхұд, Ор соғыстарында Құрайыш пүтқа табынушыларының окупациясынан қорғанды. Бұл соғыстардан кейінгі Құрайыш пен жасалған Хұдайбия келісімшарты ислам мемлекеттінің саяси тұрғыдан дамуына жол ашты. Батыстағы Хайбар янудилері де Мәдинаға ұдайы қауіп төндіргендіктен, Мұхаммед с.ғ.а стратегиялық қорғану мақсатында, Хайбар янудилерін өз жерінде барып жаншыды. Сондай-ақ, ислам мемлекеті Мұта соғысында солтүстік батыстағы Византия империясының агрессиясына тоқтау салды. Осы тұрғыдағы ислам мемлекеттінің көрші араб тайпалары және мемлекеттермен жасаған қарым-қатынасы жөніндегі зерттеушілердің көзқарастары сараланды.

Құрайыш тайпасының Хұдайбия келісімшартын бұзуы ислам мемлекеттінің Меккені бағындыруға себеп болды. Ал, Меккенің ислам мемлекеттінің қарамағына өтуі, мұсылмандардың Араб тұбегін толық иемденуіне мүмкіндік тудырды. Бұдан кейін болған Хунайн, Әутас, Табук жорықтары мұсылмандардың жеңісімен жалғасты. Иамама, Оман, Бахрейн, Иемен аймақтары өз еркімен Ислам мемлекеттінің құрамына енді. Яғни, диссертацияда араб тайпаларының исламды жаппай қабылдауына Араб тұбегіндегі саяси ахуалдың күрт өзгеруі әсер еткендігі дәйекті түрде баяндалды.

Ислам мемлекеттінің құрамында Хайбар янудилері мен Нажран және Думатал-Жандал христиандары болды. Мұхаммед с.ғ.а бұл қауымдарға өз діндері бойынша өмір сұруге рұқсат берді. Бұл жағдай Ислам мемлекеттінің біртұтас емес, федеративті мемлекет ретінде қалыптасқандығын көрсетеді. Сондай-ақ, Ислам мемлекеті Византия, Сасани, Египет, Эпиофия мемлекеттеріне елші жіберіп, Араб тұбегінде жаңа ислам мемлекеттінің қалыптасқандығын әйгіледі. Ислам мемлекеттінің сыртқы жағдайындағы жорықтар мен дипломатиялық құрестердің себеп-салдарын талданып, оған орнықты баға беруге терең мән берілді.

Ислам мемлекеттінің қалыптасу кезеңіндегі реформалардың ең өзектісі болып табылатын әкімшілік, халықаралық қатынастар, экономикалық, отбасылық, қылмыстық, міндеттемелік құқық салаларындағы оң өзгерістер сараланды. Мұхаммед с.ғ.а құрған мұсылман шурасы (кеңес) мен қазы (сот) және әкім (амр) сайлаудың кейінгі ислам мемлекеттерінің құрылымдық жүйесінде жалғасын табуы, бұл реформаның өміршендігін көрсететін еді.

Сондай-ақ, қоғамдық отбасылық институттың тұрақты болуына мұрындық болған мұсылман құқығының қағидалары екшелінді. Мұсылман құқығының экономика саласындағы қарым-қатынастарды әділдікпен реттеуге күш салғандығы және міндеттемелік құқық саласындағы теңдік принциптері сөз етілді. Мұсылман құқығының қылмыстық құқық саласындағы үкімдері сол дәуірдің шарттарына сай келетін. Мұсылман құқығы бұл салада да араб қоғамының ерекшелігіне сай оң өзгерістер әкелді. Тайпалық жауапкершілікті доғарып, жеке жауапкершілікті тудырған мұсылмандық қылмыстық құқық саласы прогрессивті сипатқа ие-тін. Бұдан басқа қылмыстық құқықтың әділдік, теңдік, гуманистік принциптеріне де ерекше мән беріліп, талдау жасалынды. Қоғамдық қатынастағы маңызды саланның бірі міндеттелік құқық саласындағы өзгерістер де зерделенді. Араб қоғамындағы қасаң қағидалардың қүші жойылып, бұл мәселеңегі мұсылман құқығы үкімдерінің қоғамды дамытуға бағытталған жаңашыл нормалары жан-жакты талданды.

Зерттеу жұмысында «Мәдина конституциясы» және ислам мемлекетінің қалыптасу кезеңіндегі реформалардың адамзат өркениетіне маңызды үлес қосқандығы кеңінен сөз етілді. Зерттеу қорытындылары тәуелсіз мемлекет болып қалыптасып отырған отанымыздың дамуына ұлғі-прецедент әрі ислам дінінің құндылықтарын тани түсумізге септігін тигізеді деп тұжырымдалады.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Нұрсұлтан Назарбаев. Сындарлы он жыл. «Атамұра» баспасы. 2003 ж. Алматы.
2. Muhammed Rıza. Peygamberimiz ve İslamaın Doguşu. Temel Neşriyat. Istanbul-1979. 705 s.
3. Большаков. О.Г «История Халифата». I том. Москва. «Наука». 1989 г. 312 с.
4. Грюнебаум Г. Э. фон. Классический ислам. Очерк истории (600—1258). Москва. «Наука». 1986 г. 216 с.
5. Ирвинг. В. Жизнь Магомета. Москва Амрита-Русь 2004. 288 с.
6. Ebu Hasan Ali en-Nedvi. Hz. Muhammedin Hayatı. Arslan Yayınları. Istanbul-1999. 254 s.
7. Ibnül-Emin Mahmud Esad Seydişehirı. Islam Tarihi. Cilt I Yaylacın maatbaşı. Istanbul-1983. 592 s.
8. Pr. Dr. Muhammed Hamidullah. Islam Peygamberi. Çeviren Prof. Dr. Salih Tug. I. Cilt. Istanbul-1991. 655 s.
9. Yrd. Doç. Dr. Hüseyin Algül. Islam Tarihi. Cilt I. Conca Yayınevi. Istanbul-1991. 566 s.
10. Islam ansiklopedisi. Turkiye Diyanet Vakfi. Ankara-2003. 592 s.
11. Islam ansiklopedisi. Turkiye Diyanet Vakfi. Ankara-2002. 590 s.
12. Бартольд В.В Работы по истории ислама и Арабского халифата. Москва. «Восточная литература». РАН 2002. 784 с.
13. Mevlânâ Şıblî Numânî, Son Peygamber Hz. Muhammed. Cilt I. İz Yayıncılık. Istanbul-1990. 118 s.
14. Али Химмет Берки, Осман Кескиоғлу. «Соңғы пайғамбар Хз.Мұхаммедтің (с.а.у.) өмірбаяны». Қазақшаға аударған Сәуле Дағайқызы. Анкара 1998. 447 б.
15. Ibnül-Esir. Islam Tarihi. Bahar Yayınları. Çeviren M. Beşin Eryarsoy. 1 cilt. Istanbul-1991. 679 s.
16. Л.И.Климович. Ислам. Очерки. Издательство Акадеами Наук СССР. Москва. 1962. 288 стр.
17. Муртаза Бұлұттай Жұнісұлы. Ата баба діні. Білім баспасы. Алматы-2000. 504 б.
18. Ismail Carrahoglu. Tefsır üsülü. Turkye Diyanet vakf basım evi. Istanbul-1995. 352 s.
19. Şıblı Mevlana. Asr-ı Saadet. Çeviren Ö. Rıza Dogrul. I cilt. Istanbul-1973. 271 s.
20. Дамира Өмірзакқызы “Адамзаттың асыл тәжі”, Алматы 2003, 1 том. 248 б
21. т.ғ.д., профессор Шифаеддин Севержан “Ислам дінінің алғашқы дәуірлерінде дін мен саясат арасындағы байланыстардың негізгі бағыттары”. Ж. Естаевты еске алуға арналған “Бүгінгі дінтанды мәселелері” атты ғылыми конференция материалдары. Түркістан-2004. 200 б.
22. Фетхуллах Гүлен. Мұхаммед Пайғамбар ғаламның рахым нұры. I том. Түрікшеден аударған Ахмет Әшен. Дәуір баспасы. Алматы, 2005. 388 б.

23. Dos.dr. Ahmet Lutfi Kazancı. Peygamberler Halkası. ZAMAN. İstanbul-1997. 286 s.
24. А.А.Гусейнов. Великие Моралисты. Издательства «Республика». Москва 1995. 157 с.
25. Ибн Хишам. Мұхаммед Пайғамбардың Өмірбаяны. ТОО «ҚАБЛАН». Алматы 2004.
26. Reşit Haylamaz. Gönül Tahtımızın Eşsiz Sultanı Efendimiz Sallallahu Aleyhi Ve Sellem. I cilt. İstanbul-2006. 664 s
27. B.C.Соловьев Магомет, его жизнь и религиозное учение. WWW. Библиотека Вехи. 2004. 22 с.
28. Mahmud Şakır. Peygamberimizin Hayatı. Kahraman Yayıncıları. Çeviri Ferit Aydin. İstanbul-1994. 476 s.
29. Шейх Хафиз ибн Ахмад әл-Хаками. Ислам Ақидасы бойынша 200 сұрақ. Аударған Үсен Шойбеков. Алматы 2005. Әлбаракат баспасы. 262 б.
30. Dos.Dr. Ali Osman Ates. Islama gore Cahiliye ve ehli Kitab Orf ve Adetler. Beyan. İstanbul 1996. 544 s.
31. Şemsiddin Yeşil. Hz. Muhammed Aleyhissalatü Ve Selam. Yaylacılık Matbaacılık. İstanbul-1998. 676 s.
32. Ibnül-Esir. Islam Tarihi. Bahar Yayıncıları. Çeviren M. Beşin Eryarsoy. II cilt. İstanbul-1991. 520 s.
33. Dr. M. Said Ramazan el-Buti. Fikhus-Siyre. Conca Yayinevi. İstanbul-1984. Ceviren Ali Nar – Orhan. 502 s.
34. Ac-Capaxsi. Аль-Мабсуд. 20 том. Бейрут. 2004. 252 б.
35. Ibn-Kesir. el-Bîdaya ven-Nîhaya. Çeviren Mehmet Keskin. Cagrı yayınları. İstanbul-1994. 496 s.
36. Cabırı Muhammed Abid. Islamda Siyasal Akıl. Kıtabevi Yayıncıları. Çeviren Vecdi Akyüz. İstanbul-1997. 746 s.
37. Hayreddin Karaman. Mukayeseli Islam Hukuku". Cilt I. Izmir-1991. 432 s.
38. Türk dunyasi ve Islam Ansiklopedisi. Cilt I. Konya 1995. 547 s.
39. Prof. Dr. Vehbe Zuhaylı. Islam Fikhı Ansiklopedisi. Cilt I. Zaman. İstanbul-1990. 551 s.
40. Imam Şatibi. El muvafakat Islam ilimler metodolojisi. Cilt II. İstanbul tarihsiz. 415 s. .
41. Pr.dr. Agah Çuhukçe. Islamda Ahlak ve manevi vazifeler. 8 baskı Ankara-98. 443 s.
42. Л. Р. Сюкиянен. Мусулманское право. Москва. Наука. 1986. 257 с.
43. Yünüs Apaydın. Musulman hukuku. Түркістан 1999. 25 s.
44. Prof. Dr. Zekîyyüdîn Şaban. Islam Hukuk ılmının Esasları. Çeviren Prof. Dr. İbrahim Kafi Dönmez. Türkiye Diyanet Vakfı Yayıncıları. Ankara-1990. 400 s.
45. Doç. Dr. Hayreddin Karaman. Islam hukuku. I cilt. Ensar Neşriyat. İstanbul-1993. 352 s.
46. Ibn Kesir. Kur'an Kerim Tefsiri. Cagrı yayınları. IV Cilt. İstanbul 1990. 2286 s
47. Ibn Kesir. Kur'an Kerim Tefsiri. II Cilt. Cagrı yayınları. İstanbul 1990. 1134 s.
48. Ibn Kesir. Kur'an Kerim Tefsiri. I Cilt. Cagrı yayınları. İstanbul 1990. 576 s.

49. Пайғамбарымыздың бір мың бір хадистері. Шымкент қаласы 1992 жыл. 32 6.
50. Sayyd Kutub. Fı Zılalıl-Kuran. Cilt VII. Çeviren S.Uçan. B. Ince. M. Yolcu. Istanbul-1991. 642 s.
51. Ibn Kesir. Kur'an Kerim Tefsiri. III Cilt. Cagri yayinlari. Istanbul 1990. 1711 s.
52. Dr. M.Zeki Duman. Kur'an-ı Kerimde Adab-ı Muaşeret görgü kuralları. Tugra Neşriyat. 4 baskı. 443 s.
53. M. Hamdi Yazır Elmalı. Hak Dini Kur'an dili. ZAMAN. II/1084. Istanbul 1995. 574 s.
54. Prof. Dr. A.Zeydan. Fıkıh üsülü. çevr. Ruhi Özcan. Istanbul 1993. 426 s.
55. Рукаия Максуд. Ислам. ФАЙР-ПРЕСС. Москва 2000. 304 с.
56. Истории жизнеописания посланника Аллаха. Составитель Абдель Хамид Джуда Ал-Саххар. Книга вторая. Москва 1992. ПК «Сантлада». 160 с.
57. Mahmut Sakir. Islam tarihi. I cilt. Kahraman yayinlari. Istanbul 1993. 542 s
58. Ахмад б. Фарис ар-Рази. Ауджас Ас-Сиар ли-Хайр Ал башар. Хрестоматия Ислама. Наука. Москва 1994. Составитель и ответственный редактор С.М Прозоров. 238 с.
59. Prof. Dr. Sabrı Hızmetli. Islam Tarihi. Ankara 1999. 620 s.
60. Осман Нури Топбаш. Құран Қәрім аясында Пайғамбар баяны Хазіреті Мұхаммед Мұстафа с.ғ.а. I том. Хикмет баспа үйі. Алматы 2008. 523 б.
61. Ibn-Kesir. Kur'an-ı Kerim Tefsiri. Çilt V. Cagri yayinlari. Istanbul 1990. 2869 s.
62. Prof. Dr. Osman Turer. Tasavvuf Tarihi. Istanbul-1995. 316 s.
63. Salih Suruç. Peygamberimizin Hayatı. Zaman. Istanbul 1998. 742 s.
64. Imam Gazalı. Kîmyayı Saadet. Çeviren A. Faruk Meyan. Istanbul-1977. 768 s.
65. Алау Әділбаев. Санлақ сахабалар. Алтын Қалам. Алматы 2004. 262 б.
66. Дархан Қыдырыали. «Қазақстан өзара түсіністік пен келісімнің кепілі». Да. Қазақстан №19 қосымшасы. 58 б.
67. Сәкен Өзбекұлы, Өмірәлі Қопабаев. Мемлекет және құқық теориясы. Жеті Жарғы баспасы. Алматы, 2006. 264 б.
68. Prof. Dr. Ünver Günay. Prof. Dr. Harun Güngör. Yrd. Doç. Dr. A. Vehbi Ecer. Laïklik, Din ve Türkiye. Fnkfrf 1997. Adım yayinlari. 178 s.
69. В.Ф.Панова, Ю.Б.Бахтин. Пророк Мухаммед. 249 с. www.koob.ru.
70. Gil, M. "The Constitution of Medina: Reconsideration". *Israel Oriental Studies*, №4, 1974, 44-66 б.
71. Buhl, F. *Das Leben Muhammeds*. Лейпциг: «Куэль и Мейер», 1930. 1
72. Wellhausen, J. *The Arab Kingdom and its Fall*. Калькутта: Калькутта университеті, 1927. 592 бет. Ағылшын тіліне аударған М. Уейр
73. Goldziher, I. *Muslim Studies*. Лондон, 1971. Ағылшын тіліне аударған С.Р.Барбер және С.М.Стерн Ред. С.М.Стерн. 2-том, 378 бет.
74. Serjeant, R.B. "Early Arabic Prose". *The Cambridge History of Arabic Literature: Arabic Literature to the End of the Umayyad Period*. Кембридж, 1983. 114-153 б.
75. Lecker, M. *The "Constitution of Medina"*. Принстон: «Дарвин-Пресс», Нью-Джерси, 2004. 219 бет.

76. Goto, A. “The Constitution of Medina”, Жапониядағы Таяу Шығыс зерттеулері қоғамының есеп баяндамасы, ORIENT, №18, 1982, 1-17 б.
77. Rubin, U. “The ‘Constitution of Medina’: Some Notes”. *Studia Islamica*, №62, 1985. 5-23 б.
78. У.М.Уотт. Мухаммад в Медине. Москва – Санкт-Петербург. «Диля». 2007. 480 с
79. Ли әл-алими әл-фақиhi әл-қади аллама әл-иамани Мұхаммад бин Омар Баҳрақ әл-Хадрами аш-Шафии. 263-264 б. «Дарул-минһаж» баспа үйі. Ливан - Бейрут. 2 басылым. 2004).
80. Yunus Apaydin. 267 б. Islam ve Toplum. ILMİHAL. II. Turkiye Diyanet vakfi Ankara 2004 564 s.
81. Muhammed Emin Yildirim. Asr-I Saadette Ticaret ve Tuccar sahabiler. Sier yayinlari. Istanbul 2014. 232 s
82. Muhammed Hamidullah. Islama Giriş. Turkiye Diyanet vakfi. Ceviren Cemal Aydin. Ankara 2003. 549 s
83. Prof. Dr. Muhammed Ebu Zehra. Islamda Savaş Kavramları. Fıkır Yayınları. Çtviren Cemal Karaagaçlı. Istambul 1985. 143 s.
84. Julius Welhausen. Islamietin ilk devrinde dini-sisai muhalefet partileri. Cev R. Isiltsn. Ankara 1996. T.T.K evi. 179 s.
85. Имам Табари. Жамиғ аль байан ған тауил аят аль-куран. Бейрут. Дар аль-фикр. 3 том. 2000 ж
86. Yrd. Doş. Dr. Hüseyin Algül. Islam Tarihi. Conca Yayınevi. II çilt. Istanbul-1997. 607 s.
87. Б.Баранов. Арабский-Русский словарь. Москва. 476 стр
88. Muhammed Ebu Zehra. Islamda siyasi, itikati, fikhi mezhepler tarihi. Ceviren Sibgatullah Kaya. Istanbul. 1996. 680 s.
89. Mevlânâ Şîblî Numânî. Son Peygamber Hz. Muhammed. Cilt II. İz Yayıncılık. Istanbul-1990. 225 s.
90. А.Хасанов. Первая мусульманская община: переход от религозности к секуляризму. Ислам и светское государства. По материалам Международного научно-теоритического симпозиума. Ислам и светское государства. Ташкент. 2003. 274 с.
91. А.В.Кудрявцев. Исламский мир и Палестинская проблема. Москва Наука 1990. 132 с.
92. Prof. Dr. Ramazan Aybalı. Hazireti Muhammedin Hayati. Ihlas Gazetecilik. Istanbul 2006. 496 s.
93. Efu Cafer Muhammed bin Ceririut Taberi. Tarihi-Taberi. Cev M. Faruk Curtunca. Saglam yayın evi. Istanbul tarihsiz. 435 s.
94. Doc.dr. M.Fatih Kesler. Kurani Kerimde yahudiler ve hristyanlar. Kur'an Kerimde ehli kitap. Turkiye Diyanet Vakfi yayınları. Ankara 2004. 267 s.
95. Prof. Dr. Ekrem Sarıkçoglu. Dinler Tarihi. Isparta 2002. 499 s.
96. M. Fethullah Gülen. Sonsuz Nur. Çilt II. Zaman. Istanbul 1994. 441 s.
97. Дамира Өмірзаққызы “Адамзаттың асыл тәжі”, II том. Алматы 2003. 356 б.
98. Mahmud Şakir. Islam Tarihi. II çilt. Kahraman Yayınlari. Istanbul 1993. 538 s.

99. M.Yusuf Kandehlevi. Muhtasar Hayatüs Sahabe. Ravza. Istanbul 1996. 228 s.
100. M. Asim Köksal. Hz. Muhammed (a.s.) ve İslamiyet. Şamil yayinevi. Çilt 6. Istanbul 1981.369 s.
101. Afzalur Rahman. Sıret Ansiklopedisi. I cilt, Istanbul-1988-1996. 718 s.
102. Алау Әділбаев. Қасиетті Мәуліт. Алтын Қалам. Алматы 2006. 40 б.
103. Hans Kung. Islam Past, Present, and Future. Translated by John Bowden. The American University in Cairo Press. Cairo. 2007. 768
104. М.Прозоров. К проблеме верховной власти в исламе. Ислам и светское государства. По материалам Международного научно-теоритического симпозиума. Ислам и светское государства. Ташкент. 2003. 274 с.
105. Prof.dr. Hamdi Döndüren. Delilleriyle Islam ilmihali. Erkam yayinlari. Istanbul 1998. 688 s.
106. К.Кұрманбаев. Құран ілімдеріне кіріспе. Нұр-Мұбәрак баспасы. Алматы 2014. 392 бет.
107. А.Хасанов. Первая мусульманская община: переход от религозности к секуляризму. Ислам и светское государства. По материалам Международного научно-теоритического симпозиума. Ислам и светское государства. Ташкент. 2003. 274 с.
108. Др. Фахри Демир, Ислам діні ашысынан дін – девлет илишкісі. Кирсу уайынжылік. Анкара, 1999 350 s.
109. Brown D.W. Rethinking tradition in modern Islamic thought. Кембридж: «Юниверситет пресс», 1996. 178 бет.
110. Шәмшат Әділбаева. Хадис - ғұрпымыз, суннет - салтымыз. Көкжиек. Алматы, 2009.
111. Мужтеба Уғур. Хижри биринжи асырда Ислам торлуму. Istanbul-1980. 487 s.
112. Buharı. Sahih-ı Buharı ve tercumesi (çeviren: M. Sofuoğlu). Istanbul-1989. 576 s.
113. Muslim b. Haccac el-Kuşayı. Sahîk-ı Muslim ve tercumesi. Ceviren: M.Sofuoğlu III cilt, Istanbul 1967. 332 s.
114. М. Ахмед б. Ханбел, Мұснәд, Мысыр, V-том. 329 s.
115. Ислам энциклопедиясы. Бас редактор Р. Нұрғалиев. «Қазак энциклопедиясы» Бас редакциясы Алматы 1995. 287 б.
116. Рашид Ахмад. Свет Аллаха. Өнер. Алматы 1994. 112 с.
117. Ibnül-Emin Mahmud Esad Seydişehirı. Islam Tarihi. Çilt II. Yayılcın maatbası. Istanbul-1983.1138 s.
118. Yrd. Doç. Dr. Davut Aydüz. Islam İktisadında Narh. Izmir 1994. 86 s.
119. Мұхиддин Исаұлы, Қайрат Жолдыбайұлы. Ислам Ғылымхалы. Алматы 2005. Екінші басылым. 432 б.
120. Ислам и мир. Мәулана Абуль Хасан Аль Надви. Серия История разбития Ислама и всего человечества. Книга первая. Москва 1994. 200 с.
121. Ahmet Kurucan. Zühdü Mercan. Cennetle Mujdeleñen on sahabi. Zaman. Istanbul 2001. 384 s.

122. Әбу Дәуд Суләймән б. Әшаси әс-Сижистани. әс-Сұнән. V cilt, Бәйрут, т-сіз. 391 s.
123. Сунан ибн Мәжә. XIII cilt. Istanbul 1992. 472 s.
124. Prof.dr. Hamdi Döndüren. Delelleriyile aile ilmihali. Erkam yayinlari. Istanbul 1998. 640 s.
125. Сунан Нәсәий. XV cilt. Istanbul 1992. 3053 s.
126. Prof.dr. Hayreddin Karaman. Islam Hukuku. Izmir-1996. 421 s.
127. Asim Uysal. Murşide Uysal. Kadın Ilmihali. Uysal Yayınevi. Konya 1985. 517 6.
128. Mevlana Halid-1 Bagdadı. Herkeze Lazım Olan Iman. Çeviren Kenahlı Feyzullah Efendi. Hakikat L.td. Şt1. Yayınları. Istambul-1995. 464 s.
129. Тирмизи Әбу Муса Мұхаммед б. Сәүрә. әл-Жамиус-Сахих. V том, Каир, 1935-1975. 766 s.
130. Afzalur Rahman. Sıret Ansıklopedisi. III cilt, Istambul-1988-1996. 715 s.
131. Pr. Dr. Muhammed Hamidullah. Islam Peygamberi. Çeviren . Prof. Dr. Salih Tug. II cilt. Istambul-1991. 704 s.
132. Нұралы Өсерұлы. Шариат. Қайнар. Алматы 1996. 352 б.
133. Сахих әл-Бұхари. Ықшамдалған нұсқасы. Құрастырған имам Әбул-Абас Ахмад ибн Абдул-Латиф әз-Зубайди. 2 Басылым. Қөусар-саяхат. Алматы-2008. 752 б.
134. Doç. Dr. Hayreddin Karaman. Islam hukuku. III cilt. Ensar Neşriyat. Istambul-1993. 304 s.
135. Мұхан Исахан. Исламға дейінгі Араб түбегіндегі халықтардың саяси, әлеуметтік құрылышы мен діни-рухани жағдайы. ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ. ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ №4 (45). «Алматы» Қазақ университеті» 2013 ж. 120 б.
136. Мұхан Исахан. Ислам дінінің Мекке кезеңіндегі пұтка сенушілер мен мұсылмандар арасында орын алған келіспеушіліктің саяси, әлеуметтік, діни себептері. ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ. ҚазҰУ ХАБАРШЫСЫ № (50). «Алматы» Қазақ университеті» 2015 ж. 350 б.

ҚОСЫМША

«Мадина конституциясы»

Бисмиллаиррахманир рахим

1. Бұл келісім (**хитаб**) Мұхаммед пайғамбар тараапынан Құрайыш пен Мәдінә мұсылмандары, оларға бағыныштылар мен кейін қосылғандар және бірге соғысқандар арасында түзілді.
2. Бұл келісімге (**аҳдатун**) келгендер басқаларға қарағанда айрықша бір қауым саналады.
3. Құрайыш Мұхажирлері өз араларында туындаған құн-дауларды өз әдеп-ғұрыптары бойынша шешеді. Соғыс тұтқындарын мұсылмандар шығарған шешім мен әділет қағидаларына сай босатады.
4. Ауф тайпасы өз араларында туындаған құн дауларды өз әдеп-ғұрыптары бойынша шешеді. Әрбір тайпа соғыс тұтқындарын мұсылмандар шығарған шешім мен әділет қағидаларына сай босатады.
5. Харис тайпасы өз араларында туындаған құн-дауларды өз әдеп-ғұрыптары бойынша шешеді. Соғыс тұтқындарын мұсылмандар шығарған шешім мен әділет қағидаларына сай босатады.
6. Сағіда тайпасы өз араларында туындаған құн-дауларды өз әдеп-ғұрыптары бойынша шешеді. Соғыс тұтқындарын мұсылмандар шығарған шешім мен әділет қағидаларына сай босатады.
7. Жушам тайпасы өз араларында туындаған құн-дауларды өз әдеп-ғұрыптары бойынша шешеді. Соғыс тұтқындарын мұсылмандар шығарған шешім мен әділет қағидаларына сай босатады.
8. Нажжар тайпасы өз араларында туындаған құн-дауларды өз әдеп-ғұрыптары бойынша шешеді. Соғыс тұтқындарын мұсылмандар шығарған шешім мен әділет қағидаларына сай босатады.
9. Амр ибн Ауф тайпасы өз араларында туындаған құн-дауларды өз әдеп-ғұрыптары бойынша шешеді. Соғыс тұтқындарын мұсылмандар шығарған шешім мен әділет қағидаларына сай босатады.
10. Нәбит тайпасы өз араларында туындаған құн-дауларды өз әдеп-ғұрыптары бойынша шешеді. Соғыс тұтқындарын мұсылмандар шығарған шешім мен әділет қағидаларына сай босатады.
11. Әл-Әус тайпасы өз араларында туындаған құн-дауларды өз әдеп-ғұрыптары бойынша шешеді. Соғыс тұтқындарын мұсылмандар шығарған шешім мен әділет қағидаларына сай босатады.
12. Мұсылмандар өз араларындағы ауыр мұліктік жауапкершіліктең адамды шаrasыз, жалғыз қалдырмайды. Айыппұл мен құн төлемі секілді борыштар туралықпен өтеледі.
- 12 б. Бір мұсылман келесі мұсылғанның келісімге отырған адамымен сол мұсылманның хабарынсыз келісімге отырмайды.

13. Дінді берік ұстанушылар өз араларында қастандық пен шапқыншылық жасағандарды және арандатушыларды жауапқа тартады. Қылмыс істеген өз ұлдары болса да жауапкершіліктен босатылмайды.

14. Мұсылман кәпірді өлтіргені үшін бір мұсылманның қанын төкпейді. Мұсылманға қарсы келген кәпірге көмек көрсетілмейді.

15. Алланың уәдесі жалпыға ортақ. Мұсылман келісімге келген мұсылман емес адамның да қауіпсіздігін қамтамасыз ете алады. Өзгелерге қарағанда мұсылмандар ынтымақты.

16. Бізге қарасты яһудилерге өнеге мен көмек беріледі. Оларға зұлымдық пен қарсылық көрсетілмейді.

17. Мұсылмандардың бейбітшілігі баршаға ортақ. Мұсылман Алла жолындағы соғыста басқамен тендік және әділдікпен ғана бейбіт қатынас орнатады.

18. Бізben бірге соғыска шығатын бүтін әскери жасақтар белгілі бір тәртіпке бағынып, әрекет етеді.

19. Мұсылмандар Алла жолында төгілген қанның өтеуін ала алады.

20. Дінді берік ұстанушы мұсылмандар тура жолдағылар болып табылады.

20 б. Мұшіріктер Құрайыш (бұл жерде мұхажірлер айтылып тұр) адамдарының мал-мұліктерін қорғай алмайды. Мұсылмандардың бұл жолдағы құресіне ешкім кедергі келтіре алмайды.

21. Бір адамның бір мұсылманды өлтіргендігі нақты дәлелденіп, өлген адамның жақын туыстары кешірім бермеген жағдайда қанға қан жазасы беріледі. Бұған мұсылмандар бірауыздан келіседі. Мұсылмандар кесілген жазаны міндетті тұрде орындаиды.

22. Осы келісімді (**сахибатун**) қабылдаған Аллаға және ақырет күніне сенген мұсылмандардың дінге жаңалық енгізушіге көмектесуіне және оған пана болуына болмайды. Кімде-кім көмек берсе және қамқорлығына алса қиямет күні Алланың қарғысына ұшырайды. Әрі одан ешнэрсе қабылданбайды.

23. Әрбір туындаған даулы мәселеге әділ шешім шығару Аллаға және Мұхаммедке тапсырылады.

24. Мұсылмандар соғысты жалғастырып жатқандықтан яһудилер соғыска мал-мұлкімен көмек береді.

25. Ауф яһудилері мұсылмандармен бір қауым. Яһудилердің діні өздеріне тән, мұсылмандардың да діні өздеріне тән. Бұл қағида дос тұтылғандарға (мәула) да тиесілі.

25 б. Қылмыс жасаушы қылмыстық әрекеттері үшін өзі мен отбасын зиянға ұшыратады.

26. Нажжар яһудилері Ауф яһудилерімен бірдей құқықтық мәртебеге ие.

27. Харис яһудилері Ауф яһудилерімен бірдей құқықтық мәртебеге ие.

28. Сағида яһудилері Ауф яһудилерімен бірдей құқықтық мәртебеге ие.

29. Жушам яһудилері Ауф яһудилерімен бірдей құқықтық мәртебеге ие.

30. Әл-Әус яһудилері Ауф яһудилерімен бірдей құқықтық мәртебеге ие.

31. Салаба яһуди тайпасы Авф яһудилерімен бірдей құқықтық мәртебеге ие.

32. Зұлымдық пен күнә жасағандар өзі мен отбасын зиянға ұшыратады. Жафна әuletі Салаба януди тайпасының бір бөлігі болғандықтан Салаба тайпасы секілді мәртебеге ие.

33. Шутайба тайпасы Авф януди тайпасы секілді құқықтық мәртебеге ие және адалдық күнәден аулақ болуы тиіс.

34. Салаба тайпасымен дос тұтылғандар Салаба секілді құқықтық мәртебеге ие.

35. Януди тайпаларының қамқорлығындағы адамдар янудилер секілді құқықтық мәртебеге ие.

36. Януди тайпалары мұсылмандармен бірге соғысқа Мұхаммедтің рұқсатынсыз шыға алмайды.

36 б. Жаракатқа өтемақы тек қасақана зиян келтіргенде ғана алынады. Кімде-кім зұлымдық жасаса, өзімен бірге отбасына зұлымдық жасаған болып табылады. Алла осы істе адалдық танытқандармен бірге.

37. Янудилердің нәпақасы өздеріне, мұсылмандардың нәпақасы өздеріне. Бұл келісімдегі (сахибатун) аты аталған тайпалар соғыс ашқандарға қарсы бір одақ болып табылады. Одақтастар өзара жақсы қарым-қатынас аясында әрекет етеді. Күнәдан таза адалдық болуы тиіс.

37 б. Одақтастар бір біріне қарсы ешқандай іс-әрекет жасамауы тиіс. Қиянат көрген адамға көмек беріледі.

38. Мұсылмандар соғысты жалғастырып жатқандықтан янудилер әскери шығынға мал-мұлкімен көмек береді.

39. Бұл келісімге (**сахибатун**) келгендерге Мәдина қаласының ішінде соғысуға тыым салынады.

40. Қамқорлықтағы адамдар қамқоршы адамдар секілді құқықтық мәртебеге ие. Одан зиян да көрмесін, жапа да шекпесін.

41. Біреудің мүлкіне иесінің рұқсатынсыз қол сұғылмайды.

42. Бұл келісімдегі (**сахибатун**) аты аталған тайпалар арасында бүлікке әкеліп соғатын немесе қылмыс орын алса, шешімі Аллаға және Мұхаммедке тапсырады. Алла осы келісімге келіп, тахуалық пен адалдық танытқандармен бірге.

43. Құрайыш тайпасындағылар және оларға көмектескендер ешкімнің қамқорына алынбайды.

44. Мұсылмандар мен янудилер Мәдина қаласына шабуыл жасағандарға қарсы соғысуға бір біріне көмек береді.

45. Мұсылмандар тарапынан жасалатын бейбіт келісімге янудилер шақырылған болса, олар бұл келісімге қатыса алады. Сонымен бірге янудилер де бүндай келісім жасайтын болса, мұсылмандар бұл келісімге қатысуға құқылы. Бірақ дін соғысы кезінде бұл қағида өз күшінде болмайды.

45 б. Әрбір тайпа өздеріне қарасты аймақтың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

46. Бұл келісімдегі (**сахибатун**) аты аталған тайпаларға қойылған шарттар Әус януди тайпасымен олардың қамқорындағы адамдарға да тән. Келісімдегі (**сахибатун**) шарттар нақты және толық сақталу тиіс. Қағидаларға мойынсұну

міндетті, қарсы келуге жол берілмейді. Қарсы келушілер өздеріне зиян келтіреді. Алла бұл құжаттағы шарттарға толық мойынсұнушылармен бірге.

47. Бұл келісім (**китабу**) залым мен қылмыскерге берілетін жазаның орындалуына кедергі тудырмайды. Мәдина тұрғындары мен Мәдина үшін соғысқандар қорғауға алынады. Бірақ әділетсіздік істегендер мен қылмыс жасаушылар қорғаудан тыс тұрады. Алла мен Оның елшісі Мұхаммед бұл құжаттағы шарттарға мойынсұнғандармен бірге. Сонымен қатар бұл құжатқа мойынсұнғандар Алла мен оның елшісі Мұхаммедтің қамқорлығында болады [8, 202-210 б].

